

**К. ӘЛПЕЙІСОВА**

**Ілесе аударма:  
ТАНЫМ МЕН ТӘЖІРІБЕ**



**ARDA**

**Алматы  
2018**

ӘӨЖ 80 (8)  
КБЖ 81.2 Қаз  
Ә 14

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің  
тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту  
мен қолдаудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік  
бағдарламасы» аясында шығарылды.*

**К. Әлпейісова**

**Ә 14** **Ілеспе аударма: таным мен тәжірибе:** Оқу құралы. — Алматы: «Арда», 2018. — 152 бет.

ISBN 978-601-7355-44-9

Ел мен елдің қарым-қатынасын, өркениеттің дамуын қамтамасыз ететін факторлардың бірі — аударма. Қазақстанның ұстанып отырған саясатына сәйкес, халықаралық қатынаста аудармаға, оның ішінде аударманың жоғары деңгейі — ілеспе аудармаға деген сұраныс жылдан жылға артып келе жатыр. Ұсынылып отырған еңбек осы мамандықтың қыр-сырын ашып көрсетіп, талапкерлерді тәрбиелеуге арналған.

Ілеспе аудармашыға қойылатын талап деңгейі күн сайын арта түсуде. Осы жағдайды ескерген автор оқырманды ілеспе аударма жасаудың теориялық негіздерімен таныстыра отырып, талапкерлерге көмек ретінде өзі ілеспе аударма жасаған кезде сынақтан өткізіп, дұрыстығына көз жеткізген мысалдарды ұсынады.

Аударматану теориясын дамытуға үлес болып қосылатын бұл еңбек бекзат өнер — ілеспе аударманы игергісі келетіндерге, аударматанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен аудармашы болуды қалайтын талапкерлерге арналған.

ISBN 978-601-7355-44-9

© Әлпейісова К., 2018  
© «Арда», 2018

## АЛҒЫСӨЗ

Әр саланың өзінің білгір маманы болады.

Сіздің қолыңыздағы кітаптың авторы Камал Әбілқасымқызы Әлпейісованы сондай жандардың бірі деп сеніммен айта аламын. Ол — елімізде ілеспе аударманы меңгерген алғашқы шоғырдың өкілі, оның ішінде ана тілімізден орыс тіліне аудару және ілеспе аударма жасауды еркін меңгерген, ірі форматты жиындарда (саммит, съезд, форум және т.б.) реле-тіл арқылы ілеспе аударма жасап жүрген тұңғыш қазақ қызы.

Ғылыми ортада да оның аты ілеспе аударманы зерттеуді алғаш қолға алған ғалым ретінде белгілі. «Қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасаудың заңдылықтары (саяси дискурс материалында)» тақырыбында қорғаған кандидаттық диссертациясы осы салада Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы ізашар еңбек деп бағаланғанын атап өткен жөн.

Камал Әбілқасымқызы — аударманың осы қиын да қызық түрін ынталы жастарға үйретіп, шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз. Күні бүгінге дейін бұл іспен кәсіби тұрғыда, нәтижелі айналысып жүрген маман жоқ екенін мойындауымыз керек. Біздің бұл сөздерімізді оны арнайы шақыртып, курс өткізген бірнеше облыстық тіл оқыту орталықтары, оның курсы өтеді деп іздеп келіп қатысқан шәкірттері растай алады. Нәтижесінде Алматыда, Астанада, Ақтөбеде, Өскеменде, Қарағандыда, Қостанайда оның шәкірттері ілеспе аударманың тізгінін ұстап отыр. Олардың ішінде әртүрлі сала өкілдері, ғылым кандидаттары мен докторлары да бар. Менің де осы өнерге деген қызығушылығым К.Әлпейісованың Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде өткізген курсынан бастау алған.

Жалпы ілеспе аударма — отандық тіл білімінде әлі өте аз зерттелген сала, ал ілеспе аударма жасауға бүгінгі Қазақстан қоғамында күннен күнге сұраныс артып келе жатқанын байқауға болады. Осыған байланысты ілеспе аудармашыларды дайындау ісі алдан шығатынын ескеретін болсақ, ұсынылып отырған еңбектің құндылығы арта түседі.

Еңбекте ілеспе және жазбаша аудармашы жұмыстарының сараланып қаралып, бұларды жүзеге асыруда кездесетін айырмашылықтардың айқындалуы, ілеспе аударма жасау кезінде бір амалды екіншісіне ауыстыру тетіктері тұжырымдалуы — бір жағынан аударматану теориясына қосылған қомақты үлес болса, екінші жағынан, болашақ ілеспе аудармашыларға берілген нақты көмек.

Кітапта ілеспе аударма жасаудың теориялық негіздерімен қоса, автор өзі ілеспе аударма жасаған кезде сынақтан өткізіп, дұрыстығына көз жеткізген мысалдар берілуі еңбектің практикалық мәнін арттыра түседі.

Аударма — адамзаттың дамуы тудырған құбылыс. Оның өзектілігі де адамзаттың әлеуметтік, экономикалық, мәдени қарым-қатынастарының қарыштап дамуымен байланысты. Сондықтан ел мен елдің қарым-қатынасын, өркениеттің дамуын аудармасыз елестете алмаймыз. Еліміздің ұстанып отырған саясатына сәйкес, халықаралық қатынаста аудармаға, оның ішінде аударманың жоғары деңгейі — ілеспе аудармаға деген үлкен сұранысты оны шебер меңгерген кәсіби мамандарсыз қанағаттандыру мүмкін емес. Кітап осы міндетті жүзеге асыруды көздейді.

Ілеспе аудармашыға қойылатын талап деңгейі күн сайын арта түсуде. Ұсынылып отырған еңбекте осы мамандықты игерудің қырсырлары ашылып көрсетілген. Ілеспе аудармамен айналысатын адамның сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы, ұшқыр ой мен жылдам сөйлеуі ұштасып жатуы, солай бола тұрып, сөзі түсінікті, көркем сөйлеу мәнері, жағымды дикциясының болуы үшін қалай жаттығу керектігі — ілеспе аудармашылықты таңдаған мамандар үшін аса құнды кеңестер болмақ.

Қазіргі жаһанданған, адамзат барлық ортақ мәселелерін бірге қарастырып, бірге шешудің жолын іздестіріп отырған заманда, ауызша аударма үлкен мәнге ие болып отыр. Екінші жағынан, қазақ тілін шын мәніндегі басқару тілі етіп қалыптастыру үшін, оның екінші тіл ретінде емес, нақты басқару тілі ретінде қалыптасып кетуіне ауызша аударма үлкен үлес қосады. Сондықтан Камал Әбілқасымқызы Әлпейісованың өз тәжірибесіне сүйене отырып жазған «Ілеспе аударма: таным мен тәжірибе» атты кітабын аудармашылар көптен күткен, аударматанудағы ілеспе аудармаға қатысты олқылықтың орнын толтырар еңбек деп бағалауға болады.

**Серікгүл СӘТЕНОВА,**

*филология ғылымдарының докторы, профессор,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының меңгерушісі*

## ОҚЫРМАНҒА АРНАУ СӨЗ

Құрметті оқырман! Қадірлі әріптестер!

Аударма саласында ұзақ жылдар бойы қызмет еткенде, оның қиындығынан шаршай жүріп, қызық жақтарын көре білгенім, екі елдің тілін кәсіби тұрғыдан меңгеру арқылы рухани тұрғыдан байи түсуге болатынын түсінгенім менің аударманың жаңа саласы – ілеспе аударма саласында табыстарға жетуіме мүмкіндік берді.

Осы саланың ізашарлары болған аға мамандардың өкшесін баса келген біз, Парламент қабырғасында қызмет еткен ілеспе аудармашылар, оны біршама алға ілгерілеттік дей аламын. Ілеспе аударма жасалатын болғандықтан, Парламент қабырғасында өтетін кез келген жиынның жұмыс тілі – ана тіліміз болды. Басқа тілдерде еркін сөйлесе де өз тілінде кібіртіктеп қалатын талай басшы бауырымыз саяси баяндамаларын мемлекеттік тілде жасауды осы қасиетті қабырғада бастаған болар.

Білмейтін адам аударманы оңай шаруа деп ойлауы мүмкін. Ондай ойдың нәтижелерін алысқа бармай-ақ, көшедегі сауатсыз аударылған жарнамалардан-ақ көруге болады. Ал ілеспе аударма – аударманың ең қиын түрі, аудармашы шеберлігінің шыңы. Оны игеру үшін ең алдымен жазбаша аударманың майталманы болу керек, оған қоса, ілеспе аудармашы болуға жол ашатын қасиеттерді бойға сіңіру қажет. Ол қалай жүзеге асырылады? Қолыңыздағы кітап осы сұраққа кешенді түрде жауап беруге арналған.

Шет тілдеріне жоғары деңгейде ілеспе аударма жасауды үйрену үшін Женевадағы аудармашылардың халықаралық мектебіне, Мәскеудегі халықаралық қатынастар институтына барып тәлімдемеден өтуге болады. Бірақ ол жерлерде біз үшін өзекті болып отырған қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау үйретілмейді. Сондықтан өз елімізде ілеспе аудармашыларды даярлау ісін қолға алу – бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі. Ұсынылып отырған еңбекте өзіміз ұзақ жылдар бойы қолданылып, сынақтан өткізілген амалдар мен әдістерді пайдаланып, аудармашылық өнерді үйрену және оны жетілдіру жолдары айтылады.

Ешқандай теориялық дайындықсыз және қандай да бір практикалық тәжірибеден өтпестен ілеспе аударма жасауды жүзеге асырудың қиындығын осы өнерді меңгерген алғашқы қазақстандық мамандардың ізін ала жүріп үйреніп, қатарласа жүріп бастан кешкендіктен, өзімізден кейінгі ілеспе аудармашыларға көмек ретінде әрі жұртшылықты қыр-сыры толық ашылмаған бекзат мамандықпен таныстыру

мақсатында біраз ізденіс жасап, нәтижесін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Қазіргі кезде ілеспе аударма жасау фактісі тұрақты сипатқа ие болғандықтан елімізде өтетін ірі халықаралық конференцияларда, форумдарда мемлекеттік тілде сөз сөйленіп, баяндамалар жасалып жүр және жыл өткен сайын мұндай мысалдар көбейе түсуде. Бұл ілеспе аударманың қазақ тілінің отбасылық, тұрмыстық ортадан суырылып шығып, мемлекеттік тіл мәртебесіне лайық қолданылуына тигізген әсері екені даусыз. Енді осы игі үрдісті орнықтыра түсу үшін ілеспе аударманы дамыту қажет.

«Қазақстан 2050» стратегиясында «Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады» деп атап көрсетілген. Оған қол жеткізу үшін жүзеге асырылатын шаралардың негізгілері – ресми жұмыстың қазақшалануы, құжаттардың қазақша сауатты жазылуы, жиналыстардың қазақ тілінде жүргізілуі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, Парламент, Үкімет отырыстарында, өңірлер, министрліктер басшыларын қабылдағанда, қазақ тілінің болашағына қатысты тұжырымды пікірін білдіріп, Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында: «Кеңестерде қазақ тілінде сөйлесін, бірақ ілеспе аударма арқылы сөйлейтін болсын», – деп нақты тапсырма берді. Бұл ілеспе аудармашыларға деген сұранысты да арттырып, алдымызға ілеспе аудармашыларды дайындау мәселесін қояры анық. Осы ретте, ұсынылып отырған еңбек еліміздегі ілеспе аударманың пайда болуы, дамуы туралы танымдық мәліметтер беріп, көпшіліктің қызығушылығын оятады және автордың жеке тәжірибесінен түзілген тұжырымдар, ілеспе аударма жасауды үйрену, ілеспе аударма жасауды жеңілдету жолдары бойынша әзірлеген әдіс-амалдары осы сала мамандарын даярлауда көмегін тигізеді деген үміттеміз.

*Құрметпен,  
Камал Әбілқасымқызы Әлпейісова*

I тарау

**ІЛЕСПЕ**  
**АУДАРМАНЫ ТАНУ**

## ІЛЕСПЕ АУДАРМАНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Аударма — адамзаттың дамуына ерекше үлес қосқан ерекше құбылыс, ежелгі қызмет түрлерінің бірі. Ол пайда болған кезінен бастап «... қай заман, қай кезең болмасын қоғам өмірінің ілгері жылжи, дами түсуіне қалтқысыз қызмет етіп»<sup>1</sup> келе жатыр және тілі басқа адамдардың өзара түсінісуінен бастап, жаһандық келісімге дейінгі күрделі тіршілікте тіларалық қатынасты қамтамасыз ету сияқты аса маңызды әлеуметтік функцияны атқарады.

Адамзат дамуында белгілі бір қоғамның өзінен тілі, мәдениеті, өмір сүру дағдысы өзгеше басқа бір қоғаммен қатынас орнату қажеттілігі туындаған кезде бүгінде аудармашылар деп аталып жүрген мамандық иелері пайда болған деседі. Оларды әр кезде әрқалай: тілмәш, тәржімәші, аудармашы... деп атап келгенімен, түптің түбінде атқаратын жұмысының сипаты бірдей — тілдері бөлек екі не одан да көп адамның, тараптың, елдің, мемлекеттің түсінісуіне қызмет ету.

Аударманы зерттеушілер ілеспе аударма пайда болғанша аударманы тек жазбаша аударма тұрғысынан зерттеп, тұжырым жасап келген. Зерттеуші А.В.Федоров өз еңбегінде аудармаға «Аудару дегеніміз — бір тілдің құралдарымен мұнан бұрын өзге тілдің құралдары арқылы бейнеленген нәрсені дәл де толық бейнелеу» деген анықтама беріп, аударманы: а) бір тілден екінші тілге аудару; ә) әдеби тілден оның диалектісіне және диалектіден әдеби тілге немесе бір тілдің диалектісінен басқа әдеби тілге аудару; б) бір тілдің көне үлгісінен оның бүгінгі қолданылатын түріне көшіру деп үшке бөледі.<sup>2</sup>

Уақыт өте, қоғам дамып, тілдер өркендей келе аударманың өзі: ауызша және жазбаша аударма болып, одан әрі жолма-жол аударма, көркем аударма, ресми аударма, ізбе-із аударма, ілеспе аударма... деп сан тарауға бөлінді. Зерттеліп, ғылыми еңбектер жазылып, әрқайсысының өлшемдері, ережелері, заңдылықтары тұжырымдалды. Біздің елімізде әзірге кенже қалып отырған біреуі ғана: ол — ілеспе аударма. Аударма саласын зерттеуге елеулі еңбек сіңірген ғалым А.Алдашеваның: «Негізінен акустикалық нысанда (формада) қабылданып, ауызша жеткізілетін, бір мәрте ғана айтылатын, (мәтін) жасалғаннан кейін тілдік фактілерді салғастыруға, ауыстыруға, текстологиялық түзетулер жасауға болмайтын ауызша аударманың лингвистикалық проблемала-

---

<sup>1</sup> *Айтбаев Ө.* Аударма ғылымы және оның зерттелуі // Аударманың лексико-стилистикалық мәселелері. — Алматы, 1987. — 147 бет.

<sup>2</sup> *Федоров А.* Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы) — М.: Высш. шк., 1983. — 303 с.



ры өз алдына дербес мәселе»<sup>1</sup> деп жазуы ауызша аударманың зерттелу деңгейінен хабар береді. Ал ілеспе аударма – ауызша аударманың бір тармағы.

Ілеспе аударма дегеніміз не? Ол қалай пайда болды және оның жазбаша аудармадан қандай айырмашылығы бар? Ілеспе аудармашы қандай болуы керек? Ілеспе аударма жасаудың заңдылықтары бар ма? Халықаралық жиындарға неліктен аударманың ілеспе түрі тандалды? Қазақ тілінің дамуына, оның отбасылық, таза қазаки орта тілінен республикалық, халықаралық мәні бар жиындар тілі ретінде пайдаланылуына, яғни шын мәніндегі мемлекеттік тіл дәрежесінде қолданылуына ілеспе аударманың тигізген әсері қандай? Ойланып қарасак, бұл салада жауабын күткен сансыз сұрақ бар.

Ілеспе аударма туралы зерттеу еңбектер қолданбалы лингвистикада біздің еліміз ғана емес, Ресей Федерациясын қоспағанда, кешегі кеңестік кеңістікте де тым аз жазылған. Оның бір себебі бұл саланы зерттеу үшін кемінде екі тілді біліп қана қоймай, іс жүзінде ілеспе аударма жасап, тәжірибе жинақтау керектігі болса, екінші себеп салыстыра зерттелетін тілдердің әдіснамалық проблемаларына, сондай-ақ ілеспе аудармашылардың жеке тәжірибелерінің өзара сәйкессіздігіне байланысты болса керек. Оның үстіне зерттеу нәтижелерін санаулы ғана пайдаланушылар қолданатыны да зерттеу жүргізуді тежеуші фактор болғандай.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін сан түрлі бағытта қызмет ететін халықаралық ұйымдардың пайда болуы барлық елдерде, соның ішінде көршілес Ресейде жиындарда ілеспе аударма жасауға қажеттілікті күрт өсірді. Алғашқы қолданылуынан бастап артықшылықтарына көптің көзі жеткен бұл аударма түрін дамыту жедел қолға алынып, тұңғыш ілеспе аудармашылар кәсіптік өлшемдерін жасады. Ал XX ғасырдың алпысыншы жылдарында И.Зимняя, Г.Чернов, М.Цвиллинг, А.Швейцер сияқты зерттеушілердің ілеспе аударма туралы мақалалар жариялауы Ресейде осы салада ғылыми іздену жұмыстар жүргізілуінің алғашқы мысалдары ретінде атап көрсетіледі.<sup>2</sup>

Бұлардан кейін Б.Бенедиктов, Л.Виссон, Т.Воеводина, В.Ермолович, З.Кочкина, А.Леонтьев, Р.Миньяр-Белоручев, П.Палажченко, В.Уваров және тағы басқалар ілеспе аударманың кейбір теориялық және қолданбалы аспектілеріне, орыс тілінен шет тілдеріне және керісінше (басым көпшілігі ағылшын, француз, испан тілдеріне, олардан азырақ мөлшерде португал итальян тілдеріне/тілдерінен) ілеспе

---

<sup>1</sup> *Алдашева А.* Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Алматы, 1999. 215 б.

<sup>2</sup> *Чернов Г.В.* Основы синхронного перевода. Москва, Высшая школа, 1987.

аударма жасау тақырыбына арналған танымдық, ғылыми мақалалар, зерттеу еңбектер жазып, диссертациялар қорғалды. Алайда кешегі кеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің тілдеріне және сол тілдерден керісінше ілеспе аударма жасау мәселесі ресейлік ғалымдардың зерттеу аясынан тыс қалған.

Ілеспе аударма форматы жағынан ірі, өзекті мәселелер талқыланатын беделді жиындарда: съездерде, халықаралық саммиттерде, форумдарда, конференцияларда, сондай-ақ кейбір жағдайларда басқа мемлекеттерден шақырылған ғалымдардың студенттерге (тыңдаушыларға) дәріс оқуы барысында уақытты үнемдеу үшін қолданылады. Мұндай аударма жасауды, әдетте, өзінің ұйымдастыратын ісшарасына терең мән беріп, оның қоғам өміріндегі белгілі бір проблемаларды шешудегі маңызын түсінетін; сонымен бірге жиынға қатысушыларға құрметпен қарап, олардың уақытын тиімді пайдалануды; жиында көтерілген мәселелердің көпшілікке түсінікті болуын; ол мәселелер бойынша барынша мол, жан-жақты ақпарат жинақталуын; айтылған мәселелер бойынша келешекте қабылданар шешімнің ортақ тұжырымдамасы түзілуін көздейтін ұйымдар, мекемелер жүзеге асырады.

Ілеспе аударманың тез қарқын алып, белсенді түрде қолданыла бастауы жалпы аударма саласының дамуына, ондағы ілеспе аударманың алатын орнын айқындауға, сондай-ақ аудармашылар қызметіне де әсер етті. Атап айтқанда, аударманы әр түрлі тілдердегі мәтіндердің немесе бір-бірімен жиі түйісетін тілдік жүйелердің өзара қатынасы тұрғысынан ғана емес, аударма жасауды қызмет көрсетудің бір түрі ретінде жіктеп, бағалауға жол ашты. Осылайша, жана ғасырдың басында аудармашы қызметінің қоғамның әртүрлі салалардағы сан қилы түрлеріне орай ол қызметтерді саралау қажеттігі туындады. Енді аудармашы қызметі өз ішінде сараланып, аудармашылардың мамандануына қарай: референт-аудармашы, ілеспе аудармашы, гид аудармашы деп бөлінді.

Ілеспе аударма — бір тілде ауызша сөйленген сөзді екінші тілге ауызша аудару процесінде қолданылатын ауызша аударманың аса күрделі түрі. Ауызша аудармаға ілеспе аудармадан басқа ізбе-із (последовательный перевод) аударма да кіреді. Орыс тіліндегі «синронный перевод» тіркесі гректің «*syn*» (*бірге*) + «*chronos*» (*уақыт*) деген сөздерінің біріктірілуінен алынған, екі немесе бірнеше құбылысты немесе процесті олар өтіп жатқан кезде, бір-біріне дәл сәйкестікте орындау дегенді білдіреді. Аударма актісі — стихиялы түрде жүретін процесс емес, ол тиісті білімі, белгілі бір деңгейдегі даярлығы, психологиялық ішкі әзірлігі бар аудармашының екі тілдегі амалдарды салыстыру, түпнұсқа мәтіннің коммуникативтік-функционалдық белгілерін, жанрлық ерекшеліктерін, аударылатын мәтіннің қандай ауди-

торияға бағытталатынын, ол аудиторияның білім деңгейін, ақпаратты қабылдай алу қабілетін, рецептордың ұлттық, кәсіби сипаттарын және жас мөлшерін ескере отырып жүзеге асырған жұмысы.

Ілеспе аударманы зерттеушілердің «ілеспе аударма процесінің ең мәнді бөлігі аудармашының миында жүзеге асырылатыныны, сондықтан да ол тікелей байқау мүмкін емес»<sup>1</sup> екенін атап көрсетуі бұл саланы зерттеудің күрделілігін, қиындығын білдіреді. Бастапқы кезде тек аударма түрі ретінде қаралып, лингвистердің зерттеу объектісі болған ілеспе аударманың кейін психологтардың, физиологтардың, психолингвистердің назарын аударуына жоғарыдағыдай пікірлердің әсері бар деуге болады.

Бүкіл дүние жүзінде тілдік қатынасты жүзеге асыруда жаңа мүмкіндік ашқан бірегей құбылыс ретінде танылған ілеспе аударма біздің елде де жаһандық қарым-қатынастардың қарқын алуына сәйкес пайда болып, Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуінде тіларалық қатынастарды жеңілдетуге бағытталған жаңа сала ретінде қызмет етуде. Жыл өткен сайын оның іс жүзінде қолданылу аясы кеңейіп келе жатқанымен, Қазақстанның жоғары оқу орындарында әзірге бұл саланың мамандары дайындалмайды. Жаксы аудармашыларға деген сұраныс көп болғанымен, қиын да қызық – ілеспе аудармашы мамандығын игергендер қатары баяу өсуде.

Бүгінде Қазақстан Республикасы өзінің бейбіт бастамаларымен халықаралық аренадағы беделді мемлекетке айналды. Ірі форматты саяси жиындарда қазақ еліне, оның басшысына, өкілдеріне деген құрмет ерекше. Қазақ жерінде өтетін ауқымды ісшараларда лауазымды қонақтардың өз сөздерін қазақ тілінде бастауы, кейде тіпті қазақ тілінде баяндама жасау мысалдары көбейе түсуде. Осы ретте бізде қазақша-орысша ілеспе аударма жасайтын мамандарды даярлау ісінің қолға алынбауы еліміздің әлемдік кеңістікке интеграциялануына белгілі бір дәрежеде тежеу салады. Ілеспе аудармашылардың аздығы, қазақ тілінен тікелей шетел тілдеріне аударатын аудармашылардың бірен-саран ғана болуы қазақ тілді саясаткерлердің еркін сөйлеп, сұхбат жүргізуіне қолбайлау болуда.

Еліміздің қазіргі даму барысын зерделейтін болсақ, қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау әлі біршама жыл қолданыста боларына көз жеткізу қиын емес. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарлығына сәйкес 2009 жылдан бастап республика аумағында іс қағаздарын жүргізу толықтай қазақ тіліне көшірілді. Бұл өткізілетін жиналыстардың тілі де мемлекеттік тіл болуы керектігін білдіреді. Осыдан барып, қазақ тілінен орыс

---

<sup>1</sup> Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. М.: Межд. отношения, 1980. – 167 С.

тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма жасайтын мамандарға сұраныс сақталып, осы сала мамандарын даяулау қажеттігі шығады.

Ал болашақта, қоғамдық сананың, патриоттық танымның, ұлттардың өзін-өзі тану деңгейінің өсуі — заңды құбылыс. Ендеше тілдік қордың молаюының, сөйлеу тәжірибесінің жетілуінің, мемлекеттік басқару жүйесінде қазақ тілі мәртебесінің үстемдік ете бастауының болашағы бар екендігіне қазақтың саясаткерлері де, ғалымдары да, ақын-жазушылары да күмән келтірмейді. Соған сәйкес қазақ тілі бұдан әрі өркендеп, кең ауқымда қолданыла бастаған кезде, қазақ тілінен тікелей шет тілдеріне ілеспе аударма жасайтын мамандарды дайындау мәселесі алдымыздан шығары сөзсіз.

### ІЛЕСПЕ АУДАРМАНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

Оқырманды ілеспе аударманың қай жерде, қашан пайда болғаны және қазақ жеріне қалай келгені қызықтыраы анық. Бұл мәселе ілеспе аударманы зерттеушілердің де назарын аударып, бірнеше қызықты фактілердің анықталуына себепші болды. Солардың ішінде ілеспе аударма тарихын зерттеушілердің көбі ұстанатын нұсқа мынадай:

1926 жылы (кейбіреулер 1927 жыл дейді) бостондық радиоинженер Гордон Финли мен «IBM» («International Business Machines») фирмасының президенті Томас Уотсонның атына ілеспе аударма жасауға арналған патент берілген. Сол патент негізінде олар Бостон қаласындағы дүкен иесі Эдуард Филеннің көптен іске асыра алмай жүрген идеясын, сөз сөйлеуші мен оның аудармасын бір мезгілде тыңдарманға жеткізуді жүзеге асырады. Бұл жаналық тез тарап, басқа елдерде де бірден танымал болғанға ұқсайды, себебі 1928 жылы-ақ Кеңес Одағында Коминтерннің VI конгресінде аудармашылар көпшілікке бұған дейін белгісіз әдіспен аударма жасайды. Ол жөнінде Кеңес Одағындағы ілеспе аударманың алғашқы қарлығаштарының бірі саналатын Е.А. Гофман «Красная нива» журналына сілтеме жасай отырып былай деп жазады: «Красная нива» журналының осы жылғы санынан мінбердің алдында отырған аудармашылардың суретін көруге болады. Олардың мойнына микрофон бекітілген ауыр құрал ілінген. Телефондар (құлақшалар) жоқ. Дыбыс мінберден тікелей қабылданады».<sup>1</sup>

Қарапайым оқырман аталған журналда жарияланған суреттерді көргенде, аудармашылардың қалай жұмыс істегенін түсінуі екіталай. Ал қазіргі аппаратурамен жұмыс істейтін кәсіби ілеспе аудармашының биігінен қарағанда, ол жиындағы ілеспе аударманың ұйымдасты-

---

<sup>1</sup> Гофман Е.А. К истории синхронного перевода. Тетради переводчика. — 1963, №1.

рылуы мен сапасы соншалықты жоғары болды деу қиын. Себебі баяндамашыны, сөз сөйлеушіні арнайы тындауышсыз (наушник) тындап, сол бойда микрофонға аудару — қиынның қиыны. Мұндайда сөйленген сөзді тұтастай аудару мүмкін емес, тек сөйлем аралатып қана аударуға болады. Ал ондайда ой тұтастығы бұзылып, тындарманға қарата айтылған сөздің шала мазмұны ғана баяндалады.

Біздің де аудармашылық тәжірибемізде, республикалық деңгейде өткізілген үлкен жиында техникалық ақау орын алуына байланысты мінбердегі микрофон мен аудармашы құралы түйіспей қалып, осыған ұқсас жай басымыздан өткендіктен, ондай кездегі аудармашының хал-күйі жақсы таныс. Жиында туындаған бұл сияқты күтпеген қиындықтан (әдетте, зерттеушілер мұндайды «экстремалдық жағдай» деп сипаттайды) тәжірибелі аудармашылар ғана жол тауып шығатынын, ал психологиялық тұрғыдан дайын емес аудармашының абдырап, сасып қалатынын көзбен көрдік.

Бұдан жасалатын қорытынды: ілеспе аудармашы қашанда өзі аударма жасайтын залда орнатылған құралдардың дұрыс құрылғанына, жұмыс істейтініне көз жеткізуі керек. Жиналыс басталмас бұрын аударма жасайтын құралдарды құратын инженерлермен бірге жүріп, әр микрофонға айтылған сөздің аудармашы кабинасына (тындауышқа) жетіп тұрғанын тексеріп алған жөн. Бұл — басты ережелердің бірі.

1933 жылы өткен Коминтерн атқару комитетінің XIII пленумында жоғарыдағы кемшіліктер жойылып, ілеспе аудармашылар жеке кабинеттеріне отырғызылады және тындау құралымен қамтамасыз етіледі.

Осындай мысалдарға сүйеніп, Ресей зерттеушілері аударма жасаудың бұл түрі бұрынғы Кеңестер Одағында алғаш рет 1928 жылы, Коминтерннің VI конгресінде жүзеге асырылды деген пікірге тоқтағандай. Ілеспе аударма жасауға тікелей қатысқан мамандардың, мұндай оқиғаға куә болғандардың еңбектерінде де осы жиналыс кеңестік кеңістікте микрофон мен тындайтын құралды (тындауышты) пайдаланып, жиналғандарды қайран қалдырған ерекше аударманың алғашқы мысалы ретінде аталып жүр.

Бұдан кейін ілеспе аударма жасау қарқынды түрде дамып, 1935 жылы Ленинград қаласында өткен XV Халықаралық физиологиялық конгресте академик И.П. Павловтың баяндамасын делегаттар бірден ағылшын, неміс, француз тілдерінде тындайды. Осы жиналыстан кейін Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін ілеспе аударма Коминтерннің сессияларында ара-тұра қолданылып отырғаны, сондай-ақ коммунистік партияның XX съезінде алты тілге ілеспе аударма жасалғаны ресейлік зерттеуші Г.Черновтың еңбектерінен белгілі.

• **Гелий Чернов — ілеспе аударма саласының аса көрнекті маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор. БҰҰ-ның Нью-Йорк**

**қаласындағы Хатшылығында ілеспе аудармашы болып қызмет істеген. Аударма теориясы туралы, тіларалық қатынас мәселелері туралы екі монографияның және 60-қа жуық ғылыми еңбектің авторы.**

Бұл кезде шет елдерде де ілеспе аударма жасау талпыныстары болған. Айталық, 1927 жылы Женева қаласында өткен халықаралық конференцияда, 1938 жылы Схевенинген қаласында (Голландия) өткен халықаралық конференцияда қолданылған. Ал 1936 жылы қостілді Бельгия парламентінің отырыстарында ілеспе аударма тәжірибесі жүргізіледі.

Алайда аударма жасаудың мұндай тәсілі өте сирек, аса ірі, сол уақыт тұрғысынан алғанда тарихи маңызы зор деп есептелген жиындарда ғана пайдаланылғандықтан, аударма саласындағы жаңалық туралы қалың жұртшылықтың біле қоймағанын атап өтуіміз керек. Зерттеушілер ілеспе аударманың халықаралық деңгейде пайдаланылып, жұртшылықтың назарын аударған кезі – нацистік әскери қылмыскерлерді жауапқа тартқан Нюрнберг процесі екенін атап көрсетеді. Мұнда тұңғыш рет ілеспе аударма жасауға арналған америкалық құралдар орнатылып, Кеңестер Одағы жағынан және негізінен америкалықтардан тұратын одақтастар жағынан дайындалған әскери аудармашылар тобы жұмыс істеген. Процесті ілеспе аудармамен қамтамасыз ету жұмысын америкалық әскердің полковнигі Лион Достерт басқарған.

**• Лион Достерт – америкалық ілеспе аудармашылардың бірі. Процесс өткеннен кейін Америка Құрама Штаттарының Джорджтаун университетінде, Біріккен Ұлттар Ұйымында ілеспе аударма жасауды ұйымдастырып, оны дамыту ісіне айтулы үлес қосқан. Лион Достерттің есімі бүгінде ілеспе аударма тарихымен тығыз байланыста аталады.**

Жанашыл аудармашылар Нюрнберг процесінде ілеспе аударманың ғажайып мүмкіндігін көпшілікке танытқан соң, 1947 жылы БҰҰ Хатшылығы ілеспе аударма жасауға арналған портативті қондырғы сатып алады. Бұл ілеспе аудармаға жасалған бетбұрыстың басы еді. Тап осы жиында жұртшылық алғаш рет ілеспе аударманың осы уақытқа дейін қолданылып келген ізбе-із (последовательный) аудармаға қарағанда, әлдеқайда тиімді екендігіне, ыңғайлылығына, тағы да басқа артықшылықтарына куә болғандықтан, бұл процесс аударма саласына жаңалық әкелген жиын деп те танылады.

Бір айта кетерлік жай – екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін жұмыс тілдері француз және ағылшын тілдері болып табылатын халықаралық ұйымдарда ілеспе аударма мүлде пайдаланылған жоқ еді. Ілеспе аударманың бірден орнығуына, міне, осы жай тежеу болады. Оның үстіне, жаңаның бәріне тосырқай қарайтын әдет қай қоғамда да болатыны белгілі. Ара-тұра ірі халықаралық жиындарда қолданылып жүрсе де бұған дейін ілеспе аудармаға да сондай сенімсіздік білдіріліп

келген, ал аталмыш процесте аударма жасаған ілеспе аудармашылардың асқан шеберлігі енді еш күмән қалдырмады. Мойындалуына адам бойындағы білімдарлық пен біліктілік себеп болған жаңа қызметті атау керек болса, аудармашылардың біліктілігі, аудару шеберлігі жиналғандарды таң-тамаша қалдырған осы жаңа аударма түрін айтуға болатыны сөзсіз.

Аударманың жұртшылыққа беймәлім, ерекше түрінің кең қанат жайып, қарқынмен дами бастауына Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы да ықпал етеді. Қырқыншы жылдардың соңына қарай халықаралық аренаға екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен елдің ортақ тілі – орыс тілі шықты. Іле шала испан, араб және қытай тілдері БҰҰ-ның жұмыс тілі деп танылады. Сондықтан барлық жұмыс тілдеріне бұрынғыдай ізбе-із аударма жасап отыру мүмкін емес боп қалады, олай еткен күнде жиналыстар тым ұзаққа созылар еді. Міне, осы кезде Нюрнберг процесінде жұртшылықты таңырқатып, қызықтырған аударма түрі қайта еске түсіп, оны жер бетіндегі ең беделді халықаралық ұйымның жұмысына қолдану мәселесі күн тәртібіне қойылады.

Мұндай шешім қабылданғаннан кейін өткен ғасырдың орта шеніне дейін дипломатиялық, саяси қарым-қатынастарда, келіссөздерде пайдаланылатын негізгі аударма – ізбе-із аударма тарих сахнасынан бірте-бірте ығыстырыла бастайды.

1951 жылдан бастап БҰҰ сияқты аса беделді халықаралық ұйымның өз жұмысында ілеспе аударманы қолдана бастауы аударманың бұл түрінің түпкілікті орнығуына себепші болды. Ілеспе аударма жасаудың артықшылығы осылайша мойындалды, енді ол халықаралық жиындарды өткізудің ажырамас атрибутына айналды.

Содан бері адам қабілеті мен техника мүмкіндігі қатар өрілген аударманың бұл саласы үнемі даму, жетілу үстінде. Бүгінде бір нәрсенің басы ашық: ілеспе аударма – заман талабына сай пайда болған аударма түрі және мұны өркениетті елдердің бәрі мойындайды. Қазіргі таңда бұл – ірі халықаралық жиындар өткізудің міндетті, ажырамас бөлшегі екенін дәлелдеп жатудың өзі артық. БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО, ЮСАИД, АӨСШК, ШЫҰ, ЭЫДҰ, ҰҚШҰ сияқты аса ірі халықаралық ұйымдардың жиындарын, мемлекетаралық саммиттерді, конгрестерді, басқа да еларалық ауқымды ісшараларды былай қойғанда, өз еліміздің ішінде өтетін съездерді, форумдарды, ғылыми конференцияларды ілеспе аудармасыз елестету мүмкін емес.

• Елдердің егемендік алуына, мемлекеттік тілдерін белгілеп, оларды дамыту бағдарламаларын қабылдауларына орай әлемде ілеспе аудармашылардың саны жыл сайын өсуде. БҰҰ жүйесінің өзінде (БҰҰ-ның Нью-Йорктегі Хатшылығы, БҰҰ-ның Женевадағы Еуропа-лық бөлімшесі, БҰҰ-ның агенттіктері мен мамандандырылған мекеме-



лері) 300-ден астам аудармашы қызмет істейді деген ақпарат бар. Батыс Еуропа елдерінде, АҚШ пен Канадада келісім-шарт негізінде жұмыс істейтін ілеспе аудармашылардың басын біріктіретін Конференцияларда аударма жасайтын аудармашылардың халықаралық қауымдастығы құрылған.

Кеңес Одағында ілеспе аударманың дамып, қолданылуының мынадай белестерін атап өтуге болады: әскери қылмыскерлерді соттаған Нюрнберг және Токио процестеріне қатысқаннан кейін кеңестік аудармашылар жұмысында біраз үзіліс болады. 1952 жылы Мәскеуде Одақтар үйінде халықаралық экономикалық кеңес өтеді. Үш залда өткізілген жұмыс ілеспе аудармамен қамтамасыз етіліп, оған 50-ге жуық аудармашы қатысады. Олардың ішінде Нюрнберг процесіне қатысқандар жұмыстың ең ауырын өздеріне алып, орыс, ағылшын, неміс, испан және қытай тілдеріне аударма жасайды. Тап осы жиында диспетчерлік пультта отыратын жетекші аудармашы жүйесі алғаш рет қолданылады.

Ілеспе аударманың дамуына зор ықпал еткен тағы бір ірі оқиға ретінде 1957 жылы өткізілген жастар мен студенттердің Мәскеу фестивалін айтуға болады. Фестивальдің басқа бағдарламаларына қатысқан аудармашылардың үлкен тобын айтпағанның өзінде, студенттік бағдарламасында ғана бір мезгілде 80 ілеспе аудармашы қызмет көрсетеді. Бұл фестивалда ілеспе аударманың ізбе-із аудармамен араласқан оңайлатылған түрі де қолданылды: мінберде айтылған сөз күшейткіш микрофонмен орыс тіліне ізбе-із аударылып, ал одан әрі барлық жұмыс тілдеріне ілеспе аударма жасалады. Кеңестік кеңістіктегі бірқатар ілеспе аудармашылар өз естеліктерінде кәсіби ілеспе аудармашы ретінде тұсауы осы фестивалда кесілгенін атап көрсетеді.

КПСС XIX съезінен бастап осындай ауқымды жиындарда шетелдік қонақтар үшін шет тілдеріне ілеспе аударма жасала бастады. Ал шетелдік қонақтардың мінберден сөйленген сөздері ізбе-із аударылып тұрды. XX съезде ілеспе аударма орыс тілінен шет тіліне де, керісінше де жасалды. Бұл съезде 7 жұмыс тілі болса, келесі съезде 18 жұмыс тіліне аударма жасалған. Қазіргі кезде Кремльдің Съездер сарайы конгресс жұмысын замана талабына сай жүргізіп, 30 жұмыс тіліне ілеспе аударма жасау мүмкіндігін беретін құрал-жабдықпен жабдықталған. 1961 жылдан бастап кеңестік ілеспе аудармашылар Біріккен Ұлттар Ұйымында әуелі Нью-Йоркте, содан кейін Женевада – БҰҰ Еуропадағы бөлімшесінде де орыс тіліне ілеспе аударма жасай бастады.

Қазақстанда ілеспе аударманың пайда болуы туралы айтқанда, ойға ең алдымен ұлттық театрлардағы қойылымдарда орыс тіліне жасалатын аударма оралады (Мұндай аударма театрларда қазір де жасалады). Әрине, қазіргі кәсіби ілеспе аударма өлшемімен алғанда ол аудармалардың сапалық деңгейі туралы пікір әртүрлі болғанымен,



қайткен күнде де бұл — біздің еліміздегі ілеспе жасаудың алғашқы мысалы ретінде тарихта қалады. Сондай-ақ өткен ғасырдың сексенінші жылдарының аяғы, тоқсаныншы жылдарының басында жиналыстарында сөйленген кейбір сөздерді ілеспе аудармалаудың бірді-екілі талпыныстары республиканың жоғары билік органдарында (Президент әкімшілігінде, Жоғарғы Кеңесте, Үкіметте) жасалған.

Ал жиналысты тұтастай (оның өзінде де орыс тілінен қазақ тіліне ғана) ілеспе аударма жасай отырып жүргізу талпынысы, Парламент ардагерлерінің еске алуы бойынша, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XI сайланымынан басталған көрінеді. Алғашқы кезде барлық баяндамалар, сөйленетін сөздер алдын ала орыс тілінен қазақ тіліне аударылып қойып, сессия барысында оларды микрофон алдында баяндамашымен бір мезгілде оқып шығу жекелеген адамдарға ғана сеніп тапсырылыпты. Аға буындағы әріптестеріміз олардың қатарында еліміздегі үлкен лауазымды қызметкерлер, журналистер болғанын, кей кездері сол мәтіндерді жазбаша аударған аудармашылардың өздері шақырылып тұрғанын айтады. Бұлардың ішінде бұл күнде марқұм болып кеткен М.Жанткин, К.Қазыбаев, С.Байжанов, Ж.Әбішұлы сияқты белгілі журналистердің есімдері аталады.

XI шақырылымның соңына қарай, ел ішіне демократия лебі тарай бастаған кезде, Жоғарғы Кеңестің сессиясы өтетін залда бірнеше жерден микрофондар орнатылып (олар «свободный микрофон — еркін микрофон» деп аталатын), пікірін білдіргісі келген адамдар сол микрофондарға шығып сөйлейтін болған. Бірақ ол кезде де (ілуде бір жағдайлар кездескенін есептемегенде) сөздің бәрі орысша сөйленіп, соған сәйкес ілеспе аударма да орысшадан қазақшаға жасалатын.

Ал XII шақырылымда (1990 жылы) Жоғарғы Кеңестің депутаттары екі тілде сөйлей бастады. Олардың қазақша сөйлеген сөздерін орыс тіліне аудару үшін сессиялардың өткізілуін техникалық, аударма жағынан қамтамасыз ету міндетіне кіретін Жоғарғы Кеңестің Инженерлік орталығы сырттан ақылы негізде тәжірибелі аудармашыларды тартады. Олардың ішінде Ақас Тәжуітов, Кеңес Юсупов, Ғалымжан Мұқанов сияқты аттары танымал аудармашылар болып, сәл кейінірек арнайы штат бөлініп, қазақ тілінен орыс тіліне аударма жасайтын қызметкер алынды.

Міне, осы кезден бастап, ілеспе аударма қазақ тілінің саясат тіліне, үлкен жиындар тіліне айналуына қызмет ете бастады деп тұжырым жасауға болады. Содан бергі уақытта жиындар ілеспе аудармамен қамтамасыз етілетін болғандықтан, Парламент сессияларында, үлкен халықаралық жиындарда көрнекті саяси қайраткерлер де, ғұлама ғалымдар да, қарапайым еңбеккерлер де қазақша сөйлеп, өз пікірлерін ана тілімізде айта алатын дәрежеге жетті.

## ІЛЕСПЕ АУДАРМАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫН КЕҢЕЙТУДЕГІ РӨЛІ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі»<sup>1</sup> деп, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі тайға таңба басқандай жазылып, ал «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңында оған «мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және ісқағаздарын жүргізу тілі»<sup>2</sup> деген айқындама берілді. 2011 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасы Президенті «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығына қол қойды<sup>3</sup>. Бұл құжаттардың республикада мемлекеттік тілді дамыту ісінде сүйенер негізгі нормативтік құқықтық актілер екендігі белгілі.

Алайда тілді дамыту ісі заңның қабылдануымен өздігінен алға басып кетпейді, ол үшін Конституцияның 93-бабында «Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп атап көрсетілгендей, тілдің дамуына ықпал ететін шаралар қолданылып, онда қазақ тілінің қоғам өмірінің барлық саласында қолданылуын көздейтін амалдар ойластырылуы керек. Бұл шаралар мемлекеттік тілдің екеуара әңгімеден бастап, ауқымды жиындарда сөйленетін тілге айналуы көзделуі қажеттігін білдіреді.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселесі сөз болғанда саясаткерлер мен ғалымдар «Ісшараларды жайлап жүзеге асыра отырып, қазақ тілінің қоғамдағы қажеттілігін арттыра беру керек. Ол үшін халықаралық деңгейдегі кездесулер, конференциялар, басқосулар тілі қазақ тілі болуына ықпал ету керек, қажет болса талап ету қажет» деген пікірді ұстанды.<sup>4</sup>

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Жеті жарғы», 2005, 187 бет.

<sup>2</sup> «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы (№151-І).

<sup>3</sup> Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығы.

<sup>4</sup> Әбуов Ж.Ә. Қазақ тілінің халықаралық деңгейде оқытылуы. Қараңыз: «Полилингвист және полилингвизм – Қазақстандағы этносаралық келісімнің және саяси тұрақтылықтың факторлары» дөңгелек үстелдің материалдары, Астана, 2008, 177 бет).

Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту бойынша ең жоғары деңгейде қабылданған ісқағаздарын жүргізуді кезең-кезеңімен қазақ тіліне көшіру туралы шешім – осы мәселені іске асыру бағытындағы батыл қадам болды. Ол елдегі тіршіліктің барлық саласына, қоғамның кез келген мүшесіне қатысты. Қоғамның өзі қандай болса, оның мүшелерінің бұл шешімді қабылдауы соған сәйкес өтуде: біреулерді қуантса, біреулерді уайымға батырып, біреулерге салықалы сөз айтқызса, біреулердің ішкі қыжылдарын шығартқызуда. Қалай болғанда да жаппай бас изеушілік болмай, әркілі пікір айтылуының өзі – қоғам дамуының жетістігі.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңеюі дегенде, оның күнделікті тіршілікте, адамдар арасындағы қарым-қатынаста, одан қалды қызметтік хат-хабарлар алысуда қолданылуын ғана емес, үлкен, мәртебелі жиындардың ана тілімізде жүргізілуін, сөз сөйлеуші шешендердің бәрі болмағанмен, басым көпшілігі қазақ тілінде сөйлеуін де қатар түсінуіміз керек. Қазақ тілі толғақты ойлар ортаға салынып, ортақ бір тұжырым жасалатын ғылыми конференциялардың, заманауи мәселелер талқыланатын саяси саммиттердің, экономика, қаржы мәселелері қаралатын форумдардың тіліне айналған кезде ғана – оның қолданылу аясы шын мәнінде кеңіде деп айтуға болады. Әзірше, дамуының қазіргі кезеңінде, қазақ тілінің мұндай жиындар тіліне айналуының бірден-бір жолы – ілеспе аударма жасау.

Біздің елімізде ілеспе аударма жасау қажеттігі өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары туындады. Егемендік алып еңсе тіктеп, тәуелсіздік орнап, тілтуралы заң қабылданғаннан кейін аралас ұлттық қатысушылары бар үлкен жиындарда қазақша сөз сөйлене бастады. Олардың алғашқы легінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылымының депутаты болған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Қ.Мырзалиев, Ә.Әлімжанов, Б. Қыдырбекұлы, Қ. Найманбаев, К.Смайылов, М.Жолдасбеков, Н.Оразалин, тағы басқалар бар. «Тіл туралы» заң қабылданғанда, мемлекеттік мәртебені қазақ тіліне жеке дара беруге қимаған депутаттарға тегеурінді қарсылық танытқандардың ішінде де қалам қайраткерлерінің еңбегі ерекше.

Кеңестік дәуірде қазақ тілінің болашағына күмәнмен қарайтындар пайда болып, оны «отбасы-ошақ қасылық тіл» деген көзқарас қалыптасқаны белгілі. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуі осы көзқарасқа берілген соққы болса, Жоғарғы Кеңестің отырыстарында ұлтжанды депутаттар бірыңғай ана тілімізде сөйлеп, оның мемлекеттік мәртебесін бекіте түсті.

Жоғарғы Кеңестің 13-шақырылымында бұл игі бастаманы Ә.Кекілбаев, Ә.Беркенова сынды ақын-жазушы депутаттармен қатар Ә.Жолдасбеков, Қ.Сұлтанов, Қ.Әбішев, А.Жұмаділдаев, О.Мұхаме-

джанов, Ә.Бәйменов, Қ.Нағыманов, тағы сол сияқты қайраткер депутаттар әрі қарай дамытты. Осы жылдары қалын жұртшылық өкілдерінің қатысуымен өтетін жиындарда топ алдына шыққандардың, мінберге көтеріліп, баяндама жасайтындардың ішінде қазақ тілінде сөйлейтіндердің саны көбейе бастады. Тіпті Семей жақтан сайланған А.Княгинин деген депутаттың қазақша сөйлейтіні есімізде. Міне, осылайша, қазақ тілінде айтылып жатқан сөздің орыс тілді ағайындарға жетуі үшін ілеспе аудармаға деген қажеттілік туындаған кез — нақ осы жылдар.

Саяси тәуелсіздік тіл тәуелсіздігіне жол ашып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің залында қазақ сөзі емін-еркін сөйленетін болғанымен, бұл қуанышты еркіндіктің екінші жағы да бар болатын, ол айтылған сөздің арналған адамына жетуі мәселесі еді. Себебі ол кездегі басқарушы органдардағы қызметкерлердің көпшілігінің ұлты басқа болғандығы, ұлты қазақ болса, оның орыс тілді болғандығы жасырын жай емес. Олардың Жоғарғы Кеңес отырысы барысында айтылған толғақты мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдауы үшін ең әуелі түсінуі керек екені белгілі.

Екіншіден, заң жобалары бойынша өтетін талқылауларда, пікір таластарда екі тілді тараптың бір-бірін түсінуі, бір шешімді жақтап дауыс беруі үшін олардың сөздеріне сол сәтте аударма жасалуы керек-ті. Ілеспе аударма жасау қажеттілігі осылай туындап, ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Аппаратында ілеспе аударма жасау тобының құрылуына негіз болды.

Осындай мысалдарға сүйеніп, қазақ елінде ілеспе аударма жасау нақ осы жылдарда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінде бастау алды деп тұжырымдауға болады. Бастапқыда заң шығарушы орган аппаратындағы депутаттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшенің қызмет түрі ретінде пайдаланылған ілеспе аударма келе-келе ауқымды міндеттер атқара бастады. Соның бірі — мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосуы.

Әдетте, қазақ тілін дамыту және оның қолданылу аясын кеңейту мәселелеріне қатысты өтетін салиқалы жиналыстарда осы мақсаттарға қол жеткізудің бір ұшы ілеспе аудармаға келіп тірелетіні ескеріле бермейді. Шындығына келгенде, ілеспе аударма — тіларалық қатынасты жүзеге асыратын қызмет түрі ғана емес, өзіне осындай салмақты саяси міндетті жүктеп отырған сала. Оған тәуелсіздік алғалы бері елімізде ілеспе аударма жасалып, халықаралық деңгейде өткізілген саяси, ғылыми, мәдени, әдеби ішаралар дәлел. Мысалы, әлемнің түкпір-түкпірінен делегаттар келіп, ЮНЕСКО аясында өткен Абайдың 150 жылдығына арналған, Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығына арналған ғылыми конференциялардан кейін-ақ ана тіліміздің қол-

данылу аясын кеңейтудегі ілеспе аударманың орнына қатысты тиісті тұжырым жасауға болар еді.

Аталған екі жиында да, одан кейін халықаралық деңгейде өткізілген ондаған съезд, форум, конференцияларда баяндамалардың көпшілігі қазақ тілінде жасалып, одан орыс, ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылды. Ілеспе аударма жасалғанның арқасында зәулім ғимараттар мен кең сарайларда өткен беделді жиындарда әлем «халықаралық» деп мойындаған тілдермен бірге қазақ тілі де естілді.

Ғалымдар мен саясаткерлер бір ойды айтып, бір мақсатты көздегенімен, қазақ тілін дамыту және оның қолданылу аясын кеңейту мәселелеріне қатысты өтетін саликалы жиналыстарда осы мақсаттарға қол жеткізудің бір ұшы ілеспе аудармаға келіп тірелетіні ескеріле бермейді.

Бұл туралы алғаш мәселе көтергендердің бірі еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев екенін атап өту парыз. Елбасының ана тіліміздің қолданылу аясын одан әрі кеңейтіп, оны қоғамдық, мемлекеттік, экономикалық, саяси мәселелер талқыланатын тілге айналдыру қажеттігі жөнінде айтқан құнды пікірлерінің бірі осы ілеспе аудармаға қатысты болған. Ол пікірлер түрлі форматтағы жиындарда айтылып, біздер ол сөздерді ілеспе аударма жасағанбыз. Ал Халықаралық Қазақ тілі қоғамы өзіне «Ана тілінің айбары» алтын белгісін тапсыру рәсімі кезінде: **«бүкіл республика көлемінде үлкен мәжілістерді ілеспе аудармамен қамтамасыз ете отырып, қазақ тілінде жүргізуге көшу керек»** деген сөзі сол ісшараны жазып-көрсеткен бұқаралық ақпарат құралдарының барлығында дерлік жарияланды.<sup>1</sup>

Бірақ түрлі объективті және субъективті себептерге (ілеспе аударма жасауға арналған жабдықтарды сатып алып, орнату қажеттігіне, ол жабдықтардың бағасы тым қымбат болуына, ілеспе аудармашылардың жетіспеушілігіне) байланысты бұл тапсырманы орындау тым ұзаққа созылып кетті. Президенттің республика өңірлерінде, мемлекеттік органдарда іс жүргізудің кезең-кезеңмен мемлекеттік тілге көшірілуі туралы Жарлығы<sup>12</sup> жарияланғаннан кейін ғана орталық органдарда ілеспе аударма жасауға қажетті жабдықтар орнатыла бастады. Тілдерді дамытудың 2010 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданды, одан кейін сол бағдарламаны іске асырудың жоспары жасалды. Елбасы айтқан нұсқауды орындау үшін сол жылдары облыстарда, кейбір оқу орындарында ілеспе аудармашылар дайындау туралы сөз қозғала бастауы да – мәселенің пісіп-жеткендігінің белгісі еді.

---

<sup>1</sup> «Егемен Қазақстан» 04.06.1999 ж.

<sup>2</sup> «Қазақстан Республикасы Президентінің 07.02.01 жылғы №550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарлығы.

Ашығын айту керек, осы күнге дейін мұндай ілеспе аудармамен қамтамасыз етілетін жиналыстар, Регламентінде жалпы отырыстары мемлекеттік тілде жүргізілетіні жазылып, заңдастырылып қойылған Парламентте ғана өтіп жүр. Ал басқа мемлекеттік органдар бастамашы болып, республикалық, халықаралық деңгейде өткізілетін жиналыстарға Парламенттің ілеспе аудармашылары шақырылады.

Елордамызға өз елшіліктерін, консулдықтарын көшірген мемлекеттер елшілері, өз өкілдіктерін ашқан ірі компаниялар басшылары таныстырылым, тұсаукесерлерін жасаған кезде сөйленетін сөздердің міндетті түрде қазақ тіліне аударылуына мән береді. Себебі бұл – бүкіл дүние жүзінде қабылданған әдеп нормасы. Өркениетті елдердің өкілдері үшін оны орындау – жол жүру ережелерін сақтау сияқты заңдылық. Бір өкініштісі, оның орындалуына көбіне біздің тарап құлықты бола бермейді. «Жиналғандардың барлығы да орыс тілін түсінеді ғой» деп, аударманың шет тілінен орыс тіліне ғана жасалуына ден қойылады.

Бұдан мемлекеттік тілдің ел ішінде дамуы да, сырт елдерде мойындалуы да осы мемлекет азаматтарының, оның ішінде қолында белгілі бір билік тетігі бар тұлғалардың өз тіліне деген көзқарасына, яғни ана тілін білу-білмеуіне тікелей байланысты деген ой түюге болады. Ілеспе аудармашылардың алғашқы тобының өкілі ретінде мынадай жайларға назар аударғым келеді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап-ақ елімізге келген ресми қонақтардың лексикасында «Құрметті Президент!», «Қайырлы күн!», «Кеш жарық!», «Ханымдар мен мырзалар!» «Құрметті достар!» деген бір-екі ауыз қазақ сөзі пайда бола бастады. Бұл бүкіл бір мемлекет атынан келген биік лауазым иелерінің қазақ жұртына, оның тіліне деген құрметін білдірсе керек.

Ал Қазақстан тәуелсіздігін ең бірінші болып таныған Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озалдың қазақ еліне жасаған ресми сапарында жоғары деңгейде өтетін жиналыстарда бұрын-сонды болмаған қадам жасалды: Түркия басшысының баяндамасы түрік тілінде жасалып, бірге келген аудармашысы оларды үйреншікті әдетпен орыс тіліне емес, қазақ тіліне аударды.

Бұл – менің ілеспе аудармашылық тәжірибемде басқа елдің мемлекет басшысының сөзі біздің ана тілімізге аударылуын бірінші көруім болатын. Қаншама сырт мемлекеттер елшілері, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен болған мәртебелі жиынның негізгі тілі болған ана тіліміз үшін бойымды мақтаныш сезімі билеп, Тұрғыт Озалдың және өз Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздерін орыс тіліне шабыттана аударғаным есімде. Одан әрі «реле» («сатылап аудару») әдісімен ағылшын, француз, араб, түрік, қытай тілдеріне аударылып жатты...

Ал Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі Хатшылығының Алматыда өткен екінші отырысында Қытай Республикасының делегациясы қазақшадан қытайшаға және керісінше аударатын қазақ қызын ерте келіпті. Екі күн бойы өткен жиналыста қытайлық делегаттардың өз тілдерінде сөйленген сөздері қазақ тіліне аударылып, одан әрі ағылшын, араб тілдеріне аударатын аудармашылар үшін әуелі қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасадық. Міне, осындай бірнеше сатылы аударма жасалса да, қынжылған, қиналған ешкім болған жоқ. «Мемлекеттік тілдің аты — мемлекеттік тіл» десті қонақтар.

Ілеспе аударма жасау тәжірибемізде болған осы сияқты көптеген мысалдарға сүйеніп, елімізге тәуелсіздігімізбен бірге келген бұл аударманың бізде өз функциясына сәйкес ірі жиындарда, съездер мен халықаралық конференцияларда бір жағынан уақытты үнемдеу үшін, екінші жағынан екі тілді тараптардың бір-бірлерін түсінуі үшін қолданыла бастағанымен, содан бергі жылдарда өзінің тікелей мақсатынан басқа тағы бір игілікті әсерін — ілеспе аударманың мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кеңеюіне үлес қосқанын атап өтуге болады.

Бірде ілеспе аударма туралы сұхбат алуға келген журналист маған: «Ілеспе аударма бізге қаншалықты керек? Басқа тілді жұрт қазақ тілін үйренулері үшін тек қазақша сөйлеуіміз керек, ешқандай аударма жасамауымыз керек деген пікірлер айтылып жүр. Ал сіздер жиналыста сөйленген сөздерді түк қалдырмай аударасыздар. Осы істеріңіздің қазақ тілін дамытуға қосқан үлесі бар деп айта аласыз ба?» — деп сұрақ қойғаны есімде.

Әрине, үлесі бар. Ең басты үлесі — ілеспе аударма жасалғанның арқасында ірі халықаралық жиындарда, конференцияларда, форумдарда қазақ тілінің орын алуы. Ілеспе аударма болған соң осындай ауқымды ішараларда баяндамалар қазақ тілінде жасалып, көрнекті мемлекет қайраткерлері, саясаткерлер, ғылым, білім, өнер саласының, қоғам өмірінің басқа да салаларының өкілдері ана тілімізде еркін сөйлей бастады.

Бұл ретте еліміз Парламентінің басқа мемлекеттік органдарға өнеге болар бастамасын атап өту керек. Онда бұл мәселенің әркімнің көңіл-күйіне қарап емес, заңды жолмен түпкілікті шешілуіне мән берілді. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Конституциясының және «Тіл туралы» заңның талаптарына сәйкес өз регламенттеріне тиісті өзгерістер енгізіп, Мәжіліс те, Сенат та отырыстарын қазақша жүргізетін болды.

Елбасының өзі қатысатын жиындарда қазақ тілінің үлесі жылдан жылға молайып келе жатқанын жұртшылық өзі күн сайын көріп, естіп отыр. Ел аралағанда, халықпен кездескенде ғана емес, көп ұлт өкілдері қатысатын ресми жиындарда, мемлекеттік мәселелер қаралатын



салиқалы жиындарда да қазақ тілінің мерейі өсе түсуде. Ал келе-келе, әлемнің түкпір-түкпірінен жүздеген делегат келген Еуразиялық медиафорум, Астана экономикалық форумы жаһандық мәселелерге арналған конференциялар, металлургтер конгресі, Еуразия энергетикалық форумы, тағы басқа көптеген кең форматты жиындарда Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев баяндамасын кейде басынан аяғына дейін, кейде ішінара қазақша жасап келеді.

Ілеспе аударма жасалуының арқасында республикамызда мемлекеттік тілде жүргізілетін немесе қатысушылары мемлекеттік тілде сөйлейтін халықаралық ірі жиындар саны жыл сайын көбейе түсуде. Солардың бірі – бес мәрте қазақ жерінде өткен Әлемдік және дәстүрлі дін лидерлерінің съезі. Съезд бен оның Хатшылығы отырыстарының жұмыстары қазақ, орыс, ағылшын, қытай және араб тілдерінде жүргізіледі. Бүкіл әлемнің рухани көшбасшылары жиналған съезде ілеспе аударма болмаса, делегаттар қазақша сөйлер ме еді?

Тәуелсіздік, басқа мемлекеттермен терезесі тең жағдайда қарым-қатынас жасау, беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі болып, соған сәйкес міндеттемелер қабылдау, шет елдердегі отандастарымыздың атажұртқа оралуы сияқты оқиғалар ана тіліміздің дамуына орасан зор ықпал етсе, ілеспе аударма мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтуға, қолданылу аясының кеңеюіне, мемлекет құрап отырған ұлт тілінің халықаралық деңгейде өтетін жиналыстар тіліне айналуына жол ашты.

Біз ілеспе аударма жасалатын болғандықтан, қазақ тілінің осындай жиындар тіліне айналып отырғанын мойындауымыз керек. Болашақта, тіліміз дамып, республиканы мекендейтін барлық халықтардың ортақ тіліне айналғанда, ілеспе аударманың орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне аударатын саласының қажеті болмай қалуы да мүмкін. Есесіне қазақ тілінен тікелей шет тілдеріне және керісінше аударатын ілеспе аудармашылардың қызметіне сұраныс көбейеді. Бұл жағдай еліміз жоғары оқу орындарының алдына осындай – қазақ тілінен тікелей шет тілдеріне және керісінше аударатын ілеспе аудармашыларды дайындау міндетін қояры сөзсіз. Біздіңше, ол жұмысты уақыты келеді деп кейінге шегермей, жедел қолға алған жөн. Себебі ілеспе аударма – Қазақстанның әлемде тәуелсіз мемлекет ретінде танылуына, ірі мемлекетаралық жиындарға терезесі тең әріптес ретінде қатысуына ғана емес, өз елімізде де сондай форумдарды жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қызмет түрі. Халықаралық деңгейдегі ісшара өткізу үшін қажетті инфрақұрылымның ішінде ілеспе аударманың да бар екендігіне Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Қ.К.Тоқаев та назар аударады: «... Барлық хаттамалық шалағайлықтар... отырысқа қатысушылардың көңілді әжуа-



ларын туғызып жатты. Өлдекім түсіністікпен, енді біреулері кешіріммен, ал кейбірі қаскөйлікпен Алматының ірі халықаралық жиындар өткізуге дайын еместігі туралы айтып та жатты...

... Бұл уақытта Қазақстанда іс жүзінде тиісті инфрақұрылым жоқ еді: қажетті үй-жайлар, үкіметтік автомобильдер, тіпті қонақтарды қабылдап, ұйымдастыратын мейрамханалар болмады. Ілеспе аудармашылар және хаттама рәсімдеріне қанық дипломатиялық қызметкерлер жетіспеді».<sup>1</sup>

Жылдар өте бұл олқылықтардың орны толып, елімізде түрлі жиындар өткізіле батады. Солардың бірінде болған мына жай әркімге де ой салатын сияқты. Ұлтаралық және конфессияаралық келісім аумағы деп танылған Астанамызда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің үшінші съезі өтіп жатты. Ілеспе аударма мұндай халықаралық ісшаралардың ажырағысыз атрибуттарының бірі болғандықтан, басқа тілдерге аударма жасайтын әріптестерімізбен бірге қазақша-орысша аударма жасау үшін съезд жұмысына біз де тартылған едік. Үйреншікті әдетпен өз орнымызға жайғасып, ісшараның материалдарымен танысып отырғанымда, буддизм өкілдеріне тән киім киген бір қатысушының біздің кабиналарымызға қарай беттеп келе жатқанын байқадым. Шет жақтан бастап, қолындағы қағазын бір-бірлеп таратып келе жатқан қонақ әр кабинаның қасына тоқтап, бір жайды ежіктеп түсіндіруден жалыққан жоқ. Кезі келгенде бізге де қайталап: съезде сөйлейтін сөзінің мәтінін ағылшын және орыс тілдеріне аударып, көбейтіп әкелгенін, өзі ана тілі – монғол тілінде сөйлейтінін, ал біздің қағаздағы аудармасын оқып, сөзіне ілесіп отыруымызды өтінді. Ол кісі Монғолия Будда университеті білім және ғылым департаментінің директоры Магсаржавын Ганхуяг еді.

Съездің жұмыс тілдеріне ілеспе аударма жасайтын аудармашылардың әрқайсымен сөйлесіп, келісіп алған қонақ көңілі жайланған болуы керек, жүзінде әдемі жымыс ұялап, қайта-қайта басын иіп, залдағы өз орнына қарай беттеді. Ешкімнің назарын аудармай, ешқандай дабырасыз, тіпті бұл қадамының терең мәнін пенделердің біреуі түсінсе, біреуі түсіне бермейтін қарапайым адамның өз ана тілін сүюдің үлкен үлгісін көрсеткені де көпшілікке мәлім бола қойған жоқ. Сол жердегі ілеспе аудармашылар ғана, бір-бірімізге терең мағыналы көз тастап, бір-бірімізге бас бармағымызды көрсеттік. Қонақтың тек ілеспе аудармашылар ғана күә болған әрекетін Абай бабамыздың сөзін сәл өзгертіп айтсақ, «ана тілінді сүйсен, менше сүй» деген сөздермен бейнелеуге болар еді деген ой келді.

---

*К.Тоқаев. «Беласу». 372-373-беттер.*

Экономикасының дамуы тұрғысынан алғанда, озық елдер қатарына әлі жете қоймаған, ата кәсібі, тұрмысы жағынан қазақтарға ұқсас ел өкілінің өз ана тілінің қолданылу аясын кеңейтуге деген талпынысы, монғол тілінің үлкен жиындар тіліне айналуын көксеуден туған қадамы еріксіз сүйсіндірді. Бұдан бұрын да, кейін де, түрлі халықаралық конференцияларда ілеспе аударма жасай жүріп, мұндай оқиғаға талай рет куә болғанбыз. Бұл оқиғалар тілінің көркеюі үшін ешкімге жария етпей жасалған әлгіндей қадамның әсері кейбір саясаткердің мінберге шығып ұрандата сөйлеген сөзінен әлдеқайда артық екенін ұқтырды. Мұндай жайлар қай-қайсымыз да ана тіліміз еркін қанат жайып, оның қолданылу аясы кеңеюі үшін өз орнымызда, өз ортамызда қал-кадерімізше қызмет етуіміз керектігін еске салатындай.

Осыған орай тағы бір мысал келтіре кетейік. 2010 жылы Астанада өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мемлекет басшыларының саммитінде Беларусь Республикасының басшысы өз тілінде сөйледі. Саяси сахнадағы іс-әрекеттері туралы түрлі әңгімелерге арқау болып жүретін басшының мұнысын әркім әрқалай жорығаны анық. Ал бізге, мұндай жиындардың өткізлу тәртібінен хабардар болғандықтан, беларусьтік басшының бұлай сөйлеуінде монғолдық делегаттың қадамымен ұқсастық бар сияқты көрінді. Өйткені ірі форматты халықаралық жиындарда Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмыс тілдеріне (6 тілге) ілеспе аударма жасау тәртібі орныққан, ол тәртіп мұндай жиындарға жиі қатысатын адамдардың бәріне аян. Ал БҰҰ-ның жұмыс тілдерінен басқа тілдерде сөйлеушілер не өзімен бірге аудармашы ерте келеді, не жоғарыда айтылғандай, сөзінің аудармасын дайындап әкеледі.

Аудармашыны ертіп жүру қазір ешкімге таңсық жай емес, ал делегация құрамын жасақтауда шектеу болатын жағдайда, сөздің мәтінін аудартып алудың еш қиындығы жоқ. Әсіресе біз сияқты үш тұғырлы тіл саясаты жүргізіліп отырған, оның үстіне азаматтары орыс тілі мен ағылшын тілін меңгеру жағынан қазақ тілін он орайтын елде бұл тіпті оңай шаруа екенін маман ретінде айта аламыз. Сондықтан болар, үлкен жиындарда басқа ұлт пен ұлыс өкілдерінің өз ана тілінде сөйлеудің кез келген мүмкіндігін пайдалануға қалай тырысатындықтарын көргенде, олардың өз тіліне деген сүйіспеншілігіне қызығушылық пен «шіркін-ай, біздің адамдарымыз да осылардан өнеге алып, елімізден тыс жерлерде өтетін жиындарда ана тілімізде сөйлесе ғой» деген арман қоса қабаттаса бас көтереді.

Бірақ өкінішке қарай, бізде республикадан тысқары жерлер түгіл, өз еліміздің ішінде де қазақ тілінде сөйлеу мәселесі көңіл көншітерлік дәрежеде емес екені жасырын жай емес. Соны көріп-біліп жүргендіктен, «Мұның қандай себептері бар?» деген ой бізді ғана мазаламайтыны анық. Ойын ана тілімізде еркін жеткізе алмайтын азаматтарға өкпе

жоқ делік, ал ана тілін бір адамдай-ақ меңгерген тұлғаларымыз неге қазақша сөйлеуге құлықсыз?

Оның бір себебін «ауру қалса да әдет қалмайды» деп түсіндіруге болатын сияқты. Қажетті-қажетсіз жерде орысша сөйлеу – ересектерге кеңес дәуірінде, жастарға «орыс тілін білмесең, адам болмайтын» заманды көрген ересектер арқылы бойға сіңіп қалған әдет. Жиынға қатысатын адамдардың дені қазақша өте жақсы сөйлейтін болған күннің өзінде баяндама жасау, ой айту кезегі келгенде, орысша сөйлей жөнелушілік соның сарқыншағы дер едік. Бұл әдеттен құтылу онай болмасын жоғарыдағы мәтел де айғақтап тұр.

Екінші бір себеп – жасалатын баяндаманың, сөйленетін сөздің мәтінін даярлайтын көмекшілердің (мемлекеттік қызметте – аппарат қызметкерінің) орыс тілді болуы. Баяндаманың түпнұсқасы орыс тілінде даярланып, қазақ тіліне аударма жасауға үлгермей қалудың салдарынан өңкей қазақ бас қосып, көрші елдің мемлекеттік тілінің көсегесін көгертіп жататын жайларға талай рет куә болдық. Мұндайда, сөйлеу кезегі келген шешен өз қандастарының алдында басқа елдің тілінде сөйлейтініне қысылатыны анық, сондықтан сөзінің алдында «уақытты үнемдеу үшін орысша айтайын» деп ескерте кететіні бар.

Шынтуайтына келгенде, үлкен жиындарда ілеспе аударма жасалатын болғандықтан, ол қазақша сөйлесе де тап орысша сөйлегендегідей ғана уақыт кетер еді. Сондықтан кейбір шешендердің қазақша сөйлемеуін қатысушылар уақытын үнемдеу немесе «отырғандардың барлығына түсінікті болу үшін» деген сөздермен бүркемелеуін – мұндай форматты жиынға бірінші рет қатысып отырған адамдар ғана сол қалпында қабылдайды. Ал қалғандар оның «ұялған тек тұрмастың» кебін киіп тұрғанын әрине түсінеді. Бұл жерде бір мәселенің басын ашып алған жөн сияқты (орыс ағайындар мұндайда «расставить приоритеты» дейді ғой, бұл жерде біздің айтпағымыз да сол): **әрбір зиялы, ұлтжанды азамат үшін уақытты үнемдеу туралы ойдан «ана тілім естілсін» деген ой биік тұруға тиіс.** Ал кез келген шешеннің қазақ тілінде сөйленген сөзін орыс тіліне мағынасын бұзбай жеткізе алатын білікті ілеспе аудармашылар қатары біздің елімізде жыл сайын өсіп келеді.

Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту мәселесімен шұғылданып жүрген және оны тек қазақи органың, той-томалақтың тілі ғана емес, мемлекеттік мәні бар мәселелер қаралатын ірі жиындардың, ғылыми конференциялардың, көп тарапты кездесулердің жұмыс тілі болу деңгейіне жеткізуді көздейтін адамдарға ілеспе аударма дегеннің не екенін түсіндіріп жатудың өзі артық. Мемлекет басшысының өткен ғасырдың 90-жылдары-ақ жиындарды ілеспе аудармамен қамтамасыз ете отырып, қазақ тілінде өткізу қажеттігі туралы айтқан сөзі тұлғалы азаматтар тарапынан қолдау тапты.

«Тіл мәселесі Үкіметте, министрліктер мен ведомстволарда ара-тұра әңгіме болудан әрі аспай тұр..», «Қаржы және банк жүйесі қазақ тілінде сөйлемейінше мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңеймейді», «Үкімет үшін экономикалық даму бағдарламасы, өмір сүру, тіршілік ету мәселелері қаншалықты маңызды болса, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселесі де сол деңгейде болуы тиіс», – деп депутаттар талай рет Қазақстан Республикасы Премьер-министріне депутаттық сауал жолдады. Қоғамда бұл ойларды одан әрі тереңдете түсетін пікірлер де баршылық.

Бұл пікірлер мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, жиындар тілі қазақ тілі болуына қол жеткізуге зиялы қауым өкілдерінің ынтасын айғақтайды. Атқарушы билік тарапынан да бұл мәселеге қолдау көрсетіліп, түрлі деңгейдегі жиындар өткізілді. Бірақ «халықаралық деңгейдегі кездесулер, конференциялар, басқосулар тілі қазақ тілі болуының» тиімді тетігі ілеспе аударма екендігіне таяу жылдарға дейін тиісті дәрежеде мән берілмей келгені де рас.

Мысалы, Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының халық талқысына ұсынылған бастапқы редакциясында **ілеспе аудармашыларды дайындау** туралы тармақша болатын. Өкінішке қарай, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге үлес қосу тұрғысынан алғанда аса ықпалды осы тәсіл – ілеспе аударма, ілеспе аудармашыларды дайындау туралы тармақша бағдарламалық құжатты талқылау сатыларында алынып тасталған.

Бұған Бағдарламаны іске асыруға қажетті шығындарды азайту үшін барды дейін десек, ілеспе аудармашыларды дайындауға соншалықты көп шығын шықпайды. Себебі ілеспе аудармашы – жазбаша аудармашы сияқты бірнеше жыл оқытылатын, сондай-ақ жүздеген адамды жаппай дайындайтын мамандық емес. Әдетте, ілеспе аудармашылар бастапқы мамандығы, аударма жасау дағдысы бар адамдардың ішінен іріктеліп алынып, қысқа мерзімді курстарда дайындалады. Қазіргі кезеңде Алматы сияқты ірі мегаполисте және түрлі жиындар көп өткізілетін Астанада әрқайсысында жиырма шақты, облыс орталықтарында 3-4 ілеспе аудармашыдан болса, жеткілікті. Яғни, мұнша ілеспе аудармашыны дайындау мемлекет бюджетіне еш салмақ салмайды.

Мемлекеттік бағдарламаларды қабылдаудың рәсімі бойынша олар орталық мемлекеттік органдарда келісуден өтеді. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы ілеспе аудармашыларды дайындау туралы тармақша осы рәсім барысында қысқартылған сияқты. Бұған қоғамда, соның ішінде мемлекеттік органдарда да ілеспе аудармашыларды дайындау бойынша мағлұмат аз екендігі әсер еткен болуы керек.

Елімізде өткізілетін жиындарға келген шетелдік қонақтар міндетті түрде сөйлейтін сөздерінің қазақ тіліне аударылуына баса назар береді. Себебі бұл — бүкіл дүние жүзінде қабылданған әдеп нормасы. Өркениетті елдердің өкілдері үшін оны орындау — заңдылық. Бәрін бүлдіретін өз отандастарымыз. Бұған да бірнеше жыл бойғы ілеспе аудармашылық тәжірибемізде көбіне «жиналғандардың барлығы да орыс тілін түсінеді ғой» деп қарайтын қазақстандық тараптың ынғайына қарап аударманың шет тілінен орыс тіліне ғана жасалуына ден қойылатынына көз жеткіздік.

Айталық, әлемге әйгілі Астанада «Worley Parsons» компаниясының кеңсесі ашылуына орай өткізілген тұсаукесерде Ұлыбританияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Пол Браммелл мырзаға сөз берілді. Ол кісінің аздап орысша сөйлейтінін білетіндіктен, аудармашылары шет жақта, бізбен бірге тұрған. Микрофонға таяған Елші біздер жақты көзімен шолып, қолын бұлғады. Өзіне қарай беттеген ағылшынша-орысша аудармашыны тоқтатып, маған жақындады да «плиз, казакша» деді. Жоғары лауазымды тұлғаның өз сөзінің қазақшаға аударылуына мән беріп тұрғанына куә болған басқа шетелдіктер де осы жолды ұстанды. Ал өз қандастарымызға бұл жай ой сала қойған жоқ.

Халықаралық деңгейдегі жиындарға қатысып жүрген, жай қатысып қана қоймай, сондай жерлерде сөз сөйлеп жүргендер — ілеспе аударма тілдің қолданылу аясын кеңейтудің қуатты құралы екендігін жақсы білетінін және сол мүмкіндікті барынша пайдалануға тырысатынын атап өту парыз. Мысалы, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі Хатшылығының басшысы Қ.Тоқаев съезд делегаттарымен 5 тілде емін-еркін пікір алмасып отырса да, съезді және Хатшылықтың отырыстарын тек қазақ тілінде жүргізіп келді. НАТОның «Роуз-Ротт» Парламенттік ассамблеясының Астанада өткен №71 семинарының модераторы болған депутат Қ.Сұлтанов та семинарға қатысушыларға ілеспе аударма жасалып жатқанын хабарлай отырып, семинарды бастан-аяқ қазақ тілінде жүргізді.

Атырауда «Қазба жұмысымен айналысатын салалардағы ашықтық» халықаралық конференциясын өткізу туралы келіссөздер жүргізілгенде, сол кездегі облыс әкімінің орынбасары С.Еңсегенов «Бізде іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі, жиындар да қазақ тілінде өтеді, сіздердің ісшараларыңыз да солай өтуі керек» деп талап қойған. Осылайша өзі де қазақ тілінде кіріспе сөз сөйлеп ашып, жиында орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше ілеспе аударма жасатты.

Мұндай жағдайлар ара-тұра болса да кездесіп қалатыны қуантады.

Елімізде мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту үшін заңнамалық база жетіспейді деуге ауыз бармайды: қазақ

тілінің мәртебесі Конституцияда айқындалып, заңда бекіді. Ісқағаздарын жүргізуді кезең-кезеңімен қазақ тіліне көшіру туралы Президент Жарлығы шығып, салалық министрліктер мен ведомстволар соған сәйкес нормативтік-құқықтық құжаттарын қабылдады. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бар. Бірақ қабылданған құжаттар санының көптігі тілдің қолданылу аясының кенейе түскенінің көрсеткіші бола алмайтыны және рас.

Елімізде Конституцияның 93-бабында көзделгендей, Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрі дерлік жасалып отыр деуге болады. Енді Бағдарламаның Екінші бағытында көзделгендей «қоғамдық санада мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру және орнықтыру арқылы» қазақ тілінің қоғам өмірінің барлық саласында қолданылуын көздейтін амалдар ойластырылуы керек. Бұл жерде ең бастысы – аталған шаралардың идеологиясында мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кенейуі көзделуі.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясының кенейуі дегенді оның күнделікті тіршілікте, адамдар арасындағы қарым-қатынаста, одан қалды қызметтік хат-хабарлар алысуда пайдаланылуын ғана емес, үлкен, мәртебелі жиындардың ана тілімізде жүргізілуін, сөз сөйлеуші шешендердің бәрі болмағанмен, басым көпшілігі қазақ тілінде сөйлеуін түсінеміз. Сонда ғана – қазақ тілі жаһанды жаңғырту жөніндегі толғақты ойлар ортаға салынатын ғылыми конференциялардың, заманауи мәселелер талқыланатын саяси саммиттердің, экономика, қаржы мәселелері қаралатын форумдардың тіліне айналған кезде ғана – оның қолданылу аясы шын мәнінде кеңіді деп айтуға болады. Дамуының қазіргі кезеңінде қазақ тілінің мұндай жиындар тіліне айналуының бірден-бір жолы – ілеспе аударма жасау.

Аға ұрпақты былай қойғанда, біздің замандастарымыз, орта жастағы адамдар да тәуелсіздіктен бұрын қазақ тілінде жиналыс өткізбек түгіл, өзара сөйлескеніміз үшін де ескерту естіген кезімізді ұмыта қоймаған шығар. Ілеспе аударма – кез келген жиынның қазақ тілінде жүргізілуіне, оның баяндамалардан бастап жарыссөз, пікірталас, сұрақ-жауапқа дейін еркін пайдаланылуына мүмкіндік беретін тәсіл. Кеңестік дәуірде қалыптасқан «қазақ тілі – тұрмыстық тіл» деген стереотипті жоюға көмектесіп, халықаралық деңгейдегі биік мінберлерден қазақ тілінің естілуіне жол ашатын да – осы ілеспе аударма. Ол бізге ана тіліміздің мемлекеттік тіл ретінде орнығуына берік негіз қалауға үлес қосуымен қымбат.

Бір-бірінен алшақ жатқан мемлекеттер, қоғамдар арасындағы қатынас туралы сөз болғанда, «Коммуникацияның өз жүйесі, яғни трансляторы болуы керек. Тілдер арасындағы осындай байланыстырушы жүйенің ең қарапайым шешімі — аударма. Бұл тұрғыдан қарағанда аударма адамзатты біріктіріп тұрған факторлардың бірі деуге де болады»<sup>1</sup> деген пікірге сүйенсек, аударманың бір саласы ретінде ілеспе аударманың көтеріп отырған жүгі тіптен салмақты. Ол ел мен елді ел-дестіріп, ежелгі байланыстарды қалпына келтіруде, ескіні жаңғыртып, жаңаны дамытуда ғалымдар мен саясаткерлердің, қайраткерлер мен қарапайым жұртшылықтың бір-бірлерін түсінісуіне қызмет атқарып отырған алтын көпір іспетті.

Бүгінде елімізде өтіп жатқан ауқымды ісшараларды ілеспе аудармасыз елестету қиын. Халықаралық деңгейде өтетін ірі жиындарды былай қойғанда, республикада Президенттің қатысуымен өтетін барлық жиналыстарда, Парламент отырыстарында ілеспе аударма жасалады. Бұл жиындарда қазақ тілінде баяндама жасалып не сөз сөйленуі, сұрақ қойылып, жауап алынуы, пікірталас ашылуы нормаға айналған. Мұны ілеспе аударманың қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі нығая түсуіне қызмет етуінің айқын көрінісі ретінде бағалауға әбден болады.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға сүйене отырып, импровизациялық құрылымдағы ілеспе аударма Жоғарғы Кеңестің елімізге демократиялық леп алып келген 12-ші шақырылымымен бірге келді деуге болады. Бұл жағдай ілеспе аударма жасауда да ізденуді, шеберлікті ұштауды, біліктілікті арттыруды талап етті. Сондықтан Жоғарғы Кеңестің сол шақырылымында Редакциялық-баспа бөлімінің қызметкерлерінен тұратын, орысшадан қазақшаға ілеспе аударма жасауға маманданған, құрамында аудармашылар Есенқұл Сафуани, Дәуітәлі Омашұлы, Бекен Шолан, Дархан Мыңбай, Ақайдар Ысымұлы бар топ жұмыс істей бастады.

Бөлім меңгерушісі Зейнолла Серікқалиев — Қазақстанда ілеспе аударма саласының қалыптасып, дамуының басында тұрған, Жоғарғы Кеңесте ілеспе аударма жүзеге асырылатын жиындарды ұйымдастырғандардың бірі болған тұлға. Ол келешекте ілеспе аударма жасау ауқымы ұлғаятынын ескеріп, бөлімдегі топты ұдайы нығайтып отырды. Сондай-ақ қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде буыны бекіп, қолданылу аясы кеңейе түсетінін болжап, ана тілімізден орыс тіліне ілеспе аудармашы дайындау мәселесіне ерекше мән берген, күні бұрын кадр іздестіріп, штат аштырған да осы кісі болатын.

---

<sup>1</sup> *Абдрахманов С.* «Өлең аудармасының теориясы мен поэтикасы» филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. — Алматы, 2007. — 50 б.



Қазақ тілінен орыс тіліне аударатын адамдар сырттан шақырылып келгенін жоғарыда айтып кеттік. Тек Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымы өздігінен тарап кеткен соң, XIII шақырылымда сайланғандардың ішінде Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, Ә.Беркенова, Г.Бельгер, А.Бекбосынов, У.Қалижанов сияқты ақын-жазушылардың болуынан-ақ келешекте қазақ тілді сөйлеушілердің үлесі артатындығын көре білген Редакциялық-баспа бөлімінің менгерушісі З.Серікқалиев мені осы бөлімге қызметке алып, қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасауды жүктеді. Уақыт өте бөлімге қызметке алынған Ә.Төреханов, Т.Әминов сияқты аудармашылар да осы міндетті атқарды.

Зейнолла ағаның сол кездегі әріні ойлап, болжаған көрегендігіне таң қаламын. Қызметке аларда менімен әңгіме жүргізіп отырып, «болашақта сен атқаратын жұмыс ауқымы әлдеқайда ұлғаяды, қазақ тілінде сөйлейтіндер көбейіп, құжаттар қазақша жасалатын болады» деген-ді. «Сенің миссияң өте жоғары – ана тіліміздің үлкен жиындар тіліне айналуына қызмет етесің. Сөзінің аудиторияға жететініне сенімді болған кезде бәрі де қазақша сөйлейтін болады» деп өзіме жүктелер істің жауапкершілігін сездірген. Сол кездерде отырыстарда күніне әрі кеткенде екі-үш адам ғана қазақша сөйлейтінін көзбен көріп, аударма жасап жүрген мен ағамыздың оптимизміне сене қоймағаным есімде. Кейіннен, Сенат отырыстары кей күндері басынан аяғына дейін дерлік қазақша жүргізілген кездерде, қысыңқы көздерінен шуақ төге қарап, болашақта қазақ тілінің қолданыс аясының кеңейетініне қатысты соншалықты сеніммен сөйлеп отыратын ағамызды еске алып, рухына бас ие отырып, ана тіліміздің әлі де өркендей түсетіні жайлы әңгімелерді мен де шәкірттеріме айтып отыратын болдым.

Зейнолла аға үшін бұл істі жолға қоюдың мәні зор еді. Бұрын-соңды көріп-білмеген жұмысты атқарудың біз үшін қаншалықты қиын екендігін түсінгендіктен болар, 1996 жылы Парламент Регламенті қабылданар кезде «Баяндамалардың мәтіндері ілеспе аударма жасау үшін Редакциялық-баспа бөліміне алдын ала, жалпы отырыс басталардан кем дегенде екі сағат бұрын» берілетіні туралы 10-тармақты енгіздірді. Сол тармақ кейін Сенат пен Мәжілістің Регламенттері жасалған кезде де сақталды. Тағы бір қуанарлық жай – уақыт өте ол қағаз жүзіндегі норма емес, міндетті түрде орындалатын талапқа айналды.

Президент әкімшілігінде, Үкіметте өтетін жиындарда ілеспе аударма жасау қажеттілігі туындаған кезде ол жақтағылар Зекене хабарласатын. Аға не нәрсеге назар аударуым керек екендігін түсіндіріп, болатын жиналыстың бағыт-бағдарын айтып, шығарып салып, мен жиналыстан қайтқан кезде «Қалай болды? Дұрыс өтті ме? Қазақша



сөйлеушілер көбейіпті ме?» деген сұрақтармен қарсы алатын. «Өткен жолғыға қарағанда біршама көбейіпті» десем, қуанып: «Бұл әлі басы ғана. Просто, адамдар әлі бұрынғы әдеттен арыла алмай жатыр ғой. Келешекте, ана тілімізде сөйлеушілер көбейген кезде, топ құрып, ауысып жұмыс істейтін боласындар» дейтін. (Ол кісі «просто» деген сөзді қосып сөйлеуші еді). Бұл айтқаны да келгенін айта кетуіміз керек. 1996 жылы жаңа сипатты Парламент құрылып, қос палатаға бөлінген тұста Парламент Мәжілісі мен Сенатында қазақ тілінде өтетін алқалы жиындардың саны көбейіп, оларда ілеспе аударма жасауды арнайы топтар жүзеге асыратын болды.

Алғашқы жылдары негізгі салмақ орыс тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма жасаушыларға түссе, жылдар өте келе қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау ауқымы көбейе бастады. Өз кезегінде бұл осы бағытта аударма жасайтын ілеспе аудармашыларға деген сұраныстың арттырды.

Бір байқағанымыз, әуелден орыс тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма жасап машықтанған аудармашылардың ілуде біреуі ғана керісінше аударма жасай алады. Ал қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасайтын аудармашылар әдетте екі бағытта аударуға да қабілетті болып шығады. Өзім екі тілге де аударма жасайтын болғандықтан, осы жай шәкірттерімді де осылай тәрбиелеуге негіз болған. Бүгінде Парламенттің белді аудармашысы болып отырған Қ.Ысмайылова, Г.Салықова, С.Мейрманов, Үкіметтегі Д.Құсманова, Ұлттық банктегі С.Нәжмедина, А.Закариянова – екі тілге де еркін аударма жасайтын кәсіби деңгейлері жоғары мамандар.

Біршама уақыттан бері еліміз облыстарында да ілеспе аударма мәселесіне көңіл бөліне бастады. Жер-жерден арнайы іздеп келіп, ілеспе аударма жасауды үйреніп кеткен, бүгінде өз өңірлерінің белді маманы атанып жүрген А.Мезгілбаев, А.Барсақбаева, А.Садуақасова, Г.Монтаева, К.Серғазина, А.Қашкенова сынды шәкірттерім де қос тілге шебер аударма жасайды. Сондай-ақ қазақша-орысша ілеспе аударма жасауды игергеннен кейін, біліктіліктерін жетілдіріп, қазақ тілінен ағылшын тіліне, қазақ тілінен араб тіліне ілеспе аударма жасап жүрген Ә.Байділдинова, С.Төлеубаева сияқты шәкірттерімнің атына айтылған мақтау сөздерді естіп қуанып жүрмін.

Ілеспе аударманың Еуропа елдерінде, Америка құрлығында даму жағдайы мүлде басқаша: Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысында қолданыла бастағаннан кейін халықаралық деңгейде ілеспе аударманың дамуына даңғыл жол ашылды деуге болады. Оған екінші дүниежүзілік соғыстан кейін мемлекеттердің арасында бейбіт қатар өмір сүру шарттары қабылданып, соның дәлеліндей мәдени, ғылыми, әдеби, спорт, өнер, т.б. салалардағы қарым-қатынастар жиілей түскені, осыған орай

мемлекет, үкімет басшылары арасындағы саяси кездесулер саны күрт көбейгені себеп болды.

Саяси реңкі жоқ жиындар – фестивальдар, конкурстар жиі өткізілетін болды. Бұлардың ашылу, жабылу салтанаттары да ілеспе аударманың көмегінсіз өтпейтіні белгілі. Осындай қолайлы жағдайлар ілеспе аударманың дамуына оң ықпал етіп, ол елдерде бұған дейін беймәлім мамандық – ілеспе аудармашылар қатарының көбеюіне әсер етті.

Көп тілді аудиторияның өзара түсінісуі аударма арқылы жүргізілетін болса, соның ішінде ілеспе аударманың басым қолданысқа ие болуына жаңа аударма түрінің бірқатар артықшылықтары себеп болды. Олардың **біріншісі**: уақыт үнемделеді. Егер баяндамашы мен аудармашы кезек-кезек сөйлеп тұратын болса, мұндай жиналысты өткізуге ілеспе аударма жасалғаннан екі есе көп уақыт кетер еді. Ал қазіргідей уақыт тапшы, жұмысбастылық кезеңде мұндай көп сөзді жиналысқа қатысу кім-кімге болсын тиімсіз.

**Екіншісі**: қаражат үнемделеді. Жиындарда ілеспе аударманың орнына тілмаш арқылы не ізбе-із (последовательный) аударма қолданылатын болса, ұйымдастырушылардың шығындары қаншалықты ұлғаятынын есептеп көріңіздер: жиналыс өткізілетін күн саны көбейген сайын оны өткізетін залды, ғимаратты жалға алу, қатысушылардың іссапар шығындарын көтеруге: қонақүйде тұруына, тамақтануына ақы төлеу де соншалықты өседі.

**Үшіншісі**: қатысушылар үшін өте ыңғайлы: қалай дегенмен де қазіргі кезде екі тіпті кейде бірнеше тілді білетіндер қатары көбеюде. Сондықтан егер тілмаштар аударма жасайтын болса, бұл бірнеше тілді білетіндер үшін қолайсыздық тудырар еді: баяндамашының айтқанын тілмаштың тағы да қайталап айтуы тыңдарманның жүйкесіне тиіп, еріксіз шаршатады. Ал ілеспе аударманың жөні бір басқа: ол ешкімге кедергі жасамайды, оны кез келген уақытта тындап, қалаған уақытында өшіріп тастауына болады: бұл үшін бар болғаны қабылдағышты қосып, сөндіріп отырсаң болғаны.

**Төртіншісі**: жиынның беделін көтеріп, оны өткізіп отырған органның, ұйымның оң имиджін қалыптастыруға қызмет етеді.

• **Ілеспе аудармашының жауапкершілігі туралы.** Өмір болған соң неше түрлі жағдай болып жатады. Бірақ ілеспе аудармашының өзі куә болған жайларды жария етуі этикаға жат нәрсе. Ал аудармашының сөз сөйлеушінің сөзін редакциялап, ашулы сөздерді жұмсартып, дөрекі сөздердің жігін жатқызып жеткізуі – ілеспе аударманың жазылмаған заңдарының бірі. Бұл жайлар ілеспе аудармашының жиналыс атмосферасы жайлы болуына, жиын өткізетін ұйымның имиджіне нұқсан келмеуіне қызмет ететінін білдіреді.

## АУЫЗША АУДАРМАНЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ілеспе аударма пайда болғанша халықаралық қатынастарда тілалық коммуникацияны жүзеге асыру үшін ауызша аударманың басқа түрі — ізбе-із аударма пайдаланылды. Зерттеушілер өз еңбектерінде ізбе-із аударманың дербес аударма түрі екендігін, «ауызша айтылған сөзді ауызша аудару түріне ілеспе аудармамен бірге ізбе-із аударма кіретінін»<sup>1</sup> атап көрсетеді.

**Ізбе-із аударма (последовательный перевод)** — ауызша аударманың ілеспе аударма пайда болғанша қолданылып келген, бүгінгі таңда да өзіндік қолданылу аясы бар түрі. Аударманың бұл түрі жиындар үшін емес, түрлі таныстырылымдар, екі жақты келіссөздер, түрлі дипломатиялық ішаралар үшін тиімді. Сондай-ақ үлкен форматты жиындарға бір-екі ғана шетелдік маман қатысатын болса, олардың жеке аудармашылары қастарында отырып сыбырлап аударып отыруы үшін де пайдаланылады.

Мемлекет басшыларының, басқа да биік лауазымды тұлғалардың ресми кездесулерінде олардың қасында жүретін аудармашылар ізбе-із аударма жасайды. Сондықтан ауызша аударманың бұл түрі әлі ұзақ жылдар айналымда болатыны анық.

Аудармашы сөз сөйлеушінің сөзін, өзара келісілген болса, оның әр сөйлемінен кейін, ол бірнеше сөйлем айтқаннан кейін немесе тұтас бір ойды айтып тоқтағаннан кейін аудара бастайды. Ал мұндай келісім жасалмаған болса аудармашының шешенді тоқтатуына, сөзін үзуіне құқығы жоқ — сөзі аударылуға тиіс деген уақытта шешеннің өзі тоқтайды.

Халықаралық ұйымдар өткізетін конференцияларда, егер сөйлеп тұрған адамның сөзі регламентті бұзбайтын болса, оның сөзін бөлу нағыз әдепсіздік деп танылады. Сондықтан оның сөзін аударма жасау үшін де бөлудің еш реті жоқ. Бұл ретте көптеген саяси қайраткерлер өздерінің сөздері бөлінетін болса, сөздің әсері азайып, тиімділігі төмендейді деп есептейтіні ескерілген.

Зерттеушілер еңбегінде кәсіби ілеспе аударманың тарихы Нюрнберг процесінен басталатыны сияқты, кәсіби ізбе-із аударманың тарихын 1919 жылы өткен Париж бейбітшілік конференциясынан бастау ұстанымы қалыптасқан. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін XIX ғасыр бойы дипломатиялық, үкіметаралық қарым-қатынастардың, ішаралардың тілі француз тілі болған. Ізбе-із аударма жасау бастау

---

<sup>1</sup> *Ширяев А. Ф.* Синхронный перевод: Деятельность синхронного переводчика и методика преподавания синхронного перевода. М. Воениздат, 1979, 183 с.

алған конференцияда қызмет еткен аудармашылар бригадасына тарихшы, Лондон университетінің профессоры Поль Манту басшылық жасайды.

Зерттеушілер ілеспе аударма пайда болған кезде оған ізбе-із аударма жасаушылар қатты қарсы болды деп жазады. Дегенмен өз ерекшелігіне қарай ізбе-із аударманы қажет етушілер әлі де көп екенін атап өтуіміз керек.

Ізбе-із аударманың стандарттарын Ұлттар Лигасының аудармашылары Антуан Веллеман, Жан Эрбер, Робер Конфино, ағайынды Андре және Жорж Каминкерлер мен Жорж Матье (француз тілі), Эванс Ллойд (ағылшын тілі) жасаған. Ол стандартта сөз сөйлеуші шешен қанша уақыт қаласа, сонша уақыт сөйлей алатындығы, ал аудармашының дәл сонша уақыт аударма жасауы керектігі атап көрсетіледі.

Тарихи деректерде аудармашылар арасында ең ұзақ сөйлеген шешенді ізбе-із аудару рекордын Андре Каминкер жасаған делінеді. Ол өткен ғасырдың 20-шы жылдарының соңында француз дипломаты Андрэ Франсуа Понсенің екі жарым сағатқа созылған сөзін тап сонша уақыт ағылшын тіліне аударған. Ағылшын, француз, испан және неміс тілдерінде бірдей сөйлеп, аударма жасаған Антуан Веллеман туралы «Дейли Телеграф» газеті (1932 жылғы 12 қаңтар): «Оның төрт тілдің біреуінен қалған үш тілдің кез келгеніне жасаған аудармасын нағыз ғажайып деуге болады» деп жазғанын аударманы зерттеушілердің бәрі дерлік мысалға келтіреді. Мұндай аудармалар ұзақ уақыт сақталып келген ізбе-із және ілеспе аударманы басқа тілден өз ана тіліне не керісінше ғана жасауға болады деген пікірді жокқа шығарады.<sup>1</sup>

Зерттеушілер аударманы тілдік ерекшеліктерге қарай ана тілден басқа тілге аудару, басқа тілден ана тілге аудару деп, ал аудару тәсіліне қарай жазбаша аударма және ауызша аударма деп бөледі. Ауызша аударманың өзі классикалық түрде ізбе-із және ілеспе аударма деп бөлінсе, итальяндық ғалым Л.Сальмон ізбе-із аударма, ілеспе аударма, сыбырлап аудару (шушуотаж) және келіссөздер барысындағы аударма деп төртке бөледі. Бірақ біздің ойымызша, сыбырлап аудару мен келіссөздер барысындағы аударманы ізбе-із аудармаға жатқызуға болады.

Ізбе-із аударма жасаудың кең қанат жайып, өркендеген тұсы — жиырмасыншы ғасырдағы екі соғыстың арасындағы кезең. Себебі ол кезде көп тарапты дипломатия іс жүзінде екі жұмыс тілін — ағылшын және француз тілдерін пайдаланған. Бес жұмыс тілі бар Біріккен Ұлттар Ұйымы пайда болғанға дейін Ұлттар Лигасында да ағылшын және француз тілдерін пайдалану дәстүрі сақталып келген. Ізбе-із аударма

---

<sup>1</sup> Гофман Е.А. К истории синхронного перевода. Тетради переводчика. — 1963, №1, стр 3.

мен ілеспе аударма бағытын жақтаушылар арасындағы текетірес салдарынан ізбе-із аударманың пайдаланылу аясы тарылып, ол (ілеспе аудармамен қатар) Қауіпсіздік Кеңесінде ғана сақталып қалады.

Ал 1970 жылдардың басында Қауіпсіздік Кеңесінде де ілеспе аударма қолданыла бастады. Бұл ретте аудармаларды пайдаланудың мамандануын айта кету керек: ерекшеліктеріне қарай ізбе-із аударма екі жақты дипломатияға, екі жақты қатынастарға, ал ілеспе аударма көп тарапты дипломатияға, көп тарапты қатынастарға қызмет көрсететін болды.

Ізбе-із аударманың: сөз сөйлеушінің сөзін жазып алып тұрып аударып беретін, бір жақты (бір тілден екінші тілге, мысалы қазақ тілінен орыс тіліне ғана), екі жақты (бір тілден екінші тілге және керісінше) аударма жасайтын, сөйлеген сөзді абзац-абзац бойынша аударатын немесе фразалық аударма жасайтын, сөйлеушінің сөзін оның белгілі бір ойды тұжырымдайтын әр сөйлемі (абзацы) аяқталған соң аударатын, тақырыптық ізбе-із аударма (сөз сөйлеушінің белгілі бір тақырып бойынша жасаған түсініктемесін, сөзін, баяндамасын бір тілден екінші тілге аударма жасайтын) түрлері болады. Кәсіби аудармашының шет елден келген, жергілікті тілді білмейтін адамды күтіп алып, іскерлік кездесулерге, көрмелерге ертіп апаруы, түрлі ісшараларға қатысып, тілмәштық қызмет көрсетуі де ізбе-із немесе ілеспе аударма жасаудың бір түрі деп танылады.

Әдетте, мамандардың өздері болмаса, қарапайым көпшілік ізбе-із аударма мен ілеспе аударманы бір-бірінен ажырата бермейді. Жүзеге асырылуында ұқсастық болғанымен, бұлар — ауызша аударманың орындалуы да, аударушы адамның организміне түсер психологиялық-физиологиялық жүктемесі де әрқалай, адамның бойындағы қабілеттерін жұмылдыруды қажет етуде де бір-бірінен айырмашылығы бар аударма түрлері.

Ізбе-із аудармашы мен ілеспе аудармашыны маман ретінде салыстырып қарайтын болсақ, олардың бойындағы қабілет айырмашылығын байқауға болады және бұл айырмашылықтар мамандық ерекшеліктерімен ұштала түседі. Мысалы, жоғарыда атап өтілгендей, аударма жасау барысында сөз сөйлеуші бір, үш, бес минут сөйлейтін, тіпті одан ұзақ сөйлеуі мүмкін, ал аудармашының оны тоқтатуға құқығы жоқ жайттардың кездесуі ізбе-із аудармашының есте сақтау қабілетінің өте жақсы болуын талап етеді. Ал микрофоннан тыңдауышқа үздіксіз келіп жатқан сөз ағынын қалт жібермеу үшін ілеспе аудармашының реакциясы жылдам болуы шарт, бұл оның бір мезгілде мұқият тыңдай білу, миға түскен ақпаратты өңдеу және сөз сөйлеушінің эмоциясына бейімдеп айту қабілеттерінің басым болуы қажеттігін білдіреді.

Ізбе-із аударманың түрлері	Ілеспе аударманың түрлері
Бір жақты ізбе-із аударма – сөз сөйлеушінің сөзін бір тілден екінші тілге (мысалы қазақ тілінен орыс тіліне) аудару.	Тындай отырып аудару – ілеспе аудармашы шешеннің тындауыш арқылы үздіксіз келіп түскен сөзін тындай отырып, ақпараттың келіп түсуіне қарай топтап аударады. Ілеспе аударманың ең көп тараған түрі.
Екі жақты ізбе-із аударма – сөз сөйлеушінің сөзін бір тілден екінші тілге және керісінше (мысалы қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне) аудару.	Қағазға қарап отырып ілеспе аударма жасау. Ілеспе аудармашы сөйленетін сөздің жазбаша мәтінін алдын ала алып, баяндаманы оқып тұрған шешенмен бірге «көзбен оқи отырып», аударма жасайды.
Фразалық ізбе-із аударма – сөйлеушінің сөзін оның әр сөйлемі аяқталған соң бір тілден екінші тілге аудару.	Баяндамашының өз сөзін қағаздан оқи тұрып, арасына өзгерістер енгізетін, түсініктемелер жасайтын сөзін шешенмен бірге «көзбен оқи отырып», енгізілген өзгерістер мен түсініктемелерге сәйкес аударма жасау.
Абзацтық-фразалық ізбе-із аударма – сөйлеушінің сөзін оның белгілі бір ойды тұжырымдайтын әр сөйлемі (абзацы) аяқталған соң бір тілден екінші тілге аудару.	Алдын-ала аударылып қойылған мәтінді баяндамашыға ілесе отырып оқу. Ілеспе аудармашы шешеннің сөзіне ілесе, сөз сөйлеу барысында бастапқы мәтіннен ауытқулар болса, аудармаға енгізе отырып, мәтінді оқиды.
Тақырыптық ізбе-із аударма – сөйлеушінің сөзін оның белгілі бір тақырыпты баяндайтын мәтіні аяқталған соң бір тілден екінші тілге аудару (ізбе-із аударманың бүгінде сирек кездесетін түрі).	Қағаздан оқылып жасалған баяндаманы есту арқылы ілеспе аударма жасау. Ілеспе аударманың ең күрделі түрі саналады.

**Ілеспе аударма (синхронный перевод)** – халықаралық конференцияда кәсіби қызмет көрсету түрі ретінде белгілі, аудиториядан оқшаулаған кабинада отырып, сөз сөйленетін тілде бір рет қана айтылатын ауызша хабарламаны тындай (кейде қағазға қарай) отырып, сөз сөйлеушімен бір мезгілде жүзеге асырылатын және соның барысында уақыт қысылтаяң болатын экстремалдық жағдайларда

айтылған ақпарат өңделіп, аударма жасалатын тілде берілетін ауызша аударманың түрі.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, біздің елімізде ілеспе аударма 2000 жылдарға дейін зерттеу объектісі ретінде алынған жоқ, ол енді ғана зерттеле бастады. Ал көршілес Ресейде ТМД кеңістігіндегі тілдерге және керісінше ілеспе аударма жасаудан гөрі орыс тілінен шет тілдеріне және керісінше ілеспе аударма жасау ерекшеліктерін зерттеуге басым мән берілген. Соның өзінде де ілеспе аударманы пайдалану жағдайларының ерекшелігі, ілеспе аударма жасаудың аударманың басқа түрлеріне мүлде ұқсамайтын сипаты оны зерттеуде көптеген қиындықтар тудырған. Сол себепті оны зерттеу лингвистиканың басқа салаларына қарағанда кенжелеп дамығаны және ілеспе аударманың теориясы, ілеспе аударманы жүзеге асыру амалдары туралы ғалымдар мен практиктердің көптеген, кейде бір-біріне кереғар болжамдар ұсынғаны атап көрсетіледі.

Бұл аударманың өзіне тән бірқатар сипаты бар, солардың ең **бастысы** – уақыттың тапшылығына сай қозғалыс. Ілеспе аудармашының аударма жасауына берілетін уақыт – шешеннің (баяндамашының) кезекті сөйлемі аяқталғанға дейінгі меже. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, бұл – ізбе-із аударма жасайтын аудармашыға берілетін уақыттан екі есе, ал сол сөзді жазбаша аударуға кететін уақыттан 20-30 есе аз уақыт.

**Екінші ерекшелік** – аударма барысында ілеспе аудармашыдан шешеннің (баяндамашының) сөз сөйлеу қарқынына сәйкес қарқынмен аударма жасау талап етілуі.

**Үшінші ерекшелік** – ілеспе аудармашының аударманы сөйлемдердің айтылуына қарай бөлік-бөлік (сегментті) сипатта жасауы.

Жазбаша материалдарды жазбаша аудару кезінде аудармашы бүкіл мәтінді оқып алады, ал ізбе-із аудармашы тындап алады, ілеспе аудармашыда мұндай мүмкіндік жоқ. Осындай күрделі талаптар ілеспе аударма жасауды меңгеру ісін қиындата түседі. Бұл ретте осы саланы зерттеген ғалымдардың «екі тілді жақсы меңгерген адам аудармашы бола алады деген дәстүрлі формуланы ілеспе аудармашыларға қолдануға келмейді»<sup>1</sup> деген пікірі ілеспе аудармашы мамандығының ерекшелігін нақты сипаттайды.

Ілеспе аударманы басқа аударма түрлерінен ерекшелейтін де оның сөз сөйлеушінің сөзі мен аударма жасалатын тілдегі сөйлемнің бір мезгілде дерлік, сөз сөйленген тілде айтылған әр сөйлем аяқтала бере, соған ілесе орындалуы. Аударманың осылайша орындалуы оның

---

<sup>1</sup> Швейцер А. Возможна ли общая теория перевода? Тетради переводчика. Москва, 1970 г. Выпуск 7.



казакша атауынан көрініс тапқан, біздіңше бұл орыс тіліндегі «переводчик-синхронист» дегенге қарағанда, аударманы дәлірек сипаттайды. Шет мемлекеттерде ауызша аударманың бұл түрі алғаш жүзеге асырыла басталған кезден бастап аудармашылар «конференция аудармашылары» («переводчик конференций») деп аталады.

Ал ресейлік ғалымдар «ілеспе аударма» терминін түсіндіру үшін тұтастай аударма қызметі түрлерінің сыныптамаcына жүгінген. Әдетте, аударма түрлері: 1) аударма тіліндегі хабардың нысанына қарай (ауызша немесе жазбаша) және 2) сөйлеу тіліндегі хабардың нысанына қарай (ауызша айтылған сөз немесе жазбаша материалдар) бөлінуі негізінде жіктеледі. Бірінші өлшем бойынша аударманың барлық түрлерін екі топқа: ауызша аударма түрлері және жазбаша аударма түрлері деп бөлуге болады. Ал екінші өлшемді қолдансақ, аударманың төрт негізгі түрі шығады, олар: ауызша айтылған сөзді ауызша аудару, жазбаша материалдарды ауызша аудару (алдын ала дайындалған немесе дайындалмаған мәтінді қағазға қарап отырып аудару), ауызша сөйленген сөзді жазбаша аудару (магнитті таспаға жазылған сөздерді, жазбаларды аудару, «диктовка» жасап аудару) және жазбаша материалдарды жазбаша аудару.<sup>1</sup>

Ғалымдардың осы сыныптамада ілеспе аударма қай топқа жатқызылуы керектігі туралы пікірлері әртүрлі. Өйткені ілеспе аудармашы аударма жасау барысында ілеспе аударманың үш нұскасын пайдаланады, бұл нұсқалар аударма жасаудың әртүрлі түрлеріне жатады. Оның ішінде ілеспе аударма жасаудың неғұрлым кең тараған түрі – тыңдай отырып аудару: ілеспе аудармашы баяндамашының (шешеннің) үздіксіз келіп түскен сөзін тыңдауыш арқылы тыңдай отырып, қабылдап, іштей өңдеп, сол бойынша аударма жасайды. **Бұл – ілеспе аударманың ең көп тараған және егер шешеннің сөз сөйлеу қарқыны қалыпты, сөйлемдері сауатты құрылған болса, ілеспе аудармашылар қызыға, ынталана аударма жасайтын түрі.**

Ал ілеспе аудармашылардың аса қиналатын тұсы – қағаздан оқылып жасалған баяндаманы ешқандай жазба нұсқаларына сүйенбей, тек есту арқылы ілеспе аударма жасау, **бұл ілеспе аударманың ең күрделі түрі** болып есептеледі.

Ілеспе аударманың үшінші түрі – алдын ала дайындалған мәтінді қағазға қарап отырып аудару: аудармашы шешеннің сөйлейтін сөзінің жазбаша мәтінін ол сөйлерден ертерек немесе ол сөйлердің алдында алады да баяндаманы оқып тұрған шешенмен бірге «көзбен оқи отырып», аударма жасайды. Егер шешен мәтіннен ауытқыған жағдайда, аудармашы да тиісінше өзгерістер енгізе отырып аударма жасайды.

---

<sup>1</sup> Бархударов Л.С. Вопросы общей и частной теории перевода. М., 1975.



Ілеспе аудармашы аударма процесінде жазбаша мәтінге де, шешеннің ауызша сөзіне де сүйенетін болғандықтан, қағазға қарап отырып жасалған ілеспе аударманы жазбаша материалдың дәлме-дәл ауызша аудармасы ретінде қабылдауға болмайды. **Ілеспе аударманың бұл түрі — бір тілде ауызша айтылған сөзді екінші тілге ауызша аударма жасау мен жазбаша материалдарды ауызша аударудың арасындағы түр.**

Ілеспе аударманың **төртінші түрі** алдын-ала аударылып қойылған мәтінді сөз сөйлеушіге (баяндамашыға) ілесе отырып оқу: шешен сөйлеген кезде ілеспе аудармашы оның сөзін тыңдай отырып, егер шешен жазылған мәтіннен ауытқыған жағдайда, тиісті өзгерістер енгізе отырып, оқып шығады. Алдын ала аударылған **мәтінді ілесе оқу процесінде жазбаша материалдарды жазбаша аудару элементі де, ауызша айтылған сөзді ауызша аудару элементі де бар.**

Ілеспе аударма жасау ешқашан бір текті болмайды, көбіне жоғарыда көрсетілген түрлері араласып, баяндамашы ауызекі сөзден бастап, одан кейін қағазға жазылған баяндамасын оқып, арасында пауза жасап, сол баяндамаға түсініктемелер бере отырып сөйленетін сөздер өте жиі кездеседі. Сондықтан ілеспе аудармашыларды даярлаған кезде мен өз тәжірибеме сүйеніп, осындай жағдайлардың барлығы ескеріліп жасалған «Ілеспе аударма жасауды үйрету сатыларын» қолдана отырып, кейбір теорияға сыймайтын сәттерге ерекше мән беремін.

Қалыптасқан ұғым бойынша аударма теориясы түпнұсқа тіл мен аударма тілдегі мәтіндердің арасындағы кез келген қатынастарды емес, аударма саласына тән, жүйелі түрде қайталанып отыратын, заңды қатынастарды қарастыруға тиіс. Алайда жазбаша аудармада түпнұсқалық мәтін мен аударма мәтінді салыстыра талдаған кезде жүйелі сипаты жоқ, тек сол мәтін үшін белгіленетін қатынастар кездесетіні сияқты, ауызша аударма барысында да белгілі ережелер қалыбына сыймайтын жайлар кездеседі.

Әрине, мұндай тұрақты сипаты жоқ, жинақтауға келмейтін бірді-екілі мысалдарды лингвистикалық теория ескере бермейді. Бірақ тәжірибе көрсетіп отырғандай, ілеспе аудармашылар практикасында тап осындай ескерілмеген жағдайлар көп қиындық тудырады. Қысылтаян, аударма теориясында ескерілмеген қиын кездерде одан **шығар жол таба білу — ілеспе аудармашының зияткерлік әлеуетін танытатын сын.**

Ілеспе аударманы жете білмейтін адамдарға аударманың бұл түрі тіл өнері мен техниканың ғажайып қоспасы сияқты көрініп келгені рас. Техника жетістіктерінің арқасында шешеннің сөзі аудармашының құлағына тікелей жетіп, ал өз кезегінде ол шешеннің сөзін әрі қарай тыңдай отырып, әлгінде ғана естіген сөйлемді екінші тілге аударып айтады. Егер ізбе-із аудармада аударманың бірінші операциясы

(сөйлеушінің сөзін қабылдау) екінші операцияның (сөзді аударуды жүзеге асыру) алдында жүретін болса, ілеспе аудармада бұл екі операция бір мезгілде, қоса қабаттаса жүреді.

Ілеспе аудармашылар жұп-жұп болып жұмыс істейді. Мұның бірнеше талабы бар, олар: кемінде әрбір 20 минут сайын бір-бірін алмастырып тұру қажеттігі, аудармашылар деңгейінің шамалас болуы, олардың психологиялық тұрғыдан бір-біріне сәйкес келуі. (Бұл мәселелерге кітаптың «Ілеспе аударма жасаудың практикалық негіздері» атты II бөлімінде кеңірек тоқталамыз.)

Бүгінде халықаралық кездесулер жер шарының көптеген нүктелерінде күн сайын дерлік өткізіліп, оларда өңірлік мәселелерден бастап, жаһандық маңызы бар мәселелерге дейін талқыланады. Түрлі даулы мәселелерді шешу, ел мен ел арасындағы қатынастарды реттеу, ғалам дамуының, жер шарының түрлі проблемалары, тіпті саудасаттық мәмілелерін жасау үшін де осындай жиындар шақырылады. Бұлардың барлығы да ілеспе аудармашыларсыз өтпейтіні белгілі.

Сол шаралардың биік деңгейде өтіп, тараптар арасында тиімді нәтижелерге қол жеткізілуінде ілеспе аудармашылар еңбегінің де үлесі бар. Ең бастысы – мұндай ісшараларды өткізушілер аударма жасауға толып жатқан тілек білдірушілердің арасынан қаралатын мәселені терең білуімен қатар басқа да салалардан хабардар, сауатты сөйлейтін және осындай жиындарда аударма жасау машығы қалыптасқан маман аудармашыны тарта білулері керек.

Әйтпесе ұйымдастырушылар ұсынған қомақты қаламақыға қызыққан кейбір аудармашылар аудармасының бір жартысын «м-м-м», «ы-ы-ы» деп ыңқылдап, екінші жартысын бос сөздермен толтырып, тыңдаушылардың ығырын шығарып, мезі етіп қана қоймай, сапасыз аударманың кесірінен қатысушылар талқыланған мәселені дұрыс түсінбей, ұйымдастырушылардың түпкі максаттарына жетуіне кеселін тигізер жайлар да кездесіп қалады. Содан болар, конференция аудармашыларыларының алдыңғы буын өкілдері өз еңбектерінде Женева аудармашылар мектебінің негізін қалаушылар өз студенттеріне: «Халықаралық конференцияларда аудармашыға оның қалай аударғаны үшін ғана емес, қалай сөйлегені үшін де ақша төленеді» деп жазады.

Осы ретте халықаралық жиындарда аудармашының құзыреттілігіне айрықша мән берілетіні туралы айта кеткен жөн. Құзыреттілік терминін аудармашыға қатысты айтқанда оның өз міндетін атқаруда білімі мен кәсіби саладағы әдіс-дағдыларының жиынтығы болуы деген мағынада түсінуіміз керек. Яғни оның бойында ілеспе аударма жасалатын екі тілді де жетік білуі, жазбаша да, ауызша да аударма жасай алуы, шешендік қабілеті және әдеби дарыны ұштасып жатуы тиіс.

Бұлардың әрқайсысының өзі бір адамның басына аз қасиет емес, ендеше ілеспе аудармашыға қойылар талап деңгейінің қаншалықты биік екенін осы талаптардан-ақ түсінуге болады.

Ілеспе аудармашының тілдерді білуі туралы айтқан кезде, әдетте, аудармашының сөз сөйленетін тілді білуі деп үстірт ойлау қалыптасқан. «Өз тілімізді білеміз ғой, бірдене дерміз» деп кеңге салушылық біздің ортада да бар. Ал жиналыс басталып, сөз сөйлеушілер кезектесе баяндама жасап жатқан кезде, «білген тілді» «ұмытып қалатын» жайлар болған. Тырнақшаға алып отырған себебіміз, ілеспе аудармашының тілді шынымен ұмытып қалғанын емес, ол жасаған аудармада тілімізге тән лексикалық, грамматикалық, тіпті фонетикалық ерекшеліктердің сақталмауын білдіреді.

Қарапайым ғана мысал: Заң тілінде «утвержденный уполномоченным органом» деген тіркес жиі кездеседі. Тіліміздің грамматикалық ережелерін білмейтін аудармашы соны «уәкілетті органмен бекітілген» деп аударса (дұрысы «уәкілетті орган бекіткен»), лексикалық ережелерге мән бермейтін аудармашы «продукт, не соответствующий государственным стандартам Республики Казахстан» деген сөйлемді «мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының өнімі» деп тәржімалайды (дұрысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес келмейтін өнім» болады).

Қазақ тілді шешендерде, әсіресе негізгі білімді орыс мектебінде алған адамдарда қазақ әліпбиіндегі «ң» дыбысын «н» деп айту жиі кездеседі. Және бір таңқаларлық жай: онысын өзіне мін санамайтындар көп! Таяу арада Парламентте өткен бір үлкен жиында ерінбей-жалықпай «ң»-ды «н» деп айтатындарды санап отырдым. Қазақша сөйлеген он бір адамның бесеуі мұрны бітеліп тұрып сөйлегендей әсер қалдырды.

Бұлар — біздің өз тілімізде айтарлықтай сөйлеу құзыреттілігіміз бола тұра, тілдік құзыреттілігіміздің жеткіліксіз екенін аңғартатын мысалдар. Ілеспе аудармашының да лексиканы, грамматиканы, фонетиканы білуі оның тілдік құзыреттілігін, ал белгілі бір тілде өз ойын еркін жеткізе алуы сөйлеу құзыреттілігін айқындайды.

Жаңадан басталған қандай істің де қиындықпен дамитыны, оны атқару барысында талай кемшіліктер кететіні белгілі. Бұл — елімізде ілеспе аударма саласының пайда болуын көріп, оның дамуының басы-қасында жүрген біздер үшін де таныс жайлар. Талай рет қиналдық, қысылдық, қателестік. Өз кемшілігімізді өзіміз түзеп, өз қатемізден үйрене жүріп, «ілеспе аударма саласының маманы бар ма?» деген сұраққа «бар» деп ауыз толтыра айта алатындай дәрежеге жеттік.

Алғашқы жылдары қазақ тілінен орыс тіліне аудару үшін ілеспе аудармашының негізгі тілі — орыс тілі, ал қазақ тіліне аудару үшін

негізгі тілі қазақ тілі болуы керек деген ой болған. Уақыт өте бұл ұстанымның дұрыс емес екендігіне көз жеткіздік. Бір мысал келтіре кетейін.

Тәуелсіздігімізді алып, еліміздің өз аяғын әлі нық баспаған шағында, экономиканың бар саласы тұралап, теріс салдарлар бой көрсете бастаған алғашқы жылдары, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, оны күйзелген күйінен алып шығу мәселесіне арналған үлкен жиында аударма жасадық. Сонда ауылдағы халықтың қолдарындағы малын жаппай сойып, сатып жатқанын, бұлай жалғаса берсе мал басы мүлде құрып кететінін, оны қалпына келтірудің ұзақ уақытты талап ететінін айтқан бір баяндамашы **«Құлын құнан болғанша не заман?»** деп ышқына сөйледі.

Аударма пультінде сол сәтте отырған ілеспе аудармашы мектепті орысша бітірген қала тұрғыны болатын. Баяндамашының айтар ойын түсінбегендіктен әрі ауыл тұрмысын, мал атауларын дұрыс білмегендіктен ол: **«А когда же жеребенок станет жеребенком?»** — деп айтып жіберді. Қосалқы тыңдауышты киіп отырған маған сөздің мағынасы түсінікті болғанымен, тап сол жерде түзету мүмкін емес еді. Өйткені баяндамашының бұдан кейінгі сөзін аударуымыз қажет, ал ол болса құзырлы органдар басшыларының назарын аудару мақсатында ауыл өмірінің басқа да толып жатқан проблемаларын тізбелеп айтып жатқан.

Үзілісте әріптесіме «құлын» мен «құнанның» айырмашылығын түсіндіріп, біздің тілімізде жылқы малының «құлын, жабағы, тай, құнан, дөнен, бесті...». деген атаулары бар екендігі туралы шағын «дәріс» оқып, сондағы «тай, құнан, дөнен» деген атауларды жеңілдетіп, көпке түсінікті «лошадь», «конь» деген атауларға «двухлетний, трехлетний...». деп қосып аудару беруге болатынын, сондай-ақ қой малына қатысты «козы, марка, тұсақ...». деп жатса да осы амалды қолдануға болатынын айттым.

Бірақ халқымыздың «Бір айналдырса шыр айналдырады» деген сөзі тегін айтылмаған ғой. Тап сол әріптесімнің кезегінде тағы бір мал шаруашылығы маманы сөз алып, мал басын көбейтудің ғылыми әдістерін пайдалану проблемаларына тоқталды. Әп-әдемі аударып отырған ілеспе аудармашы малды қолдан ұрықтандыру мәселесін көтерген маманның **«Кейде ұрғашы мал сол жылы қашпай қалуы да мүмкін»** деген сөздерін **«Иногда самки могут и не убежать»** деп қойып қалды.

Кәсіби ілеспе аудармашы болу үшін экономиканың бар саласының терминологиясын білу керектігін сезініп жүрсем те, нақты, іс жүзінде сол жиналыста түсінген шығармын.

## ІЛЕСПЕ АУДАРМАШЫ. ОЛ КІМ?

Ілеспе аудармашы мамандығынан бейхабар сырт байқаушыға ілеспе аудармашы бір мезгілде бірнеше жұмысты атқаруға тырысып, жанталасқан адамды елестетері анық. Бұлай ойлауға негіз де бар. Ілеспе аудармашының жұмысы шұғыл атқарылуға тиіс болғандықтан, оның бойында футбол ойынындағы қақпашының немесе теннисшінің қасиетіндей ұшқыр реакция керек. Бұл ойыншылар доптың қай бұрышқа қарай ұшатынын бір жағынан ішкі интуициясымен, екінші жағынан қарсыласының әр қимыл-қозғалысын жіті бақылауы нәтижесінде сезе отырып, соған сәйкес қимыл жасайды.

Ал ілеспе аудармашыға да сондай жылдамдық керек, оны мынадай схемада көрсетуге болады: айтылған сөзді қағып алып – баламасын тез табу – тыңдарманға жеткізу. Бұл аудармашының жіті тыңдай отырып, тез ойша аудару және сонымен бір мезгілде сөйлей білу қасиеті болуы керектігін көрсетеді. Оның бұл жұмысы өзі аударып отырған жиналыста қаралатын мәселелерге қатысты ақпаратқа қанық болуы, салалық терминдерді, тақырыпқа қатысты сөз орамдарын білуі сияқты талаптармен күрделілене түседі. Бұған қоса мынадай психологиялық жайдың – аудармашының өзін микрофон алдында еркін ұстай алуының, яғни залдағы есімдері дүйім елге таныс шешендердің мысы басып кетпейтіндей ішкі тіні берік, дайындығы мол болуының да мәні зор.

Ілеспе аудармашының жұмысы бұл мамандықтың қыр-сырын терең білмейтін адамға оңай да көрінуі мүмкін. Осындай үстірт ұғымның негізінде ілеспе аудармашылардың ірі халықаралық жиындарға қатысу, ел аузына қараған адамдармен араласа алу мүмкіндігіне қызыға қараушылар көп. Ол-ол ма, шет тіліне ілеспе аудармашылардың жағдайы тіпті жақсы: олардың басқа мемлекеттерге барып, ел аралап, жер көріп, қыдырып қайтқаны үшін қомақты ақша төленеді деп ойлайтындар да бар.

Нағыз шебер ілеспе аудармашылардың алдынан мұндай мүмкіндіктер ашылатыны рас. Бірақ **нағыз шебер ілеспе аудармашы** болу үшін кәсіби тұрғыдан жетілу жолында толып жатқан қиындықтарды еңсеруге тура келеді. Негізінде бұл – бүгін ашылып отырған жаңалық емес. Қай өнерде болмасын хас шебер, жарық жұлдыз болу үшін ең алдымен талант, содан соң ізденіс пен талмай еңбектену қажет екені белгілі.

Мамандықтың көпшілікке белгісіз сырын ашар болсақ, ілеспе аударма жасау – адам жүйкесіне орасан зор салмақ түсіретін аса ауыр жұмыс. Украинада ілеспе аударманың адам организмiне әсерiн зерттеу үшін жүргізілген экспериментте болашақ ілеспе аудармашыға бірнеше ай бойы бес минуттық радио жаңалықтарды украин тілінен орыс

тіліне аудару ісі тапсырылған. Оны экспериментке дейін дәрігерлік бақылаудан өткізіп, барлық көрсеткіштерді жазып қояды. Медициналық құралдардың эксперимент аяқталғаннан кейінгі көрсеткіштерінде біраз ауытқушылықтар байқалған: тексеру объектісінің жүрек қағысы жиілеген (тахикардия), қан қысымы көтерілетін болған (гипертония), жүйкесі әлсіреп (невроз), тез шаршайтын болған.

Ал біздегі ілеспе аудармашылар бес минут емес сағаттап жұмыс істейтінін және бұл әлденеше жылдарға созылатын жұмыс екендігін ескерсек, олардың организміне түсер салмақтың қаншалықты салдары болатынын болжау қиын емес. Бұл жай – ілеспе аудармашы мамандығының қызығы мен қиындығы бір-біріне сай келетінін дәлелдейтін фактілердің бірі.

Солай бола тұрғанымен, кезінде кеңестер одағында және кеңестік кеңістіктен кейінгі аумақтарда ілеспе аударма жасап жүрген, өз кәсіби біліктіліктерімен ірі халықаралық жиналыстардағы аудармашылар рөлін мойындатқан танымал ілеспе аудармашы-мамандар баршылық. Өйткені тілдері бөлек мемлекеттер басшыларының бір-бірлерін қаншалықты жақсы түсінуі – аудармашыға байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейді. Қате жасалған аударма немесе дәлсіздіктер екі ел арасындағы қарым-қатынасты қиындатып, тіпті шиеленістіріп жіберуі де мүмкін. Сондықтан белгілі ілеспе аудармашы В.Зайцев мемлекет басшыларымен жұмыс істеу үшін ілеспе аудармашының жоғары деңгейді талап ететін қызметтерді атқаруда кем дегенде 5-7 жыл тәжірибесі болуы керек деп есептейді.

**• Валерий Зайцев – жоғары деңгейде өтетін кездесулерде көп ілеспе аударма жасаған ресейлік танымал ілеспе аудармашылардың бірі. Ол кеңес заманында, қызметінің әр кезеңдерінде белгілі қайраткерлер Б.Ельциннің, В. Путиннің, М.Касьяновтың, В.Черномырдиннің, Е.Примаковтың және Э.Шеварднадзеден бастап Ресей сыртқы істер министрі болған адамдардың сөздерін аударған.**

Сайыс барысында спортшының алдынан не күтіп тұрғаны белгісіз, аса тынғылықты, мұқият дайындығы болмаған кезде адам өміріне қауіп төндіретін спорт түрлері «экстремалды спорт түрлері» деп аталады. Өмірімізді түрлендіріп, қоғамымызды дамытуға ықпал ететін мың сан мамандықтың ішінде де осындай: адамның өміріне қатер төндіретін, атқару барысында жүйке жүйесіне түсірілетін орасан зор жүктелімнің әсерінен денсаулыққа зардабы тиетін мамандықтар бар, оларды сипаттауда да ғалымдар «экстремалды» деген терминді жиі қолданып жүр. Олардың қатарында **каскадерлер, жыртқыш аңдарды үйретушілер, ұшақтарды сынаушы-ұшқыштармен бірге ілеспе аудармашылар** да бар.

Ілеспе аудармашылардың бұл қатарға қосылуы олардың өздері үшін де, аталған мамандық иелерімен қатарласа жүріп, қызмет істеген

адамдар үшін де, сондай-ақ жұмыс барысында ілеспе аудармашыларға түсетін психологиялық әрі физиологиялық салмақтың қандай екендігін білетін мамандар үшін де таң қалатын жай емес.

Ал бұл мамандықтың сырын біле бермейтін көпшілікке мынадай қарапайым мысалмен түсініктеме бере кеткен жөн болар. Көз алдыңызға елімізге танымал күйшінің сахнаға шығуын, бірақ оның микрофонға тақап қойылған орындыққа отырып емес, домалаған доптың үстінде цирк артисіндей жүріп тұрып, күй тартуын елестетіп көріңізші. Сондай-ақ ол жұрт көңілін алдарқататын жеңіл-желпі әуен орындаушы емес, нағыз дәулескер күйші ретінде өнер көрсетуі керек. Міне, ілеспе аудармашы мамандығының қиындығын да осылайша сипаттауға болады.

Ілеспе аударма дегеннің екі немесе бірнеше құбылысты немесе процесті олар өтіп жатқан кезде бір-біріне дәл сәйкестікте орындау деген ұғымды білдіретінін кітаптың басында айтып кеткенбіз. Сол ұғымға сәйкес, ілеспе аудармашы сөз сөйлейтін адамға ілесе отырып, оның сөзін тындап, өңдеп, аударып, басқа тілді тыңдарманға жеткізуі керек. Бұл жерде ең бастысы – тыңдармандар аудармашының сөзін баяндамашының өзі айтып тұрғандай қабылдауы шарт. Яғни ілеспе аудармашы сөз сөйлеушінің қалыбына кіруі керек.

Жақсы ілеспе аудармашы шешенмен бір дауыс ырғағымен сөйлеп, бір ойдан келесі ойға көшкендегі паузаларды да сәйкес келтіріп аударарды. Сондай-ақ дауыс екпіні де сөз сөйлеушімен бірдей құбылып тұрғаны: ашумен сөйленген сөзді қатқыл дауыспен, көтеріңкі көңіл күймен сөйленген сөзді жылы, көңілді үнмен аударған дұрыс. Бұл талап ілеспе аудармашының бойында әртістік қасиеті болғаны жөн екенін көрсетеді. Ілеспе аударма жасау тәжірибемізде кабинада отырған ілеспе аудармашының мінбердегі шешеннің қимыл-қозғалыстарын қайталап, саусағын шошайтып, алақанын жайып, иығын қомдап отырғанына талай куә болдық. Бәлкім, сырт көзге бұл қызық көрінетін шығар, ал мен үшін олар – ілеспе аударманың «ішіне» кіріп, беріле аударып отырған маман ретінде нағыз құрметке лайық жандар.

«Ілеспе аудармашының жұмысын біз білетін қай мамандық өкілінің жұмысына ұқсатасыз?» – деп сұрады бірде журналист. Таза қазақы ортадан алатын болсақ, кейбір ұқсастықтарына қарап, мен ілеспе аудармашы мен айтыскер ақынның арасында ұқсастықтар бар дер едім. Айтыс өнерін зерттеушілер бұл пікіріммен келісер не келіспес, бірақ менің ойымша ілеспе аудармашы мен айтыскер ақын қызметінде мынадай ұқсастықтар бар:

- Екеуі де келесі бір сәтте әңгіменің қай бағытта өрбитінінен хабарсыз болады;
- Бірақ екеуі де үнсіз қала алмайды;



• Бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, білім-дарынын, эрудициясын, тапқырлығын, мол сөздік қорын, тілінің көркемдігін, сөз ойнату қабілетін, дауысының әуезділігін жұмсап, біреуі мінберден айтылған ойды мағынасын бұзбай аударып, басқа тілді аудиторияға жеткізсе, екіншісі әріптесінің сауалына, көрермен талабына сай келетін көркем шумақтар шығарып, өлеңнен өрнек құрайды.

Бұл орайда ақынның да, ілеспе аудармашының да жүйке жүйесіне түсер психологиялық жүктеме және жүрек-қан айналу жүйесіне түсер салмақ орасан зор. Оны шын өнерлі, шын жүйрік, шын мықтылар ғана көтере алады.

Тақырыптың кенеттен туындауы, бейтаныс ортада беймәлім жайлар айтылуы, жиналыс форматында күтпеген өзгерістердің орын алуы ілеспе аудармашыдан қызметін жүзеге асыру үшін міндетті екі тілді білуден басқа да қасиеттерді: асқан жинақылықты, тез арада жұмыс бағытын қайта құра алуды, бір сәтте шешім қабылдауды талап етеді. Міне, сондықтан да ілеспе аудармашының бойында өзін басқалардан кәсіби тұрғыда ерекшелендіретін бірнеше қасиет болуы керек. Оларды шартты түрде:

1) адам бойындағы ілеспе аудармашы болуға бейімі туа біткен психологиялық және физиологиялық ерекшеліктер;

2) әркімнің ізденіп, еңбектенуі арқасында игерген қабілеттер деп екіге бөлуге болады.

Төмендегі кестеде ілеспе аудармашының бойында болуы керек осы қабілеттер мен қасиеттердің тізбесі беріліп отыр.

*№ 2 кесте*

Ілеспе аударма жасауға қажетті психологиялық және физиологиялық ерекшеліктер	Ілеспе аудармашы болу үшін адамның өзі үйрену, іздену жолында бойына сіңіретін қасиеттер
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бойын жию, зейінін, бар назарын бір нәрсеге ғана аудару қабілеті;</li> <li>• Айналасындағы аландататын жайлардан өзіндік оқшаулана алуы;</li> <li>• Өзі атқармақшы бірнеше міндетке назарын бір мезгілде бөле алу қабілеті;</li> <li>• Реакциясының жылдамдығы;</li> <li>• Тез сөйлеуі;</li> <li>• Есту қабілетінің жақсы болуы;</li> <li>• Тілі мүкіс болмауы;</li> <li>• Психологиялық және физиологиялық тұрғыдан төзімділігі және т.б.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ой-өрісінің кең болуы, білімдарлығы;</li> <li>• Екі тілде таза сөйлеуі, сөздік қорының мол болуы;</li> <li>• Дикциясының жақсы болуы;</li> <li>• Аударатын тілдің кез келген құрылымдағы сөйлемдерін жеңіл қабылдауы және жақсы түсінуі;</li> <li>• Аударатын тілдің ауызекі сөйлеу ерекшеліктерін, ресми тілінің сөз орамдарын және фразеологиялық тіркестерін білуі;</li> <li>• Тапқырлығы, қысылтаян тұстарда жол таба білуі;</li> <li>• Командада жұмыс істей алуы және т.б.</li> </ul>



Бұл жерде, әрине, ең алдымен адам бойындағы ілеспе аудармашы болуға бейімді туа біткен бірқатар психологиялық және физиологиялық ерекшеліктердің орны бөлек. Оларға әркімнің ізденіп, еңбектенуі арқасында игерген қабілеттерді қосуымыз керек. (Осы жерде акындардың туа біткен талантын оқумен, ізденумен байытуы ойға оралады). Ілеспе аудармашы да өз бойындағы табиғи қабілеттері мен психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін толықтырып, дамытып отырмаса, одан ілеспе аударманың орташа деңгейлі маманы шығуы мүмкін, бірақ көпке өнеге көрсетер үздік аудармашы бола алмасы анық.

Әрине, жоғарыда аталған қасиеттердің барлығын бірдей бойына жинақтаған адамдар өте сирек кездесетіні түсінікті. Бірақ адам қабілетінің ғажайып мүмкіндіктерін бойына жинаған адамдар өмірде болатынын кітаптан оқып өскен ұрпақтың өкілі ретінде, біздің салада да сондай қабілетті адамдарды кездестіргенде қатты қуанғанымды айтқым келеді. Кенес Одағы дәуірінде ілеспе аударма жасаған (біразының есімдері осы кітапта аталады) бірқатар ілеспе аудармашылардың шеберлігі халықаралық деңгейде де танылған. Бір қуанарлығы – өз елімізде де тәп-тәуір ілеспе аудармашылар өсіп-жетіліп келеді.

Жақсы ілеспе аудармашы болуға апаратын бір жол – адам бойындағы билингвистік қасиетті дамытып, қолдана білу. Батыстағы аударма мектептерінде бұны кәсіби ілеспе аудармашыға тән негізгі қасиеттердің бірі деп атап көрсетеді. Билингвизмді қос тілділік деп түсіндірсек, билингвистікті дамыта қолдану дегеніміз бір тілден екінші тілге оп-онай ауысып, сөйлеуді білдіреді.

Біздің елімізде билингвизмнің *табиғи* түрі, яғни адамдардың екі тілде: үйде қазақ тілінде, ал аулада, көшеде, мектепте орыс тілінде сөйлейтін ортада туып-өсу жағдайы кең тараған. Қазіргі кезде ана тіліміздің кең қанат жаюына кедергі болып отырған осы жайдай – яғни орыс тілінің, әсіресе қалалық жерлерде жаппай қатынас тіліне айналуынан, тіпті қазақ мектептерінде де осы әдетке үйірліктен қазақ тілі зиян шегіп отырғаны рас. Мұндай әдеттен арылмаған адамның бірте-бірте ана тілінде сөйлеуі нашарлай беретіні, тіпті ана тілінде ойлау қабілетінде кідіріс пайда болатыны туралы аз айтылып жүрген жоқ. Осы сияқты зиянды әдеттен арылу керек деген пікірді өз басым қолдаймын.

Алайда «өмірде бір жақсының бір жаманы болады, бір жаманның бір жақсысы болады» деген сөздердің бекер айтылмағанына осы ілеспе аударма саласын зерттей жүріп көз жеткізген жайым бар. Атап айтқанда, екі тілге де ілеспе аударма жасауды негізінен осындай билингвистік ортада өскен: үйде, мектепте қазақ тілінде, ал көшеде орыс тілінде еркін сөйлейтін адамдар тезірек меңгереді екен.

Ілеспе аудармашылық екі тілдің де стилін меңгеруді, екі тілде де сөздік қордың бай болуын талап ететін өнер болғанымен, өз тәжірибем және кейбір әріптестерімнің тәжірибесі аударма жасау бағытына қарай талап деңгейінің сәл-пәл өзгешеленетін тұстары бар екенін көрсетті. Мысалы, орыс тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма жасау үшін маманның қазақ тіліндегі біліктілігі басым, сөздік қоры байырақ болуы керек те, қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасау үшін керісінше орыс тіліндегі сөздік қорының мол болғаны дұрыс. Сонымен бірге, мұндай аудармашының қазақы ортада тәрбиеленіп, базалық білімді орыс тілінде алғаны да осы бағыттағы ілеспе аудармашылық өнерді игеруге көп көмектеседі.

Екінші тілді ана тілімен қатар емес, өз бетінше оқып-үйренуді *жасанды* билингвизм дейді. Тіл үйренудің жағдайлары жасалғанмен, адам екінші тілді жеткілікті дәрежеде игермесе, ол толық мәнінде билингвист те бола алмайды.

Солай бола тұрғанмен де көп жағдайда билингвист болу — ол адамның міндетті түрде аудармашы болуын білдірмейді. Екі тілде де еркін сөйлейтін адамдардың белгілі бір мөтінді аударма алмайтын, ал екінші тілді одан әлдеқайда нашар білетін адамның топ-тәуір аудармашы болып қызмет істейтін жағдайлар көптеп кездеседі. Бұл ретте екінші адамның өз бойындағы билингвистік қасиетті дамытып, қолдана білуі, ал бірінші адамның ондай дағдыны қалыптастыра алмағаны байқалады.

Ілеспе аудармаға баратын адам ең алдымен жазбаша жақсы аударма алуы керек. Өйтпеген жағдайда оның ілеспе аударма жасауы еш мүмкін емес. Тағы бір қасиеті — ілеспе аудармашының үшқыр реакциясының болуы. Өйткені ілеспе аудармашы бір мезетте бірнеше функцияны қатарынан атқарады. Ол сөйлеп тұрған адамның бір сөйлемінен кейін аудармасын айтып отыруы керек. Яғни бірінші сөйлемді тыңдап аударып айтып отырып, сөйлеушінің екінші сөйлемін естіп, соны аударып, ол үшінші сөйлемге көшкенде сен екінші сөйлемді айтып үшінші сөйлемін тыңдап отыруың керек. Бұлардың арасында ана мінбердегі сөйлеушінің сөз мәнері мен көңіл-күйін бақылап, даусынды да соған сәйкестендіріп аударма жасауың қажет.

Ілеспе аудармашы биігіне жету үшін міндетті түрде бағындыруға тиіс белестің бірі — **ізбе-із** аударманы жетік меңгеру.

Қазір бізде жиі пайдаланылып жүрген ізбе-із аударма түрлі тұсауқесерлер, таныстырылымдар болған кезде, сосын шетелдік қонақтар келгенде қолданылады. Онда сөйлеуші бір-екі сөйлем айтады да тоқтайды, оны аудармашы аударды, ары қарай тағы сөйлеуші сөйлейді... осылайша жалғаса береді. Екі мемлекеттің басшылары кездескен кезде жасалатын, басқа да протоколдық кездесулерде жасалатын аудармалар да ізбе-із аударуға жатады.

Кәсіби ілеспе аудармашыға аса керек қасиет ретінде аудармашының өте білімдар болуы керектігін айтар едім. Себебі өткізілетін жиналыс тақырыбына қарай одан бірде медицинаның, бірде сауда саласының, енді бірде білім берудің, келесі жолы қаржының, одан кейін кеденнің, сосын салықтың, экологияның, спорттың, ауыл шаруашылығының — барлығының-барлығының терминологиясын білу талап етіледі. Бұған мінберде сөз сөйлеп тұрған адамның аузынан алуан ақпарат, түрлі қызық та маңызды мағлұмат, ойлы да терең пәлсапалық байламдар немесе көркем цитаталар шығатынын, оларды да жоғары деңгейде аударма жасау керектігін қосыңыз.

Айталық, біреу Елбасының сөзін келтіреді, жолдаудан үзінді оқиды, енді біреулері Абайға, Пушкинге сілтеме жасайды, одан кейін сөйлегендер Конфуцийді, Маргарет Тэтчэрді, Джавахарлал Неруді тілге тиек етеді... Білімдарлықтың пайдасы осындайда тиеді. Әрине, бұндай кезде олардың сөзін дәлме-дәл аудару еш мүмкін емес. Есесіне, аудармашы аталған адамдардың кім болғанын, қандай кәсіппен айналысқанын, қай салада салмағы болғанын, қоғамдағы орнын, жазған еңбектерін білсе, өзінің аударма жасауына көп көмегі тиері анық. Ал тақырыптан хабары жоқ ілеспе аудармашының аудармасы да қарадүрсін болып, тындарманға қажетті ақпаратты жеткізе алмауы әбден мүмкін.

Өз тәжірибемде бейтаныс атауларға, адамдардың тектеріне (фамилия) сақтықпен қарау қажеттігіне көз жеткіздім. Мысалы, «Котович», «Полищук», «Пономаренко» деген тектер бар. Есімі қосылмай тап осылай айтылғанда оның ер адам екені не әйел екені аудармашыға белгісіз. Әдетте, мұндайда орыс тіліндегі етістікке қарап ажыратуға болады. Ал қазақша мәтіннен бірден ажырата қою қиын. Бізде сондай бір жағдай болған: Дүниежүзі қазақтарының Астанада өткізілген құрылтайы кезінде бір делегаттың Санкт-Петербург қаласының сол кездегі мэры В.Матвиенко туралы айтқанын микрофонда отырған жас аудармашы «господин» деген сөзді тіркеп аударып, басшысынан ескерту алғаны бар.

Осындайда не істеу керек? Айталық төрағалық етуші: «Конференция жұмысына қатысу үшін көрнекті ғалым Котович келді» дейді. Аударғанда «Для участия в работе конференции приехал/а/?/ видный ученый Котович» болуы керек. Бірақ оның әйел не ер адам екенін білмейміз ғой. Міне, осындайда сөйлемді құбылтып аудару амалын пайдалану керек: «В работе конференции принимает участие видный ученый Котович».

Сонда өкпе де айтылмайды, аудармашыға сөгіс те берілмейді.

**Дикцияның жақсы болуы** — ілеспе аудармашыға қойылатын басты талаптардың бірі. «Әннің де естісі бар, есері бар, тындаушының

құлағын тесері бар» демекші, ілеспе аудармашының дауысы да тындап отырған адамға жағымды әрі оны шаршатпайтындай болуы керек. Жасалған баяндамалар мен сөйленген сөздерді күнұзаққа тындауышпен тындау да оңай емес. Сондықтан жиналысты ұйымдастырушылар ілеспе аудармашының дауыс ерекшелігін тексеруді ұмытпағаны жөн. Мұндай сынақтар дауыстың жағымдылығын, әуезділігін, аудармашының әр дыбысты анық айтып, әсіресе, «р» мен «л», «с» мен «ш» дыбыстары қатар келгенде, сөзді анық айтуын, «н»-ды айқын дыбыстай алуын анықтау үшін жасалады.

Аудармашы микрофонға тым жақындамай, тіпті дем алғанын естіртпей сөйлегені дұрыс. Өз дауысы табиғатынан гүжілдек не шінкілдек болған кезде де бұл кәсіппен шұғылдану қиын. Мұндайда, белгілі бір жаттығулар жасай отырып, дауыс мәнерін өзгертуге болатыны туралы мысалдар кездеседі. Жағымды, әуезді дауыс аударма сапасындағы кейбір кемшіліктерді білдіртпей жіберетіні де рас. Аудармашылар арасындағы: «Даусы жағымды аудармашы жаман аударса да аудитория оған кешіріммен қарайды» деген сөз сондықтан айтылатын болса керек.

Костанай облысында жас аудармашылармен өткізілген семинарда бұл салаға енді қадам баспақ ойы бар аудармашы «Ілеспе аудармашы сөйлеп тұрған адамды қалай аударуы керек? Мысалы, «Бұл мәселе бойынша менің өзгеше пікірім бар» дегенді «По этому вопросу у него есть другое мнение» деп аудару керек пе?» деген сұрақ қойды.

Ілеспе аударманың жазылмаған заңдарының біреуі — аудармашының міндетті түрде бірінші жақтан сөйлейтіндігі. Ілеспе аударма жасау барысында ол бір сәт актер болып, баяндамашының кейпіне кіреді, сол болып мәселе көтеріп, жиынға келгендердің сол мәселені қолдауы үшін баяндамашы қалай тер төксе, аудармашы даусынан да сондай сенім білініп тұруы керек. Тіпті аудармашының көзқарасы баяндамашының көзқарасымен үйлеспейтін күннің өзінде де шешеннің сөзі тындармандарға нақты аударылып, оларды сендіре алатындай жан-тәнімен жұмыс істейді.

Жоғарыда қойылған сұраққа жауап осындай болмақ. Яғни «Бұл мәселе бойынша менің өзгеше пікірім бар» деген сөйлем «По этому вопросу у меня иное мнение» немесе «По этому вопросу я имею иное мнение» деп аударылады. Бұл конференцияларда, «дөңгелек үстелдерде», депутаттармен, саясаткерлермен кездесу кезінде оларға сұрақ қойған адам, жауабын ілеспе аудармашының аударуында тындауыш арқылы естісе де, сөйлеген адамның өз аузынан естігендей болуы үшін керек.

Үшінші жақтан сөйлеу екі жағдайда қолданылады, оның біріншісі қылмыстық іс қаралатын сот процестеріне аудармашы ретінде қатысу

жағдайлары. Мысалы: куәгердің «Қылмыс жасалған күні мен қалада болған жоқпын» дегенін «Он говорит, что в день совершения преступления его в городе не было» деп, айыпталушының «Маған тағылған айыпты мойындамаймын» дегенін «Обвиняемый не признает свою вину» деп, «Кісі өлтіру ойымда болған жоқ» дегенді «Говорит, что не было намерения убивать человека» деп аударылады.

Екіншісі ілеспе аудармашының аудармашылық құзыреттілігіне күмән келтірілмеу үшін қолданылатын жағдайлар. Кей кездерде баяндамашы өз сөзінде белгілі бір ақпаратты, деректі қате айтуы мүмкін. Мұндайда ол кейіннен өз сөзін түзегенде, «кешірім өтінемін» дегенді қосып айтатыны белгілі. Мұны тікелей аударса тындармандар ілеспе аудармашы қателесіп кетіп, кешірім сұрап отыр деп түсінетіні анық. Сондықтан мұндайда оның түзетіп айтқан сөзін «Докладчик извиняется, что допустил неточность...», «Докладчик просит прощения за то, что перепутал факты...». деген сияқты тап сол сәттегі жағдайға түсінік-теме беретін сөздерді қосып айтып барып, аударған жөн.

## **ІЛЕСПЕ АУДАРМА ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**

Аударма тарихында оның ішінде жасалуы үшін арнайы құрал-жабдық (аспап) ойлап таптырған осы ілеспе аударма болды (ол туралы біз ілеспе аударманың пайда болуына байланысты айтып кеттік). Алғашында олар тым қарабайыр, қолдануға ыңғайсыз, эстетикалық тұрғыдан алғанда да көзге қораш, ебедейсіз аспаптар болған. Уақыт өте ілеспе аударма жасауға арналған құрал-жабдықтар ғылым мен техниканың ең озық жаңалықтары ескеріле отырып, жетілдіріліп, қазіргі заман талабына сай етіп шығарылды. Бүгінде ілеспе аударма дүние жүзіне тез тараған аударма түрі болғандықтан, құрал-жабдықтарды шығару индустриясы да одан қалыспай дамуда.

Ілеспе аударма жасауға арналған жабдықтың барлығына қойылатын ортақ талап — сөйленген сөздің аудармашыға, ал оның аудармасының тындарманға жетуін қамтамасыз ету. Бұл операцияларды жүзеге асыруға қатысатын мынадай құрал-жабдықтарды атауға болады:

**Микрофон** — сөз сөйлеушінің сөзін аудармашыға жеткізетін негізгі құрал. Қажеттілігіне қарай ол мінберге, үстел үстіне, залдың ортасына орнатылады. Сөз сөйлеушінің киіміне қыстырылатын микрофон немесе залда еркін сөйлеушілерге арналған радиомикрофон да болады.

**Тындауыш** (наушник) — аудармашы сөз сөйлеушінің сөзін тікелей естуі үшін құлаққа тағылатын құрал. Оның бірнеше түрі бар: бөгде дыбысты жібермеу үшін қалың қаптама жасалып, құлаққа жабыстырыла

киілетіні, құлаққа тиетін жері пароллоннан жасалған түрі, құлаққабы шағындау ыңғайлы түрі, тындармандарға арналған бір құлаққа іліп қоятын түрі, микрофон мен **тындауыш** біріктіліп жасалған және т.б. түрлері болады.

**Аудармашының пульті** – ілеспе аудармашының үстеліне орнатылатын пульт. Аудармашы тындауыш арқылы сөз сөйлеушінің даусын естиді де өз микрофонына аударма жасайды. Аудармашы пультінде жұмыс тілдері көрсетіледі. Сатылы аударма жасалған кезде шет тілде сөйленген сөзді тиісті тетіктерді басу арқылы өзіңе түсінікті (біздің жағдайда – орыс тілі) тілге аударып отырған әріптесіңнің аудармасынан тындауға болады. Қасындағы серіктесің сөйлеген кезде өз микрофоныңды қосып, өшіріп отыратын, аударма жасап отырған кезде бір сәттік (түшкіріп, жөтеліп қалған, т.б. жағдайда) өшіруге арналған тетікшесі болады.

**Микшер пульті** – микрофондардан берілетін сигналдардың коммутациясын жүзеге асыратын және оларды қосымша құрылғыларға тарататын құрал. Қатысушылар микшер пультінен өзіне тиісті тілді таңдайды.

**Монитор** – ілеспе аудармашы жиын өтіп жатқан залда емес, басқа бөлмеде отыратын жағдайларда аудармашының алдына орналастырылатын, оның төрағалық етушінің жүргізу тәртібін, сөйлеушінің эмоциясын бағдарлап, аудармасын зал атмосферасына қарай құруға көмек беретін құрал. Бұл баяндамашы өз сөзінде түрлі слайдтарды, схемаларды пайдаланып сөйлегенде де онда жазылған мәтіндерді аудару үшін де керек.

**Ілеспе аударманың жұмылдырғыш жүйесі** ақпарат беру тәсілі бойынша мынадай болып бөлінеді:

#### **инфрақызыл IR**

Бұл – неғұрлым жақсы қорғалған тәсіл, себебі сигнал аудитория ішіне үй-жайдан шықпай-ақ, инфрақызыл сәулелердің көмегімен беріледі. Қазіргі кезде, технологиялардың дамуына сәйкес ақпарат берудің бұл тәсілі де өте жоғары деңгейге көтерілген. Әр қатысушы тындауышы бар сымсыз инфрақызыл қабылдағыштардың көмегімен өзіне қажетті аударма тілін таңдай алады.

#### **VHF радиожүйелер**

Бұл жүйе инфрақызыл IR жүйесіне ұқсас, бірақ ақпарат радиодабылдың көмегімен беріледі. Бұл жүйе жиындарға қатысушылардың аудармашылардың немесе сөз сөйлеушілердің сөзін **тындауыш** арқылы аудиторияда ғана емес, одан тыс, шамамен 20 м радиус шегіндегі жерлерде естуге мүмкіндік береді. Соңғы жылдары өткізіліп жүрген ірі форматты конференцияларда қатысушылардың залда өтіп жатқан жиынды осылайша, залдан тыс жерлерде отырып тындауы кең тараған.

Бұлар — ілеспе аударма жасауға арналған негізгі жүйелер. Аукымды іс-шара өткізушілер залда бұл жүйелердің болуын қамтамасыз етеді. Ал ілеспе аударма жасауға арналған көмекші қондырғыларға мыналар жатады:

- Дыбыс үдеткіш жүйелер
- Конференц-байланыс жүйелері
- Проекторлар және мәтін карауға арналған проекциялық экрандар
- Дыбыс жазғыш аудио-және бейнежабдықтар
- Кеңсе техникасы

Сондай-ақ ілеспе аударма жасауға арналған қондырғының радиотолқындардың ультра қысқа диапазонын пайдаланатын, жиналмалы түрі кең таралды. Бұл — бір жерден екінші жерге апаруда қиындық тудырмайтын, конференция өтетін залда жылдам құруға болатын, ыңғайлы қондырғы. Конференцияға қатысушыларға арна селекторы және кішкентай құлақша тындауышы бар шағын қалта радиоқабылдағышы таратылып беріледі. Мұндай қабылдағыш қатысушылардың сөйленіп жатқан сөздерді кез келген жерден: залда өзіне ыңғайлы жерге отырып та, фойеде де, не қалауы бойынша басқа жерде отырып та тындауына мүмкіндік береді.

Ілеспе аударма жасауға арналған құрал-жабдықтарды жасаумен айналысатын аты әлемге танымал компаниялар да, өнімдері аса көп тарамаған компаниялар да баршылық. Мысалы, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары Алматыдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ғимаратына орнатылған құрал-жабдық «Phillips» компаниясының өнімі болатын. Ал Астанадағы бірқатар залдар, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің отырыс өткізетін залдары «Bosch» компаниясының конгресс-жүйесімен, шағын залдары конференц-жүйесімен жабдықталған.

Бүгінде жиын өткізілетін залдар ілеспе аударма жасау үшін стационарлық құралдармен жабдықталмайды. Жиындарда ілеспе аударманы басқа елдердегідей сияқты жиналмалы, радиокондырғылы құралдар арқылы тыңдау жолға қойылған. Астанада ірі форматты жиналыстар өткізілетін Тәуелсіздік сарайында, ірі қонақүй кешендерінің конференц-залдарында, басқа да қонақүйлердегі залдарда да осындай тәртіппен өткізіледі. Жалпы бұл нарықта жұмыс істейтін компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі көрсететін қызметінің, соның ішінде орнататын құрылғыларының сапалы болуына қарай айқындалады.

Мамандардың пікірінше, бүгінде ілеспе аударма жабдықтарын шығаратын кәсіпорындардың ішіндегі бәсекелестік компаниялардың өз өнімдерін жыл өткен сайын жетілдіре түсуіне әкеп отыр. Компания өнімінің тартымды дизайны, оны орнатудың оңайлығы, дыбыс сапасының жақсылығы, жүйенің толығымен автоматтандырылуы, аударма



арналарын тандаудағы ыңғайлылық, тағы басқа көптеген артықшылықтары тұтынушылар көңілінен шығары анық. Бағасының арзандығына қызығып алынған жүйелердің көп жағдайларда ілеспе аударма жасалып өткізілетін залдарды жабдықтаудың талаптарына сәйкес келмейтін жайлар кездесіп жатады. Сондықтан ілеспе аударма жасау жабдықтарын тандаған кезде де «Арзанның жілігі татымас» (немесе «Скупой платит дважды») дегенді есте тұтқан жөн.

## **ІЛЕСПЕ АУДАРМАШЫНЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫ**

Ілеспе аударманың сапалы болуына аудармашының еңбек ету жағдайының қолайлы-қолайсыздығы да қатты әсер етеді. Психологиялық тұрғыдан алғанда жиналыс кезіндегі ілеспе аудармашының жай-күйі кісі қызығарлықтай емес. Кез келген шешен өз сөзін аудармашыға емес, тындармандарға қаратып айтатын болғандықтан, ілеспе аудармашыға екі бірдей рөл атқаруға: ақпаратты қабылдап алушы және жіберуші болуға әрі осы екі міндетті бір мезгілде орындауға тура келеді. Бір жақсысы – жиын өткізу талаптарына сәйкес жабдықталған залдарда ілеспе аудармашылар сөз сөйлеушілерден де, тындаушылардан да окшауланған бөлмеде отырады. Бұл оларға түсетін психологиялық қысымды кәдімгідей-ақ азайтады. Міне, сондықтан жиынды сапалы ілеспе аудармамен қамтамасыз ету үшін ілеспе аудармашылардың бөлек кабинасы болғаны абзал.

Стандартқа сәйкес салынған залдарда ілеспе аудармашыларға арналған кабиналы бөлме қатысушылардың арт жағына, олардың орындықтарынан биігірек жерде болады. Егер жиын өтетін (стандартты) зал шағын болса, ілеспе аудармашының кабина-бөлмесіне зал еркін көрінетіндей етіп терезе орнатылады. Ілеспе аудармашылар сөз сөйлеушілерді осы терезе арқылы көріп отырады.

Ал конференциялар өткізілетін залда ілеспе аудармашының орны, әдетте бөгде дыбыстар өтпейтіндей болып окшауланған, ішінде монитор, пульт және аудармашылар үшін екі орындық қойылған үлкен терезелі шағын кабина-бөлме болады. Ілеспе аудармашылар аудиторияның атмосферасын осы терезе арқылы және сөз сөйлейтіндерді монитор арқылы көріп отырады. Ілеспе аудармада ақпарат сөз сөйлеуші мен ілеспе аудармашының арасында көзбен көру байланысы (орыс тілінде «визуальный контакт») болуы керек. Бұл да психологиялық қолайлылық тудырып, сол арқылы жұмыс сапасына әсер ететін фактор. Өкінішке орай, біз жұмыс істеген көптеген залдарда осы талап орындала бермейді.

Соңғы жылдары көп адам қатысатын ауқымды ісшараларда сахна төріне үлкен экран орнатылып, ол бірнеше міндетті атқарып жүр. Бір



жағынан мінбеден сөз сөйлейтін шешендерді ірі планмен көрсетеді, екінші жағынан аудармашы кабинасына қойылатын мониторды да алмастырады.

Ілеспе аударма жасалатын жиналыс бір-ақ рет өткізілетін болса, залдың бір бұрышында алдыңғы жағы әйнектелген уақытша «будка-кабинолар» қойылатын кездер де болады. Мұндай жиналыстар біздерде ел астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілген алғашқы жылдары көп өткізілді. Ол кездері ілеспе аударма жасауға арналған құрал-жабдықтарды жалға алуда оның қолайлы болу керектігі міндетті түрде ескертілетін. Бүгінде стационарлық түрде жабдықталған залдар санаулы ғана болатындықтан, екінші жағынан, ыңғайлы болғандықтан, ілеспе аударма жасаудың көшпелі қондырғыларын пайдалану жолға қойылған.

Әрине, мұндай «будкаларда» отырып жұмыс істеу әлдеқайда қиын. Себебі бөгде дыбыстар, залдағы күбір-сыбыр, әрі-бері өтушілер бар зейінінді салып жұмыс істеуге кедергі келтіреді. Оның үстіне, мұндай жағдайларда ілеспе аудармашылар өз дауыстарының қатты шықпауын, яғни аудармашының залдағы қатысушыларды алаңдатпауын қадағалап отырулары керек. Ал ілеспе аударма жасап, онсыз да бірнеше функцияны қатар атқарып отырған адамға бұл да – қосымша жүктеме.

Ірі халықаралық ұйымдарда қызмет ететін ілеспе аудармашылардың жағдайы қай тұрғыдан алса да қатардағы жалдамалы ілеспе аудармашыдан әлдеқайда артық: бұған олардың еңбегіне төленетін ақы мөлшері де, жалпы материалдық жағдайы да, әлеуметтік қорғалуы да кіреді. Ілеспе аударма жасау тәртібі мен кезектілігі де оларда нақты сақталады: әркімге атқарған жұмыс ауқымына қарай ақы төленетін болғандықтан, ілеспе аудармашылар, егер жасалған шартта алдын ала келісілмесе, яғни ақы төленбейтін болса, жұмыс уақытынан асып кеткен жиынды аударуға құлықсыз. Біздегідей «ұят болады» деген ұғым басшылыққа алына қоймайды.

Өзім өткізетін курстарда насихаттап және шәкірттеріме үйретіп жүрген аударма жасаудың біздікінен сәл басқашалау кезектілігін Біріккен Ұлттар Ұйымының аудармашыларымен бірлесе жұмыс істеген саммиттерде: Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Парламенттік ассамблеясының Астанада өткізілген сессиясы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мемлекет басшыларының саммиті кезінде байқадым. Оларда біздегідей екі адам емес, үш адам ауысып жұмыс істейді: кабинадағы екі аудармашының біреуі ілеспе аударма жасайды (біз оны белсенді аудармашы деп атадық), ал қасындағы әріптесі оған көмектесіп (айталық, баяндамада айтылған цифрларды, күрделі атауларды, адамдардың аты-жөнін, лауазымын)

қағазға жазып отырады (қосалқы аудармашы). Әлдеқандай кездейсоқ жағдай бола қалса (белсенді аудармашы кенет жөтеліп қалса, не тамағы құрғап, даусы жарықшақтана бастаса, т.с.с.), қосалқы аудармашы ретінде оны жедел алмастыра қояды. Бұл кезде үшінші аудармашы тынығып отырады.

Келесі кезекте қосалқы аудармашы белсенді аудармашының орнына, ал тынығып отырған аудармашы қосалқы аудармашының орнына отырады. Әр ауысым ұзақтығы 15-20 минуттан аспайды.

Осы салада жүрген жылдар тәжірибесі бізде де ілеспе аударма жасаудың осындай кезектілігін орнату қажеттігіне көз жеткізді. Алайда әзірше оған қол жеткізуге ілеспе аудармашылардың аздығы мүмкіндік бермейтіні түсінікті. Бірақ болашақ ілеспе аудармашылар жұмыс істеудің осындай тәртібін басшылыққа алғаны дұрыс дер едік. Бұл жұмыстың сапалы болуы үшін де, аудармашылардың өздері үшін де (организмге түсер психологиялық және физиологиялық жүктеме азаяды) пайдалы болатынын ескерсе жөн болар еді. Кәсіптің аты – кәсіп, бірақ қай-қайсымызға да ең алдымен денсаулық қымбат.

Жиналыс басталған кезде ілеспе аудармашы бүкіл залмен жалғыз өзі қалады. Осы сәтте ол тек өзіне ғана: өзінің зияткерлік ресурсына, біліміне, тіл байлығына, қабілет-қарымы мен төзімділігіне сенеді. «Ең үздік ілеспе аударма – шынайы шабыттың нәтижесінде ғана жасалады. Ал шабыт жүйке талшықтары үзіліп кетердей керіліп, тосын терминдер мен сөз орамдарынан есің танардай күй кешкеніне қарамастан, ақыл мен тілді бірлесе жұмыс істетіп, аударма бастаған кезінде келеді»<sup>1</sup>, – деп аудардық біз ілеспе аудармашының жұмысы туралы Р.Миньяр-Белоручевтің жазғанын. Ол – Кенестік социалистік республикалар одағындағы алғашқы кәсіби ілеспе аудармашылардың бірі.

## АУДАРМАДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР

Аудармашылардан ерекше назар аударуды талап ететін жайлардың бірі – сөз сөйленетін тіл мен ол аударылатын тіл арасындағы этномәдени айырмашылықтардан туындайтын ерекшеліктер.

Әрбір ұлттың өмір сүру дағдысына қарай қалыптасқан ерекшеліктер жер шарының әр бөлігінде әртүрлі түсінілетіні туралы мысалдар аз емес. Айталық, ағылшындықтардың «бәрі де жақсы!» («ok!») дегенді ымдау арқылы, бас бармағы мен сұқ саусақты «o» әрпі сияқты қосып, берілетін белгіні жапондықтарға көрсетсеңіз бұлқан-талқан болып ашуланады екен. Өйткені оларда бұл белгі «сен түкке тұрмайсың! нөлсің!» деген мағына беретін көрінеді.

<sup>1</sup> *Миньяр-Белоручев Р.К.* Как стать переводчиком? Москва, «Готика», 1999, с. 176

Бізде де жақсы, іскер, ортасына ықпалды адамды «ортаң қолдай азамат» деп сипаттап, қолдың ортаңғы саусағын көрсететін жайлар болады. Ал бұл белгіні америкалықтармен сөйлесу барысында көрсеткен адамның сол жерде таяқ жеп қалуы мүмкін.

Сөз сөйленетін тіл мен ол аударылатын тіл арасындағы этномәдени айырмашылықтар туралы айтқанда, ең алдымен ауызға алатынымыз – фразеологизмдер. Шешендер өз тілінде сөйлеу барысында қолданытын мақал-мәтелдерге аударылатын тілдегі соның мағынасын беретін баламаны сол сәтте тауып беру оңай емес. Бұл ретте орыс тіліндегі (қазақ тіліндегі) қанатты сөзді, мақалды, мәтелді құрап тұрған сөздерді қазақ тіліне (орыс тіліне) тікелей аудару жақсы нәтижеге қол жеткізбейді, керісінше біздің бала кезімізде оқыған Зейін Шашкиннің («Дәрігер парызы») «Сенің арқанда күн көрдім» дегенді «На твоей спине солнце вижу», «сегізкөз» дегенді «восемь глаз» деп аударатын кейіпкері сияқты күлкі тудыраы анық.

Бұдан қалай шығу керек? Ұзақ жылдық тәжірибеміз бұл тығырықтан шығудың бірден бір жолы – мағыналас мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, фразеологизмдерді іздестіріп, жаттап жүру екендігіне көз жеткізді. Сөйленетін тіл мен аударылатын тілдегі, яғни қазақ және орыс тілдеріндегі мағыналас мақал-мәтелдердің біразы бізге бала күнімізден таныс. Тек аударма жасап, асып-сасып отырғанда есімізге түспей қалатыны болмаса. Оларды ретін тауып қолдана білу ілеспе аударманың сапасын арттыра түсері, әр берері сөзсіз. (Бұл еңбекке ұзақ жылғы ізденісіміздің жемісі – *«Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің және тұрақты сөз тіркестерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша мағыналық аудармасы»* сөздігі қоса ұсынылады).

Мысалы, біз аударма жасаған жиындарда әлдебір жасырын, жария етілмеген жай туралы ел арасындағы толқуды, күдіктенуді білдіріп, бұған өзінің де пікірі үстемеленетін ойды білдіргісі келгенде, орыс тілінде «Дыма без огня не бывает» дейді. Тәжірибесі жоқ аудармашы «От жақпаса түгін шықпайды» деп бұл тіркестің тікелей калька аудармасын алуы мүмкін. Түптеп келгенде, оны қате аударма деп те айта алмаймыз. Бірақ ол орыс тілінде айтылған сөздің эмоциялық бояуын жеткізе алмайды. Ал біздің тілімізде оны тап солай сипаттайтын тіркес бар, ол – «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» деген мәтел.

Соңғы жылдары саяси оқиғаларға толы болған елімізде де, әлем өмірінде де жұртшылық назарын аударып, саясаткерлер құлшына тілге тиек еткен жайлар аз болған жоқ. Мұндай оқиғалар өңі өзгеріп, жылма-жыл қайталанып тұрады. Айталық, сайлау науқанында дауыс жинағысы келген кандидаттардың округтерінде неше түрлі оқиғалар болып жатады.

Қазіргі кезде саяси технологтар дауыс жинаудың неше түрлі амал-әдістерін ойлап шығарып, ақыр соңында кандидаттардың сайлаушы-

ларды алдап кеткен жайлары туралы да баспасөз беттерінде жазылып жатады. Күштілердің текетіресі әлсіздерге зардабын тигізген, қаржы-өнеркәсіп топтарының банк салымшыларын тақырға отырғызып кеткен жайлар аз кездескен жоқ. Кейбір саясаткерлердің мәлімдеме жасауына, жекелеген халық қалаулыларының депутаттық сауалдар жолдауына да, міне, осындай жайлар негіз болады.

Адамның тілдік қорында белсенді түрде қолданылатын сөздердің белгілі бір саны болатыны сияқты, ілеспе аударма жасап жүрген он бес жылдан астам уақытта фразеологиялық тіркестердің де көпке белгілілері жиірек қолданылатынына назар аудардық. Айталық, қақтығыстарға, екі тараптың (топтардың) бір-біріне қарсы келіп жанжал шығуына, үй-жайлардың қиратылып, адамдардың таяққа жығылуына байланысты айтылған мәлімдемелерде «Тас-талқанын шығару», «Ат ойнатып, түндігін түсіру» деген фразеологиялық тіркестер қолданылды. Бұларды орыс тіліне аударған кезде, айтылған сөздің реңкін дәлірек береді деген оймен «Камень на камне не оставил», «Устраивали мамаево побоище» деп аудардық.

Адамдардың қызметінің өсуіне немесе мекен-тұрағының өзгеруіне, кейде әлдебір істің соңына түсіп, нәтиже шығаруға ұмтылғандықты айтар кезде немесе әлдебір адамдардың қызмет орнын ауыстыруын ақтау үшін орыс тілінде «Рыба ищет где глубже, а человек – где лучше» деген тіркес жиі қолданылады екен. Қазақ тілінде оны «Балық тұңғықты, адам жерұйықты іздейді» деп бердік, бұл – түпнұсқадағы ойды беретін балама.

Заңнамалық актілердің нормалары бойынша қызу талас туындағанда әркім өз пікірін дәлелдеуге тырысып, қызылкенірдек болатын жайлар аз емес. Мұндайда сөйлеушілер өз сөздері салмақты болу үшін қазақстандық немесе ресейлік көрнекті заңгерлердің еңбектеріне сілтеме жасап жатады. Ал қайсысының пікіріне құлақ асарын білмей дал болған, заң саласынан алыстау адамдар өздерінің түсінбегенін «Два юриста – три мнения» деген тіркеспен білдіреді. Оның да біздің тілімізде баяғы заманнан келе жатқан «Би екеу болса, дау – төртеу» деген баламасы бар.

Сырт жерде батыра сөйлеп, батылдық танытып, ал басшылардың алдына келгенде немесе жұрттың талқылауына түскенде үні шықпай қалатын адамдардың мінез-құлқын сипаттау үшін, әдетте «Бетегеден биік, жусаннан аласа», «Сен тимесең, мен тимен» деген тіркестердің қолданылғанын көп естідік. Бұларды орыс тіліне аудару үшін «Тише воды, ниже травы», «Чур, не меня!» деген тіркестерді қолданысқа енгіздік.

2007 жылдың Украинадағы Қазақстан жылы және Қазақстандағы Украина жылы болып жариялануына байланысты екі елде де бірқатар

мәдени ішаралар өткізілді. Сондай ішараның біреуінде украиндық әріптесіміз «Паны дерутся, а у холопов чубы трещат» деген тіркесті аударып беруімді өтінді. Екі халықтың этномәдени айырмашылықтарына байланысты бұл тіркесті тікелей аударуға келмейтіндігін айтып, біздің тілімізде мағыналық жағынан бұған жақын келетін «Екі кошқар сүзиссе, арасында шыбын өледі» немесе «Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі» деген тіркес бар екенін түсіндіріп, оны аударып бергенімізде, әріптесіміз «Добре! Добре!» деп риза болып қалды.

Көп қолданылатындардың ішінде «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; Төртеу түгел болса, төбедегі келеді – Согласного стада и волк не берет», «Балық басынан шіриді – Рыба гниет с головы», «В единстве – сила – Бірлік бар жерде тірлік бар», «Ер кезегі үшке дейін – Бог троицу любит», «Рыбак рыбака видит издалека – Балықшы балықшыны бірден таниды», «Кто смел – тот два съел – Ебін тапқан екі асайды», «Ашсам – алақанымда, жұмсам – жұдырығымда – Хоть с кашей ем, хоть маслом пахтаю», «Поживем – увидим – Оны да көрерміз», «На «нет» и суда нет – «Жокка» жарлық жүрмейді», «Аш бала тоқ баламен ойнамайды – Сытый голодного не разумеет» деген сияқты бала кезімізден таныс тіркестер жиі кездеседі<sup>1</sup>.

Жалпы, тәжірибелі ілеспе аудармашылардың әрқайсысының ұзақ жылдар бойы жинақтаған «киіз кітабы» болады. Сол «киіз кітаптардың» денін осындай неғұрлым жиі қолданылатын қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, аббревиатуралардың таратылып айтылуы, әртүрлі мемлекеттердегі билік нысаны сияқты жазбалар құрайды. Сондай киіз кітапты мен де бастап белгілі зерттеушілер Л.Виссонның «Аударма жасау дегеніміз – ең алдымен мәдениетті аудару», Б.Уорфтың «Әр тілде сөйлеушілер фактілер мен құбылыстарды әрқалай қабылдайды, себебі бұл құбылыстар олардың тілдерінде әрқалай айтылып, тұжырымдалады» деген сөздерін жазып қойдым. Талай тығырыққа тірелгенде өзім де, әріптестерім де іздегенімізді осы «киіз кітаптан» тапқан кездеріміз көп. Сондықтан ізбасарларымның да құлақтарына «алтын сырға».

• **Линн Виссон – БҰҰ-ның тәжірибелі ілеспе аудармашыларының бірі. Гарвард университетін бітірген. Колумбия университетінде, Американың басқа да университеттерінде орыс тілі мен әдебиетінен дәріс оқыған. Орыс тілінен ағылшын тіліне ілеспе аударма жасау мәселесін зерттеп, бірнеше ғылыми еңбек жазған.**

---

<sup>1</sup> Автордың 2006 жылы «Аударма» баспасынан «Мағыналас мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі» атты кітабы жарық көрді. Оның толықтырылған нұсқасын осы еңбекке қосымша ретінде жарыққа шығару жоспарымызда бар.

## ІЛЕСПЕ АУДАРМАШЫ ЖӘНЕ ЖАЗБАША АУДАРМАШЫ

Ілеспе аудармашы дегеніміз – аударма саласындағы бірегей маман, сирек кездесетін кәсіп иесі. Өркениетті елдерде пайда болғанына 70-80 жылдай уақыт өтсе де, біздің қоғамда қолданыла бастағанына салыстырмалы түрде соншалықты көп уақыт өтпегендіктен, оны игерген, кәсіп еткен мамандардың саны шектеулі. Мұның бірқатар объективті және субъективті себептеріне төменіректе тоқталамыз. Бірақ қандай себептер болса да, бір нәрсе айқын – бүгінде кез келген жиында ана тілімізде еркін сөйлеуіміз үшін, яғни мемлекеттік тіл өз мәртебесіне сәйкес қолданылуы үшін ілеспе аударма жасалуы керек. Сондықтан ілеспе аудармашы – аса қажет мамандардың бірі, оларды дайындау күн тәртіпінде тұрған мәселе екендігі даусыз.

Ілеспе аудармашының жазбаша аудармашыдан айырмашылығы сол, ол қашанда жалғыз жұмыс істейді. Жазбаша аударма жасау барысында аудармашы сөздіктерді пайдаланып, түрлі әдістемелік оқулықтарға, нұсқаулықтарға үніле алады. Іздегенін олардан да таппаса, тәжірибелі әріптестерінен кеңес сұрау мүмкіндігі тағы бар. Аударған еңбекті жетілдіре түсу үшін оны редакциялап, кейбір сөздерді мағынасын ашады-ау деген баламалармен ауыстырып, ең соңғы мәтінді жасап шығарғанша шығармашылық әдіс-тәсілдердің барлығын пайдаланып бағады. Өзіміз де аудармашымыз, мүмкіндік болса, аударған дүниені біраз уақытқа жауып қойып, «ұмытып» барып, қайта қараймыз. Тың көзбен қараған кезде алғашқы аударманың артық-кем тұстары бірден байқалады.

Ал ілеспе аудармашыда бұл мүмкіндіктердің ешқайсысы жоқ. Ол естігенін естіген бойда аударуға тиіс. Бүкіл жұмыс уақыты үш микрокезеңге бөлінген: «есту – аудару – айту» деген схемамен құрылады. Бұл үш кезең де асқан дәлдікті талап етеді: мұқият тындап, дұрыс естіп, нақты, дәл аударып, сауатты тілмен, жағымды үнмен жеткізу керек. Ал сөз сөйленген тілді терең түсініп, аударатын тілді жетік білмейінше, жоғарыдағы талапқа сай аударма жасау мүмкін емес.

Ілеспе аудармашы коммуниканттармен (делегаттармен, конференцияға қатысушылармен) тікелей байланыста жұмыс істейді. Сөз сөйлейтін шешен, ілеспе аудармашы және аудитория (тыңдармандар) бір мезгілде бір залда отырып, бір ісшараға қатысады. Ілеспе аудармашы өзінің аудиториясын көріп отырады, ісшараға қатысушылардың кімдер екенін, олардың жиынға қатысу мақсатын біледі, аудиториядағылардың білім деңгейі, қызметтік жағдайы, т.б. қосалқы факторлардан хабардар болады. Түпнұсқа мәтін ілеспе аудармашының «көз алдында» туады, сондықтан аудармашы өз жұмысында нақты рецепторға және қарым-қатынастың нақты ахуалына бағдарланады.

Тағы бір атап көрсетілетін айырмашылық – ілеспе аудармашы мен жазбаша аудармашының жұмысы үшін әртүрлі деңгейдегі білімнің

талап етілетіндігі. Жазбаша аударма жасау барысында аудармашының сыртқы дерек көздерінен өзіне қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі болғандықтан оның бүкіл когнитивтік әлеуеті пайдаланыла алады. Ілеспе аудармашы болса өзі сол сәтте қолдана алатын, жадында жаттаулы білім қорына ғана сүйенеді, ал бұл қордың жазбаша аудармашы бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ізденуі барысында жинақтаған мәліметтер көлемінен әлдеқайда аз екендігі түсінікті. Сондықтан ілеспе аударма жасаған кезде уақыт тапшылығы жағдайында конвенциялық (шартты) сипаттағы, айталық, пәндік саланы, белгілі бір саланың ұғымдар аппаратын білу сияқты жалпылама білім пайдаланылуы мүмкін. Ілеспе аудармашы бойына сіңірген дағдыларына, жинақталған тәжірибесіне және жадында сақталған біліміне ғана сүйене алады. Мұның өзінде де қысылтаяң кездерде біліп тұрған сөздердің еске түспей қалуы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз.

Ілеспе аудармашы мен жазбаша аудармашының жұмысы қандай параметрлер бойынша ажыратылатынына бастапқы сипаттаманы кезінде канадалық ғалым Б.Харрис берген. Өз еңбектерінде зерттеушілер (Л.Виссон, А.Горохова, Р.Миньяр-Белоручев, т.б.) осы сипаттамаға сілтеме жасайды. Оларға сүйене отырып толықтыратын болсақ, қазіргі замандағы жазбаша аудармашы мен ілеспе аудармашы жұмыстарында мынадай айырмашылықтарды атап көрсетуге болады:<sup>1</sup>

*Кесте №3*

<b>Жазбаша аудармашының жұмысы</b>	<b>Ілеспе аудармашының жұмысы</b>
1. Жазбаша аударылатын мәтін ертерек (өткен шақта), яғни аударма жасалмастан бұрын жазылған.	1. Сөйленетін сөз сол жерде (осы шақта) туындайды.
2. Мәтін аяқталған және енді өзгертілмейді.	2. Бастапқы сөздер ғана белгілі, сөйлем аяқталмаған, қалай аяқталатыны белгісіз.
3. Мәтінді әуелі оқып танысып алып, кейінірек қайта оралуға болады.	3. Айтылған хабарлама сол сәтте «жоғалып кетеді», аудармашы өзінің есте сақтау қабілетіне сене алады.
4. Мәтін тек сөздерден тұрады. Аудармашы оның қалай жазылғанын білмейді.	4. Сөз сөйлеуші түрлі кимыл-қозғалыстар (қолын сермейді, алақанын жаяды, саусағын шошайтады, басын шайқайды...) жасайды, сондықтан аудармашы хабарламаның қалай туындағанын және баяндамашының қалай сөйлегенін көріп отырады.

<sup>1</sup> Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком? Москва, «Готика», 1999, с. 176.



5. Мәтіндердің көпшілігі — бір автордың жұмысы болады. Аудармашының оның стилін менгеретін жеткілікті уақыты болады.	5. Ілеспе аудармашы бір-біріне мүлде ұқсамайтын стильмен сөйлейтін бірнеше немесе көптеген шешендерді аударуға тиіс.
6. Мәтін бұрынырақта жазылғандықтан ол аудармашыға тікелей, күшті эмоциялық әсер етпейді.	6. Ілеспе аудармашы отырыстың жағдайларын және қызу атмосферасын біліп қана қоймайды, оның өзіне де осы атмосфера ықпал етеді.
7. Жариялаудың алдында аудармашы материалды қайта қарап шығып, мәтінді толығымен редакциялай алады.	7. Ілеспе аудармашы салған жерден дұрыс аударуға тиіс. Оған қайта аудару мүмкіндігі берілмеген.
8. Аударма жасау барысында сөздіктерді, анықтамалықтарды, ақпараттық, заңнамалық базаларды пайдалануға, консультациялар алуға, деректерді нақтылауға болады.	8. Аударма жасау барысында өзінің білім қорына, жадында сақталған ақпаратқа ғана арқа сүйейді.
9. Автор сияқты аудармашы да өзінің оқырманы кім екендігін білмейді. Сондықтан автор мен оқырман арасында тікелей байланыс жоқ.	9. Ілеспе аудармашы өзінің аудиториясын, яғни олардың аударма сапасына реакциясын көріп отырады.

Кестеден көріп отырғанымыздай, ілеспе аударма мен жазбаша аударма арасындағы аударма жасау амалдарының айырмашылығы аз емес.

Аударманың бұл екі түрінің әрқайсысын жүзеге асыра отырып, аудармашы түпнұсқаның көлемі жағынан әркелкі (бірдей емес) бөліктерімен жұмыс істейді. Жазбаша аудармашы сөйлемдерді біртіндеп — бір сөйлемнен кейін екінші сөйлемді, сосын үшінші сөйлемді, осылайша рет-ретімен аударады. Бұл ретте оның қолында түпнұсқа мәтіні тұтастай болатынын атап өтуіміз керек. Сондықтан аудармаға кірісердің алдында аудармашының қалауы бойынша түпнұсқаның басқа бөліктерінің мазмұнымен танысып алу, тұтас мәтіннің құрылымы мен мазмұнын зерттеу, талдау, аударылатын мәтіннің мағынасын өзіндік арнаға салу мүмкіндігі бар.

Ал ілеспе аударма жасау барысында кестенің 1, 3 және 7-тармақтарында көрсетілгендей, сөйленетін сөз сол жерде (осы шақта) туындайды және айтылған хабарлама сол сәтте «жоғалып кетеді», аудармашы өзінің есте сақтау қабілетіне ғана сене алады, сөйленетін сөздің басқа бөліктерінің мазмұнымен танысып алу, оның құрылымы мен мазмұнын зерттеп, талдау мүмкіндігі мүмкіндігі болмайды. Онын



үстіне аудармашы салған жерден дұрыс аударуға тиіс — ілеспе аудармашыға қайта аудару мүмкіндігі берілмеген.

Атқарылуы тұрғысынан алғанда, ілеспе аударманың жазбаша аудармадан айырмашылығы ең алдымен уақыттың шектеулілігімен айқындалады. Мұны ілеспе аударманы зерттеушілердің барлығы атап көрсетеді (Чернов, 1978, Миньяр-Белоручев, 1980, Комиссаров, 2002, т.б.). Түпнұсқаның және аударма процесі нәтижесінің нақтылығы, өзгермейтіндігі жазбаша аудармашының түпнұсқаға әлденеше рет қайта оралуына, сөздіктерді, анықтамалықтарды пайдалануына, тәжірибелі мамандардан консультациялар алуына, өзгерістер енгізіп, түзетулер жасауына мүмкіндік береді, яғни ол мәтінді асықпай ой сүзгісінен өткізе алады.

Ал ілеспе аударма жасау барысында аудармашы тілдік қызметтің екі түрін: сөйленген мәтінді қабылдауды және қабылдау аяқталмай жатып, сөз сөйленетін тілдегі сөйлемді — аударма мәтінін бір мезгілде туындатуды жүзеге асырады. Осылайша бір тілден екінші тілге өту қас қағым сәтте жүзеге асырылып, мұның өзі қосымша ақпарат іздеу, аударма мәтінін сөз сөйленетін тілдегі мәтінмен салыстыру, сөйлемнің басқа нұсқаларын құру және т.б. мүмкіндіктерді болдырмайды.

Жазбаша аудармамен салыстырғанда, ілеспе аудармада келіп түсіп жатқан ақпаратты өңдеу және түрлендіру мүмкіндігі шектеулі. Ілеспе аударма қызметінің қарқыны аудармашыға байланысты емес, ол сырттағы сөз сөйленетін тілде хабарлама жасайтын шешеннің сөз сөйлеу қарқынына байлаулы болады. Бұл — ілеспе аударма жасаудың тағы бір ақиқаты. Ілеспе аудармашының аударма жасауы мен баяндамашының (сөз сөйлеушінің) сөз сөйлеу қарқынының өзара тікелей байланыстылығы да зерттеушілер еңбегінен көрініс тапқан (Ширяев, 1979, Чернов, 1987).

Аударма сапалы атқарылуы үшін шешеннің сөйлеу қарқыны үдеген сайын аудармашының қарқыны да үдеп, ол баяулаған кезде аудармашының қарқыны да баяулай түсуі керек. Бұлай етпеген күнде аудармашы тез сөйлеген шешеннен қалып қойып, ілеспе аударма сөз сөйлеушіге ілесе аударылатын аударма болмай қалады. Ілеспе аудармашының шешен сөйлеу қарқынын өзгерткен кезде одан қалып қоймауы үшін салыстырмалы түрде тұрақты қарқын ұстауы аудармашылардың аударма жасалатын тілдегі мәтін көлемін ұлғайтуы не азайтуы есебінен жүзеге асырылады.

Бұл қалай жүзеге асырылады? Ол үшін шешен баяу, өте баяу сөйлеген кезде ілеспе аудармашы өз сөзіндегі паузаларды нақтылаушы сөздермен, ұғымдармен толтырып, ал орташа қарқынмен немесе тез сөйлеген кезде «мәтін көлемін шешеннің коммуникативтік міндеттерін орындауға зиян келтірмейтіндей дәрежеде қысқарта отырып,

тілдік компрессияны жүзеге асырады»<sup>1</sup>. Ілеспе аудармашы өндейтін ақпараттын көлемі де шешен сөзінің қарқынымен айқындалады.

Жазбаша аудармашы ақпаратты өңдеу қарқынын өзі айқындайды. Мысалы, БҰҰ Хатшылығының нормалары бойынша жеті сағаттық жұмыс күні және машинамен терілген 8 парақ аудару нормасы белгіленген. Осы жағдайда, егер аудармашы өзінің физиологиялық мүмкіндіктерінің шегінде жұмыс істейтін болса, жазбаша аудармашы бір бет мәтін үшін көлемі 80 мыңнан бастап 320 мың bit аралығындағы ақпаратты өңдеуге қабілетті. Мұндай кездерде басқадай тең жағдайлар жасалғанда жазбаша аудармашы сөздіктерден, анықтамалықтардан және осы тақырыпқа бұрын жасалған аудармалардан бір бет мәтін үшін ілеспе аудармашымен салыстырғанда, 16 есе көп ақпаратты өндей алады.

Ілеспе аударма мен жазбаша аудармада мәтінді, ақпаратты қабылдау кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктері және соған сәйкес сипаттамалары бар.

**Жазбаша аудармада бұл кезең кем дегенде екі фазадан тұрады:**

1) аудармаға дейінгі қабылдау — көркем шығарманы бірінші (кейде екінші не одан да кейінгі) рет оқу барысында, аудармашы шығармаға терең бойлап, оны сезінуге, көркемдік құндылығын тануға тырысатын фаза;

2) аудармалық қабылдау — аудару сәтінде нақты сөздерді, сөйлемдерді, фразалар мен абзацтарды қабылдайтын фаза.

Қабылдаудың екінші, бір тілдегі мәтінді екінші тілде фраза-фразамен тудыру жүзеге асырылатын фазасында аудармашы ақпараттын жекелеген элементтерінің (сөздер мен сөз тіркестерінің) мағынасын және аударма жасалатын тілдегі әрбір фразасының мағынасын қабылдай отырып, анализ бен синтезді қолдана жұмыс істейді.

**Ал ілеспе аударма жасау барысында:**

1) тұтас сөйлемде берілетін мағына әлі белгісіз болады;

2) аударма сөзбе-сөз және сөз тіркестері бойынша, яғни фразаның жекелеген бөліктерін қабылдау арқылы жасалатын кездің өзінде сөз сөйленетін тілдегі мәтінді түсіну міндетті;

3) аудармашы сөйлемді толығымен түсінгеннен кейін ғана аударылған сөздерді (сөздер тобын) тиісінше түзетулер жасай отырып, біртұтас фразаға «жинақтайды».

Ілеспе аударма мен жазбаша аударма жасаудың айырмашылықтары болатыны сияқты, аударылған мәтіндердің түпнұсқаға баламалы-

---

<sup>1</sup> *Ширяев А. Ф.* Синхронный перевод: Деятельность синхронного переводчика и методика преподавания синхронного перевода. М. Воениздат, 1979, 183 с.

лығы да әртүрлі болады. Жалпы «баламалылық» термині әдеби аудармаларды сөз ететін зерттеу еңбектерде ұдайы кездеседі. Орыс тілінде бұл термин бірде «эквивалентность», бірде «адекватность» деп қолданылып, кей кезде синоним сөз ретінде түсіндіріліп жүр. В.Н.Комиссаров «адекватный перевод» дегеннің «эквивалентный перевод» дегенге қарағанда, беретін мағынасы кеңірек, ол нақты жағдайлардағы тіларалық коммуникацияның қажетті толымдылығын қамтамасыз ететін жақсы аударма» дегенді білдіреді деп есептейді. Ал К.Райсс пен Г.Вермеердің түсіндіруінше «эквивалентность» термині жеке белгілер арасындағы да, тұтас мәтіндер арасындағы да қатынастарды қамтиды». Екінші жағынан аударма тіліндегі тілдік белгілерді таңдау сәйкестігі «адекватность» деп аталады.

Зерттеушілердің мұндай анықтама беруінің негізсіз еместігін атап көрсете отырып, А.Д. Швейцер «Требование эквивалентности носит, иными словами, максимальный характер либо по отношению к тексту в целом, либо по отношению к его отдельным аспектам. Адекватность же представляет собой категорию с иным онтологическим статусом, ее требования носят оптимальный характер. Она нацелена на лучшее из того, что возможно в данных условиях. ... перевод может быть адекватным даже тогда, когда он не отвечает (или отвечает лишь частично) критериям эквивалентности. Более того, неэквивалентность отдельных фрагментов текста вполне совместима с адекватностью перевода текста в целом» деген тұжырымдама жасайды.<sup>1</sup>

Алайда қазақ тіл білімінде бұл терминдердің мағынасына қатысты мұндай үзілді-кесілді ұстаным жоқ. Баламалылық ұғымын зерделеген Э.Сүлейменова функционалды баламалылық, прагматикалық баламалылық деген ұғымдардың қатарында аудармадағы баламалылыққа да тоқталып, оған «тілдік мағынадағы ұқсастық» деген анықтама берсе, А.Алдашева «қазақ аударматануында «дәлме-дәл немесе балама аударма деген аталымдар бар. Бұның екеуі де «адекватты» деген ұғымды береді... жалпы мағынасы және олар қамтитын ұғым-түсінік бір-біріне мейлінше жуық» деген ой түйеді.

Түп-тамырына үнілсек, «адекватный» деген сөздің латын тіліндегі «adaequatus/приравненный» деген аудармасына сүйене отырып, орыс тілінде «равный/тең; вполне соответствующий/айтарлықтай-ақ сәйкес келетін» деген мағынасы бар екеніне, ал «эквивалент» деген сөздің латын тіліндегі «aequus/равный+valens (valentis)/имеющий силу, значение, цену» деген сөздерден құралып, «бір нәрсеге теңбе-тең немесе бір

---

<sup>1</sup> Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. – М., Наука, 1988. с. 215

нәрсеге сәйкес келеді» деген мағынаны білдіретініне көз жеткіземіз.<sup>1</sup> Яғни бұлар да қазақ аударматануындағы баламалылыққа берілген анықтамалардың орындылығына көз жеткізеді.

Сонымен, жазбаша және ілеспе аудармадағы түпнұсқаға баламалылық қандай критерийлермен өлшенеді?

Аударманың баламалылығын біздіңше мынадай үш өлшем тұрғысынан қарастыруға болады, олар – аударманы оқыған/тыңдаған адамның:

1) түпнұсканы оқыған немесе тыңдаған адам алатын ақпаратты алуын;

2) сөйлеген немесе жазған адамның өзі айтып тұрған мәселеге көзқарасы туралы, оның тыңдарманнан күтер реакциясы туралы түпнұсқа мәтінді оқыған немесе тыңдаған адам алатын әсерді алуын;

3) түпнұсқа мәтінді оқыған немесе тыңдаған адам сөйлеген немесе жазған адамның жеке тұлғасы туралы (мысалы, оның кәсібі, интеллектісінің ерекшеліктері және т.б. туралы) алатын әсерді сезінуін білдіреді.

Бұл өлшемдер түпнұсқа мен аударма баламалылығы үшін аудармадағы мағыналық (семантикалық) дәлдіктің сақталуын (бірінші талап) және стильдік дәлдіктің сақталуын (екінші және үшінші талаптар) көздейді.

Әрине, дәлдік сақтау өте қиын талап. Бірақ дәлдік сақталмаған жағдайда аударманың баламалылығы да сақталмайды. Ендеше ілеспе аудармашыларды даярлау барысында оларға мағыналық дәлдікті сақтау жолдарын үйрету – басты талаптардың бірі болуы керек. Мысалы, аудармада мағыналық тұрғыдан қатенің бар-жоғын анықтауға болады ма? Аударылған мәтінде мағыналық қате кеткенін дәлелдеудің қандай жолдары бар?

Түпнұсқа мәтін мен қорытынды ақпараттың бірдей екендігін сұрақ қоя отырып тексеруге болады. Егер қойылған сұраққа түпнұсқа мәтінді тыңдаған (оқыған) адам мен аударманы тыңдаған (оқыған) адам бірдей жауап бермесе, яғни түпнұсканы тыңдаған (оқыған) адамның мәтін мазмұны бойынша берген жауабы мен аударманы тыңдаған (оқыған) адамның жауабы сәйкес келмесе, онда аударма жасауда мағыналық қате жіберілген деп танылады. Мысалы:

### **Сөз сөйлеуші:**

– Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына америкалық 5 делегат қатысты. *(Дүниежүзі қазақтарының Астанада өткен құрылтайының баспасөз конференциясынан)*

---

<sup>1</sup> Словарь иностранных слов. М., 1989, с 584

**Ілеспе аудармашы:**

– На всемирном курултае казахов приняли участие 5 делегатов из-за океана. («Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына мұхиттың арғы жағынан 5 делегат қатысты»).

Ілеспе аудармада жіберілген мағыналық қатені қазақ тіліндегі түпнұсқа мәтінді және оның орыс тіліне ілеспе аудармасын тындаған адамдарға «Құрылтайға қанша америкалық келді?» деген сұрақ қойып анықтауға болады. Сонда қазақша мәтінді тындаған адам «5» деп жауап берсе, орысша мәтінді тындаған адам нақты жауап бере алмайды, өйткені мұхиттың арғы жағында ондаған мемлекет бар. Бұл жерде орысша аударма қазақша түпнұсқада берілген ақпаратты бермей, қорытынды ақпараттың мағынасы әртүрлі болып шыққан.

Тағы бір мысал.

**Сөз сөйлеуші:**

– Алатау баурайында бобслейшілерге арналған мұзды жол, тау шаңғышыларына арналған трамплин салынады. («Туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобасын талқылау материалдарынан)

**Ілеспе аудармашы:**

– В горах Алатау строят ледовую трассу для бобслеистов, трамплин для лыжников.

Орысша мәтіндегі мағыналық қатені «Трасса и трамплин будет находиться непосредственно на горе или вблизи него?» деп сұрақ қою арқылы анықтауға болады. Бұл жерде де мағыналық дәлсіздіктің салдарынан салынатын объектілердің орны дұрыс көрсетілмей тұр.

Келтірілген мысалдардан аударманы тындаған адамның түпнұсқаны тындаған адаммен салыстырғанда жаңсақ мәліметтер алғанын көреміз. Ал жазбаша аудармада бірінші мәтін «На всемирном курултае казахов приняли участие 5 американских делегата» немесе «На всемирном курултае казахов приняли участие 5 делегата из Америки» деп, ал екінші мәтін «У подножия гор Алатау будет проложена ледовая трасса для бобслеистов, и построен трамплин для горнолыжников» деп аударылып, бастапқы мәтінде берілетін хабарға баламалы болар еді.

Бұл мысалдар аударма дәлдігін тексеру амалын көрсетуді емес, «мағыналық дәлдік» деген ұғымды кеңірек түсіндіру мақсатында беріліп отыр. Өйткені мағыналық дәлдік туралы айтқанда оны буквализммен (мағынасын ескермей сөзбе-сөз аудару) шатастыру жағдайлары кездеседі. (Осы орайда «сенің арқанда күн көрдім» – «на твоей спине увидел солнце» деген атышулы «аударманы» мысалға келтіруге болады). Ал іс жүзінде ілеспе аудармашы мәтіннің мағынасын түсініп, осы мағынаны неғұрлым дәл беретін сөздермен аударуға құқылы.

Стильдік дәлдікті сақтау – ілеспе аудармашы үшін мағыналық дәлдікті сақтауға қарағанда әлдеқайда қиын міндет. Бұл ретте аударма саласында аты белгілі ғалымдардың пікірлері бір жерде тоғысады. «Орыс тілінде шешендік баяндаулар стильдік тұрғыдан алғанда, іскерлік, ғылыми стильге жақын болғандықтан, одан ауытқу нормадан ауытқу, тіпті стильді білмеу деп есептеледі. Ал испан тілі поэзия тіліне жақын, онда асқақ пафосты, патетикалық сөздер, ерекше теңеулер жиі қолданылып, осылай сөйлеу норма, шешендік сөз канондарын орындау болып саналады. Ал испан тілінің стильдік ерекшеліктерін сол күйінде, сөзбе-сөз орыс тіліне аударған кезде түсінбестік, тіпті күлкі тудыруы мүмкін».<sup>1</sup>

Мұндай пафосты сөз сөйлеу қазақ тілді аудиторияда мерейтойлық жиындарда, сайланбалы қызметтерге өту бағдарламаларында көзделген ісшараларда кездеседі. Әсіре қызылсөздік аудиторияға әсер етуді мақсат еткен шешендердің сөздеріне тән болса, ал керекті-керексіз сөздерді пайдалану жұртшылық алдына көп шығып сөйлемеген, жария саясаткерлік тәжірибесі аз шешендердің лексикасына тән. Мұндай сөздерді аударған кезде ілеспе аудармашылар қатты қиналатыны рас.

Өз басым академик Ә.Қайдаровтың «әдеби тілде сөйлеуші және жазушы қауымынан оның қалыптасқан әр алуан стильдік межелері мен нормаларын қатал сақтауын да талап етеді. Бұл арада біз, мәселен, көркем сөз стиліне, ресми тілге, ісқағаздарына тән жаттанды қатып қалған қасан тіркестерді, сондай-ақ қарапайым, ауызекі тіл жүйесінде аққаптал академизмге тән фигураларды немесе көтеріңкі поэтикалық стильге тән патетикалық, пафостық элементтерді онды-солды қолдана беруге болмайды» деген пікірін еске аламын. Шіркін, ірі әріптермен жазып, жиналыс өтетін залдардың қабырғасына іліп қойса ғой!

Шет елдер тілінен ілеспе жасауды зерттеушілер мұндайда аударылатын тілдің стильдік жүйесіндегі шешендердің сөз сөйлеуі үшін қабылданған стильге жақындата аударуды ұсынады. Алайда мұның екінші жағы бар екенін де ұмытпау керек. Бір тілдің шешендік стилін басқа тілдің стиліне ылғи да сала беруге болмайды. Олай еткен күнде баяндама сөз сөйленетін тілдің ұлттық бояуынан (колоритінен) айрылып, аударма жасалатын тілдің ұлттық колоритін сіңіруі мүмкін. Бұл ретте аударма баламалылығы бойынша қарастырылатын үшінші – түпнұсқа мәтінді оқыған немесе тыңдаған адам сөйлеген немесе жазған адамның жеке тұлғасы туралы (мысалы, оның кәсібі, интеллектісінің ерекшеліктері және т.б. туралы) алатын әсерді алуы туралы өлшемнің бұзылуына жол береміз.

---

<sup>1</sup> *Туровер Г.Я., Триста И.А., Долгопольский А.Б.* Пособие по устному переводу с испанского языка для институтов и факультетов иностранных языков Издательство «Высшая школа» Москва, 1967.

## ІЛЕСПЕ АУДАРМАШЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕСІ

Өз ісін шебер меңгерген шетелдік ілеспе аудармашылардың әдетте тұрақты істейтін жұмыстары болмайды. Жұмыстарының ерекшелігіне қарай олар бір конференциядан екінші конференцияға, бір елден екінші елге көшіп жүре береді. Мұндай аудармашыларды біздердегі «еркін суретші» деген мағынадағы «free-lance» деп атайды. Олар – өздерін қызықтыратын тақырып болса, оның үстіне жұмысы үшін қомақты қаражат төленетін болса, қайда шақырса сонда баратын, бүкіл тұрмыс-тіршілігін осындай графикке лайықтап құрған адамдар. Дамыған елдерде жоғары білікті аудармашының абырой-беделі саяси қайраткерлерден кем болмайды деген сөз де жаны бар.

Аударманың ең күрделі екі түрін: ізбе-із және ілеспе аударма жасауды меңгерген біздің елдегі және дамыған елдердегі аудармашылардың еңбектерінің қалай бағаланатынын салыстырып көрейік.

Әдетте, дамыған елдердегі ілеспе аудармашы – бұл айта қаларлықтай ауқатты, атқаратын жұмысына өз талап-тілектерін қойып барып кірісетін, оған қоса өзі қызмет көрсететін (бұл жерде: аударма жасайтын) саяси қайраткерлердің жоғары мәртебесінен, атақ-дәрежесінен үркіп, қысыла қоймайтын адам. Өзін бұлай ұстауына басты негіз – кәсіби біліктілігі, аударма саласының мықты маманы екендігі.

Шет тілдеріне және керісінше аударатын ілеспе аудармашылардың кәсіби біліктілігін тексеріп, оған сәйкестік сертификатын беріп, куәландыратын ұйым – Ілеспе аудармашылардың халықаралық қауымдастығы (АПС) Женева қаласында орналасқан. Бұл қауымдастыққа мүше болу үшін аудармашы бірнеше сатылы сынақтан өтеді. Қауымдастыққа мүше аудармашының деректемелері АПС деректер базасына енгізіліп, бүкіл дүниежүзінде өтетін ісшаралардан тапсырыс алу мүмкіндігі пайда болады. Біздің елден ағылшын/орыс тілдерінің маманы Жоламанов Батырхан – осы қауымдастыққа мүше.

Қазақстанда ілеспе аудармашылар шет тілінен/шет тіліне аударатындар және қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше аударатындар болып шартты түрде екі топқа бөлінеді. Бірінші топтағы халықаралық деңгейдегі жиындарды ілеспе аудармамен қамтамасыз ететін, шетелдіктермен жұмыс істейтін, соған сәйкес шетелдерге шығу мүмкіндігі бар аудармашылардың атқарған жұмысына алар ақысы төмен болмайды. Істеген жұмысына төленер ақы мөлшерін бұл ілеспе аудармашылар өздері белгілейді. Өткізілетін халықаралық жиналыстардың басым көпшілігінде ағылшын тіліне және керісінше аударма жасау талап етілетіндіктен, біздің елде бұл бағытта жұмыс істейтін ілеспе аудармашылар баршылық, олардың барлығымен дерлік түрлі халықаралық жиындарда қатар жүріп, ынтымақтаса жұмыс істейміз.



Ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткен марқұм Онайбаева Роза Әлденқызы — көптеген ілеспе аудармашыларды тәрбиелеген тәлімгер, өте мәдениетті кісі еді. Ілеспе аудармаға ол кісімен қатарласа, өкшесін ала кіріскен белсенді аудармашылар Асылбеков Жалғас, Әлімғожин Талғат, Жоламанов Батыр, Нұрпейісов Тимур, Спанова Шолпан, Суриков Валерий, Лещенко Валерия, Болотова Ольга, Радовский Алексей, Даштамирова Зара, Оксана Зеленская — бәрі де тек қана ілеспе аудармамен шұғылданатын мамандар, батыс тілімен айтсақ «еркін суреткерлер».

Қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше жасалатын ілеспе аудармада шет тілді аудармашылардай еркін қызмет істеуге әлі қол жете қойған жоқ. Мұның объективті себебі — қазақ тіліне аударма жасауға сұраныстың әлі төмен деңгейде екендігі. Екіншіден, қазақ тілді аудармашыларға төленетін еңбекақының мөлшері де тек сол кәсіппен шұғылданып, аландамай өмір сүруге мүмкіндік бермейді. Солай бола тұрғанмен де аударманың бұл түрін игерген аудармашылардың әріптестерінен айырмашылығы, белгілі бір артықшылықтары бар деуге болады.

Ол қандай артықшылықтар?

Ең бастысы — бойында ерекше өнердің болғаны.

Аударманың бұл түрін батыл түрде өнерге тенеуге болады деп ойлаймын. Бұдан біршама уақыт бұрын Сенат аппаратында: «Аударма бөлімінің барлық қызметкерлері ілеспе аударма жасаулары керек» деген пікір айтылып, ілеспе аударманың ерекшелігін біле қоймайтын жана басшы сол пікірді жөн көріп қалған жай болған. Сол саланың маманы ретінде пікірімді білгісі келіп, шақырған басшыға «маманданған аудармашылардан басқа қызметкерлердің қолынан ілеспе аударма жасау келмейді» дегенімде, танданысын жасыра алмай, «Неге? Себебін түсіндіріңізші» деп сұрады.

Сол сұрақ көптеген оқырманның да көкейінде тұруы анық, сондықтан соған жауап бере кетейік.

Орыс халқында «Без ложной скромности» деген сөз бар, бұл — шынайы мақтауға, бағалауға тұрар жайлар туралы әділ бағасын беріп, анығын айту, «мақтанды деп ойлап қалар» деп қысылудың қажеті жоқтығына ишара жасайтын сөз. Сол ұстанымға сүйеніп айтсақ, ілеспе аударма жасау да — кәдімгі ән айту, күй тарту, сурет салу сияқты өнер, адамның бойына жаратушымыз дарытқан дарын, ерекше қабілет. Бұған қарапайым мысалдар арқылы көз жеткізуге болады. Айталық, ойын-тойларда, дастархан басында сол жерде отырған адамдар бәріміз қосылып ән айтамыз. Ал сол адамдардың ішінен сахнаға шығып, оркестрдің сүйемелдеуімен ән айтуға кімнің жүрегі дауалайды? Әйтпесе, мұз айдынына барып, конькимен сырғанап жүрген көптің ішінен



мәнерлеп сырғанау, мұз үстінде билеп өнер көрсету солардың неше-інің қолынан келеді?

Міне, ілеспе аудармашы да – көптеген аудармашының ішіндегі табиғат берген ерен қабілетімен ерекшеленетін жан. Бойында ілеспе аударма жасау қабілеті: екі тілде тез ойлау, жедел аудару, ойды тұжырып, сауатты сөйлем құрау қабілеті болмаса, қандай мықты жазбаша аудармашы болғанымен, осы салаға маманданбаған адамның ілеспе аударма жасай алмайтыны анық.

Рас, үйрену ниеті бар, талпынып, ізденген, еңбекқор адам бұл өнерді игере алады, бірақ оған әжептәуір уақыт, талмай машықтану керек.

Екінші бір артықшылық – ілеспе аудармашылардың мемлекетімізде, қоғамымызда болып жатқан ірі оқиғалардың ортасында жүретіні. Аты аңызға айналған адамдардың сөздерін тікелей ести алатыны, реті келсе олардың сөздерін аударып, көпшілікке жеткізу миссиясын орындайтыны.

Орайы келген соң айта кетейік: ілеспе аударма болғандығымыздың арқасында еліміздегі танымал тұлғалармен қатар, Қазақстанға ресми сапармен немесе ауқымды халықаралық ісшараға қатысу үшін келген көптеген мемлекет басшыларының, көрнекті қайраткерлердің сөздерін аударудың реті келді. Олардың ішінде Түркия президенті Тұрғыт Озалдың сөзін өз аудармашысы бірден қазақ тіліне аударып, мен оны орыс тіліне аударма жасағаным ерекше есімде қалды. Өйткені шет мемлекеттерден келген мәртебелі қонақтардың сөздері әуелі орыс тіліне аударылып, біз оны қазақ тіліне аударатынбыз. Менің тәжірибемде сол тәртіпті бұзған осы жоғары деңгейлі кездесу еді.

Еліміздің астанасы Ақмолаға көшірілген кезде, 1997 жылдың 14 қарашасы күні «Жастар» сарайында Ақмоланың Қазақстан Республикасының астанасы мәртебесіне ие болуына арналған салтанатты жиын өтіп, төрде, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қос қанатында Қырғызстанның сол кездегі президенті Асқар Ақаев пен Өзбекстанның президенті Ислам Кәрімов отырды. Сол жиында тәуелсіз елімізден шыққан алғашқы ілеспе аудармашылардың бірі Кеңес Юсупов аға екеуміз А.Ақаевтың қырғызша, И.Кәрімовтың өзбекше айтылған тілектерін қазақ және орыс тілдеріне аудардық. Нұрсұлтан Назарбаевтың иығына біреуі ішік, біреуі шапан жауып, құттықтау сөздерін өз ана тілдерінде бастаған қос басшы біздің тілімізге тән ықыласты сөздерді де қосып сөйледі. Ілеспе аударма жасалуы тұрғысынан бұл да ерекше жиын болды.

Сондай-ақ ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының Астана сессиясы, НАТО Парламенттік ассамблеясының «Роуз-Рот» семинары, ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының саммиті, оған қоса жыл

сайын өткізілетін Астана экономикалық форумы, «КазЭнержи» форумы, металлургтер конгресі сияқты ірі форматты жиындарда қаншама мемлекеттер, үкіметтер, дүниежүзілік ұйымдар басшыларының сөздерін аудару үлкен мектеп болуымен қатар, естен кетпес оқиғалар да болды.

• **Ілеспе аударма жасап жүрген жылдары мен бірнеше елдің президенттерінің, премьер-министрлерінің, заманымыздың ғұлама жазушылары мен ақындарының, айтулы азаматтардың сөздерін аударып, олардың сөздерінің көпшілікке жетуіне қызмет еттім.**

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық ісшаралар өткізу қажеттігі де көбейді. Алғашқы жылдары шет тілге және шет тілден ілеспе аударма жасау мәселесі біршама қиындық туғызғаны, кейбір ауқымды жиынды өткізу үшін ілеспе аудармашылар Мәскеуден, елшіліктерден алдыртылғаны, шет елдерде қызметте жүрген мамандардың тартылғаны есімізде. Көп ұзамай-ақ мұндай кәсіби деңгейде аударма жасайтын білікті ілеспе аудармашылар тобы өз елімізде де қалыптасты. Бүгінде Алматыда, Астанада шет тілдеріне және керісінше ілеспе аударма жасайтын бірнеше кәсіби маманданған топ жұмыс істейді.

### **ІЗБЕ-ІЗ АУДАРМА ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ АУДАРМА ЖАСАУ ҮШІН ТӨЛЕНЕТІН АҚЫ**

Жасыратыны жоқ, біздің елімізде ізбе-із аударма жасаушылардың және ілеспе аударма жасаушылардың еңбегіне ақы төлеуді реттейтін ешқандай нормативтік-құқықтық акті жасалмаған. Оның бір себебі — аударма жасаудың біз сөз етіп отырған ізбе-із аударма жасау, ілеспе аударма жасау сияқты түрлері біздің елімізге бертінде, Тәуелсіздіктен кейін келгендігінде. Екінші себебі мұндай тарифтің болуын қажет ететіндер санының, яғни ілеспе аудармашылардың аздығында болса керек.

Жалпы, шығармашылық саласында қаламақы төлеу мәселесі — біздің ел қаламгерлерінің үнемі көтеріп жүрген мәселесі. Қаламгерлер ауыз жетер жерге айтып, аяқ жетер жерге барғанымен, ол мәселе әлі шешімін таппаған күйде қалып отырғаны да белгілі. Аудармаға қаламақы төлеу де солардың қатарында. Ал ілеспе аудармаға келетін болсақ, бұл — тіпті қозғалмаған мәселе. Өйткені ілеспе аударма — шығармашылықтың енді ғана пайда болған түрі. Кеңестік дәуірде қалыптасқан жазбаша аудармашыларға қаламақы төлеудің нысандарын ізбе-із және ілеспе аударма жасаушыларға қолдануға мүлде келмейді.

Бұл орайда Қазақстандағы шет тіліне және керісінше ілеспе аударма жасаушылар өз мәселелерін оңай шешкендігін айта кетуіміз

керек. Олар шет елдерге барса, сол елдердегі, ал ТМД елдеріне барса Ресейдегі еңбекақы төлеу жүйесін қолданады. Өріптестеріміз ТМД елдерінің барлығында да ілеспе аударма жасағаны үшін төленетін ақы Ресейдегі ақымен салыстырғанда, әлдеқайда төмен екендігін айтып отырады.

Қазақстан жерінде өтетін ірі халықаралық жиналыстарда шет тілдік ілеспе аудармашылардың еңбегіне төленетін ақы мөлшерін сол аудармашылардың өздері белгілейді. Бұл ретте кәсіби деңгейі жоғары аудармашылардың өз жұмысына сұрайтын ақысының мөлшері де қомақты болатыны түсінікті. Басқа қалада өткізілетін жиналысқа баратын жол шығынын (әдетте авиабилет құнын), ол жақта қонақүйде тұру және тамақтану ақысын да шақырушы тарап көтереді және бұл ілеспе аудармашының жұмысына төленетін ақының есебіне кірмейді. Ал қазақ тілінен орыс тіліне және керісінше ізбе-із және ілеспе аударма жасау үшін төленетін ақы бұл сандардың маңына да жуымайды.

Біз бұл сөздерді Мәскеуде жұмыс істейтін бірқатар аударма бюроларын зерделеп, ([www.mirperevod.ru](http://www.mirperevod.ru); [www.sinkhront.ru](http://www.sinkhront.ru); [www.kontekst.ru](http://www.kontekst.ru); және т.б.) олардың өздері көрсететін қызметке қойған бағаларына сүйеніп айтып отырмыз. Көзін жеткізгісі келген адам оларды Интернеттен оп-оңай тауып алады. Бір айта кетер жай: Мәскеудегі «Синхрон плюс» компаниясы ілеспе аудармашыларды дайындау курсы өткізіп тұрады, қатысу үшін бір тыңдаушы шамамен 500 АҚШ доллары көлемінде ақы төлеуі тиіс.

Орайы келгенде ілеспе аудармашылардың еңбегіне ақы төлеу біздің елімізде де шешімін табуы Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап ана тіліміздің қолданылу аясының кеңеюі үшін қызмет істеп жүрген сирек мамандық иелерінің еңбегін кеш те болса лайықты бағалауға негіз болар еді.

Бұлай деуімізге алғашқы ілеспе аудармашылар легінде жұмыс істеген біздердің еңбегіміз лайықты бағаланбауы себеп болып отыр. Жиналыс өткенге дейін алды-артынды орап, зыр жүгіретін ағайынның ісшара өте салысымен өзгере қоятынын; өзі ана тілінде дұрыстап амандаса алмайтын адамдардың қазақ тіліне аударма жасау оңай деп санайтынын; шетелдіктерге төлем жасарда мәрттік танытатын бауырларымыздың өз тілімізге келгенде тиын санап қалатынын талай көрдік.

«Қорқақты қуа берсе, батыр болады» деген сөз бекер айтылмаған. Мың құбылған заманда құбылмалы адамдар көп болатынына көз жеткізіп, өз құқықтарымызды қорғауды үйрендік. Қандай да бір ісшараны өткізерде оның бюджеті белгіленетінін, онда аудармаға арнайы ақша бөлінетінін білетіндіктен, шарт жасасатын болдық. Төлем мөлшері жағынан шет тілдеріне аударма жасайтын мамандардың деңгейіне жете қоймасак та, еңбегімізді жегізбейтін күйге жеттік. Сонда да бол-

са, ілеспе аудармашы еңбегіне лайықты ақы төлеу мәселесін толығымен шешілді дей алмаймыз.

Мысалы, еліміздегі барлық жиналыстары ілеспе аударма жасала отырып өткізілетін Парламентте (мен қызмет істеп жүрген жылдары) ілеспе аудармашыларға айлығына қосымша 10 мың теңге төленетін. Салыстырып қарайық: Астанада өтетін кең форматты жиындарға БҰҰ-ның кәсіби аудармашылары шақыртылады. Біреудің қалтасындағы ақшаны санау әдептілікке жатпайтынын білеміз, дегенмен «естіген құлақта жазық жоқ», сондай халықаралық ішаралардың бірінде ілеспе аударма жасау үшін келген аудармашылар әр күні үшін 200 АҚШ доллары мөлшерінде ақы алатынын естігенде, қазақ аудармашылары өз құлақтарына сенбеген. Бірақ бұл – шындық.

• **Ілеспе аудармашыларды кәсіби тұрғыдан даярлайтын мектептер бұрын аса көп болған жоқ. 1948 жылдан бастап Женева аудармашылар мектебінде жылына 1-2 ілеспе аудармашыны дайындап шығарады екен.**

• **1962 жылдан бастап Мәскеудегі М.Торез атындағы шет тілдер педагогикалық институты жанынан құрылған БҰҰ аудармашыларының курсы жыл сайын 5-7 ілеспе аудармашы дайындап шығаратын болған. Мұның өзі ілеспе аудармашы мамандығының қаншалықты қиын әрі күрделі екендігін білдірсе керек. 1971 жылдан бастап институт жанынан Аудармашылардың жоғары курсы ашылды.**

• **Шет елде мұндай мамандар Вашингтондағы Джорджтаун университетінде, Гейдельбергтегі, Лейпцигтегі, Париждегі аудармашылар мектебінде дайындалады. Бұл оқу орындарын бітірген мамандардың деректемелері ілеспе аудармашылардың халықаралық АПС деректер базасында ерекше белгімен белгіленеді.**

• **Қазіргі кезде ілеспе аударманың қажеттілігі артуына қарай барлық елдерде аударма агенттіктері жанынан ілеспе аудармашыларды дайындайтын курстар жұмыс істейді.**

• **Қазақстанда Абылайхан атындағы шет тілдері мемлекеттік университетінде, басқа да жоғары оқу орындарының аударма факультеттерінде орыс тілі-шет тілі бағытындағы ілеспе аудармашылар дайындалады.**

## **ІЛЕСПЕ АУДАРМА ЖАСАУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР**

Мамандар ілеспе аударма жасаудағы негізгі қиындық туралы айтқанда, зерттеушілер де, аудармашылар да ең алдымен бір мезгілде тындау және сөйлеу қажеттігі туындататын психологиялық-физиологиялық қиындықты ауызға алады. Күнделікті тіршілікте біз өзімізге қарата айтылған сөзді әуелі тындап алып, сосын жауап беруге дағдыланғанбыз. Басқаша жағдайларда қалыпты ой тұжырып,

сөйлеу қиын. Тіпті біреулер сөзінді бөліп жібергенде немесе бірнеше адам даурығып, қатар сөйлегенде, айтар ойыннан жаңылып қаласын. Сондықтан бір мезгілде әрі тыңдап, әрі сөйлеу — қиынның қиыны. Арнайы дайындығы жоқ адамға ілеспе аударма жасатып көрсеніз, ең күштегенде екі-үш сөйлемді аударар, одан арғыға шамасы келмейтіні анық. Бұған талай рет, ілеспе аударма жасаймын деген адамдарды сынақтан өткізіп жүріп, өзіміздің көзіміз жеткендіктен, сеніммен айта аламыз.

Бір айтқан сөзінді қайталап түзетудің қиындығын сезіну де адам санасына психикалық салмақ түсіреді. Себебі аудармашы ба-яндамашының айтқанын қате аударса, оның арты түсінбеушілікке, адамдар арасындағы қатынастың бұзылуына, пікір қайшылығына, белгілі бір көзқарасты ұстанушылар арасындағы текетіреске әкеп соғады. «Ошибка — смерти подобно» деген сөз бар ілеспе аудармашылар арасында. Әрине, қате аудармадан сол сәтте ешкім өле қоймаса да, «өлімнен ұят күшті» екендігін білдіретін сөздер. Екінші жағынан айтқаныңды түзетіп отыруға уақыт тар, себебі аудармашы қателесіп кетсе де сөз сөйлеуші сөзін доғарып, аудармашыны күтіп тұрмайды.

Баяндамашының сөзін естімей қалу, қағыс есту қиындығы туралы да айта кеткен жөн. Ілеспе аудармашы кабинадан шығып, «сөзіңізді қайталаңызшы» деп өтіне алмайды. Ілеспе аудармашы үшін жақсы сөйлеу мен жақсы есту бірдей керек қасиеттер. Тап осындай: естімей қалу, қағыс есту салдарынан аударманың бұрмаланып кететін кездері болады. Қырсыққанда, тап сен естімей қалған тұста залдағы жұрттың неге кобалжып, күбір-сыбыр көбейіп кеткенін немесе жиналғандардың бір бөлігінің неліктен қыран-топан болып күліп, ал екінші жартысының кабина жаққа жалтақтап қарап отырғанын көріп, не айтарыңды білмей дал болатын жай көбінесе ілеспе аудармаға енді келгендердің басында кездеседі.

Аударма жасап жүргендер орыс тіліндегі мәтін мен қазақ тіліндегі мәтіндегі сөйлемнің ұзақтығына қатысты айырмашылықты біледі: әдетте, қазақ тіліндегі мәтін ұзағырақ болады. Оның үстіне орыс тілінде қысқартып айта салынатын сөздерді (мысалы, «СВМДА», «ШОС», Казпотребсоюз, Госматрезерв, т.с.с) қазақ тілінде міндетті түрде таратып айту керектігі де ілеспе аудармашыға сөз сөйлеушіден қалып қоймау жөнінде күрделі лингвистикалық міндет жүктейді.

Сол сияқты, орыс тіліндегі кейбір терминдердің ана тілімізде бір сөзбен берілетін баламасы болмауы да **(альтруизм — өзгеге қамқоршылық; амнистирование — рақымшылық жасау; априорный — тәжірибеге қатыссыздық; мизантропия — адамдарды жек көрушілік; мигранты — көшіп-қонушылар; нападение — шабуыл жасау; наукоемкий — ғылымды көп қажет ететін; эксгумация — қабірдегі мәйітті қазып алу, т.с.с)**

казак тіліндегі мәтіннің ұзынырақ болуына әкеледі. Бұл да — баяндамашыдан қалып қоймау керектігін білетін аудармашы санасын қосымша қамшылайтын жай екені түсінікті.

Жиі кездесетін қиындықтың бірі — баяндамашылардың өз сөздерін қағазға қарап тұрып, тоқтамастан оқып шығатындарына байланысты. Мұндай қарқынмен оқылған баяндамаға ілеспе аударма жасау түгіл, сол тілде қайталап айтып шығудың өзі мүмкін емес. Әдетте, өркениеттілік, жоғары біліктілік туралы сөз бола қалса, батысқа сілтеме жасап, шетел өмірінен мысал айтуға шеберміз ғой. Біз де сол дәстүр бойынша мысал келтіре кетейік.

Ілеспе аударма жасау үшін жабдықталған ең үлкен зал Парламентте ғана болғандықтан, Астанада болады деп шақырылған түрлі халықаралық конференциялар мен семинарлар да көшіп келген жылдардан бастап, Тәуелсіздік сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы сияқты ірі мәдениет ошақтары салынғанша сонда өткізіліп, олардың жұмысын ілеспе аудармамен қамтамасыз етуге парламенттік аудармашылар тартылып келді. Ал конференция өткізетін бірнеше залдары бар заманауи қонақүйлер кешендері пайдалануға берілгелі бері де халықаралық деңгейдегі жиындарды ілеспе аудармамен қамтамасыз етуде орысша-казакша аударма жасауда әлі күнге дейін Парламент аудармашыларына иек артылып келді.

Парламентте қызмет еткен жылдары халықаралық конференцияларда ілеспе аударма жасай жүріп бір байқағанымыз — шетелдік қатысушылар, әдетте, біздердегідей қағазға жазылған мәтінді зуылдатып оқымайды екен. Мінберге шығып, айтылар мәселеге өз көзқарасын, тұжырымдалған ойын асықпай, ауызекі баяндап береді. Сөйлемі де ащы ішектей созылып, шұбатылып жатпайды. Ең бастысы, шетелдік қонақтарымыз өз сөзінің аударылып жатқанына мән беріп, аз-кем пауза жасап сөйлейді. Ал екпіндетіп бара жатқан баяндамашыға төрағалық жасаушы: «Айып етпеніз, сәл баяулау сөйлесеніз. Аудармашылар үлгірмей жатыр» дегенін естігенде, тіпті риза болатынбыз.

Ол-ол ма, ағылшын тіліне аударатын әріптесіміздеріміздің өздері микрофонға «Баяулау сөйлеуді өтінеміз» деп айтқандарын талай естідік. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» дегендей, біздің шешендеріміздің де тым асығып-аптыққан сөздерін аударып үлгіре алмаған кезімізде «баяндамашы өте тез сөйлегендіктен, үлгіру өте қиын» деп немесе микрофонын қосуды ұмытып кеткен кісілердің сөзін аудару үшін «шешеннің микрофонын қосуды өтінемін» деп ескертіп қоюды үйрендік.

Бұлардан басқа техникалық сипаттағы қиындықтар да болады, олар: аудармашылардың арнайы жабдықталған жеке кабиналарға отырғызылмауы, бірнеше тілге аударатын ілеспе аудармашылардың

бір бөлмеде, бір-біріне өте жақын отырғызылуы, аудармашылардың алдына сөйлеушіні көріп отыратын монитор қойылмауы, ілеспе аудармашы мен жиналыс өтетін залдың арасында көзбен көретін байланыс («визуальный контакт») болмауы, тіпті ілеспе аудармашылардың тамақ жібітіп отыратын сумен қамтамасыз етілмеуі және т.б. Бұл жағдайлардың ескерілмеуі түптің түбінде аударма сапасына әсер етеді, сондықтан конференцияны ұйымдастырушылар үшін назар аударуға тұрмайтын, «майда-шүйде» нәрсе болмауы керек.

## СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ АУДАРМА

Кейде тыңдаушылар тәп-тәуір қабылдаған сөздің аудармасы келіспей жатады, ал енді бірде сөйлеушінің абдырап, сасып, «үзіп-жұлып» айтылған, ол аз болғандай «жаңағы», «мысал үшін», «ы-ы-ы», «значит», «короче» деген сияқты қыстырма «паразитизмдерге» толы сөзі тәп-тәуір аударылып жатады. Енді бірде аударма жасап отырған ілеспе аудармашыны өз мамандығын игермеген деп айыптай алмайсыз, бірақ тыңдаушыларға карап, сөйленген тілде алынған әсердің аударылған тілде тыңдағандарға жетпегенін байқаймыз. Яғни бұл ретте ілеспе аударма мақсаты орындалмаған. Мұның себебі неде? Және оның алдын алудың жолы қандай?

Ілеспе аудармашылар ұстанатын ережелердің бір тобы әлеуметтік-психологиялық бағытта түзіледі. Оларда аудармашының тілді білуімен қатар аударма ахуалын игеруі қажеттігі алдыңғы планға шығарылған. Аудармашы өзіне белгіленген рөлді, әлеуметтанушылық тұрғыдан алғанда аудармашы «рөлін» ойнай білуі шарт. Егер ол өзінің рөлін дұрыс ойнайтын болса, онда аудармашы мен оның аудармасын тыңдаушылардың арасында сенім пайда болады. Бұл – аудармашы мен аудармаға деген сенім «әлеуметтік сенім» деп аталады. Яғни бұл жерде сенім тыңдаушының аудармада айтылғанның барлығы да ақиқат деп түсінуін емес, аудармашы дұрыс аударып отыр және ол өз кәсібіне лайық болу үшін қажетті талаптың барлығын орындап отыр деп қабылдауын білдіреді.

Ілеспе аудармашы қалай жұмыс істегенде, аудиторияның сеніміне ие болады деген сұраққа жоғарыда келтірілген мысалға сүйене отырып: әрине, міндетін қиналмай, еркін атқарған кезде деп жауап беруге болады. Себебі бізде суретшінің қылқаламын кенепке оп-онай сүйкеп сурет салуы, балеринаның сахнада ұшып жүргендей болып билеуі, цирк артисінің небір күрделі трюктерді ойнап жүріп орындауы – өнердің, көркемдік биіктіктің өлшемін осылай қиналмай, еркін атқарумен байланыстыру қалыптасқан. Сондықтан қалықтап билеп жүрген балет артисі өз өнеріне қалай сендірсе, өз жұмысын қиналмай, еркін атқарып отырған ілеспе аудармашы да өз біліктілігіне сенім ұялатады.



Бірақ осы сенімге ие болудың қаншалықты қиын екені қарапайым көпшілікке белгісіз. Өйткені көпшіліктің санасында мінберге шыққан, сөзі аударылатын адамдардың (баяндамашының) барлығы сондай қызмет көрсетілуге лайық: білімді, өз ойын нақты жеткізе алатын, сөйлемді сауатты құрай алатын тұлға деген сенім қалыптасқан. Яғни көпшіліктің пікірінше, ондай адамның нашар сөйлеуі мүмкін емес. Осыған негізделіп шығарылатын қорытынды да түсінікті: егер ақпарат тындарманға дұрыс жетпесе, онда аудармашының нашар болғаны. Шындығында үнемі солай болады ма? Бірнеше мысалдар келтірейік.

Мінбеде шешен сөз сөйлеп тұр делік. Оның даусы жағымды, сөйлеу екпіні де тым жылдам емес. Солай бола тұрғанмен де оны аудару аудармашыға қиынға соқты. Неліктен?

Шешеннің сөзіне құлақ түрген адам оның сөзінде «үзіп-жұлынған», бас-аяғы жоқ, бітпей қалған сөйлемдердің көптігін бірден байқар еді. Сөйлеушінің бұлай сөйлеуінің бірнеше себебі болуы мүмкін, олар: а) сөйлеуші ойын алдын ала іштей тұжырымдап алмаған, ә) сол сәтте тіліне сәтсіз оралған тіркестерден кейін сөйлемді қалай аяқтарын білмей қалған, б) сөйлеп тұрғанда жылт ете қалған жаңа ойдың жетегінде кетіп, алғашқы ойын аяқтамаған (ұмытып қалған), в) белгілі бір ахуалдардан алып шығар қажетті сөздік қоры жоқ, г) жалпы сөйлеу мәдениетін игермеген және т.с.с.

Әдетте жұртшылық мұндай жағдайлар қарапайым адамның басында болады, яғни көпшілік алдына, үлкен жиын мінберіне сауаттылық дәрежесі төмен, біліктілігі жеткіліксіз, өмірлік тәжірибесі жоқ адам шыққан жағдайда болады деп ойлайды. Ұзақ жылғы ілеспе аударшылық қызметімізде бұл тұжырымның қате екендігіне талай рет көз жетті. Өкінішке қарай, мұндай кемшілік халықпен тікелей араласып, жүзбе-жүз пікірлесіп үйренбеген көп саясаткерге де тән. Бірақ жұртшылық саясат серкелерінің өздерін үйіріп әкетіп, көсіліп сөйлей алмағанына кешіріммен қарағанмен, қарапайым аудармашының күмілжіп, әр сөзіне сүрініп сөйлегеніне кендік таныта қоймасы анық.

Біздің ойымызша, бұлай қарау қарапайым көпшіліктің ілеспе аударма ахуалын стереотипті бағалауынан туындайды. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, жұртшылық санасында орныққан («аса беделді, құзыретті, білікті адамдардың сөздері аударылады» деген) ұғым бойынша, олар мұндай адамдардың сөздерінің сауатты, айтар ойы логикалық түрде байланысқан, дәлелдері мен дәйектері қисынды болуын күтеді. Себебі сөйленетін сөздің логикалық байланысты шығуы – сапалы ойлау көрсеткіші деп саналады. Ал енді, ілеспе аударма ахуалының беделді қатысушысы өз сөзін логикалық тұрғыдан байланыстырмай, сөйлемін сауатты құрмай, ойын жинақтай алмай, асып-сасып сөйлейтін болса, тындаушылар жоғарыда келтірілген стереотип негізінде,



бәрібір түпнұсқа емес, аударма нашар деп бағалауға бейім болады. Бұл — ілеспе аударма айналасында жүретіндерге белгілі жай. Сондықтан да біз бұл салаға енді келген жас әріптесімізге «өнбес дауды кумай», ілеспе аударманы сапалы атқаруға кедергі келтіретін жайларды болдырмауды ұсынамыз.

Ілеспе аудармашының өз жұмысын жақсы атқаруына кедергі келтіретін жоғарыда айтылып кеткен бір жайға арнайы назар аударма кеткім келеді, ол — біздің ағайынның «жанағы», «яғни», «мысал үшін» деген «паразит» сөздерді көп қолдануы. Әдетте, мұндай сөздерді тап сол тақырыпқа сөйлеуге дайындығы жоқ немесе сөздік қоры жұтаң, айтар ойын жеткізе алмайтын адамдар жиі қолданады. Тіпті бір сөйлемде «жанағы» деген сөзді бірнеше рет қайталайтындар да бар. Қазақ тілін түсінбейтін адам қайдан білсін: шешен тәп-тәуір сөйлеп тұр деп ойлайды. Ілеспе аудармашының екі-үш сөзден кейін қайталаған «жанағыны» аудармай, сөйлеушінің нақты, тұжырымдалған сөзін күтіп, кідіруі тіл білмейтін адамға «аудармашы аударма алмай отыр» деген ой тудыраы анық.

Мұндайда, мәжбүр болған кідірістерді толтыру әдісі қолданылады. Ол үшін ілеспе аудармашы сөз сөйлеушіден оза ойлап, оның айтпақ ойын болжай білуінің мәні зор. (Ілеспе аударманы сапалы аудару үшін өзіміз қолданатын — болжамдау әдісі туралы кейінірек айтылады). Содан кейінгі амал — техникалық әдіс: сол сала бойынша аудармашыға белгілі, қоғамдағы ұстанымға сай ақпаратты толып жатқан «жанағылардың» есебінен сыналап қана мәтінге кіргізу керек.

Біз келтіріп отырған «жанағы», «яғни» деген мысалдарға қарап, мұндай кемшілік тек қазақ тілді сөз сөйлеушілерге тән деген қорытынды шығарылмауы керек. Шешендер сөзіндегі кедір-бұдырлықтар қай тілде болсын кездесетіні ұлттық ерекшелікті емес, сөйлеушінің сөйлеу мәдениетінің төмендігін көрсетеді. Өзара пікір алмасқан кезде тілдегі мұндай кедір-бұдырлықтар, жаргон сөздердің қолданылуы туралы шет тілдерінен ілеспе аударма жасайтын әріптестеріміз талай рет айтты (ол мысалдар сәл төменірек келтіріледі). Солай бола тұрғанмен де, ілеспе аудармаға қойылатын жазылмаған заңның тағы бір талабы — аудармашының тілінің таза болуы, мәдениетті сөйлеуі. Дөрекі сөздер айтылып жатса да, аударылған тілде оны майдалап, көңіл қалдырмастай етіп жеткізіп, болмаса «бұл жерде аударылмайтын лексика қолданылды» дегендей сөздерді пайдаланған жөн.

Ілеспе аударма жасау тәжірибемізде өзіміз де ондайды талай рет бастан кешірдік. Бір аты белгілі, сол сәтте әлденеге ашулы саясаткердің өзі ұнатпайтын адам туралы сөйлегенде: — «выставил свою рожу», — деп кіжінгені, атқарушы биліктің бір өкілі көпшіліктің сынына шыдамай «Не надо на меня наезжать» деп сілкіне сөйлегені, тек қазақша

сөйлейтін ағамыздың «айғыр қанша кісінесе де байтал буаз болмайды» деп састырғаны, тағы бір жиналыста сөз сөйлеушінің айтылған сөздер туралы «весь этот словесный понос» деп «пікір» айтқаны, т.с.с. мысалдар есімізде.

Бізде олардың жігін жатқыза аударудан басқа амал жоқ, әрине.

• **Әсірелеген, аллегориялы, ауыспалы мағынадағы сөздерді тура мағынасында аударған дұрыс. Себебі орыс тілінде бір мағынада айтылған сөз қазақ тілінде басқаша мағына беруі мүмкін. Бірде, қарулы қақтығыс себепшісі болған отбасына байланысты «Там у каждого члена семьи по пушке» деген сөз айтылды. Бұл жердегі пушка – зеңбірек емес, «мылтық», «қару» деген ауыспалы мағынада қолданылып тұр.**

Қысқартылған сөздерді, жаргондарды, жастардың аузындағы сәнге айналған («сленг») сөздерді аудару да біраз тер төгуді қажет етеді.

Мысалы, жастардың бір акцияны қалай өткізгеніне байланысты жиында сөз сөйлеген жігіт: «Я свое отбарабанил, а за остальных пусть начальство печалиться» деді. Бұл жерде «отбарабанил» дегені сөйлеушінің барабан ойнағанын білдірмейтіні белгілі. Аудармашы, біріншіден оның дауыс интонациясын «қалыпты» етіп, екіншіден оның белгілі бір жұмысты аяқтағанын білдіретін етістікті қолданып аударма жасауы керек. Сөйлемнің екінші бөлігіндегі «печалиться» дегенін аударғанда да осындай қосарлы міндетті атқарады.

Саяси сахнада өзара үндес пікірлерімен жиі көрініп жүрген адамдар туралы «Бұл екеуі «апама жездем сай» боп қосылған жұп» деген пікір айтылды. Яғни оны аударған кезде бұл адамдардың бір-біріне қай жағынан болсын сәйкес келетіндігіне мән берілуі керек. Сондай-ақ қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелері қаралған бір жиналыста сезікті адамға қатысты «Вам только кажется, что он белый и пушистый» деген сөздерді жас әріптесіміз «аппақ және үлпілдек адам сияқты көрінеді» деп аударып жіберді. Осылай, бұл сөздердің адамның сыртқы түр-түсіне қатысты емес, оның кінәлі не кінәсіз екендігі туралы айтылып отырғанын түсінген аудармашы мен түсінбеген аудармашының аудармаларында айырмашылық жер мен көктей болады.

Леспе аудармашының жұмысы өте ауыр екені белгілі және оның жұмысында кездесетін қиындықтар өте сирек, айында-жылында бір-екі рет болатын жайлар емес – бұлар кәсіби ілеспе аудармашы өз өмірінде күнбе-күн дерлік бетпе-бет келетін сынақтар. Күн сайын жүйке жүйесін ширатып, жүрек қағысын жиілететін, қан қысымын бір көтеріп, бір түсіретін бұл сынақтан кім қалай өтеді? Қалай өтпек керек?

Бұл ретте мәселе тағы да аудармашы біліктілігіне, оның мәдениеті мен жүктелген істі атқарудағы жауапкершілігіне, айтылған сөзге лайықты балама таба білу шеберлігіне келіп тіреледі. Осы орайда

аударманы ғылыми тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірі Ә.Сатыбалдиевтің «Аудармашылық — нағыз творчестволық өнер. Ол әркімнің қолынан келе беретіндей еріккеннің ермегі емес. Аудармашы екі тілді де жетік білуімен қатар әрі жазушы, әрі ғалым болуы тиіс. Аударма сапасы оның талантына, біліміне, жалпы мәдени дәрежесіне және тәжірибесіне байланысты»<sup>1</sup> деген сөздері өте орынды. «Қиыннан қиыстырар ер данасы» деп Абай атамыз айтқандай, ілеспе аударма саласында да жасаған аудармасына қарап, сөз сөйлеген шешен құрылысшы болса, құрылысшы екен деп, дәрігер болса медициналық білімі бар екен деп, қаржыгер болса — ақша-қаражат мәселесімен айналысқан адам болар деп қалатын аудармашылар бар екені қуантады.

Мұның бәрі, әрине, жекелеген ілеспе аудармашының талантына байланысты. Бұл ретте ілеспе аудармашылардың бойында да өнер бәсекесіне түскен әнші, биші, музыкант сияқты іштей бәсеке болатынын жоққа шығармауымыз керек. Сондай-ақ бір ерекшелігі ілеспе аудармашылар арасындағы бәсекенің оң әсері басым. Бәсекелес ілеспе аудармашылардың жиыннан жиынға өздерінің өнерлерін ұштай түсетіндерін ісшараны ұйымдастырушылар да, жиынға қатысушылар да байқайтыны сөзсіз. Ілеспе аударма тарихында аудармашының осындай өнерімен небір тығырықты жерлерде жол тапқаны жайлы оқиғалар жиі мысалға келтіріледі. Біз де аударма жасаудағы ең басты факторға арнайы назар аударғанды жөн көреміз. Ол — ілеспе аудармашы тұлғасы.

## ІЛЕСПЕ АУДАРМАШЫ ТҮЛҒАСЫ

Бұл тақырыпты сөз еткенде, айдай анық нәрсені дәлелдеп жатпау үшін атақты ғалым Л.Бархударовтың «Ғылыми негізделген аударма теориясынсыз бүгінде сәтті аудармашылық практика болуы мүмкін емес, бұл — ақиқат және онымен дауласудың еш реті жоқ. Солай бола тұрғанымен, аударма теориясының ережелері мен принциптерін білу аудармашының шеберлігін алмастыра алады деп үстірт ойлау мүлде орынсыз. Аударма ауқымы ғылымнан да кең құбылыс екенін әрдайым есте ұстаған жөн. Бұлай істей алу екінің бірінің қолынан келмейді, ал сапалы аударма дегеніміз өнермен тен» (*аударма біздікі*) деген сөздеріне сілтеме жасау жеткілікті.

Шындығында да, ақпаратты сөз сөйленген тілден аударма жасалатын тілге жеткізу барысында негізгі функция — аударма жасау функциясын тіларалық коммуникацияны жүзеге асыру үшін қажетті екі тілді де меңгерген тұлға ретінде жүзеге асыратын ілеспе аудар-

---

<sup>1</sup> Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Алматы, 1965

машының көтерер жүгі ауыр-ақ. Бұл істе кәсіби ілеспе аудармашының аса жоғары деңгейін көрсететін белгі — оның екі тілді де еркін меңгеруі. Ал ілеспе аудармашының қызметі белгілі бір зияткерлік әзірлікті талап ететіні — дау тудырмайтын мәселе. Алайда бұл ілеспе аудармашы жұмысының басқа маңызды қырларын — аудармашы бойында ақпаратты есте сақтау, оның мағынасын дәл түсіну, сөйлемді сауатты құрау, бір мезгілде әрі тындай, әрі сөйлей білу сияқты қабілеттер болуы керектігін жоққа шығара алмайды.

АҚШ-тың жеті президентімен жұмыс істеген, ілеспе аударманың аса жоғары дәрежелі маманы деп танылған аудармашы Гарри Обст өз естелік жазбаларында: «Сөз сөйлейтін шешенмен бірлесе жұмыс істеу қажеттігі ең алдымен жұрттың бәрі бірдей тіпті өзінің ана тілінде де ойын дұрыс, нақты әрі көркем түрде білдіре алмайтындығынан туындайды және бұл мемлекет қайраткерлері мен саясаткерлерге де тән» (*аударма біздікі*) деп жазады.<sup>1</sup>

Сөйлеушінің (баяндамашының, шешеннің, оқытушының) сөзін аудару процесінде ілеспе аудармашы оны тындай отырып, аударма жасалатын тілде аударманың барлық бірліктері (жекелеген сөздер, бірнеше сөздерден тұратын өзіндік ерекшелігі бар құрылымдар және жекелеген сөйлемдер) үшін барабар баламалар табуға тиіс. Себебі сөйлеу тілінен аударма тіліне жасалатын аударманың әртүрлі деңгейдегі бірліктерінің (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) айтарлықтай дәрежеде дұрыс айқындалған құрылымдық-семантикалық баламалылығы болған жағдайда ғана жасалған аударма әрі нақты, әрі түпнұсқаға баламалы болады.

Аудармашы қызметінің шығармашылық сипаты ілеспе аударма жасау барысында қалайша көрініс табады? Баяндамашыны тындаған адам мен аудармашыны тындаған адамның бірдей ақпарат алуы, аударманың түпнұсқа мәтінге баламалы болып, оның мазмұны, құнды деректері, көпшілікке арналған мәліметтерінің сақталуы үшін қандай амалдар қолданылуы керек? Аударманың сәттілігінің қандай белгілері бар?

Бұл сұрақтарға қайтарылатын жауап өте қарапайым. Аудармашы ең алдымен екінші тілде (аударма тілінде) сөйлемді сауатты құрай білуі керек. Аударма сәттілігінің тағы бір белгісі — ілеспе аудармашы сөйленген сөзді тындарманға түсінікті ғана емес, тартымды етіп, сөйлеушінің эмоциясын сақтай отырып жеткізе алуы.

Әрине, мінберге көтерілген немесе көпшілік алдына шыққан сөйлеуші ойы жүйрік, тілі шешен, сөздік қоры мол адам болып, **сөзін сауатты құрайтын болса**, оның аузынан шыққан сөзді сол сәттегі

---

<sup>1</sup> BBC Series «On the Shoulder of History» (Produced by Mark Burman).

көңіл-күйін сактай отырып, аудару еш қиын емес. Реті келгенде айта кету керек, тәжірибелі ілеспе аудармашылар мұндай сөздерді шабыттанып, рухани ләззат ала отырып, кейбір жанды мәселелер көтерілетін жиындарда, өткір, батыл, озық пікірлерді айызы қана отырып, аударды. Алайда бес саусақтың бірдей болмайтыны сияқты, сөз сөйлеушілердің де шешендік деңгейі әрқилы болады. Және бұл – жұмысшы станогын, мұнай ұнғымасын, ғылыми зертхананы, тағы басқа көпшілік алдында көсіле сөйлеуді талап етпейтін мамандықтарды саясатқа, Парламент мінберіне, әкімнің, министрдің орынтағына ауыстырған жандарға ғана емес, өкінішке қарай, есімдері елге белгілі адамдарға да тән ерекшелік.

Сөзімізге дәлел болар мысалды кеңес кеңістігіндегі белгілі ілеспе аудармашылардың бірі Р.К. Миньяр-Белоручевтің естеліктерінен келтіруге болады. Ол Бейбітшілікті жақтаушылардың конгресінде көрнекті жазушы М.Шолоховтың сөйлеген сөзін естіп таң-тамаша қалғанын жазады: «... маған 60-шы жылдардың басында Стокгольмде өткен жиналыста М.А. Шолоховты аударуға тура келді. Ашығын айту керек, мені оның сөз сөйлеу мәнері таң қалдырды. Оның сөздері үзік-үзік шығып, ойлары ақталмай қалып жатты. Кейбір ойларын тіпті түсіну де қиын еді. Шынтуайтына келгенде, бейбітшілікті жақтаушылар алдында сөйлеген сөзі де сылбыр шығып, жарым-жартылай ғана айтылды...

Аса көрнекті композитор Д.Д. Шостаковичтің сөзін аудару да бізге қиын болатын...» (*аударма біздікі*).<sup>1</sup>

Кеңестер Одағының бірқатар басшыларымен қызметтес болып, ұзақ жылдар қасына еріп жүрген белгілі ілеспе аудармашы Виктор Суходрев те өз естеліктерінде аталған жоғары лауазымды басшылардың сөз сөйлеу стильдеріне талдау жасай келіп, кейде олардың қиюы қашқан сөздерін қиыстыра алмай, қиналғанын жазады.

**• Виктор Суходрев – Кеңестер Одағындағы ілеспе аудармашылардың алғашқы «алыптар тобының» өкілі. К.Ворошиловпен, Н.Хрущевпен, Л.Брежневпен, Б.Ельцинмен бірге жүріп, көптеген ірі халықаралық жиындарда ілеспе аударма жасаған.**

Мұндай сөйлеушілерді қазір де кез келген жиындарда кездестіруге болады. Бірақ сөз тыңдаған жұртшылық жоғарыда келтірілгендей әдебиет пен өнер тарландарының, белгілі саясаткерлер мен халық қалаулыларының шашыраңқы, жүйесіз сөзіне кеңшілікпен қарағанмен, қиюы қашқан сөзді қиыстыра алмай қиналған аудармашының жайын түсінуі екіталай. Сондықтан мұндайда ілеспе аудармашы өзінің негізгі функциясымен бірге редакторлық міндетті қоса атқаруына, яғни сөйленген сөзді түзетіп, жігін жатқызып жеткізуіне тура келеді.

---

<sup>1</sup> Р.К. Миньяр-Белоручев. Как стать переводчиком? Москва-1999

Сонда айтар ойы анық емес, бір сөйлемдегі ой аяқталмай жатып екінші сөйлемдегі жылт еткен ойдың жетегінде кететін жанның, әйтпесе сөздік қоры кедей, ойын тұжырымдап айта алмайтын сөйлеушінің шашыраңқы, қарадүрсін сөзін қалай аудару керек? Ілеспе аудармашының шығармашылық деңгейін танытатын түс – міне, осындай кездер.

Реті келгенде айта кетейік, біздерде мұндай жағдайлар да кездеспей тұрмайды. Біраз жыл бұрын, бір партияның республикалық жиынында ана тілін өте нашар білетін бір саясаткер бауырымыз қазақ тілінде сөйледі. Қазақшасы нашар екендігін білуші едік. Бірақ ортаның атмосферасын сезініп, өз тілімізде сөйлеуге тәуекелдегенін түсіндік.

Ол гу-гу еткен жұртшылықтың көкейіндегі ойын дөп басып, ұрандатып сөйледі. Сол сәттегі өрекіпген көңіл күйі әшейіндегі тіл білмейтіндігіне қысылу, ұялу сияқты сезімдерді серпіп тастап, емін-еркін көсілді. Бір қызығы, «Біз айтады сіздерге..», «Сіз бәріңіз праволар біледі..» деген сияқты жарымжан сөз тіркестеріне қазақ тілді қауым назар аударған да жоқ. Қазақ тілді жұртшылыққа сол сәттегі керегі дұрыс құрастырылған сөйлем емес, сөйлеушінің түпкі ойы, оның әділдікке, өз құқықтарын білуге ұмтылдырған, бағыттаған сөздері болатын.

Ал аудиторияның орыс тілді бөлігінің, олардың ішінде журналистердің пікірін (олар сөзді біздің аудармамыздан тындайды ғой) келесі күні баспасөз бетінде жарияланған бірер репортаждан оқып білдік. Біз айтып отырған кісінің саясатта жүрген екі-үш жылын бекер өткізбегенін, саяси ортадағы беделінің өсе түскенін, бұрын ана тіліне шорқақ болғанымен енді шешендігімен кез-келген аудиторияны баурап алатындығын көзбен көріп, құлақтарымен естігендерін (!) жапа-тармағай жазыпты.

Әрине, «Біз айтады сіздерге..», «Сіз бәріңіз праволар біледі..» деген сияқты шорқақ сөздер легінің жігін жатқызып, бастауыш-баяндауышы бар, аяқталған ойды білдіретін сөйлем құрап, оны басқа тілге аудару және аудиторияға сөйлеушінің эмоциясын сақтай отырып, жеткізу оңай шаруа емес. Ілеспе аудармада біршама уақыт тәжірибе жинақтап, төселген, жұмысын шығармашылық ынта-ықыласпен атқаратын ілеспе аудармашы ғана тыңдарман талабын қанағаттандыра аударма жасай алады.

Бұл – ілеспе аударма қызметінің шығармашылық сипатын танытатын, ілеспе аудармашы болу үшін адамның зияткерлік әлеуеті мықты болуы қажет екендігін дәлелдейтін көп мысалдың бірі ғана.

II тарау

**ІЛЕСПЕ  
АУДАРМА ЖАСАУ**

## ІЛЕСПЕ АУДАРМА ЖАСАУДЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ілеспе аудармашының аударманы жоғары дәрежеде жүзеге асыруы – тәжірибемен келетін нәрсе.

Бұл ретте тәжірибе дегенді қалай түсінуіміз керек? Жылына бір-екі рет өздерінде өтетін алқа жиналысында алдын-ала дайындалған материалдарды оқып беретін аудармашыларды, жазбаша аудармашылық өтілі мол болса да, ілеспе аудармашы ретінде тәжірибелі деп айтуға келмейді. Сондай-ақ аудармашылар арасында аты танымал, әлдебір сөздің аудармасын іздегенде, соның білімі мен біліктілігіне жүгінетін адамдар туралы да айтылып отырған жоқ. Өйткені бізде ұзақ жылдар бойы аударма жасап келе жатқан, тіпті бүкіл ғұмырын аудармаға арнаған мықты аудармашылар өте көп. Бірақ аударма саласында жинаған тәжірибесі мол екен деп олар ілеспе аударма да жасайды деп ойлау қате (бұл туралы өмірден алынған мысалдар кітаптың бірінші бөлімінде келтірілген болатын). Сондықтан бұл жерде үздіксіз: күн сайын болмаса да апта сайын, әрі кеткенде кемінде айына екі-үш рет ілеспе аударма жасап жүрген маманның жинақтаған тәжірибесі туралы айтылып отыр.

Сонымен, біздің алдымыздағы басты мақсат – өзіміз ширек ғасырдан астам уақыт ілеспе аударма жасай жүріп жеткен тәжірибелі ілеспе аудармашылық өнерді жастардың меңгеруіне қол жеткізу. Ол үшін талапкер аудармашы нені білуі керек? Олардан ілеспе аудармашы шығатынын қалай тануға болады?

• **Талапкерлерді іріктегенде, олардың жазбаша аударма жасау қабілеті, ілеспе аударма жасауға ынтасы мен бейімділігі бар-жоғын айқындап алу – ең басты талап.**

• **Талапкер ілеспе аудармашы қызметінің қиындығынан хабардар болып, шын мәнінде де «айтқан сөзі атылған окпен» бірдей болатын істің жауапкершілігін сезінуі керек.**

Ілеспе аудармашы болуды мақсат еткен талапкерге бұл мамандықтың қыр-сырын үйретерден бұрын оның қиындықтары мен қызықтары туралы ашық әңгімелеп берген жөн. Соның ішінде сапалы ілеспе аударма жасауға қойылатын шарттылықтарды сақтамай, үздіксіз ілеспе аударма жасаудың адам организміне келтірілер зияны туралы да жасырмай айта отырып, ұстаз, үйретуші ретіндегі түпкі мақсаттан ауытқымау керек.

Ол мақсат – талапкердің көңілінде адам бойында үйрену ниеті болып, өздігінен талпынып, ізденетін болса, қандай өнерді де игеру қолдан келетініне сенімін ұялату. Ілеспе аударма жасауға қатысты туындаған қызықты, күлкілі, қиын, елең еткізетін ерекше жайларды айта отырып, сол мамандықты игеруге деген ынтасын ояту, қы-



зығушылығын арттыру, талпынысына қолдау көрсету. Бұл — өзі үшін мүлде жаңа, бұрын ешқашан шұғылданбаған ісімен айналысқалы отырған адамның көңілін орнықтыру, сөйтіп оның психологиялық кедергіні жеңуі үшін керек амал.

Бұдан кейінгі амалдардың барлығы талапкердің тікелей өз қабілетіне, еңбекқорлығына, табандылығына байланысты. Басты шарт — іздену, жаттығу, білікті мамандардың кеңесін тындап, олардан үйренуден жалықпау. Талапкердің тәжірибелі аудармашылар жұмыс істеген кезде қасында отырып, аудармасын тындауының, олардың дауыс ырғағына, сөйлем құру әдісіне көңіл бөлуінің мәні зор. Жалпы, ілеспе аударма жасауды үйренудің басқа өнер түрлерін игеруден айырмашылығы жоқ, мұнда да шеберлік үздіксіз, талмай жаттығудың нәтижесінде келеді.

Төменде осындай талапкерлерге көмек ретінде автордың ілеспе аударма жасауды үйренуге келетін шәкірттеріне ұсынатын, көп жылғы бақылауы нәтижесінен түзілген тәжірибесі ұсынылып отыр. Бойында табиғи қабілеттері бар, тапсырмаларды ыждаһатпен орындауға ынталы талапкерге ілеспе аударма жасауды осы әдіспен үйретіп, одан жақсы маман тәрбиелеп шығаруға болатынына автор сенімді.

Бұл тапсырма-жаттығуларды ілеспе аударма жасап жүрген мамандар да өз шеберліктерін арттыру үшін жасауларына болады.

## **ІЛЕСПЕ АУДАРМА ЖАСАУДЫ ҮЙРЕТУ САТЫЛАРЫ**

Ілеспе аударма жасайтын аудармашының есту қабілеті жақсы болуы керектігі туралы тағы да ескерте кеткіміз келеді. Алдын ала әңгімелесу барысында бірде дауысты көтере сөйлеп, бірде дауысты бәсеңдеті сөйлеп, оның есту қабілетінің жақсы екеніне көз жеткізу керек. Қойылған сұрақтарға талапкердің берген жауаптарын тыңдай отырып, оның тілінің мүкіс еместігіне, әсіресе, «р», «с», «ш», «н» сияқты дыбыстарды дұрыс айта алатынына, «р» мен «л», «с» мен «ш» қатар келетін сөздерді айтқанда тілінің «бұратылып» кетпейтініне назар аударылады. Ұзақ сөйлемдерді оқытып көріп, олардағы ой интонациясын аңғара алатынына көз жеткізіледі. (Бұл — шұбалаңқы сөйлемдерді бөлшектеп аударуға қажет қасиет).

Талапкерге ілеспе аударма жасауды үйрету әр сатының тапсырмаларын толық игеру шартымен жүргізіледі. Бастапқы сатылардың тапсырмасын жіберіп алған аудармашының дербес жұмыс істей бастаған кезде тап сондай сынға тап болып, ұятқа қалуы ғажап емес.

### **I. Талапкерді іріктеудің бірінші сатысы (жазбаша сынақ)**

Ілеспе аударма жасауды үйренуге келген адамның ең алдымен жазбаша аударма жасау деңгейі тексеріледі. Ол үшін:

Әр салаға қатысты, шамамен он шақты сөйлемнен тұратын бірнеше мәтінді аударуды тапсырып, уақытты белгілеп, оның қаншалықты тез аударатынын қадағалау керек.

Тез аударып шығуы — ілеспе аудармашының тез ойлап, тез сөйлеуін көрсететін басты белгі, ілеспе аудармашылыққа апаратын алғашқы басқыш.

Синонимдерді білуіне, белгілі бір сөзді мағыналас сөзбен орындауы ауыстыра ала білуі — талапкердің сөздік қорының бай екендігінің көрсеткіші.

Тапсырманы тексергенде, оның терминдерді білуіне ерекше назар аудару керек. Бұл — оның кез келген тақырыпта өтетін жиналыста аударма жасай алатын әмбебап маман болып шығуына кепіл.

Импровизациялық қабілетіне, бейтаныс сөздерді, сөз тіркестерін өз бетінше құбылтып аудару қабілетіне назар аударылады.

## **II. Талапкерді іріктеудің екінші сатысы (ауызша сынақ)**

Ілеспе аудармашы боламын деген талапкердің сөздік қорын ауызша тексеру — сынақтың маңызды бөлігі. Жазбаша аударма жасаған адамның ойлану мүмкіндігі бар, ал ілеспе аудармашыда тап осы ойланатын уақыт жетіспейді. Сондықтан қолға сөздік алып, қазақша, орысша сөздерді дауыстап оқып, оның тез жауап беруін байқаудың мәні зор. Бұл жерде сынақ «сөз — аударма, сөз — аударма» түрінде, теннис ойыны принципімен жүргізіледі. Яғни бұл — оның реакциясын, жылдам ойлап, жылдам сөйлей алу қабілетін тексеретін амал.

Қарапайым сөз тіркестерінен (жиналыс ашылады, жиналыс жабылады; күн тәртібі; дауыс беру; сөз беріледі; дауысқа қойылады; тізім жасалады; мақала жарияланады; жинақ жарыққа шығады; шешенге сөз беріледі; қатысушыларға ризашылығымды білдіремін; ескерткішке суретке түсуге шақырамын) бастап, тапсырманы бірте-бірте күрделілендіріп, дауыстап оқып тұрып, ауызша тез аударуды үйрету керек.

## **III. Талапкерді тез сөйлеуге үйрету**

Талапкер жазбаша және ауызша сынақтардан сүрінбей өтсе, әрі қарай ілеспе аударма жасауға үйрету оны тез сөйлеп үйретуден басталады. Белгілі бір мәтінді уақытты секундомермен белгілей отырып оқыту керек. Бұл ретте де, талапкердің меселін қайтармау үшін тапсырманы оңайынан бастап, бірте-бірте күрделілендіре отырып, аударту қажет. Жаттығуда оның сөздерді «жұтып» қоймауына басты назар аударылады.

Осы сатыда үйренушінің тез сөйлеген кезде «р» және «л», «с» және «ш», «п» және «т» дыбыстары қатар келетін сөздерді дұрыс айтуына

назар аудару керек. Жалпы барлық дыбыстарды, соның ішінде әсіресе «н» дыбысын **таза айтуына мән берген жөн**. Бұл үшін жаңылтпаштарды жаттатқызудың мәні зор. (*Кітаптың «Жаттығулар» деген бөлімінде жоғарыда аталған дыбыстардың айтылу ерекшелігі ескерілген бірнеше жаңылтпаштар беріліп отыр*).

Ілеспе аудармашының дауысы құлаққа жағымды болғаны – ілеспе аударманың сәтті жасалуына апаратын басты талаптарының бірі. Сондықтан талапкердің даусы тартымды болуы және жиналыс мазмұнына, сөз сөйлеушінің көңіл-күйіне қарай дауысты құбылтып сөйлеу өнерін игеруі үшін дауысын қалыпқа түсіруге («дикциясын қоюға») арналған жаттығулар орындатылады. Бұл жұмыс консерваторияда, өнер институттарында әншінің, актердің «дауысын қоятын» арнайы білімі бар фoniaтор мамандардың жұмысына ұқсас.

Ал біздің жағдайымызда ілеспе аудармашының дауысын тәрбиелеудің ең жақсы тәсілі – талапкерге өлең оқыту, драмалық шығармалардағы кейіпкерлердің диалогтарын оқыту.

#### **IV. Ілеспе аударма жасауды үйретудің бастапқы сатысы**

Ілеспе аудармашы болуға ынталы адамдарды іріктеу барысында мына жайларды есте ұстаған жөн:

- Ілеспе аудармашы болатын адам сөз сөйленетін тілде де, аударма жасалатын тілде де еркін, кідіріссіз сөйлей алуы – басты шарт. (Ондай адамдарды сипаттау үшін орыс тілінде «язык подвешан» деп жатады).

- Талапкердің бұл қабілетін тексеру үшін аяқ астынан кез келген тақырыпты беріп, екі тілде кезек сөйлету қажет. Талапкер тапсырманы орындағанда түрлі терминдерді, цифрларды, қанатты сөздерді пайдалануы оның шығармашылық әлеуетінен хабар береді.

Міне, осыдан кейін ілеспе аударма жасауды үйрету ісіне кірісуге болады.

Ілеспе аударма жасауға үйрету ең қарапайым тапсырмадан басталады. Ол – аудармашының мәтінді өзі оқып тұрып, аударуы. Бұл жаттығуды орындау қиын емес. Аудармашының қолына бір мәтінді беріп, оған әр сөйлемді дауыстап оқып, ілесе оның аудармасын айтып отыру тапсырылады. Екі тілді аудармашы болуды үйренудің алғашқы сатысы – осы жаттығу екенін есте ұстау шарт. Ол үшін бірінші күннен бастап орыс тіліндегі мәтін бірден қазақшаға, қазақ тіліндегі мәтін бірден орыс тіліне аударылуы керек.

Алғашында қарапайым мәтін беріледі, оны жақсы орындап шықса, тапсырма күрделендіріліп, саяси, экономикалық, діни, философиялық мәтіндерді аудартуға көшуге болады. Сәйкесінше талапкердің салалық терминдерді қолдануына баса назар аударылады.

## **V. Тұтас мәтінді баяндамашыға ілесө отырып оқуды үйрету**

Мықты ілеспе аудармашылар екі жақты (мысалы, ағылшын тілінен-орыс тіліне және орыс тілінен-ағылшын тіліне; орыс тілінен-қазақ тіліне және қазақ тілінен-орыс тіліне, т.с.с.) аударманы игереді. Бастапқы жылдары біздің елдегі тілдер бойынша бір жақты (негізінен орыс тілінен қазақ тіліне) ілеспе аудармашылар саны басым болды. Бұл – сол кездегі тілдік ахуалға және олардың мемлекеттік органдардағы, мекемелердегі негізгі жұмыс орнында атқаратын міндеттеріне тікелей байланысты.

Сондықтан талапкерге алдымен оның бейіміне қарай (қазақшадан орысшаға аудару немесе орысшадан қазақшаға аудару) күні бұрын аудармасы жасалып қойған мәтінді оқып тұрған адамнан қалыспай оқуды үйрету керек.

Алғашында мәтін бірнеше рет тұтас оқылады.

Жаттығу кезінде аудармашының дауыс ырғағына назар аударылады. Оған мәтінде сөз сөйлеушіден 2-3 сөзден соң, ілесө отырып оқу қажеттігі айтылуы керек.

Аудармашының мәтінді оқыған адаммен бірге кідіріс жасауы қажеттігі, белгілі бір сөздерге екпін түсіре айтылғанда, аударма мәтінде де солай оқылуы керек екендігі түсіндіріледі.

Аудармашы мәтінді оқыған адамнан озып кетпеуі де қадағаланады.

Жаттығу үшін көлемі шағын бірнеше мәтінді пайдаланған жөн.

Осы шарттылықтардың барлығын орындап оқып шығуды үйренгеннен кейін ғана келесі жаттығуға көшу керек.

## **VI. Тұтастығы бұзылған мәтінмен жұмыс істеуді үйрету**

Ілеспе аудармашыға күні бұрын аудармасы жасалып қойған мәтінді оқып тұрған адамнан қалыспай оқу керектігі айтылады.

Мәтінді оқып тұрған адамға мәтіннің әр жерінен кейде бір-екі абзацты, кейде бір не бірнеше сөйлемдерді тастап кетіп оқыттырады. Кейде абзацтардың орнын ауыстырып оқу керек.

Ілеспе аудармашының да мәтінді тап осылай – кейде бір-екі абзацты, кейде бір не бірнеше сөйлемді тастап кетіп, сондай-ақ орны ауысқан абзацты да қателеспей ауыстырып оқып шығуына назар аударылады.

Жаттығуды орындау аудармашының мәтінді оқи отырып, тындау қабілетін үштайды, оның аңғарымпаздығы тексеріледі.

Жаттығу бірнеше рет қайталануы керек.

Көлемі компьютермен терілгенде бір беттей болатын бірнеше мәтінді пайдаланған жөн.

## **VII. Тұтас мәтінге импровизациялық ойлар қосып сөйленген сөзді ілеспе аударма жасауды үйрету**

Бұл жаттығуда да ілеспе аудармашыға күні бұрын аудармасы жасалып қойған мәтінді оқып тұрған адамнан калыспай оқу керектігі айтылады.

Мәтінді оқып тұрған адамға мәтіннің әр жерінен пауза жасап, өздігінен сөйлемдер қосу (мысалдар келтіру, анықтама беру, сілтемелер жасау) тапсырылады.

Бұл жаттығу ілеспе аудармашының импровизациялық аударма жасауға қабілеті бар не жоқ екенін ертерек анықтауға көмектеседі. Оның да мәтінді баяндамашыдай – мәтіннің әр жерінен пауза жасап, қосылған сөйлемдерді (келтірілген мысалдарды, берілген анықтамаларды, жасалған сілтемелерді) аударма отырып, оқып шығуы қадағаланады. Сондай-ақ бұл жаттығуда баяндамадан қарапайым сөзге ауысқан кезде сөз сөйлеушінің дауыс ырғағының ауысуына сәйкес ілеспе аудармашының да дауыс ырғағын ауыстыру қабілеті ұшталыады.

Жаттығу барысында мәтінді оқып тұрған адам келесі абзацты бастаған кезде аудармашы шатасып кетпей, тап сол абзацтан бастауына назар аударылады.

Жаттығу бірнеше рет қайталануы керек.

Жаттығуға әр түрлі тақырыптағы, көлемі компьютермен терілгенде 1-2 беттік шағын бірнеше мәтінді пайдаланған жөн.

## **VIII. Ізбе-із аударма жасауды үйрету**

Жоғарыдағы қасиеттерді бойына сіңірген аудармашыны енді ауызша аудармаға баули беруге болады. Ілеспе аудармаға баратын жол – ізбе-із аударма жасаудан басталад. Сондықтан талапкерді сөйлейтін адамның қасына қойып, оның әр сөйлемін аударып тұруға тапсырма беріледі.

Мұндайда әлдебір кітаптың, киноның таныстырылымы (тұсауке-сері) сияқты жазылған мәтінді пайдалану керек.

Егер талапкер әр сөйлемді қиналмай аударып тұрса, онда сөйлеушіге екі-үш сөйлемнен сөйлетіп, аударуға болады.

Ізбе-із аударма жасау барысында аудармашының қолына қағаз, қалам алып, цифрларды, адамдардың аты-жөндерін түртіп жазып алып тұруына болатыны түсіндіріледі.

Аудармашының мына талаптарды орындауына назар аудару керек:

Сөз сөйлеушінің дауыс ырғағы, сөйлем ішінде жасайтын паузасы, белгілі бір сөздерге түсіретін екпіні сақталуы қажет. Тіпті сөз сөйлеушінің белгілі бір қимылдарын қайталап тұрудың да еш сөкеттігі жоқ.

(Бұл ретте сөз сөйлеуші мен аудармашының тұтас бір организм сияқты жұмыс істеу мысалы көп каналды телевидениеде дінді насихаттайтын шетелдік бағдарламада (GNL) бар, қызық үшін көріп, байқауға болады).

### **IX. Қағаздан оқылмай, еркін сөйленетін сөздерді ілесе аударуды үйрету**

Талапкерге тындауышты кигізіп, мінберде тұрған адамның ауызша әңгімесін аудару тапсырылады. Мәтін аса қиын болмауы керек. Айталық, мінбердегі адам өзінің өмірбаянын не кешегі күнінің қалай өткендігін немесе әлдебір киноның сюжетін әңгімелеуіне болады. Бастапқыда сөз сөйлеушінің қысқа сөйлемдермен сөйлеуі, күнделікті тіршілікке байланысты жайларды тілге тиек ете отырып әңгіме айтуы тапсырылады. Егер талапкер тапсырманы қысылмай орындаса, мәтін бірте-бірте күрделілендірілуі керек.

Талапкерлердің бұл тапсырманы өте жақсы дәрежеде орындауға қол жеткізуі – үлкен көрсеткіш. Сондықтан бастапқыда берілген бірекі мәтінді аударып, қоя салмай, ұзағырақ жаттыққан жөн. Бірте-бірте тапсырма тақырыбын кеңейтіп, қоғамның барлық әлеуметтік-экономикалық саласын қамтитын мәтіндерді аударту қажет. Осы тапсырманы орындау барысында талапкердің қай саланы жетік білетіні, оның техникалық тақырыптарға немесе гуманитарлық тақырыптарға бейімділігі айқындалады.

Сондай-ақ талапкердің әр саланың терминдерін білуін осындай жанама сынақтармен де тексеруге болады. Айталық, мінберде тұрған адамға түрлі тақырыпта сөйлеу: оның үй сатып алу үшін кредит ресімдегені немесе студенттердің ауыл шаруашылығы жұмысына көмекке барғаны туралы не жол жүру ережелерін бұзған көлік иесінің әйтпесе кенеттен науқастанып қалып, дәрігерлік көмек алуға барған адамның басынан кешкендерін айтып беру тапсырылып, талапкерден соларды ілеспе аударманың жазылмаған зандылықтарын (берілетін ақпаратты жеткізу, даусын сөйлеушінің дауыс ырғағына сөйкестендіру, сөйлеушінің көңіл-күйін жеткізу, цифрларды нақты айту, т.с.с.) сақтай отырып аударуды талап етіледі.

Әрине, мәтінде орын-орнымен сол салаға тән термин сөздерді пайдалануы керектігі туралы алдын ала ескертіледі.

### **X. Баяндамашының сөйлейтін тілінде жазылған баяндама мәтінін көзбен шөла отырып, ілеспе аударма жасауды үйрету**

Талапкерге орысша баяндама жасайтын адамның орыс тіліндегі мәтінін беріп, сөз сөйленіп жатқан кезде орысша мәтінге көз жүгірте отырып, қазақ тіліне ілеспе аударма жасау тапсырмасы беріледі.

Бастапқыда газет хабарламалары, оқырман хаттары, азаматтардың өтініш-шағымдары сияқты жеңіл мәтіндерден бастап, бірте-бірте күрделі мәтіндерге (баяндамалар, ғылыми мақалалар, мемлекеттік органдар басшыларының алқа жиналыстарында сөйлейтін сөздері, заң жобаларын талқылау кезінде жасалатын баяндамалар, Президенттің Қазақстан халқына жолдауы, т.с.с.) ауысу керек.

Келесі жолы бұл тапсырманы керісінше орындатады: қазақша баяндаманың қағаздағы қазақша мәтінін беріп, сөз сөйленіп жатқан кезде қолдағы мәтінге көз жүгірте отырып, орыс тіліне ілеспе аударма жасатылады.

Бір байқағанымыз, бұл тапсырманы газет-журналдар редакцияларында, ақпарат агенттіктерінде, радио-телевидениенің жедел ақпарат беру немесе жаңалықтар бағдарламаларында қызмет істеген, яғни «диктовка» жасап үйренген адамдар жақсы орындайды.

Сондай-ақ көзбен көріп, есте сақтау қабілеті басым дамыған адамдар үшін бұл тапсырманың берері зор.

## **XI. Қағаздан оқылатын баяндамаға ілеспе аударма жасауды үйрету**

Тапсырманың ең қиыны – қағаздан оқылған баяндаманы аударту. Осындай аударма жасай алатын ілеспе аудармашының шеберлігі кім-кімді де мойындатады. Өкінішке орай, біздің елімізде өткізілетін жиналыстардың басым көпшілігінде баяндамалар қағаздан оқылады. Сондықтан ілеспе аудармашылардың жүйке жүйесіне орасан үлкен салмақ түсіп, жан тері шығып қиналар тұсы – осындай кездер. Талапкерлер алдарында осындай катал сынақтар күтіп тұрғанын білгені жөн.

Сынақ басталардың алдында талапкерге баяндамаға ілеспе аударма жасаудың қиындығы, оның ерекшеліктері туралы түсініктеме берілуі қажет. Себебі баяндамаға ілесе алмай, бір рет беті қайтып қалған адамның екінші қайтара ілеспе аударма жасауға беттемей қоятынын тәжірибемізде талай рет кездестірдік. Қағаздан оқылатын баяндаманы аудару – бірте-бірте игерілетін күрделі және осыған дейін үйреткен еңбектің нәтижесін көрсететін тапсырма.

Әрине, талапкердің бұл тапсырманы бірден орындай алмасы анық, сондықтан меселі қайтып қалмауы үшін баяндаманы оқитын адамға алдын ала баяулау оқуды тапсырып қою керек. Бірнеше рет баяу оқылған баяндаманы аудартқан соң мінбердегі адамға оқуды бірте-бірте тездету тапсырылады. Ақыр аяғында кәдімгі конференцияларда оқылатын баяндамалар сияқты оқу керек.

Ілеспе аудармашы бұл кезде баяндаманы сөзбе-сөз аударма алмайтыны белгілі, бірақ баяндамашының екі-үш сөйлемін тұжырып айтуына, айтқан ойын өз сөзімен толық жеткізуіне болады.

## ОЙДЫ ТҰЖЫРЫП АЙТУДЫ ҮЙРЕТУ

Сөйлеп тұрған адамның жылдам қарқынмен айтқан сөздерін тұжырып айта алу — ілеспе аудармашы болам деген талапкерге керек қасиеттің бірі. Ондай қасиетті бойға сіңірудің бір амалы — қарапайым сөйлемдерді бірнеше құбылтып айтып, содан кейін құбылтып аударуды үйрену.

Айталық, теледидардан сөйлеп тұрған адам өзінің отбасы туралы былайша әңгіме айтуы мүмкін: **«Әке-шешемнің менен басқа екі ұлы, екі қызы бар, мен — органшысымын. Ағамның өз отбасы бар, ол бізден бөлек тұрады. Інім мен бір қарындасым — студенттер. Кенжетайымыз, 12 жасар Ажар мектепте оқиды».**

Бұл мәтінді әр аудармашы өзінің шығармашылық әлеуетіне қарай әртүрлі аударуы мүмкін. Бірнеше мысалдар келтірейік:

1-нұсқа:

«Отец и мать кроме меня имеют двоих сыновей и двух дочерей, я — средний. Старший брат имеет свою семью, он живет отдельно. Брат и сестра — студенты. Младшая Ажар учится в школе, ей 12 лет».

2-нұсқа:

«У моего отца и матери кроме меня есть два сына и две дочери, я — средний из них. Старший брат со своей семьей живет отдельно. Младшие брат и сестра — студенты. Сестренка Ажар, которой 12 лет, учится в школе».

3-нұсқа:

«У родителей кроме меня есть еще два сына и две дочери. У старшего брата есть своя семья, живут они отдельно. Младшие брат и сестра — студенты. Младшенькая, 12-летняя Ажар учится в школе».

Берілген үш мәтіннің үшеуінде де бастапқы ақпарат толық беріліп тұр. Сондықтан ілеспе аударма дұрыс жасалмады деп ешкім де айта алмайды. Бірақ нені болсын жетілдіре беруге болатыны сияқты («Совершенству нет предела!») аударма жасау тәжірибесі өскен сайын ілеспе аудармашы өз аудармасында тек ақпараттың толық берілуіне ғана емес, онда: этномәдени ерекшеліктердің қамтылуына, сөйлеушінің көңіл-күйінің берілуіне, астарлы ойлардың ашылуына мән береді. Біз қарастырып отырған мәтіндердің аударылуындағы айырмашылықтар мыналар:

1-мәтінде аудармашы сөйлеушінің көңіл-күйін, эмоциясын ескермей аударма жасаған. Сөйлемдері де нақпа-нақ, адамның өз отбасы туралы әңгімесін емес, әскери рапорты еске түсіреді.

2-мәтінде алға жылжушылық бар. Қазақ тіліндегі ең кіші балаға қатысты еркелете айтылатын «кенжетай» деген сөзді орыс тілінде ауызекі тілде айтылатын «сестренка» деген сөзбен алуы мәтінге жылжылық береді.



3-мәтінде «әке-шешем» деген сөздердің орыс тілінде «родители» деген сөзбен алынуы мәтінге бірден жағымды эмоциялық өң береді. Бұған қоса ең кішкентай қарындасына қатысты «кенжетай» деген сөздің орыс тіліндегі еркелете айтылар «младшенькая» деген сөзбен аударылуы сөйлеушінің өз отбасына деген сүйіспеншілік сезімін айқындай түседі.

Үш аудармада Ажардың жасына қатысты ақпарат та түрліше берілген. Бірінші мәтінде ресми тілге тән нақтылық сақталса, екіншісінде және үшіншісінде аударылатын хабарламаның ауызекі сөйлеуге жақын қарапайым сипаты ескерілген.

**Осылайша, ілеспе аудармашының шығармашылық шеберлігінің арқасында тыңдарман негізгі ақпаратты ғана емес, монолог иесі туралы қосымша ақпарат — оның адами қасиеттері туралы мәлімет алады.**

\* \* \*

Тағы бір мысал келтірейік. Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында он шақты жыл бұрын Қазақстанға шет елден көшіп келген қандасымыз толқи сөйледі:

**«Арада жетпіс жыл өткенде ғана атамекенге орала алдық. Бұл ата-бабамыздың басты өсиеті болатын. Сіздерден алыста жүрсек те тілегіміз бір болды — ол Қазақстанымыздың гүлденуі».**

Сол жиынға келген орыс тілді бұқаралық ақпарат құралының өкілі әдетте экранның төменгі жағында жылжып тұратын жүгіртпе жолға арнап оның сөзін аударып беруді өтінген. Екі аудармашы сол жерде-ақ ауызша аударып, іле қағазға жазып берді. Көз жүгіртіп қарап едім, екеуінің аудармасында айырмашылықтар бар екен.

1-нұсқа:

«Только спустя семьдесят лет мы смогли вернуться на Родину. Это было завещанием наших отцов и дедов. Хоть и жили вдали от вас, желали мы то же самое, что и вы — это расцвет нашего Казахстана».

2-нұсқа:

«Лишь через семьдесят лет мы смогли возвратиться на землю отцов. То было настоятельным заветом наших предков. И хотя находились мы вдалеке, мечты и чаяния были как и у вас — это процветание родного Казахстана».

Бұл жерде де айтылған ақпараттың мазмұны толық беріліп тұр. Айырмашылығы — біріншісі нақпа-нақ, құп-құрғақ, «жансыз» аударма. Елге жетпіс жылдан кейін оралған адамның көңіл-күйі берілмеген. Екінші аударманы тыңдай отырып, сөйлеушінің эмоциясын, туған жерге деген сағынышын сезінесің. Бұл ретте этномәдени компонент — «атамекен» сөзінің қолданылуы үлкен жүкті көтеріп тұр. Сондай-ақ «тілегіміз» деген сөздің күнделікті қолданыстағы «желание» сөзімен

емес, «мечты и чаяния» деп аударылуы да сөйлемнің бояуын қанықтыра түседі.

***Келтірілген мысалдар ілеспе аудармашының тақырып бойынша айтылар ойды бір ізге түсіріп, сезініп, тұжырып айта алу қабілетін дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл ілеспе аудармашыға тағы бір міндет – сөйлеушінің айтқан сөзін ғана емес, ерекше жағдайларда оның айтамын деген ойын тұжырымдап жеткізе білу міндеті жүктелетінін білдіреді. Ал өзгенің ойын жеткізу шеберлігі ең алдымен өз ойыңды тұжырымдап айта білуден басталады.***

Осыдан келіп сөйлеген адамның ойын тұжырымдап жеткізуді қалай үйренуге болады деген сұрақ туындайды.

Жасыратыны жоқ, үзіп-жұлып сөйленген сөзді естігенде қандай шебер аудармашы да іштей абыржып, саскалақтап қалады. Сөйлеуші ел алдына шыққанда айтар сөзінен жаңылып, былдырлап тұрғанда (бұл – көп алдында алғаш сөйлейтін адамның басында болатын жай екені белгілі) немесе әйтеуір сөйлеп қалу үшін қаралып жатқан мәселеге қатысы жоқ әлдебір жайлардың басын шалып отырғанда, олар бір-екі сөйлемін айтқанға дейін: «Ойпырмай, мына кісінің айтпағы не нәрсе екен?» деп дал болған кезіміз аз емес.

Осындай жайларға куә болып жүріп, жинақтаған тәжірибеміз – ілеспе аудармашы құлаққа жеткен кез келген сөйлемдегі айтылар ойды аңғаруы қажет екен. Сөз сөйлеушінің үтір, нүктесіз айтылған аралас құрмалас сөйлемінде бір ғана жай сөйлемдік ақпарат жатуы мүмкін. Тіпті екі-үш сөйлеммен бір-ақ ой айтылатын кез де болады. Сондықтан да ілеспе аударма жасаудың жалпы практикасында сөйленген сөздің мағынасын жеткізуге көп мән беріледі.

Жоғарыда айтылған ойды тұжырып айту әдісі де осыдан шыққан. Аудармашы кез келген ақпаратты жеткізу үшін сөйленген тілдегі сөйлемнің құрылымын, сөздердің санын сақтауды мақсат етпей, аударылатын тілде сөйлемді еркін құрап, айтылмақ ойды жеткізуге баса назар аударғаны абзал. Ол үшін сөйленген тілдегі сөздердің орналасу тәртібіне байланып қалмай, сөйлемді құбылтып қолдануды үйренуі көп көмек береді. Және мұндай қасиетті бойға неғұрлым ерте, ілеспе аудармашы болуға ниеттенген кезден бастап, тіпті мектеп, университет қабырғасында жүргенде-ақ сіңірсе, нәтижесі де соғұрлым жоғары болмақ. Түбінде ілеспе аудармашы болмаса да, бұл қасиеттің кім-кімге де артық болмасы анық – ел алдында жүрер азаматтың көшілікті өзіне қарата алатын бір қасиеті сөзге шешендігі болмақ. Халқымыз «Жігітке жеті өнер де аз» деп бекер айтпаған ғой!

Аудармашының тақырып бойынша айтылған ойларды бір ізге түсіріп, тұжырып айта алу қабілеті де жаттығу арқылы қалыптасады. Ал өзгенің ойын жеткізу шеберлігі ең алдымен өз ойынды тұжырымдап айта білуден басталатынын жоғарыда айтып кеттік. Мәтіндерді редакциялап жүрген аудармашыға, орысша-қазақша сөздік қоры бар адамға оны үйрену түк те қиын емес.

Леспе аудармашы боламын деген талапкерлердің өз бетінше жаттығуына бағыт-бағдар сілтеу мақсатында төменде бірнеше мысалдар беріліп отыр.

(Өз бетінше жаттығу үшін газеттерде жарияланатын хабарламалардың кез келгенін алуға болады. Басқа жаттығулардағы сияқты мұнда да алдымен жеңілірек сөйлемдерден бастаған абзал).

### **1-мысал.**

**«Қазақстан және Ресей Президенттерінің жарлықтарымен, ғарыш саласын дамытуға қосқан зор үлестері үшін бірқатар ресейлік және қазақстандық азаматтар мемлекеттік жоғары наградалармен марапатталды».** («Егемен Қазақстан» №121-122, 2005 жылғы 3 маусым).

Ең алдымен осы сөйлемді өз тілімізде берілу көзделген ақпаратты сақтай отырып, бастапқы сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырып, бірнеше нұсқада құбылтып айтып көрелік. Оның бірінші нұсқасы былай болмақ:

\* «Ғарыш саласын дамытуға қосқан зор үлестері үшін бірнеше ресейлік және қазақстандық азамат екі республика Президенттерінің жарлықтарымен мемлекеттік наградалармен марапатталды».

\*\* Екінші нұсқасы: «Бірқатар ресейлік және қазақстандық азаматтарға ғарыш саласын дамытуға қосқан зор үлестері үшін екі мемлекеттің жоғары наградалары тапсырылды».

\*\*\* Үшінші нұсқасы: «Екі ел Президенттерінің жарлықтарымен бір топ ресейлік және қазақстандық азаматқа ғарыш саласын дамытуға қосқан зор үлестері үшін мемлекеттік жоғары наградалар берілді».

\*\*\*\* Төртінші нұсқасы: «Ресейлік және қазақстандық азаматтардың бір тобын ғарыш саласын дамытуға қосқан зор үлестері үшін мемлекеттік жоғары наградалармен марапаттау туралы осы елдер Президенттерінің жарлықтары шықты».

Бұл жаттығулардан біздің ұғатынымыз: ауызекі айтылған сөйлемді қалауыңша құбылтып айта беруге болады екен, тек мұндағы басты шарт – негізгі ойды жоғалтпау, тындарманға негізгі ақпаратты жеткізу.

Тиісінше, бұл сөйлемдердің аудармаларын да түпнұсқадағыдай құбылтып беруге болады. Енді осы сөйлемдердің орысшасына назар аударайық: **«Указами Президентов Казахстана и России, за большой вклад в развитие космической отрасли ряд российских и казахстанских**

**граждан награждены высшими государственными наградами». (Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған хабарламаның аудармасы).**

\* Бірінші нұсканың құбылтып айтылған аудармасы: «За большой вклад в развитие космической отрасли несколько российских и казахстанских граждан указами Президентов двух республик награждены государственными наградами».

\*\* Екінші нұсканың аудармасы: «Ряду российских и казахстанских граждан за большой вклад в развитие космической отрасли вручены высшие награды двух государств».

\*\*\* Үшінші нұсканың аудармасы: «Указами Президентов двух стран группе российских и казахстанских граждан вручены высшие государственные награды за большой вклад в развитие космической отрасли».

\*\*\*\* Төртінші нұсканың аудармасы: «Вышли Указы Президентов Казахстана и России о награждении группы граждан этих стран за большой вклад в развитие космической отрасли».

## **2-мысал.**

**«Парламент депутаттары донорлардың қан мен оның компоненттерін ақысыз немесе ақшалай өтемақы үшін тапсыру құқығын белгілейтін Үкімет енгізген заң жобасын қарауға кірісті». (Егемен Қазақстан», №70, 2005 жылғы 12 сәуір).**

Бұл сөйлемді былайша құбылтып айтуға болады:

\* «Үкімет ұсынуымен донорлардың қан мен оның компоненттерін ақысыз немесе ақшалай өтемақыға тапсыру құқығын белгілейтін заң жобасын Парламент депутаттары қарап жатыр».

\*\* Екінші нұсқа: «Үкімет енгізген заң жобасында донорлардың қан мен оның компоненттерін ақысыз немесе ақшалай өтемақыға тапсыру құқығы белгіленген, қазір Парламент депутаттары соны қарауда».

\*\*\* Үшінші нұсқа: «Донорлардың қан мен оның компоненттерін ақысыз немесе ақшалай өтемақыға тапсыру құқығы Үкімет ұсынған заң жобасында белгіленіп, Парламент депутаттарының қарауына келіп түсті».

\*\*\*\* Төртінші нұсқа: «Парламент депутаттары қарап жатқан заң жобасында донорлардың қан мен оның компоненттерін ақысыз немесе ақшалай өтемақыға тапсыру құқығын белгілеу көзделген».

\*\*\*\*\* Бесінші нұсқа: «Парламент депутаттарының қарауына Үкіметтен келіп түскен заң жобасында донорлардың қан мен оның компоненттерін ақысыз немесе ақшалай өтемақы үшін тапсыру құқығы көзделмекші».

Көріп отырғанымыздай, кез келген сөйлемді оның ішіндегі берілетін ақпаратты сақтай отырып, қалағанымызша құбылтып айта беруге болатынының бұл тағы бір мысалы.

Енді бұл сөйлемнің де орысшаға аудармасын назарларыңызға ұсынайық:

**«Депутаты Парламента приступили к рассмотрению законопроекта, внесенного Правительством, устанавливающий право доноров сдавать кровь и ее компоненты бесплатно или за денежное вознаграждение».** («Егемен Қазақстан» газетінде шыққан жарияланымның аудармасы).

\* Бірінші нұсқаның аудармасы: «По предложению Правительства депутаты Парламента рассматривают законопроект, устанавливающий право доноров сдавать кровь и ее компоненты бесплатно или за денежное вознаграждение».

\*\* Екінші нұсқаның аудармасы: «В проекте закона, внесенном Правительством обозначены право доноров сдавать кровь и ее компоненты бесплатно или за денежное вознаграждение, в настоящее время депутаты Парламента рассматривают его».

\*\*\* Үшінші нұсқаның аудармасы: «Право доноров сдавать кровь и ее компоненты бесплатно или за денежное вознаграждение установлено в представленном Правительством законопроекте, поступившем на рассмотрение депутатов Парламента».

\*\*\*\* Төртінші нұсқаның аудармасы: «В проекте закона, рассматриваемом депутатами Парламента предусматривается право доноров сдавать кровь и ее компоненты бесплатно или за денежное вознаграждение».

\*\*\*\*\* Бесінші нұсқаның аудармасы: «В проекте закона, поступившем на рассмотрение депутатов Парламента из Правительства будет предусмотрены право доноров сдавать кровь и ее компоненты бесплатно или за денежное вознаграждение».

### **3-мысал.**

**«Оның үстіне бұрын айтылмай келген тақырыптарға байланысты классик жазушыларымыздың көркемдік-идеялық ұстанымдарын білу әдебиеттану ғылымы үшін пайдалы болмақ».** («Әдебиет айдыны», №35 (81) 07.09.2006ж.)

\* «Әдебиеттану ғылымы үшін классик жазушыларымыздың бұрын айтылмай келген тақырыптар туралы қандай көркемдік-идеялық ұстанымдары бар екенін білу пайдалы».

\*\* «Осы күнге дейін айтылмай келген тақырыптарға байланысты классик жазушыларымыздың қандай көркемдік-идеялық ұстанымдарда екендігін білу әдебиеттану ғылымы үшін де пайдалы».

### **Орысшаға аударайық:**

**«Кроме того, для литературоведения будет полезным знать позиции писателей классиков по поводу не обсужденных ранее тем».**

\* «Для науки литературоведения будет полезным знание какие

позиций имеются у писателей-классиков о темах, которые умалчивались ранее».

\*\* «Выяснение позиций писателей-классиков по поводу умалчивающихся до нынешних дней тем, полезен и для науки литературоведения».

#### **4-мысал.**

**«Тіл заңының талаптарын бұзып отырған мұндай қызмет көрсету нысандары жүздеп саналады және бұл — барлық қалаларға тән кемшілік»..** («Ана тілі», №77(881), 2007 жылғы 1 қараша)

Бұл сөйлемді былайша құбылтып айтуға болады:

\* «Жүздеген қызмет көрсету нысандары тіл заңының талаптарын бұзып отыр және ондай нысандар барлық қалаларда бар»;

\*\* Екінші нұсқа: «Осы сияқты жүздеген қызмет көрсету нысандарында тіл заңының талаптары орындалмай отыр және бұл кемшіліктер әр қалада кездеседі».

#### **Орысшаға аударайық:**

**«Таких объектов обслуживания, нарушающих требования закона о языках — сотни, и этот недостаток присущи всем городам»..**

\* «Сотни объектов обслуживания нарушают требования закона о языках и такие объекты существуют во всех городах»;

\*\* «В сотнях таких же объектов обслуживания не выполняются требования закона о языках и такие недостатки встречаются в каждом городе».

#### **5-мысал.**

Орыс тіліндегі сөйлемдерді қазақ тіліне құбылтып аударуда да осы тәсілдер қолданылады. Оған да бірнеше мысал келтірейік. **«Практический каждый хозяйствующий субъект как юридическое лицо нуждается в специалистах по хозяйственному, предпринимательскому, коммерческому праву».** («Казахстанская правда» №171 (25416) 02.11.2007 г.)

\* «Являясь юридическим лицом, практический каждый хозяйствующий субъект нуждается в специалистах права по хозяйственной, предпринимательской, коммерческой сфере».

\*\* «На деле в каждом хозяйствующем субъекте, так как они являются юридическими лицами, нужны специалисты по хозяйственному, предпринимательскому, коммерческому праву».

\*\*\* «Как юридическое лицо каждый хозяйствующий субъект нуждается в специалистах по хозяйственному, предпринимательскому, коммерческому праву».

\*\*\*\* «Специалисты по хозяйственному, предпринимательскому, коммерческому праву необходимы почти в каждом хозяйствующем субъекте, потому как они являются юридическими лицами».

**Енді бұлардың қазақшасын қарастырайық.** (Курстар өткізген кезде байқағанымыз, әдетте қатысушылар бұлардан да көбірек мысалдар келтіре алады):

**«Занды тұлға ретінде әр шаруашылық жүргізуші субъекті дерлік шаруашылық жүргізу құқығы, кәсіпкерлік құқық, коммерциялық құқық бойынша мамандарды қажет етеді».**

\* «Занды тұлға болып табылатындықтан әрбір шаруашылық жүргізуші субъекті шаруашылық жүргізу құқығы, кәсіпкерлік, коммерциялық құқық мамандарын керек етеді».

\*\* «Іс жүзінде, әр шаруашылық жүргізуші субъекті занды тұлға болып табылатындықтан, оларға шаруашылық жүргізу құқығы, кәсіпкерлік және коммерциялық құқық мамандары керек».

\*\*\* «Әрбір шаруашылық жүргізуші субъектісі занды тұлға ретінде шаруашылық, кәсіпкерлік, коммерциялық құқық мамандарын қажет етеді».

\*\*\*\* «Әр шаруашылық жүргізуші субъектісі дерлік занды тұлға болып табылады, сондықтан оларға, шаруашылық жүргізу құқығы, кәсіпкерлік құқық, коммерциялық құқық мамандары керек».

#### **6-мысал.**

**«На платной основе в республике учится 652,4 тысячи человек, что составляет 84,1 процента всех обучающихся, а за счет государственных образовательных грантов всего 112,6 тысячи (14,5 процента)».** («Страна и мир», №43, 2-8 ноября 2007 года)

\* «В нашей стране количество обучающихся на платной основе составляет более 652 тысячи человек, это более 84 процентов от всех обучающихся, а количество обучающихся за счет грантов — всего чуть более 112 тысячи (14,5 процента)».

\*\* «В республике на платной основе учится около 653 тысяч человек, это свыше 84 процентов всех обучающихся, а по образовательному гранту учатся всего 112,6 тысячи (14,5 процента) человек».

#### **Негізгі сөйлемді аударсақ:**

**«Республикада ақылы негізде 652,4 мың адам оқып жүр, бұл жалпы оқып жүргендердің 84,1 пайызын құрайды, ал мемлекеттік білім беру гранты есебінен оқитындар бар болғаны 112,6 мың (14,5 пайыз) ғана»** болады.

\* «Еліміздегі ақылы негізде оқып жүргендердің саны 652 мың адамнан асады, бұл оқып жүргендердің барлығының 84 пайызынан астам, ал грант есебінен оқитындардың саны 112 мыңнан (14,5 пайыз) сәл-ақ асады».

\*\* «Республикада 652,4 мың адам ақылы негізде оқиды, бұл барлық оқып жүргендердің 84 пайызынан көп, ал білім беру гранты бойынша небары 112,6 мың (14,5 пайыз) ғана адам оқиды».

### 7-мысал.

«Журналист точно подметил, что юное поколение имеет отдаленное представление о самой жестокой и кровавой войне двадцатого века». («Страна и мир» №24, 15.06.2007 г.)

\* «Журналист хорошо заметил неглубокие знания юного поколения по истории самой жестокой и кровавой войны прошлого века».

\*\* «Слабые знания подростков о Великой отечественной войне были видны журналисту невооруженным взглядом».

\*\*\* «О том что, о войне — самом страшном и кровавом в истории двадцатого века юное поколение знало совсем мало, журналист отметил точно».

### Негізгі сөйлем қазақшаға:

«Журналист жас ұрпақтың жиырмасыншы ғасырдағы ең қатыгез де қантөгісті соғыс туралы мағлұматы аз екенін дәл байқаған» деп аударылады.

\* «Журналист өткен ғасырдағы ең қатыгез де қантөгісті соғыс туралы жас ұрпақтың онша білмейтінін жақсы байқаған».

\*\* «Жасөсірімдердің Ұлы Отан соғысы туралы нашар білетіні журналиске онсыз да көрініп тұрды».

\*\*\* «Жиырмасыншы ғасыр тарихындағы ең қорқынышты да қантөгісті соғыс туралы жас ұрпақтың мүлде аз білетіндігін журналист дәл байқаған».

Бейтаныс атауларға, адамдардың тектеріне (фамилияларына) байланысты да құбылтып аударуды қажет ететін кездер болады. Мысалы жоғарыда келтіріп кеткен, фамилиясынан (тегінен) ер адам екенін не әйел екенін ажыратуға болмайтын Котович, Полищук, Пономаренко деген сияқты немесе Прибалтика, Кавказ елдері тұрғындарына тән фамилияларды, сондай-ақ шетелдік адамдардың аты-жөндерін алайық. Әдетте, мұндайда орыс тіліндегі сөйлемде етістікке қарап ажыратуға болады. Ал қазақша мәтіннен бірден ажырата қою қиын. Айталық жиналысты қазақ тілінде жүргізіп отырған төрағалық етуші: «**Конференция жұмысына қатысу үшін көрнекті ғалым Котович келді**» дейді. Дұрысында бұл «**Для участия в работе конференции приехал/а/?/ видный ученый Котович**» аударылуы керек. Бірақ қазақ тілінде род жоқ болғандықтан, төрағалық етуші айтқан хабарламадан ғалымның жынысы кім екенін ажырату мүмкін емес, яғни орысшаға аударғанда «келді» деген сөзді қолдана алмаймыз. Мұндайда ақпаратты беру үшін етістіктің адамның жынысына қарай өзгермейтін нысанын қолданған жөн. Мысалға келтіріп отырған жағдайда: «**В работе конференции участвует (принимает участие) видный ученый Котович**» деп құбылтып аударып, тығырықтан шығып кетуге болады.

Еліміздің шет елдермен байланысы нығайып, қарым-қатынасы дамыған сайын түрлі халықаралық ісшаралар да жиірек өткізілетін



болды. Осыған орай ілеспе аудармашылардың жұмысында да бірқатар қиындықтар пайда болды. Белгісіз географиялық атаулар, қызметке сәйкес рангілік атаулар, адамдардың аты-жөндері ілеспе аудармашыдан жинақылықты, білімдарлықты, ой-өресін кеңейтіп, байытып отырды, әсіресе, соңғы жаналықтарға құлақ түре жүруді талап етеді.

Әрине, ілеспе аудармашылар мәтіндегі әрбір сөздің белгілі бір грамматикалық нысанда пайдаланылатынын, ал сөздердің белгілі бір синтаксистік тәртіппен орналасатынын және осындай тәртіппен құралған сөйлем белгілі бір ақпаратты жеткізу үшін қолданылатынын жақсы біледі. Солай бола тұрғанмен ілеспе аудармашылар ақпараттың мағынасын жоғалтпай, түсінікті етіп жеткізу үшін сөйлемді құбылтып, оны құраудың кейбір заңдылықтарын бұзуға мәжбүр болатын жайлар бар.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қандай мәтінді болсын құбылтып қолдануға болады. Ізденген адам қоғамдық көлік құралдарындағы хабарландырулардан бастап, теледидардан жаналықтарды көріп отырып та сөйлемді құбылтып қолдануға өз бетінше жаттыға алады. Олар ілеспе аудармашының кәсіби шеберлігін арттыра түсуге көп көмегін тигізеді. Ілеспе аудармашы шеберлігінің танылуы, оның беделді, айтулы маманға айналуы — осындай жаттығулардың арқасында келетін жетістік.

## **ЖАТТЫҒУЛАР**

Сонымен, ілеспе аудармашы боламын деген талапкердің бойында туа бітті қабілеттерге қоса үйренумен, жаттығумен келетін бірталай қасиеттер болуы керектігіне біршама мысалдар келтірілді. Ескерте кететін бір жай: бұл мысалдарды оқи отырып, бойында сол қасиеттердің бәрі бірдей бар адам ғана ілеспе аудармашы бола алады деген ұғым туындамауы керек. Біреудің бойында бар қасиет екінші адамда болмауы, ал үшінші адамда біз ойлағаннан да мол қасиет болуы мүмкін. Оның үстіне, табиғат әркімнің бойын, шашының қалыңдығын, көзінің түсін әр түрлі етіп жарататыны сияқты, ілеспе аудармашы боламын деген әр талапкердің үйрену, іздену, ұғу қабілеттері де әрқалай деңгейде болатыны түсінікті. Соған сәйкес олардың ілеспе аударма өнерін игеру деңгейі де әрқилы болатыны сөзсіз.

Біздің мақсатымыз — талапкердің қызық та күрделі өнерді үйренуіне, қиын болғанмен, екі тілді қауымның өзара ұғысуы, ана тіліміздің халықаралық деңгейде естілуіне қызмет істеу сияқты асыл мұратты іске асыруға бағытталған жұмысты атқаруға құлшынған жастарға білгенімізді үйретіп, жол сілтеу.

Төменде өз тәжірибемізде белгілі бір қабілеттерді дамытуға немесе бойда бар қабілеттерді ұштауға пайдасы тиген және әр жылдарда

ілеспе аударманы үйренем деп алдымызға келген жастарға ұсынылған, жекелеген мемлекеттік органдар өткізген курстарда пайдаланылған жаттығулар беріліп отыр.

## ***І. ТЕЗ СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР***

Ілеспе аудармашы тез сөйлей білуі керек. Өйткені: біздің тіліміз аглютинативті (жалғамалы) тілдерге жататындықтан, көп жағдайда қазақ тіліндегі сөздер орыс тіліндегі сөздерге қарағанда ұзындау болады. Ал кейбір сөздердің екі, кейде үш сөзден тұратын тіркеспен (**мигранты – көшіп- қонушылар; видимость – көз қылушылық; самообразование – өз бетімен білім алу; наукоемкий – ғылымды көп қажет ететін; овощеводство – көкөніс шаруашылығы, т.с.с.**) аударылатынына байланысты қазақ тілінің сөйлемдері орыс тілінің сөйлемдеріне қарағанда ұзағырақ болып шығады. Бұл аудару барысында ілеспе аудармашының сөйлеушіден қалып қою қаупін туындатады. Мұндай тығырықтан шығаратын амалдардың бірі – тез сөйлеп үйрену. Әрине, тез сөйлегенде де ілеспе аудармашы сөздерін анық, сөздің соңындағы жалғау-жұрнақтарды «жұтып қоймай» толық айтуы керек.

Тез сөйлеген кезде, әдетте, «с» және «ш», «л» және «р», «п» және «т» дыбыстары қатар келгенде, ілеспе аудармашы шатасып, сөзі бұлдыр шығуы мүмкін. Сондай жағдайлардың алдын алудың жақсы амалы біздің халқымызбен ежелгі замандардан бері бірге келе жатыр, ол – жаңылтпаш айту.

Төменде болашақ ілеспе аудармашы тілін жаттықтыруы үшін бірнеше жаңылтпаш беріліп отыр. (Кез келген адам мұндай жаңылтпаштарды балаларға арналған басылымдардан оңай тауып алуына болады).

\* \* \*

Ілгеріден ілгері елміз,  
Ілгерілеген іргелі елміз.

\* \* \*

Шеше-шеше,  
Неше кесе  
Сынды кеше?  
Шеше-шеше  
Неше кеше  
Сынды кесе?

\* \* \*

Жақсы қайшы  
Қайсы қайшы?

\* \* \*

Үш кісі ішік пішті,  
Бес кісі ішік пішті,  
Қанша кісі ішік пішті?

\* \* \*

Сары қыздың  
Көк шаш қысқышы бар,  
Сәнді қыздың  
Көп шаш қысқышы бар.

\* \* \*

Оралдан Ораз озар,  
Ораздан озар Орал.

\* \* \*

Көк шалбар киген көп шал бар  
Көп шалда бар көк шалбар.

\* \* \*

Омар ора алар,  
Омар ора алмаса,  
Орал ора алар.

\* \* \*

Нән дәулет Дәулетке тән  
Сән-сәулет Сәулетке тән.

\* \* \*

Қаш, жүгір,  
Шұғыл тығыл  
Бүгіл, жығыл.

\* \* \*

Қиқылдағаны қылқия қарады,  
Қылқимағаны қиқылдамады.

\* \* \*

Ұстап қара қарындашын,  
Ұштап қарындасым қарындашын  
Ұсынды қарындашын қарындасым.

\* \* \*

Үйір-үйір үйрек келді,  
Үйірлі үйректер түйдектелді.

\* \* \*

Сулы жерде жалбыз бар,  
Жалбызға сен жалғыз бар.  
Жалғыз бар да, жалбызды ал.

\* \* \*

Қапталға мұз қатпапты,  
Қапталдан мұз қаптапты.

\* \* \*

Қарабай айтып артты,  
Қалабай артып айтты.

\* \* \*

Асқат қасқа атқа мінді  
Мақсат басқа атқа мінді.

\* \* \*

Ептібек еңбек етпей келіп,  
Етпеттей отырды етке ептейленіп.

\* \* \*

Бұқпантайламағанмен бұғы, марал  
Қояндар қуланып, бұғып алар.

\* \* \*

Терлегені термелегені,  
Термелемегені терлемегені.

\* \* \*

Тел күрең туғанынан тең енелі,  
Теңімен тел енені тең емеді.

\* \* \*

Ойланған ойын ойналмады,  
Ойналмаған ойынды ойланбады.

\* \* \*

Шірік шынар сынып тынар,  
Сынық шынар шіріп тынар.

\* \* \*

Табабай Батабайды таба алмады,  
Батабай Табабайға бата алмады.

\* \* \*

Жоғалды бес шыбыш,  
Жоқ әлі еш сыбыс,  
Жоқ әлі еш сыбыс  
Жоғалды бес шыбыш.

\* \* \*

Қырық құлып  
Қырық құрық  
Құлып та қырық  
Құрық та қырық

\* \* \*

Ескермес те, Елемес те  
Есіл сөздерді ескермес пе?

\* \* \*

Омартаға балалар барар  
Балаларды аралар талар.

\* \* \*

Всех скороговорок  
не перескороговоришь,  
не перевыскороговоришь

\* \* \*

Ехал Грека через реку,  
Видит Грека в реке — рак  
Сунул Грека руку в реку —  
Рак за руку Греку — цап!

\* \* \*

Стоит гора посреди двора.  
На дворе — трава, на траве — дрова.  
Не руби дрова на траве двора!

\* \* \*

Карл у Клары украл кораллы,  
Клара у Карла украла кларнет.

\* \* \*

Вез корабль карамель  
Наскочил корабль на мель  
А матросы две недели  
Карамель на мели ели.

\* \* \*

Вы малину мыли ли?  
Мыли, да не мылили.

\* \* \*

Дед Данила делил дыню,  
Дольку Диме, дольку Дине.

\* \* \*

Где какао? Какое какао?  
Как какое какао? Какао, как какао!

## ***II. ДҰРЫС ТЫҢДАЙ БІЛУ ЖӘНЕ СОЛ АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР***

### **1-жаттығу**

\* Таспаға (диктофонға) жазылған белгілі бір мәтінді (өңгімені, баяндаманы) даусын шығарып қойып, әрбір екінші сөзді дауыстап қайталаңыз.

\*\* Енді тапсырманы сәл қиындатайық: Қазақша мәтіндегі әрбір екінші сөзді орысша айтып шығыңыз, ал орысша мәтіндегі әрбір екінші сөзді қазақша айтыңыз.

\*\*\* Бірнеше рет қайталағаннан кейін қатесіз айтатын боласыз. Сол кезде тапсырманы өзгертіп, енді әрбір бірінші немесе үшінші сөзді дауыстап қайталаңыз.

\*\*\*\* Бұл тапсырманы да сәл қиындатып орындайық: Қазақша мәтіндегі әрбір екінші, төртінші сөздерді орысша, орысша мәтіндегі әрбір екінші, төртінші сөздерді қазақша айтыңыз.

### **2-жаттығу**

\* Таспаға (диктофонға) жазылған мәтіннің ішінен әрбір етістікті дауыстап қайталаңыз.

\*\* Таспаға (диктофонға) жазылған орысша мәтіннің ішінен әрбір етістікті дауыстап қазақша айтыңыз, қазақша мәтіндегі әрбір етістікті орысша айтыңыз.

### **3-жаттығу**

\* Қағазға алдын ала қазақша жазып қойылған етістіктерді бір адамға баяу қарқынмен оқытып, солардың синонимдерін орысша

айтыңыз. Бұл ретте күнделікті қолданылатын қарапайым етістіктерден бастап, бірте-бірте күрделілендіре түсу қажет. Мысалы: пить, шагаты, искать, задуматься, поднимать, провести, выигрывать, подписываться, редактировать, анализировать, мобилизоваться, размышлять, сформулировать, сконцентрироваться, экстрадировать... т.с.с.

**\*\* Қағазға алдын ала орысша жазып қойылған сөздерді бір адамға баяу қарқынмен оқытып, солардың синонимдерін қазақша айтыңыз.** Мысалы: резюмировать – түйіндеу, қорытынды жасау; выступать – сөз сөйлеу, ән айту; расти – өсу, көтерілу; приземлиться – жерге түсу, қону; прийти в себя – ес жию, өзіне-өзі келу, т.с.с

**\*\*\* Бояу қарындаштарды алдыңызға тізіп қойып, олардың түстерін екі тілде бірдей тез-тез айтып шығыңыз.**

**\*\*\*\* Қағазда жазылған мәтінді көзбен шолып оқи отырып, дауыстап санап бастаңыз. Оқып-санап біткен соң мәтіннің мазмұнын айтып беріңіз. Жаттығуды екі тілде кезек-кезек орындаңыз.**

#### **4-жаттығу**

\* Ән тындап отырып мәтінді бір рет қана тез көзбен жүгіртіп оқып, мазмұнын айтып беріңіз.

\*\* Футбол, хоккей ойындарын көріп отырып, қысқа мәтінді орысшадан қазақшаға және керісінше ауызша аударыңыз.

### ***III. АҢҒАРЫМПАЗДЫҚТЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР***

#### **1-жаттығу**

Мәтін жазылған диктофонды даусын шығарып қойып, мәтіннің екінші сөйлемін, бесінші сөйлемін, жетінші сөйлемін қайталау. Екінші жолы бірінші, үшінші, төртінші, алтыншы сөйлемді қайталау. Осылайша түрлендіріп, қайталап, әбден жаттыққан соң, енді олардың аудармасын айтып үйрену. Бұл жаттығулар адамның ден қою, ақпаратты тыңдай отырып, ойша аудару процесін бір мезгілде дерлік орындау қабілетін арттырады.

#### **2-жаттығу**

Орыс тілінде мәтіннің магнитофондағы жазбасын және оның жазбаша аудармасын аламыз. Магнитофонды қосып, жазбаша аударманы ілесіп оқу керек.

#### **3-жаттығу**

Енді тапсырманы күрделілендіре түсеміз. Енді мәтінді тұтастай емес, екінші, төртінші, алтыншы... – әрбір жұп санды сөйлемді ілесе оқып шығамыз. Одан кейін әрбір тақ сөйлемді оқимыз.

## ***IV. ЖАДЫНЫ ЖАТТЫҚТЫРУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР***

### **1-жаттығу**

Кез-келген телеарнаны ашып немесе радиотолқынды ұстап, жаналықтарды тыңдаймыз. Естіген ақпараттағы айтылмақшы болған негізгі ойды айқындаймыз. Айталық: Шығыс Қазақстан – қысқы мал азығын дайындау; Жамбыл облысы – Амангелді газ кенішінен құбыр тарту; Демир-Қазақстан банкі – ел экономикасына салынатын инвестициялар; Астана – республикалық бюджеттің қабылдануы, т.с.с

### **2-жаттығу**

Берілген ақпаратта кездесетін цифрларды есте сақтауға жаттығу. Ал цифрлар көп кездесетін болса тез жазып алуды үйрену. Ішінде түрлі цифрлар кездесетін бірнеше мәтінді оқытып, жаттату және күрделі сандарды тез жазып алуды үйрету. Көп таңбалы сандарды қысқартып айту және бөлшек сандарды айту жолдарын үйрету.

### **3-жаттығу**

Өркімнің өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың, паспорттың, салық төлеушінің тіркеу нөмірін жатқа білуін тексеріп тұру. Жаттаудың өзіне ыңғайлы амалын ойлап табу.

### **4-жаттығу**

Қалалық телефондарды, бірте-бірте ұялы телефондардың нөмірлерін жаттап есте сақтауды үйрену.

## ***V. МӘТІНДЕГІ САНДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ***

Баяндамада сандар көп кездесетін болса (айталық, Парламентте тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң жобасы, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары, Үкіметтің индикативтік жоспары, т.с.с. қаралғанда, қаржы-экономикалық форумдарда солай болады) тез жазып алуды әдетке айналдыру керек. Мұндай жиындарда цифрларды аттап өтіп, бірыңғай сөзбен аударма жасау ілеспе аудармашының күзiреттiлiгiне бiрден күмән келтiредi. Себебi жиналған қауым әнгiме тыңдау үшiн емес, талқыланатын құжаттар негiзiнде ел экономикасының дамуына қаншалықты қаржы салынатынын бiлуге, өнiраралық, салааралық қаражат бөлу саясатының халыққа тиiмдi болуын, бағдарламалар мен кiшi бағдарламалардың бюджеттерiн қайта қарау, түзету (азайту, көбейту) үшiн келедi.

Әрине, сандар көп болған кезде жаңылып кету ғажап емес. Ең дұрысы – баяндамашының дайындалған мәтiнiн тауып алу. Қаралатын құжат қолда болса, тiптi жақсы. Онымен алдын ала танысып, та-



раулары мен бөлімдерінің беттерін белгілеп қойса, тақырып бойынша іздеу кезінде көп көмегі тиеді.

Қолда ешқандай құжат болмаған жағдайда ілеспе аудармада сандарды дөңгелетіп айтуға жол беріледі. Бірақ ондайда міндетті түрде «астам/более», «жуық/около», «шамасында/примерно», т.с.с сөздер қоса қолданылуы керек. Мысалы: «**Өткен жылдар ішінде «Ауыз су» бағдарламасын іске асыру үшін республикалық бюджеттен 1 миллиард 789 миллион теңге қаражат бөлінді**» дегенді «**За прошедшие годы на реализацию программы «Питьевая вода» из республиканского бюджета были выделены более 1 миллиарда 700 миллионов тенге**» деп, немесе осы цифрларды «около 1 миллиарда 800 миллионов тенге» деп алуға болады.

Бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің қаражаттары есептелетін, қаржысы сала-сала бойынша, бағдарламалар бойынша бөлінетін жиналыстарда сөз болып отырған сомалар нақты айтылуға тиіс («Ақша санағанды, бақша қарағанды ұнатады — Деньги любят счет» деген ғой). Мысалы «2007 жылға арналған республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы бойынша Сенат Аппараты дайындаған ақпараттық материалда:

**«Налоговые поступления увеличены против уточненного плана 2007 года на 88972185 тыс тенге за счет:**

– **изменения параметров макроэкономических показателей на 47 132 258 тыс. тенге, в том числе роста экономики на 14716658 тыс. тенге и внешнеторгового оборота на 32 415 600 тыс. тенге;**

– **разовых поступлений по подписному бонусу на 32 520 9610 тыс. тенге;**

– **других факторов — 9 318 966 тыс. тенге»** деп берілген. Бұл заң жобасы бойынша комитет төрағасы жасайтын баяндамаға негіз болып, ол палатаның отырысында осы қалпында жасалды. Тиісінше бұл мәтін қазақ тілінде былай деп аударма жасалды:

**«2007 жылдың нақтыланған бюджетімен салыстырғанда салықтық түсімдер:**

– **макроэкономикалық көрсеткіштердің параметрлері 47 132 258 мың теңгеге өзгеруі, соның ішінде экономиканың 14 716 658 мың теңгеге және сыртқы экономикалық айналымның 32 415 600 мың теңгеге;**

– **жазылған бонус бойынша бір жолғы түсімдердің 32 520 961 мың теңгеге;**

– **басқа факторлардың — 9 318 966 мың теңгеге өсуі есебінен 88 972 185 мың теңгеге ұлғайды».**

Қолда баяндаманың алдын ала аударылған мәтіні болмаған жағдайда ілеспе аудармашының мына баяндаманы аудару кезінде кешкен күйін ешкімнің басына бермесін дер едік. Бір жақсысы — қолымызда

баяндаманың екі тілдегі мәтіні де болып, ілеспе аудармашы жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік жасалды. Бұл – Парламент Палаталарының регламенттерінде отырыстарда жасалатын баяндамалардың мәтіндері ілеспе аударма үшін алдын-ала Аппаратқа берілуі көзделуінің арқасы. Бұған да біраз жыл айтар жерде айтып, жазар жерге жазып жүріп, заң жобалары талқыланатын кездерде ілеспе аударманы қамтамасыз ету үшін баяндамалардың мәтіндері Аппаратқа берілуінің қажеттігін дәлелдеп, қол жеткізгенбіз.

Жоғарыда жақсы ілеспе аудармашы болуды мақсат еткен адамның үйренуден, жаттығудан шаршамауы керек екендігі айтылды. Кітапта бұл сөздерді бірнеше жерден кездестірсеніз, танданбаныз. Шындығында да бұл – ілеспе аударма биігіне шыққан атақты ілеспе аудармашылардың барлығының өткен жолы. Қалаған адам мұны баспасөз беттерінен оқып, білулеріне болады.

Осы салада аты белгілі ілеспе аудармашылармен халықаралық жиналыстарда бірге жұмыс істеу сәті түскенде олардың жиналыс алдындағы дайындықтарына, аударма жасауда пайдаланатын құрал-жабдықтарына (сөздіктен басқа), өзін-өзі ұстауларына, аудару мәнерлеріне көз сала жүріп, біз де осындай ой түйдік: Қайткен күнде де кенестен кейінгі кеңістіктегі халықаралық деңгейде аты танымал болған ілеспе аудармашылардың бәрі де өз естеліктерінде табиғат берген қабілетін ұштап, ізденуден, үйренуден талмағандарын жазатыны бекер емес.

Ілеспе аударманың сапалы болуы тек аудармашының біліктілігіне ғана байланысты еместігіне біраз мысалдар келтірілді. Бұл - әлі де толық емес тізім. Енді сіздердің назарларыңызды толып жатқан қосалқы факторларларға аударғымыз келеді. Ілеспе аударманың сапалы болуына осы факторлардың: оның ұйымдастырылуы, аудармашы әріптесінің біліктілігі, ілеспе аударма жасауға арналған техниканың сапалылығы, аудармашылардың жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлардың жасалуы, т.б. көптеген жайлардың әсер ететіні даусыз нәрсе. Олай болса, ілеспе аударма сапалы жасалуы үшін ісшараны ұйымдастырушылар есте ұстауы тиіс жайларға тоқтала кеткен жөн болар.

## **САПАЛЫ ІЛЕСПЕ АУДАРМА ЖАСАЛУЫ ҮШІН ДАЙЫНДЫҚ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?**

Кем дегенде екі жұмыс тілі болатыны айқындалып, ілеспе аударма жасату жоспарланған жиынның мәртебесі жоғары болатыны белгілі. Мекеменің (органның, компанияның, ұйымның) алдына қойып отырған мақсаттарына қол жеткізуі осындай жиынның өткізілу нәтижесіне байланысты болып, сол жиын барысында айқындалатын

кездер болады. Яғни жиынның өз денгейінде өтпеуі органның (мекеменің, компанияның, ұйымның) бет-бейнесіне, беделіне әсер ететінін де ескеруіміз керек. Сондықтан ондай жиынды өткізу үшін, әдетте, құрамында тәжірибелі, ұйымдастырушылық қабілеті мол, ғылым мен техниканың әр саласында қызмет істейтін білікті мамандар, кейде тіпті сценарий жазушылар бар үлкен команда жұмыс істейді. Ілеспе аудармамен қамтамасыз етуді мойнына алған қызметкерлер тобы да осы командамен бірлесе жұмыс істейді.

Бұл ретте команданы басқарушы адамның ұйымдастырушылық қабілеті мен осындай жиналыстар өткізу тәжірибесі болуының маңызы зор екенін айта кетуіміз керек. Оның білімдарлығының, азаматтық ұстанымының да ісшараны ұйымдастыруда рөлі болатынын ескерте кеткен жөн.. Ол үшін ешқандай «ұсақ-түйек» нәрсе болмауы керек. Тәжірибелі ұйымдастырушы жоспарланып отырған ісшараның түпкілікті нәтижесі жақсы болу үшін жұмыс істейді. Ал нәтиже жақсы болуы үшін жиында оған қатысушылардың бір-бірлерін түсінуіне, бір мәмілеге келулеріне, белгілі бір ұсыныстардың экономикалық тұрғыдан тиімділігіне көз жеткізуіне, сөйтіп, халыққа пайдалы қарарлар қабылдануына жағдайлар жасалуы керек. Ол жағдайлардың бірі – сапалы ілеспе аудармамен қамтамасыз ету.

Ілеспе аудармамен қамтамасыз ету аудармашының пультке келіп отырып, микрофонды іске қосып, аударма жасауға кірісуінен әлдеқайда бұрын – жиналыстың жұмыс тілдері айқындалып, соған сәйкес жабдықтар орнату үшін залға инженер-техник мамандардың келуінен басталады.

Бұл үшін жиынды ұйымдастыру командасындағы ілеспе аудармамен қамтамасыз етуге жауапты қызметкер, егер зал ілеспе аударма жасау техникасымен жабдықталмаған болса, ірі мекемелердегі инженерлік орталықтармен байланысып, жиналмалы (переносный) ілеспе аударма жасау жабдығын, оны құратын инженер-техник мамандармен қоса жалға алады. Инженер-техник мамандардың міндетіне: құрал-жабдықты орнату, олардың өзара (мінбер, президиум, залдағы микрофондар, аудармашы кабинасы) дұрыс байланысын орнату, аудармашы пульттарын жиналыстың жұмыс тілдеріне қарай реттеу, барлық микрофондардың, тыңдауыштардың жұмыс істейтіндігіне көз жеткізу; жиынға қатысушыларға тыңдауыштар мен қабылдағышты таратып беру/жинап алу және олардың қалай жұмыс істейтінін түсіндіру, т.б. жұмыстар кіреді. Жиын барысында болуы ықтимал бұзушылықтарды жедел жою үшін, әдетте, инженер-техник мамандар сол маңда, ілеспе аудармашылар кабинасына таяу жерде болады.

Жиналыстың жұмыс тілдері айқындалған соң ілеспе аударма жасау үшін қажетті техника мен ілеспе аудармашыларды іздеу қатар

жүргізіледі. Ресей астанасындағы ірі аударма бюролары бұл екі қызмет түрін де көрсетеді. Бізде жағдай басқаша — аударма бюроларында техникасы болуы, бірақ ілеспе аудармашысы болмауы мүмкін.

Ілеспе аудармашыларды іздестіруде де жиынның түпкілікті нәтижесі үшін қызмет істеу керектігін есте тұтқан жөн. Тап осы жерде бізде орнығып қалған бір орынсыз жайға назар аудартуға тура келіп тұр. Кейде маған ұйымдастырушылар жиынның аудармаға, соның ішінде мемлекеттік тілге және мемлекеттік тілден ілеспе аударма жасауға бөлінген қаражаттан үнемдеп, пайда тапқысы келетіндей болып көрінеді. Шет тілдеріне/тілдерінен аударма жасайтын ілеспе аудармашыларға қомақты қаражат төлей тұрып, өз тілімізге келгенде түрлі амал-айлаларға көшеді: мысалы, ілеспе аудармашылар қызмет істейтін мекеме басшыларымен таныстықтарын пайдаланып, аударма жасауды міндеттетеңді, аударма көлемі аз болады деп, берілетін соманы азайтады, араға түрлі таныс, сыйлас кісілерді салып, саудаласады. Ақыр аяғында аудармашының адал еңбегіне лайықты ақы алу құқығы тапталады.

Ал ол мекемеде жұмыс істемейтін және мұндай айла-шарғының аяғы жақсылыққа апарып соқпайтынын жақсы білетін тәжірибелі аудармашы ол жиналысты аударудан бас тартады. Міне, осыны пайдаланып, тілге жаны ашымайтын, аударманың сапасы ойландырмайтын ұйымдастырушылар өздері ұсынған азғантай ақыға келіскен аудармашыны жалдайды. (Әдетте, мұндай аз ақыға ілеспе аударма жасауды енді ғана үйреніп жүрген және сол сәтте ақшадан қысылып, 20-30 мың теңгені олжа көретін аудармашылар келіседі). Осылайша, мемлекеттік тілдің мәртебесіне жауапкершіліксіз қараудың нәтижесінде, сауатсыз, қойырtpпак аудармадан ештеңе түсінбеген қазақ тілді аудиторияның құқығы аяққа тапталады.

Аударма жасау үшін бір аудармашы жеткілікті деген көзқарас та осындай пайда табушылық ниетінен туындаған. Ілеспе аударманың ерекшелігінен хабары жоқ адам жұмыс барысында аудармашыларға түсетін орасан зор физиологиялық және психологиялық салмақ туралы, үздіксіз, демалысыз сөйлеудің организмге келтіретін зияны туралы да білмейді. Ол-ол ма, тіпті жазбаша аудармашы мен ілеспе аудармашының арасындағы айырмашылықты білмейтіндер де аз емес. Микрофонды көрсетіп тұрып: «Аудармашысың ба? Онда отыр да аудар» дейтіндерді тісі ауырған адамды «ол да дәрігер» деп кардиологқа немесе гинекологқа жіберетіндермен немесе аты диқан деп мақташыға күріш ек деп бұйыратындармен салыстыруға болатын шығар.

Халықаралық жиындарға үзбей қатысатын ілеспе аудармашылар аударма жасауда бір ұстанымды берік ұстанады: әр ілеспе аудармашы микрофонға 20 минут қана сөйлеуі керек, белгілі бір себептер болса, өзара келісіп, бұл уақытты әрі кеткенде 30 минутқа созулары мүмкін.

Ілеспе аудармашы организмнің психологиялық-физиологиялық салмаққа төтеп берер шекті уақыты осылайша белгіленген. Бұдан асып кетсе қандай мықты аудармашы болса да жаңылыса бастайды, бәз біреулерінің тамағы құрғап, екіншілерінің есту қабілеті төмендейді. Адамның жағы талып, тілі икемге келмей, аудару қарқыны кемиді, осыдан барып аударма сапасы нашарлайды. Ілеспе аудармашылардың кезектесіп, бірін-бірі ауыстырып отыру қажеттігі сондықтан.

Басқа елдерде ілеспе аудармашыларды іздегенде, ұйымдастырушылар жиынның тақырыбын міндетті түрде ескереді. Өйткені ілеспе аударма жасау тарихы бізден бұрын қалыптасқан елдерде ілеспе аударма жасау да әлдеқайда биік деңгейде дамыған. Оларда сала-сала бойынша маманданған ілеспе аудармашылар топтары бар. Айталық, экономика, қаржы, салық терминдерін терең білетін, сол саладағы аты белгілі аудармашылардың өздері-ақ микробиология, медицина, зоология тақырыбына арналған конференцияларды аударуға бармауы мүмкін. Сол сияқты, балық, орман, ауыл шаруашылығы бойынша маманданған аудармашының техникалық ғылымдар, қорғаныс, ғарыш саласы бойынша өткізілетін жиындарда өзін судағы балықтай сезінбеуі анық. Бір жақсысы, оларда барлық салалар бойынша маманданған ілеспе аудармашылардың тізімі жасалып, сайттарда ұсынылып отырылады.

Өмірдегідей сияқты, ілеспе аудармада да сегіз қырлы, бір сырлы, экономиканың көптеген саласы бойынша өтетін жиындарда ілеспе аударма жасайтын мамандар кездеседі. Мұндай тәжірибелі, әмбебап аудармашыларға сұраныс қай қоғамда болмасын жетіп-артылады.

Осы ретте, санаулы ғана ілеспе аудармашыларымыз бар болғандықтан, олардың түрлі бағыттардағы жиналыстарға қатысуға мәжбүр екендігінің пайдалы жағы да бар болғанын айта кетуіміз керек. Басшылар сенің қаншалықты маманданғанына қарамастан, жиынды аударма жасауды міндеттейді. Аударманың кемшілігі болса, басшыға тиер таяқтың бір ұшы өзімізге тиетінін білетін ілеспе аудармашылар ұдайы өзін-өзі жетілдіру үстінде болады. Міне, соның арқасында түрлі тақырыптағы жиналыстарды аудару үшін қарым-қабілеттері де жететінін атап өту парыз. Біздің аудармашылар, соның ішінде халық шаруашылығының барлық салалары бойынша заңдар қабылданатын Парламент аудармашылары, экономиканың бар саласы бойынша өткізілетін жиындарда ілеспе аударма жасауға әбден маманданған.

Деңгейі биік халықаралық ісшараларды ұйымдастырушылар спикерлердің баяндамаларын алдын-ала алдырып, аудармашыларға жібереді. Оның үстіне, ісшараға қатысты ашылатын сайтта анықтамалық, танымдық материалдар, көтерілетін мәселелердің айналасында пікірлер жарық көреді, сарапшылардың пікірлері жарияланады.

Кез келген аудармашының есінде болатын жай: жиын тақырыбын білген соң осы сала бойынша қабылданған негізгі заң актісін тауып алу керек, онда терминдердің глоссарии беріледі. Бұл ілеспе аударма жасауға көп көмегін тигізері сөзсіз.

Аударманы жеңілдетудің басқа да жолдары бар. Біз Парламентте қызмет істеп жүрген кездері, егер өткізілетін жиынның материалдары бар болса, соларды алдырып, танысып, ал егер материалдар дайындалмаған болса, салалық терминологиялық сөздіктермен жұмыс істеп, осы бағыттағы танымдық материалдарды, жарияланымдарды оқып, сала проблемаларынан хабардар болуға тырысатынбыз. Тіпті баяндамашыны танитын болсақ, тікелей өзіне шығып, материалдарын сұра-тып алған кезіміз де болған.

«Жеңіске апарар жолдың жаманы жоқ» деген қағидатты ұстана-тын болсақ, сапалы аударма жасау үшін материал табудың кез келген жолы өз-өзін ақтайды. Егер ұйымдастырушылар сөз сөйлеушілердің материалмен қамтамасыз етпесе, ал аудармашы жиын өткізілетін уақыттан алдын-ала хабардар етілсе және қолына ісшараның бағдар-ламасы берілсе, сөз сөйлейтін адамдармен өз бетінше хабарласып, олардан баяндамасының (сөйлейтін сөзінің) мәтінін сұрап алуға бо-лады. Ал егер баяндамашы қағаздан оқымай, өз сөзіммен сөйлеймін десе, негізгі тезистерімен таныстыруды өтінген жөн. Сондай-ақ жиын алдында да сөз сөйлейтін адамдардың қасына барып, өзінің ілеспе аудармашы екендігін айтып, ол кісілерден айтар ой-пікірлерінің бағы-тымен таныстыруды өтінудің еш сөкеттігі жоқ.

• **Бұған, әрине, мемлекеттер, үкімет басшылары, елдің ірі лауа-зымды адамы қатысатын саяси жиындар кірмейді. Ондай жиындарды өткізудің қалыптасқан өзіндік протоколы бар және қатысушылардың барлығының да оны мүлтіксіз орындауы міндетті.**

Жиынның форматы қандай болса да ілеспе аудармашының басты міндеті — сапалы ілеспе аударма жасау. Ұзақ уақыт осы іспен айна-лысып келе жатқандықтан, біз оны жақсы білеміз және қашанда мін-детімізді лайықты орындап шығуға ұмтыламыз. Алайда «Өмір деген — данғыл жол емес» дегендей, жиынның бәрі бірдей қызықты, өткізбесе болмайтындай қажетті, пайдалы деу қиын. Сондықтан өткізілу фор-матына қарай ілеспе аудармашылардың баяндамаларды ықыластана аударатын, амалдың жоқтығынан аударатын кездері де болады.

Ең алдымен аудармашы неге ықылаусыз аударары деген сұраққа жауап берейік. Жауабы біреу-ақ: жиын мақсатының, оның қоғамға берер пайдасының айқын еместігі. Соған сәйкес жасалатын баяндама-лардың да қызықсыз, тартымсыз болуы. Әдетте, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда өз білімін жетілдіргісі келіп жүрген бірлі-жарым жас ғалымдар, жиын жұмысы бойынша қорытынды құжат жасауға

міндетті қызметкерлерді қоспағанда, қатысушылардың көпшілігі ондай баяндамаларды тыңдай қоймайды.

Әріптестерімізбен ауысып жұмыс істейтін болғандықтан, кезегіміз келгенше сол төніректе жүретін біз бастапқы жылдары конференцияның негізгі баяндамалары жасалып жатқан кезде топ-топ боп, жұп-жұп болып әңгімелесіп тұрған немесе кофе ішіп отырған қатысушыларды көргенде таңқалатынбыз. Сосын олардың конференция жұмысының негізгі бағыт-бағдары бойынша жасалатын баяндамаларды тыңдамай, сыртта жүруінің не газет-журнал оқып отыруының, ал соңғы жылдары ұялы телефондарын шұқылап отыруының себебін іздей бастадық. Біздіңше бұған бірнеше себеп бар сияқты:

а) әдетте конференция материалдары жинақ болып шығады. Соны білгендіктен қатысушылар орайы келген сәтті пайдаланып, көптен көрмеген әріптестерімен пікірлесіп, түрлі көкейтесті мәселелерін көзбе-көз талқылап алғанды жөн көреді. Ал конференция материалдарын кейіннен жинақтан оқып алуға болады;

ә) адамдар көру жадысы және есту жадысы басым таныған деп шартты түрде екі топқа бөлінеді. Конференцияға қатысушылардың ішінде бірінші топтағылар көбірек болған кезде оларды залдан гөрі фойеден тезірек табуға болады. Қанша тыңдағанмен есте қалмайтынын білген соң олар да баяндама тыңдауға селкостық танытады (мұндай жағдайда оларды кінәлау да орынсыз);

б) кейбір жағдайларда конференцияда баяндама жасайды деп хабарланған, жұртшылық үшін сол саланың білгір маманы ретінде пікірі қызықты адамның орнына басқа адамдар келеді. Әрине, дайындап әкелген баяндамасын оқып береді. Бірақ ол – қатысушылар күткен маман болмағандықтан, жиналғандар жасалатын баяндамадан өздері күткендей әсер алмайтынын біледі; содан да қызығушылық танытпайды;

в) жоғары жақтан залды толтыру нұсқалатын кездер болады. Ондайда жиынға қатысуға онда көтерілетін мәселеден алыс салада жұмыс істейтін, кейде тіпті еш хабары жоқ адамдар жіберілуі мүмкін. Мінберден айтылып жатқан әңгімелерден бірдеңені ұға қоюы екіталай болған соң, ондай қатысушылар не газет-журнал оқып отырады, не сыртқа шығып кетеді;

г) жиынның қоғамға еш пайдасы жоқ екендігін, тек сол кезде ұрандатып жатқан бір бастамаға үн қосу мақсатында өткізіліп отырғанын ұйымдастырушылар да, қатысушылар да біледі. Залды толтыру үшін алып келген студенттер топ-тобымен кіріп-шығып жүреді, кейде артқы орындықтарда сабақтарын дайындап немесе ұйықтап отырады.

Зал жарым-жартылай бос, іште отырған қатысушылардың өздері газет-журнал ақтарыстырып, не өзара сыбырласып сөйлесіп отыра-



тын жағдайларда ілеспе аудармашылар шабыттана аударма жасай алмайтыны анық. «Тыңдаушысы жоқ сөз — жетім» деген халық нақылын естіп өскен адамның бостан-бос сөйлеуге ықыласы болмайды-ақ, бірақ осы жиында аударма жасау — міндеті.

Мұндайда баяндаманың дайын аудармасы болса, жақсы. Онда баяндамашының сөйлем тастап кетпеуін қадағалай отырып, аудармашы да қағаздан оқып береді. Ал дайын мәтін болмаса... баяндамашының екпініне ілесе алмасы анық, сондықтан оның екі-үш сөйлемінде айтылған ойды тұжырып, баяндаманың мағынасын жеткізуге тырысады. Бірақ сол аударма түгіл сөйленген сөзді де керек етіп жатқан қатысушылар болмаған соң, жұмыстың сапалы болуы неғайбыл. Ең қиыны бұлайша жұмыс істеген кезде аудармашының залмен де, баяндамашымен де байланысы болмайды, яғни оның аудармасының деңгейіне ешкім де баға бере алмайды. Тек өзіңе-өзің баға бересің.

Халықаралық дәрежедегі жиындарды ағылшын/орыс тілдеріне аударып жүрген ілеспе аудармашылар арасында, мұндайда мәтіннің 70-80 %-ын аударып беру — жақсы аударма деген пікір қалыптасқан.

Ілеспе аудармашылар ықыластана аударма жасайтын жиындар — қағазға жазылған баяндамадан гөрі қатысушылардың еркін пікір алмасуы көбірек, диалог, сұрақ-жауап түріндегі баспасөз конференциялары, заң жобаларын талқылайтын жұмыс тобының отырыстары, семинарлар, түрлі тұсаукесерлер, «дөнгелек үстелдер» және т.б. Мұндай жиынның өткізілу форматы да өзгешерек, атмосферасы да басқаша. Адамдар арасындағы қатынас та бейресми сипатта болып, ой айтып, пікір білдіруге қолайлы жағдай жасалады.

Мұндай жиында ілеспе аударма жасап отырған маманның аудармасы — жиынның басты атрибуттарының бірі болып табылады. Ілеспе аудармашы деңгейінің биік болуы қатысушылардың бір-бірін қалтқысыз түсініп, пікір алысуларына, жиынның іш пыстырмай, қызықты өтуіне тікелей әсер етеді. Тіпті сұрақ қойған адам жауапты аудармашы арқылы алған кезде де жауап берген адамның өз аузынан естігендей әсерде болады.

Ал егер аудармашы дұрыс аудармай, екі тарап бір-бірін түсіне алмай қалған жағдайда, бірден «аудармашы дұрыс аудармады», «аудармашы менің пікірімді дұрыс жеткізбеді», «менің айтқан ойым дұрыс аударылмаған сияқты» дегендей ескертпелер естіледі. Кез келген ілеспе аудармашы үшін бұдан өткен жаза жоқ. Сондықтан ол әрдайым аударманың дәлме-дәл, толық әрі тыңдарманға түсінікті болуы керек екенін есте ұстайды.

Ілеспе аудармашылар өз жұмыстары туралы айтқанда: «Медицинада адам өз организмінің қай мүшесі қалай жұмыс істеп тұрғанын білмесе — денсаулығы жақсы болғаны деген ұғым бар, сол сияқты, ілес-



пе аудармашының жұмысы туралы ешкімнің ештеңе демеуі — жақсы белгі» — деп қалжындайды. Бұл — екі тілді адамдар арасында алтын көпірдей болып, өз міндетін тамаша атқарып отырған кезде ілеспе аудармашыны ешкім де байқамайтынын мегзейтін сөздер. Сондықтан еске болар бір жай: ілеспе аудармашы өз енбегінің көзге көрінбейтін, еленбейтін жұмыс екендігін әуел бастан білуі керек.

**Қаншама жыл бойы ілеспе аударма жасап жүргенімде, біздің еңбегімізді елеп, арнайы орталарына шақырып, рақмет айтқан жай бір-ақ рет болды. Сондықтан да болар, ол сәт күні кеше болғандай көз алдымда.**

**Алматыда, ЮНЕСКО-ның аясында Абайдың 150 жылдығына арналып өткізілген ғылыми конференцияда Шыңғыс Айтматов алғашқылардың бірі болып сөйледі және сөзін қырғызша бастап, біраз уақыт ана тілінде толғанды. Мен қырғыз тілін түсінуші едім — ұлы жазушының сөзін орыс тіліне қиналмай аударып отырдым**

**Сол кезде қасыма өзімнің тікелей басшым, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі аппаратының Редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі Зейнолла Серікқалиев аға келіп, қысықтау көзі күлімдеп, иегімен президиум жақты нұсқады (ілеспе аударма жасап отырған кезде аудармашылардың өзара не басқа біреулермен сөйлесуіне болмайды). Ағаның не айтпақ болғанын түсіне қойдым: конференцияда төрағалық етуші Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының сол кездегі президенті Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев тыңдауышты әлсін-әлсін құлағына тосып, аударманың бар-жоғын тексеріп отыр екен.**

**Түстен кейін өткізілген баспасөз конференциясында Шыңғыс Айтматов: «Менің танертенгі жиналыста қырғыз тілінде сөйлегенім залда отырғандардың көбіне жетпей қалатынын ескермеппін. Қазақстанда қалай екенін білмеймін, біздің елде қырғызшадан ағылшын, басқа тілдерге аударғанымен қазақшаға аударатын аудармашы жоқ. Сондықтан мен орысша сөйлейін», — деп еді, К.Ә. Сағадиев: — «Шыңғыс Төрекүлұлы, бізде қырғызшадан аудармашы бар, сөйлей беріңіз», — дегені!**

**Айтматов тағы көсілді, мен тағы қырғызшадан аудардым.**

**Баспасөз конференциясы аяқталған кезде Ш. Айтматов:**

**— Біздің түсінісуімізге жағдай жасаған аудармашыларды шақырайық, — деп өтініш айтып, бізді залға кіргіздірді.**

**Адамзаттың азаматына айналған алып тұлғаның алдына барып:**

**— Шыңғыс аға, Сіздің қырғызша сөзіңізді орысшаға мен аудардым, — дедім.**

**Ол кісі шексіз ризашылығын айтып, қолтаңбасымен кітабын тарту етті.**

**Қазақы тілмен айтқанда, менің төбем көкке екі елі ғана жетпей қалды.**

Бәлкім, уақыт өте ілеспе аудармашылардың еңбегіне деген көзқарас та өзгерер. Әзірше бүгінгі күндері өтіп жатқан жоғары дәрежелі жиындарға қатысушылардың өзара түсінісуіне, мәмілеге келіп, шешім қабылдауларына тамаша аудармасымен, зияткерлік әлеуетімен ілеспе аудармашылардың зор еңбек сіңіретіндігі туралы айтыла қоймайды. Сондықтан болар, мына бір жолдар бізді елең еткізді: «...*Конференцияның төрт жұмыс тіліне (араб, ағылшын, әзербайжан және орыс тілдері) жасалған нақты, сапалы ілеспе аударма кеудені көрнеген көңіл-күйді де, айтылар негізгі ойды да, өрнекті көркем сөзді де әрдайым дәлме-дәл ұғуымызға мүмкіндік берді. Форумға қатысушылардың көбінің тілі осындай көркемдігімен ерекшеленгенін айтуымыз керек*».

Бұл – Ислам Конференциясы Ұйымы 2007 жылғы сәуір айының аяғында Әзербайжанда өткізген «Бұқаралық ақпарат құралдарының төзімділік пен өзара түсіністікті дамытудағы рөлі» халықаралық конференциясына қатысып қайтқан О.Квятковскийдің «Казахстанская правда» газетінде жарияланған мақаласынан үзінді.

Елімізде ілеспе аударманың зияткерлік, шығармашылық сипатын түсініп, өзіндік ерекшелігі мол, қиын, күрделі кәсіпті игергендердің еңбегіне назар аударылудың, лайықты баға берілудің басы болғай деп тілейік.

\* \* \*

Әрине, жазбаша аудармадан хабары жоқ, ал ілеспе аударма дегеннің не екенін білмейтін адамдарға бір семинар не курс барысында (тіпті ол бір аптаға созылса да) оны үйретіп шығару қиын. Бірақ «Шын жыласа, соқыр көзден жас шығар» деген халық даналығына сүйенсек, үйретуші шын ниеттенген, үйренуші шын талаптанған жағдайда, жапп-жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатынына да өз тәжірибемізде көз жеткіздік. Мұндайда ең алдымен аудармашыларға ізбе-із аударма жасатып, бір-екі күн әбден пысықтап жаттықтырып, солардың ішінен «болашақта ілеспе аудармашы шығады-ау» деген аудармашыларды іріктеп алып, жеке үйреткен жөн.

Түйіндеп айтар болсақ, жазбаша аудару тәжірибесі бар, сөздік қоры мол ынталы жігіттер мен қыздарды оқытып, тәрбиелесе, олар да өздігінен ізденіп, қабілеттерін дамытса, 2-3 айдың ішінде-ақ жақсы ілеспе аудармашы шығуы әбден мүмкін.

III тарау

**ІЛЕСПЕ  
АУДАРМАҒА  
ҚЫЗЫҚТЫРУ**

## БЕКЗАТ ӨНЕРДІҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ МЕН ҚИЗЫҚТАРЫ

1943 жылы өткен Тегеран конференциясында Кеңестер Одағы тарапынан қатысқан делегацияның құрамында ілеспе аудармашы Валентин Бережков та болады. Ел басына күн туған ауыр кезен, жұрттын бәрінің қабағы қатулы. Үзіліссіз жалғыз өзі аударып отырған В.Бережков қарны ашып бара жатқан соң пікірсайыстар сәл саябырсыған тұста аузына бір-екі турам етті салып жібереді. Қас қылғандай тап осы сәтте Черчилль Сталинге қарап бір сұрақ қояды. Сталин аузы толған етті не жұтып жібере алмай, не тастай алмай қатты сасқан аудармашыға зілдене қарап: «Тамақ жейтін уақытты тапқан екенсің! Сенің шаруаң – аударма жасау!» – деп зекиді.

Ал не болғанын сосын барып түсінген айналадағы адамдар ресми іс-шарада отырғандарын ұмытып, ішек-сілелері қатқанша күліпті.

\* \* \*

Шетел тілдерінен аудару мамандығы кез келген қоғамда сұранысқа ие, ал мұндай қабілеті бар адамдар сыйлы да қадірлі болған. Көне заманнан жеткен деректерден билеушілер сарайындағы тілмәштардың ерекше мәртебеге ие болғанын аңғаруға болады. Айталық, Ежелгі Мысырдағы фараондар тілмәштарының ханзада мәртебесі болған. XVIII ғасырда ұзақ жылдар бойы француз корольдерінің хатшы-аудармашылары де Фиенн әулетінен шыққандар болып, олардың 1729 жылы Триполимен, 1742 жылы Туниспен келіссөз жүргізуге қатысқаны да тарихтан белгілі. Одан бергі тарихқа көз салсақ, КСРО басшылары Сталиннің (Павлов), Хрущевтің (Трояновский, Суходрев, Дубинин), Брежневтің (Суходрев, Глухов), Горбачевтің (Палажченко) аудармашысының кеңесші немесе елші жоғары дипломатиялық рангі болған.

Алайда ол кездерде жоғары мәртебелі аудармашылар қауіпсіздік қызметінің жіті бақылауында болғаны да тарихтан белгілі. Гитлердің жеке аудармашысы П.Шмидт естеліктерінде Үшінші рейх кезеңінде өз әріптестерінің тіпті телефонмен де сөйлесу құқығынсыз «Адлон» отелінен ешқайда шығарылмай қамап ұсталғанын жазады.

Ұзақ жылдар бойы КСРО мемлекеті мен партияның жоғары лауазымды қайраткерлерінің аудармашысы болған Р.К.Миньяр-Белоручев 1971 жылы «Последовательный перевод. Теория и методы обучения» атты кітабы шыққаннан кейін Париж университетінің профессоры Д.Селесковичтен жылы лебізді пікір айтқан хат алғанын, тап сол күні өзін қауіпсіздік органдарының қызметкері шақыртып, «шетелдік барлау қызметіне құнды ақпарат беруің мүмкін» деген желеумен бұл хатқа жауап қайтармауын талап еткенін жазады.

\* \* \*

«Өлең айтсаң жаныңды жеп айтасын» демекші кәсіби ілеспе аудармашы аударма процесінде сөз сөйлеушімен бірдей толқиды. Әлде мен өзім тым әсершілмін бе, әйтеуір, сөз сөйлеуші күйіп-пісіп сөйлесе мен де күйініп, ол зілденсе мен де даусымды қатайтып, мерекелі-қуанышты кездерде салтанатты түрде сөйлейтінімді білемін. Тағы бір байқағаным — өзім қазақ тілді адам болғаныммен, негізінен орыс тіліне аударатын болғандықтан, кабинада орысша ойлай бастайды екенмін.

\* \* \*

Сенат аппаратының Редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі Мәди Айымбетов отырыстардан кейін үнемі ілеспе аудармашыларды жинап, сол күнгі ілеспе аудармамызға талдау өткізіп жүрді. Бұл — пайдалы әрі қажет нәрсе. Өйткені жанталасып аударып отырғанда ілеспе аудармашы өз-өзіне бақылау жасай алмайды, ал «Сырт көз сыншы» деген, сырттай тындап отырған адамға аудармадағы олқылықтар да, сәтті тұстар да анық білінеді. «Бүгін сенатор Жомартқали Жексембиновтың сөзін беске аудардың, сенатор Оналбек Сәпиевтің айтқан мақалын да әдемі жеткіздің» — дейді маған қарап.

Келесі бір басқосуымызда: «Камал сен бүгін сенатор Қуаныш Сұлтановты беске, есесіне сенатор Әбіш Кекілбаевты төртке аудардың», — деді. Көңіліме келер деді ме, жұмсақ дауыспен күлімсіреп айтты.

Мен түк те ренжіген жоқпын: «Аға, Әбіш Кекілбаевты беске аударатын адам әлі туған жоқ, сондықтан ол кісіге қатысты «төрт» дегеніңіз — ең жоғары баға», — дедім.

Тәжірибе жинақтағанымнан болар, қазір ілеспе аударма жасағанда, соншалықты қобалжымаймын. Ісіне мығым адамдар сияқты мен де өзіме сенімдімін. Содан да болар, басшымыз талқылау өткізіп жатқан осындай бір жиналыста тыныш отырмай: «Аға, бүгін ана түгеншекенді «алтыға» аударғанымды неге айтпайсыз?» — деймін мақтау күткен жас бала сияқты тыпырышып.

«Иә, бүгін шабыттана аудардың, түпнұсқа сөзден сенің аударман асып түсіп жатты. Осындайда жас аудармашыларды қасыңа отырғызып, сөз сөйлеуші мен өз аударманды кезек тындатып, үйрете бер», — дейді Мәди Айтбенбетұлы аударма сапасын жақсартуды, кадрлар дайындауды ойлап жүретін қашанғы әдетімен.

\* \* \*

Түркияның бұрынғы Президенті Тұрғыт Озалдың Қазақстанға ресми сапары барысында сөйлеген сөздері, баяндамалары түрік тілінде жасалып, бірге келген аудармашысы оларды үйреншікті әдетпен

орыс тіліне емес, қазақ тіліне аударды. Ілеспе аудармашылық тәжірибеде басқа елдің мемлекет басшысының сөзі біздің ана тілімізге аударылуын бірінші көруім осы еді. Қаншама сырт мемлекеттер елшілері, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен болған мәртебелі жиынның негізгі тілі болған ана тілім үшін бойымды мақтаныш сезімі билеп, оның және өз Президентіміздің сөздерін орыс тіліне шабыттана аударғаным есімде. Одан әрі ағылшын, француз, араб, түрік, қытай тілдеріне аударылып жатты...

\* \* \*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 13-шақырылымында қазақ тілінен орыс тіліне жалғыз өзім аударатын едім. Орыс тілінен қазақ тіліне аударатын ілеспе аудармашылар белгілі бір уақыттан кейін алмасып отырады, ал мен жиналыстың басынан аяғына дейін өзім отырамын.

Депутаттар өз округтеріне барып, елдің қиын жағдайын көзбен көріп, ширығып қайтқан беттері еді. Сол күнгі отырысқа Президент Н.Назарбаев қатысып отырды. Кезекпен сөз алған Ө.Жолдасбеков елдің жай-күйін жаны күйзеле отырып баяндап берді. Сөзінің соңында Өмірбек Арысланұлы: «Нұрсұлтан Әбішұлы, мен осы айтылғандар басқаларға да түсінікті болуы үшін орыс тілінде қысқаша айтып шығайын» деді. Сол кезде Президент: «Оны несіне қайталайсыз? Аударма жасалып жатыр. Өте жақсы аударма» деді. Қасымда орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасап отырған Бекен Шолан әлгі сөздерден кейін менің қолымды қысып, құттықтап қойды. Содан кейін орнына басқа аудармашы келді де, ол бөлімге кетті.

Отырыс аяқталып, кабинетіме келгенімде бөлім меңгерушісінің орынбасары Е.Әбділдина телефон соқты.

— Камал отырыс қалай өтті? Президент не деді?

— Бір қалыпты өтті. Президент ел жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар ұсыныстар айтты.

— Жок, сен туралы не деді?

— Мен туралы? Ештеңе деген жоқ.

Түкке түсінбеген Елизавета Әбішқызы: «Сен өзің маған келіп кетші» деді. Ғимараттың бір қуысында орналасқан кабинетімнен шығып, ұзын дәлізді қуалай жүріп келсем, Зейнолла Серікқалиұлы екеуі қабылдау бөлмеде тұр екен. Түрлеріне қарасам, әлденеге қуанып тұрған жайлары бар. Көрген бойда Е.Әбділдина маған сұрақты төтесінен қойды:

— Бекен Президент сенің аудармаң туралы «Молодец, Камал!» деп айтты деп келді ғой. Рас па?

— Жок, мүлде олай деген жоқ. «Аударма жасалып жатыр. Өте жақсы аударма» деді.

– Енді ол «Молодец, Камал!» дегені емей немене? – деді олар қосарлана.

Сөйтсем, ептеген қуақылығы бар Б.Шолан бөлімге келіп Президент пен Ө.Жолдасбековтың сөздерін мысалға келтіріп, «Сонымен бір сөзбен айтқанда, Президент «Молодец, Камал!» деді» деп, жұрттың бәрін сендіріп қойыпты.

\* \* \*

Еліміздің астанасын Алматыдан көшіріп, Ақмолаға әкелген соң, 1997 жылғы 10 желтоқсанда Елбасының Бейбітшілік көшесінде орналасқан сол кездегі резиденциясында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, министрлер, облыс әкімдері қатысқан үлкен саликалы жиналыс болып, Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына үндеуін (Воззвание к народу Казахстана) жария етті. Елбасының ана тілімізде, салмақты әрі салтанатты дауыспен айтқан әр сөзі көзге көрінбес желілермен менің жүрегім арқылы өтіп жатқандай, алып-ұшып, тебірене аудардым.

Үндеудің баспаханалық әдіспен терілген мәтіні көгілдір түсті былғары папкаға салынып, жиналысқа қатысқан жоғары лауазым иелеріне таратылып берілді. «Осы тарихи сәтте еткен еңбегің үшін» деп маған да біреуін ескерткішке сыйлады.

\* \* \*

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының бірінде ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, оны күйзелген күйінен алып шығу мәселесіне арналған үлкен жиында аударма жасадық. Сонда ауылдағы халықтың қолдарындағы малын жаппай сойып, сатып жатқанын, бұлай жалғаса берсе мал басы мүлде құрып кететінін, оны қалпына келтірудің ұзақ уақытты талап ететінін айтқан бір баяндамашы: **«Құлын құнан болғанша не заман?»** – деп ышқына сөйледі.

Аударма пультінде сол сәтте отырған ілеспе аудармашы мектепті орысша бітірген қала тұрғыны болатын. Баяндамашының айтар ойын түсінбегендіктен әрі ауыл тұрмысын, мал атауларын дұрыс білмегендіктен ол: **«А қогда же жеребенок станет жеребенком?»** – деп айтып жіберді. Қосалқы тындауышты киіп отырған маған сөздің мағынасын түсінікті болғанымен, тап сол жерде түзету мүмкін емес еді, ілеспе аудармада «Айтылған сөз – атылған оқ» екені белгілі. Оның үстіне, баяндамашының бұдан кейінгі сөзін аударуымыз қажет, ал ол болса құзырлы органдар басшыларының назарын аудару мақсатында ауыл өмірінің басқа да толып жатқан проблемаларын тізбелеп айтып жатқан.

Үзілісте әріптесіме «құлын» мен «құнанның» айырмашылығын түсіндіріп, біздің «тай, құнан, дөнен, бесті» деген сөздерімізді «жере-

бец» деген сөзге «двухлетний, трехлетний...» деп қосып аудара беруге болатынын, сондай-ақ қой малына қатысты «қозы, марка, тұсақ...» деп жатса да осы амалды қолдануға болатынын айттым. Бірақ халқымыздың «Бір айналдырса, шыр айналдырады» деген сөзі тегін айтылмаған ғой. Тап сол әріптесімнің кезегінде мал шаруашылығының басқа бір маманы сөз алып, мал басын көбейту проблемаларына тоқталды. Әп-әдемі аударып отырған ілеспе аудармашы малды қолдан ұрықтандыру мәселесін көтерген маманның **«Кейде ұрғашы мал сол жылы қашпай қалуы да мүмкін»** деген сөздерін **«Иногда самки могут и не убежать»** деп қойып қалды.

\* \* \*

Ілеспе аудармашылардың шеберлігін танытатын бір сәт – олардың тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді аударуы. Жалпы бұл – жылдар бойғы тәжірибемен келетін шеберлік. Домбыра жасайтын шеберлердің ағаш іздеп жүретіні, зергерлердің асыл тастар мен металлдарды, ісмерлердің киім пішу үлгілерін жинап жүретіні сияқты мен ілеспе аударма жасай бастағалы бері тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдердің екі тілдегі мағыналас баламаларын жинап жүргенмін. Бірде сол кездегі Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі өткізген ісшарада вице-министр Әлібек Асқаровты қаумалап тұрған топ «Қашпаған қашардың уызынан дәмету» деген тіркестің орысша баламасын іздеп, даурығысып, әркім әртүрлі тіркесті ұсынып жатты. «Бір білсе осыны Камал біледі», – деді кенет Әлекең сәл әндеткендей әдемі даусымен, – «қанша дегенмен «Үздік аудармашымыз» ғой біздің!»

«Білемін, – дедім мен де ол кісінің көп алдында қолпаштап тұрғанда сенімін ақтайтыныма іштей қуанып, – аудармасы «Делить шкуру неубитого медведя!»

«Міне, айттым ғой! – деді Әлібек Асқарұлы қасындағыларға жағалай қарап. Сосын танданып тұрғанын жасырмай маған бұрылды: «Бірден сарт еткіздің ғой, оны қайдан білесің?»

Мен ілеспе аударма жасау үшін керек болады деп осындай мақал-мәтел, тұрақты тіркестерді жинап жүргенімді айттым.

«Алып кел! Басып шығарамыз! Ол бір ерекше кітап болады!» – деді нық дауыспен. (Ол кітап кейіннен шындығында да Ә.Асқаровтың ұсынуымен жарыққа шығып, айналдырған бір-екі күнде тарап кетті.)

\* \* \*

Ілеспе аудармашылардың талай тарландары тұрақты тіркестерді аударудан таяқ жегендерін еске алады. «Пословицы и поговорки –



бич для переводчика» деп жазады атакты ілеспе аудармашы Л.Виссон. 2005 жылғы президент сайлауы кезеңінде шыққан брошюрада «Он не бросает слов на ветер» деген сөйлемнің «Ол сөзін желге ұшырмайды» деп жазылып кетіп бара жатқанын көріп, өз қолыммен түзеткенмін. Сол науқандағы бір жиында сөз сөйлеп тұрған шешеннің «Қазір ауылдағы халық **барымен базардың** күнін кешіп отыр. Бизнес жасау қолдан келмейді, кетейін десе — **барар жер, басар тау жоқ**» деген сөзін аудармашының «Сейчас народ в ауле живет **благодаря базару**. Бизнесом заниматься не могут, хотели бы уйти - **нет земли и гор**, где можно жить» деп аударғанын өз құлағыммен естіп, мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің мағыналас аудармасын іздеп, жинап жүретінімнің дұрыстығына көз жеткіздім.

\* \* \*

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі мен оның хатшылығы отырыстарының жұмыстары қазақ, орыс, ағылшын, қытай және араб тілдерінде жүргізіледі. Хатшылықтың Алматыда өткен екінші отырысында жиын Қазақстанда, Алматыда болады деген соң, қазақ тілінде өтеді деп ойлады ма екен, Қытай республикасының делегациясы қазақшадан қытайшаға және керісінше аударатын қазақ қызын ерте келіпті. Бұл да болса біздің тілге деген құрметті білдіреді.

Бір кезде Қытайдың делегаты сөйледі, біздің арамызда қытайша білетін ешкім жоқ, оның сөйлемі қашан басталып, қашан аяқталғанын біліп жатқан ешкім жоқ, күткен біз үшін ол өте ұзақ сөйлеген сияқты көрінді. Әлден уақытта барып тоқтады да аудармашы қыз қытайшадан қазақ тіліне аударды, мен оны орыс тіліне, қалғандары менің аудармамнан араб, ағылшын тілдеріне аударды. Бұл бір айналым болды. Енді біздің адам орысша жауап берді, Қытайдан келген қызымыз үшін біз оны орысшадан қазақшаға аударамыз, ол қазақшадан қытай тіліне аударарды. Осындай кездерде залды тым-тырыс тыныштық жайлайды. Бәріміз бір де бір сөзді қалт жібермеуге тырысамыз. Өйткені бір сөздің қағыс естілуінен де саяси жанжал өзара түсініспеушілік болған жайлар тарихтан белгілі ғой. Ілеспе аударманың осындай жауапкершілігі де бар.

\* \* \*

Мен қатысқан ең алғашқы халықаралық жиын — Алматыда ЮНЕСКО-ның аясында өткен Абай атамыздың 150 жылдығына арналған ғылыми конференция. Оған төрткүл дүниеден атақтары жер жарған ғалымдар, алыс-жақын мемлекеттерден қадірлі қо-

нактар, өнер, мәдениет майталмандары келді. Жиынды сол кездегі Ұлттық ғылым академиясының президенті Кенжеғали Сағадиев жүргізді. Сонда мен Шыңғыс Айтматовтың сөзін аудару бақытына ие болдым.

Ш.Айтматов ол кезде Қырғызстанның Люксембургтегі елшісі болатын. Мінберге көтерілгеннен кейін бір сәт ойланып тұрып елді сағынғанын, кіндік қаны тамған топыраққа асыққанын айтып, өзінің жастық шағы өткен өлкеге келіп өртенде өткен өмірінің өрнегімен қауышқандай болып тұрғанын, өзінің ұстазы Мұхтар Әуезовтің еліне табаны тағы тигенін, алып Абай бабасының тойына алып-ұшып келгенін тілге тиек етіп, толғанып та толқып сөйледі.

Маған қырғыз тілінен аудару қиындық туғызған жоқ, өйткені Айтматовтың тілі қырғызшадан қазақшаға жақын болған сияқты, өте түсінікті еді. Анау алып тұлғаның тереңіне бойлатпас тұңғық сезімі мен лықсыған сағынышы мені де баурап алғандай ерекше бір керемет күйдің құшағында болдым.

Шыңғыс Айтматовтың қырғыз тілінде сөйлегені өзге делегаттарға қатты әсер етті білем, одан кейін сөз алған Өзбекстан ғылым академиясының вице-президенті өзбекше, одан кейін Мұстай Кәрім башқұртша сөйледі. Өзбек ағайынның ауызекі тілін шала-шарты түсінетін болғандықтан, әрі баяндамасының Науаи мен Абай шығармашылығына арналғанына сүйеніп, екі ұлы ақын поэзиясының ұқсастықтары, өлең-дастандарының ерекшеліктері туралы айтылып жатқан болуы керек деп, өзімше болжам жасап, тыңдармандарға азды-кем мағлұмат беріп отырдым.

Ал башқұрт тілінен мүлде хабарым жоқ еді. Сондықтан «бағдарламада башқұрт тілінен аударма жасау ескерілмеген, бірақ қонақ Абай сынды алыпты туғызған елге ізгі-ілтипат білдіріп жатқанын, башқұрт халқының сәлемі мен сезімін жеткізіп жатқанын оның дауыс ырғағынан, қас-қабағынан аңғару қиын емес» деп тығырықтан шыққандай болдым. Ілеспе аудармада осындай да қызық жайттар болып тұрады. Екінші жағынан мұндай жайлар ілеспе аудармашыға импровизациялық қасиеттің қажеттілігін айғақтаса керек.

\* \* \*

Мәселе қаралып жатқан кездегі ахуал да аудармашыға ықпал етпей қоймайтынына өз басымнан өткен мына жай куә. Осыдан біраз жыл бұрын, еркін экономикалық аймақтарды жабу туралы мәселе қаралып жатқан кез. Парламентке облыстардан делегациялар келіп, ха-

лық хаттарын жаудырып, қоғамда мұндай шараға наразылық күшейіп тұрған. Облыс әкімдері отырыстарға келіп, өз жеріндегі еркін экономикалық аймақтың жабылуы қандай салдарға апарып соғатынын, халық наразылығы күшейетінін айтып, оған сол аймақтан сайланған депутаттар қызу үн қосып жатты.

Әлі есімде, сонда өз сөзін сенатор Оңалбек Сәпиев былай деп бастады: «Ау, ағайындар, қазір Қызылорда облысы көтеріліп жатыр!». Халықтың қобалжулы көңіл-күйін білетін мен, олар шынымен көтеріліп жатқан шығар-ақ деп ойлап қалдым, бірақ сонда да болса сақтық жасап: «Братья мои, сейчас в Кызылординской области наблюдается рост недовольства» деп аудардым. Сенатордың екінші сөйлемі: «Көтеріле бастағаны да кеше ғана, осы еркін экономикалық аймақ құрылғалы бері ғана». Сонда ғана мен ол кісі «көтеріліс» дегенді — «восстать, бастовать» деген мағынада емес, «рост, повышаться» деген мағынада қолданғанын біліп, микрофоннан кешірім өтініп, іле алдыңғы сөйлеммен қоса қайта аударып шықтым.

Абырой болғанда, менің түзетуімді залдағы халық дұрыс түсініп, ешқандай сөз туындаған жоқ. Ал осындайда қолыңда не сөз сөйлеушінің мәтіні жоқ, не айтар ойынан хабары жоқ болып, жанталасып аударып отырған аудармашы жаңағыдай жаңылысып кетсе, тыныш жатқан елде көтеріліс жасатқан біздің әріптесіміз кінәлі болып шықпай ма?!

\* \* \*

Леспе аудармашының әр депутаттың қай саланың маманы екендігімен, оның саяси көзқарастарымен, шығармашылығымен, сөз сөйлеу мәнерімен таныс болуының да мәні зор. Кейде көп жылдар бойы депутат болған немесе өзің шығармашылығымен таныс адамның алғашқы сөйлемдерінен кейін-ақ оның айтар ойын ішкі интуициямен сезесің.

Мысалы, Шерағанның (Шерхан Мұртаза) шырылдап ана тілімізді қорғайтынын, ел мәселесі, жер мәселесі сөз болса ашы даусы шығатынын білеміз. Ол кісінің әр сөзіне салмақ салып, қадап-қадап, кейбір кемшіліктерді көзге шұқып көрсеткендей сөйлейтіні баршаға белгілі. Өз басым ол кісінің сөзін әрдайым ықыласыммен аудардым. Шерағанның айтып жатқаны көп жағдайда барша қазақтың ойымен үндес болғандықтан, ол кісімен бірге мен де шырылдаймын! Тіпті даусымның ырғағы да сол кісіге ұқсап кететінін білемін. Мұндайда мақтаудың үлкені қасымда отырған әріптесімнің — «Шерағадан бетер шегеледің ғой» дегені.

Кезекті сессия басталғанда, жаңадан сайланған депутаттар белсенділік таныта қоймайды. Ол түсінікті де: халық қалаулыларының жаңа ортаға бой үйретіп, жаңа міндеттеріне кірісуі белгілі бір уақыттың өтуін талап етеді. Одан қалды дүйім жұрттың алдында микрофонмен сөйлеп, өз пікірінді дәлелдеу, оны қаралып отырған заң жобасының бір нормасы ретінде өткізу де оңай емес. Ал тап сол кезде залда жүрген телеоператор қасына тұра қалып, түсіре бастаса, бұл сөйлеуші жүйкесіне қосымша салмақ болары сөзсіз. Содан болар, кей жағдайларда жаңа депутаттың отырыс залындағы дебюті өзі ойлағандай болып шықпайды...

Бір отырыста жаңадан сайланған депутат сөз сөйледі. Әлі тәжірибесі жоқ, айтар ойын жүйелеп алмағаны бірден байқалды. Өз өңірінің проблемалары туралы біраз айтты, сосын сөзінің соңын талқыланып жатқан заң жобасына әкеп тірегісі келіп, бірақ қалай қиыстырарын білмеді-ау деймін, тоқтап қалды. Оның сол кездегі күйін... қалай десем екен, орыстың «паника» деген сөзімен сипаттауға болатын шығар.

(Осы жылдары байқағаным, орыс тіліне аударып отырғанда, орысша ойлайтын болыппын. Оған тап осы жиналыста тағы көз жеткіздім).

Сонымен, депутат айтар ойын ұмытып қалды ма тоқтап қалды. Бағанадан бері ізінен қалмай аударып отырған мен, ол тоқтап қалғанда иненің ұшында отырғандай болып, «қап шатасып қалатын болды-ау» деген ой жанымды қинады. Осы кезде залдың соңғы қатарында отыратын орыс депутат кісі қайырылып, біз отыратын терезеге қарады. Басын изеп, күлімсіреп қояды.

Отырыс аяқталғанда, кабинамның есігі тық-тық қағылды. Сенатор Иван Щеголихин екен. «Разрешите пожать вашу ручку. Так приятно было слышать ваше сопереживание» деді. Сөйтсем, сөйлеген кісі үшін уайымдап «запутается, ох, запутается» деген ішкі ойымның сыртқа шығып, микрофонға кетіп қалыпты. Соңғы қатарда отыратын орыс депутат кісінің біздің кабинаға қарап күлімсіреуінің сырын сонда ғана түсіндім.

Иван Щеголихин өкілеттік мерзімі аяқталған кезде де бізге кабинаға келіп, «жұмысыңыз үшін рақмет, сіз костілді ортаның арасындағы алтын көпірдей болдыңыз» деп рақмет айтып кетті. «Ұлық болсаң, кішік бол» дегеннің мысалы осындай болатын шығар.

\* \* \*

Қаншама жыл бойы ілеспе аударма жасап жүргенімде, біздің еңбегімізді елеп, арнайы орталарына шақырып, рақмет айтқан жай бірақ рет болды. Сондықтан да болар ол сәт күні кеше болғандай көз алдымда.

Алматыда, ЮНЕСКО-ның аясында Абайдың 150 жылдығына арналып өткізілген ғылыми конференцияда Шыңғыс Айтматов алғашқылардың бірі болып сөйледі және сөзін қырғызша бастап, біраз уақыт ана тілінде толғанды. Мен қырғыз тілін түсінуші едім — ұлы жазушының сөзін орыс тіліне қиналмай аударып отырдым. Төрағалық етуші Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының сол кездегі президенті Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев құлақшаны әлсін-әлсін құлағына тосып, аударманың бар-жоғын тексеріп отырғанын байқадым.

Түстен кейін өткізілген баспасөз конференциясында Ш.Айтматов: — Менің таңертеңгі жиналыста қырғыз тілінде сөйлегенім залда отырғандардың көбіне жетпей қалатынын ескермеппін, біздің елде қырғызшадан ағылшын, басқа тілдерге аударғанымен қазақшаға аударатын аудармашы жоқ, сіздерде де солай шығар. Сондықтан мен орысша сөйлейін, — деп еді, К.Сағадиев: — Шыңғыс Төрөқұлұлы, бізде қырғызшадан аудармашы бар, сөйлей беріңіз, — дегені!

Айтматов тағы көсілді, мен тағы қырғызшадан аудардым.

Баспасөз конференциясы аяқталған кезде Ш.Айтматов:

— Біздің түсінісуімізге жағдай жасаған аудармашыларды шақырайық, — деп өтініш айтып, бізді залға кіргіздірді. Адамзаттың азаматына айналған алып тұлғаның алдына барып: «Шыңғыс аға, Сіздің қырғызша сөзіңізді орысшаға мен аудардым», — дедім. Ол кісі шексіз ризашылығын айтып, қолтанбасымен кітабын тарту етті.

Қазақы тілмен айтқанда, менің төбем көкке екі елі ғана жетпей қалды.

\* \* \*

Абай атамыздың 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференцияда негізгі баяндаманы жасаған еліміздің сол кездегі Премьер-министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов, Ғылым академиясының президенті Кенжеғали Сағадиев, академик Жабайхан Әбділдин, философ Ғарифолла Есім, абайтанушы Қайым Мұхаметханов, басқа да бірнеше баяндамашы ана тілімізде сөйледі. Олардың сөздерін мен орыс тіліне аударып, менің аудармадан ағылшын, француз, түрік... тілдеріне аударылып жатты.

\* \* \*

Әдетте дәріс тындауға келгендерді бір сөздің немесе терминнің, сөз орамдарының қалай аударылатыны ғана қызықтырады десек қателесеміз. Аудармашыны алаңдатар бұлардан басқа да мәселелер бар: жұмыс уақытының нормаланбағандығы, еңбекақысының аздығы; бір күнде аударатын жұмыс көлемі белгіленбегені; құжаттарын аудартуға әкелетін кейбір қызметкерлердің өктемдігі...

Жұмыс уақытының нормаланбауы – бәріміздің басымызда бар жай. Тіпті оны мемлекеттік қызметке тән сипат деп түсіндіру де кездеседі. Олар дұрысында не нәрсенің болсын өлшемі, шегі болуы керектігін білмейді емес, біледі. Бірақ бізде бір қалыптасып қалған қате ұғым бар: уақытпен санаспай, тіпті түннің бір уағына дейін жұмыс істеу ол адамның өз ісіне берілгендігін білдіреді-міс. Шындығында солай ма? Таяуда интернеттен «Как правильно читать служебные характеристики» деген бір қызық материал оқыдым. Сонда ондай мінездемені «әйелі долы, үйіне қайтқысы келмейді» деп оқу керектігі айтылыпты. Әбден күлдім.

Ал аудармашыларға керек жұмыс күнін нормалау талпынысы 2001 жылы жасалған болатын. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (№275-П, 24.12.2001) мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі (№3962, 21.12.2001) Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен (№1890, 24.12.2001) келісе отырып жасаған «Нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды орыс тілінен мемлекеттік тілге және мемлекеттік тілден орыс тіліне аударма жасауға кететін уақыттың үлгілік нормалары» біздің қолымызда бар. Өкінішке қарай, тұтас бір саланың проблемаларын шешуге бағытталған осы бір құжат қағаз жүзінде қалды. Біздіңше, мұндай құжат Үкіметтің қаулысымен шығарылып, орындалуын Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік қадағаласа, аудармашылар жағдайы сәл де болса жеңілдер еді.

\* \* \*

Ілеспе аудармашыларды түрлі жиналыстардан, кездесулерден, таныстырылымдардан басқа мазмұндағы ісшараларды аударуға шақыратын жайлар да болады. Сондай ісшараның біріне шақырылып, аударма ауылынан алыстау жүрген бір кісімен әріптес болуға тура келді. Бұл бір ерікті географиялық қоғам мүшелерінің өз сапарларынан есеп беру жиналысы болып шықты. Ілеспе аудармашыға еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан елді мекендердің аттарын, жер-су аттарын жақсы

білу керектігіне жоғарыда айтқан әріптесімнің шалағай аудармасын тыңдай отырып, тағы да көз жеткіздім.

Әріптесім елді мекендердің атауларын қалай естісе, солай аударып отырды. «Қайғылы» дегенді «Қайгала» дегенінде есіме бір әңгіме түсті.

Бұрындары бір аудармашы «Дорога вела в Кайгалу» деген сөйлемді «Жол Кайгалаға апарды» деп аударды. Ертеректе Батыс Қазақстан аумағында «Қайғылы» деген жердің атауы орысша «Қайгала» деп жазылып, оны біреулер қазақшаға «Қайқала» деп аударып, екінші біреулер атауына қарап, «бұл жерде ежелгі қала болуы мүмкін» деген болжау айтып, археологиялық қазба жұмысы жүргізіліп, қазынаның қып-қызыл шығынға батқаны туралы бір әңгімені естігенім бар-ды. Шынымды айтсам, мен оны анекдот деп ойлайтынмын. Енді, міне, сол «Қайғылы» - «Қайгала» алдымнан шықты!

Аудармашы тағы бір сөйлеушінің «Әріптесім аяғын шығарып алып, «Былғартабытында» қалды, мен әрі қарай жалғыз кеттім» дегенін аударуы одан да сорақы болып шықты! «Мой коллега вывихнул ногу и остался там же в гробу, я остался один» деді ауыр күрсініп! Дұрысында сөйлеушінің айтқаны Шығыс Қазақстан облысындағы елді мекеннің атауы еді (ұмытпасам, Зайсан ауданынан Марқакөл ауданына баратын жолда орналасқан).

Мұндай қиын жағдайға тап болмау үшін ілеспе аудармашы елді мекендердің аттарын, жер-су аттарын жақсы білу керек.

\* \* \*

Қызық аудармаларымның бірі акын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановты аударғаным дер едім. Ұмытпасам, 2005 жылы болар, Тіл комитеті мен Қазақстан халқы ассамблеясының мемлекеттік тілге қатысты бірлесіп өткізген үлкен жиынында ілеспе аударма жасадым. Сөз кезегі М.Шахановқа келгенде, ол кісі әдетінше жеріне жеткізіп сөйлеп, әрі қарай өлең оқи жөнелді. Бұл жерде маған Шаханов шығармашылығынан хабардар екендігім, әрі біраз ақындардың өлеңіне жолма-жол аударма жасағаным қатты көмектесті — ақынның өлеңдеткен сөзін еш қиналмай аудара бердім.

Үзілісте Тіл комитетінің сол кездегі төрағасы Бауыржан Омаров мені Мұхтар Шахановқа апарып таныстырды. «Мұха, жаңа сіз өлең оқи жөнелгенде аудармашылар қайтеді екен деп зәрем ұшып кетті. Жалма-жан тыңдауышты алып тындасам, Көмекең түк те саспай өлеңді аударып отыр!» деді таңданысын жасырмай. «Ай-на-лайын!» деді Мұхан (толқып тұрғандығымнан болар, маған «ай-до-лай-и!» деп айтқандай естілді).

\* \* \*

Ілеспе аудармашының әр саладан хабары мол болуы қажеттігіне мынадай бір жай көз жеткізді. Экология тақырыбына арналған бір жиында сөз сөйлеп тұрған адам экология зардабын бәріміз де тартатынымызды, бүгін бардың ертең жоқ екендігін, адамдар азып, өзен-көлдер суалып жатқанын қатты толқып, күйініп айтты.

Аудармашы баспасөз беттерінде аты көрініп тұратын Ислам Жеменей деген азаматтың шығармашылығымен таныс болуы керек. Сөз сөйлеушінің «**Арал неге тартылды? Жеменей неге саркылды?**» деген сөздерін «**Отчего засыхает Арал? Почему не пишет Жеменей?**» деп аударып жіберді. Бұл жерде сөз Зайсан көліне құятын, қазір шынымен де сарқылып қалған Жеменей өзені туралы болып отырғанын аудармашы білмеген. (Шындығында залда отырғандар да ондай өзеннің болғанын білмейтін сияқты көрінді. Өйткені «Жеменей» дегенді түсінбегенін айтқан адам болған жоқ.)

\* \* \*

Орыс халқында «и смех, и грех» деген тіркес бар. Біз ондайда «күлейін бе, жылайын ба?» дейміз. Ілеспе аударма жасау кезінде осындай, не күлерімізді, не жыларымызды білмейтін жайлар да кездесіп тұрады.

Ілеспе аудармашылардың саны саусақпен санарлық болғандықтан, өз басым қандай да бір жана талапкердің шығуын қуана қоштаймын. Бірақ олардың арасында қиын да қызықты өнерді игеруге емес, ілеспе аударма жасағаны үшін төленетін тәп-тәуір ақыға қызыққаннан келетіндер де болатыны рас. Үлкен бір жиында аударма жасау білемін деп құлшынған сондай бір жігіт микрофон алдына отырды, мен екінші тыңдауышты киіп қасына жайғастым (ілеспе аудармашылар 20 минут сайын ауысып отыруы шарт).

Жиынның бастапқы минуттарында-ақ жігітіміздің бағанағы екпіні басылып, аудармасы шоқырақтай бастады. Ілеспе аударманың «э-э, м-м» деп дауыстап ойламау, сөйлемді сауатты әрі жатық құрау, берілетін ақпараттың қисынды байланысы болуы сияқты талаптарынан мүлде хабарсыз сияқты. «Отрадно отметить, что дает свои положительные результаты работа **по волонтерской сети**, которая расширяется, проникая в самые **отдаленные уголки** республики» деген сөйлемді «**Волонтерлік аумен** жұмыс жақсы нәтиже беретінін айту керек, ол кеңейіп, республиканың **алыс бұрыштарына** жете бастады» деген кезінде менің төзімім таусылып, микрофонды уақытынан бұрын өзіме бұрдым.



Кейін білдім, ол Арал аймағында туып-өскен бала екен. Ол үшін «сеть» дегеннің «ау» деген аудармасы бала кезден белгілі. Бұл жерде әр сөздің бірнеше мағынада аударылатынына мән бермегенін, мысалы, «радиосеть» болса, «радио торабы» деп аударылатынын түсіндірдім.

Содан бері ілеспе аудармада синонимдерді жақсы білу керектігін шәкірттеріме ұдайы ескертіп, осы жайды мысалға келтіріп жүрмін.

\* \* \*

Қазақша-орысша ауызекі тілде еркін сөйлесетін адам ілеспе аударма жасау үшін сол білгенім жеткілікті деген ойдан аулақ болуы керек. Ауызекі тіл мен мәртебелі жиындардағы ілеспе аударма тілінің арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Мұны мен ілеспе аударма жасауды үйренбек болып алдыма келген талапкерлердің бәріне міндетті түрде ескертемін. Мұндай кенесті құлаққа ілмегендердің (ондайлар да болады!) ұятқа қалған кездері де болды.

Әдетте, біршама уақыт алдын ала аударылған мәтіндерді оқытып, микрофонға бойын үйреткеннен кейін талапкерді асықпай, қысқа сөйлемдермен сөйлейтін кісілердің сөздеріне ілеспе аударма жасата бастаймын. Бірде кезекті үйренушіге сондай кісінің сөзін аударуды тапсырып, өзім қосалқы құлақшамен тындап отырмақшы, әрі келесі сөз сөйлеушінің қолға берілген мәтінін жазбаша аударма бермекші болдым.)

Сөйлейтін кісі таяуда ғана Ресей астанасына ресми сапармен барып келген-тін. Мәскеуге барған сапарлары туралы әңгімені былайша бастады: «Бір топ адам Мәскеуге бардық. Ар жақтан біздің жігіттер де келді. Сол жерде біраз әңгіме болды...»

Микрофонда отырған аудармашы: «Мы поехали в Москву. Оттуда пришли наши парни. Был разговор...» деп әкетіп бара жатыр. Сөзіне қарап Сенат депутаттарының ресми сапары туралы емес, әлдебір бұзықтардың бір-біріне қыр көрсететін жиналысы туралы айтып жатыр ма деп ойлап қалуға болады.

Аударманы тындап отырған Аппарат басшысының орынбасары біздің терезеге жалт бұрылды! Мен де микрофонды дереу бұрып алып, әрі қарай өзім аударма жасай бастадым.

Үйренуші менің микрофонды дереу алғанымның мәнісін түсінбеген сияқты, бұртиып қалыпты. Жиналыста біздің аудармамызды тындап, одан кейін ілеспе аудармашылардың басын қосып, талдау жасап отыратын бөлім басшысы аудармашылардың барлығына сабақ болсын деген болуы керек бұл жолы: «Ілеспе аудармашылардың бүгінгі жұмысына қандай баға бересің?» — деп менен сұрады.

Орайы келді деген осы екен. Төрт көзіміз түгел отырғанда, жас аудармашыларға ылғи: «Жиын өткізіп жатқан ұйымның мәртебесіне лайық сөйлеуді үйреніндер», — дегенде тап осындай жағдайдан сақтандыратынымды, одан тиісті қорытынды шығармаған адамның бүгінгідей жайға тап болатынын айтып, сөйлеушінің сөзін, ілеспе аудармашының оны қалай аударғанын сөзбе-сөз қайталап бердім. Сосын аудармашының ауызекі орысшасына сенбей, тілін ұштап, сөздік қорын байытуға ден қоюы керектігіне назар аударып отырып, келер жолы басқа біреулер мұндай қателіктерді жібермеуі үшін мұндай сөйлемдерді қалай аудару керектігін түсіндірдім.

Былай қарасаң бәрі де дұрыс: «әңгіме» дегенің «разговор» екені, «жігіттер» дегенің «парни» деп аударылатыны да рас. Бірақ әр сөздің қолданылатын реті, орны бар. Бұл жерде тым болмаса, «Наша группа прибыла в Москву. Туда же приехали наши люди. Состоялась обстоятельная беседа...» деп аударылуы керек еді.

Атам қазақ «Шаңыраққа қарап сөйлендер» деп бекер айтпаған ғой!

\* \* \*

Жұмыс ерекшелігімізге қарай біз залдан оқшауланған кабинада отырамыз. Әйнектің ар жағында қызу талқылау жүріп, өткір пікірлер айтылып жатады. Оған ілеспе аудармашы қатыспайды: тек сырттай көмектесіп, қатысушылардың бір-бірлерін түсінісуіне жағдай жасайды. Ілеспе аудармашы ондай айтыс-тартысқа араласатын жағдай өте сирек кездеседі. Бір рет ол менің де басымнан өтті.

2007 жылдың жазғы сессиясында бірнеше конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Парламент Регламенті бойынша олар бойынша екі палата депутаттарының теңбе-тең санынан құралған бірлескен жұмыс тобы сайланып, бұл комиссиялар бірнеше отырыс өткізді. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заңының жобасын талқылау бойынша өткізілген отырыстардың бірінде мен ілеспе аударма жасап отырдым. Бір кезде депутаттар жобадағы «интернет» деген сөзді талқылай бастады (заңның 25-бабының 4-тармағы). Сөйтсе, ол сөз орыс тіліндегі мәтінде бас әріппен, ал қазақ тіліндегі мәтінде кіші әріппен жазылған екен. Бұл жерде қайсысы дұрыс?

Парламент Мәжілісінің депутаты Владимир Нехорошевтің «Орыс тілінде бас әріппен, мемлекеттік тілде кіші әріппен жаза берейік» деген ұсынысына жұмыс тобының мүшелері келіспеді, өйткені «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

талаптарына сәйкес, заңның екі тілдегі мәтіні бірдей болуы керек. Сол кезде жұмыс тобының жетекшісі сенатор Ермек Жұмабаев: «Жалпы бұл сөз неге екі тілде екі түрлі жазылып тұр? Кім ережесін түсіндіре алады? Арамызда филолог бар ма?» — деп сұрақ қойды. Комиссия мүшелерінің ішінен ешкім ештеңе демеді. Әрі-бері мойнымды созып, залдың ішін көзбен сүздім, бірақ қол көтерген ешкім болмады, сол кезде ілеспе аударма кабинасынан шығып:

— Мен филологпын. Түсініктеме беруге рұқсат етіңіздер, — дедім.

Е.Жұмабаев та, жұмыс тобындағы басқа сенаторлар О.Сәпиев пен Н.Жолдасбаева да жылышырайлана қарап, үстел басындағы басқа кісілерге: «Бұл — біздің Аппараттың қызметкері, аудармашы», — деп таныстырып, барлығы «айтыңыз-айтыңыз» десті. Залға шыққан соң анықтап көрдім — Мәжілістен Б.Тілеухан, В.Нехорошев, Президент Әкімшілігінен Т.Донақов қатысып отыр екен.

— Біздің мемлекетімізде заңдардың орыс тілінде жазылатынын өздеріңіз білесіздер, — дедім мен. — Өз кезегінде орыс тіліндегі заң жобалары Батыстағы үлгі заңдарға қарап жасалады. Ал ол елдердің грамматикалық заңдылығы бойынша зат есімдер бас әріппен жазылады. Мысалы: неміс тілінде «**Am Morgen gehen die Kinder mit den Eltern in die Schule**» деген сөйлем «**Утром дети с родителями** идут в школу» деп аударылады. Ал осы сөйлемдегі төрт сөз зат есім болғандықтан неміс тілінде сөйлемнің ортасында, аяғында тұрса да бас әріппен жазылады. Ағылшын тілінің грамматикасында да осындай ереже бар.

Заң жазатын адамдар филолог болмағандықтан, мәтін құрауда әр тілдің өзінің жазылу ерекшелігі қолданылатынын ескермейді. Сөйтіп, шет тілдерінен орыс тіліне аударғанда, бас әріппен тұрған сөздің барлығын сол күйінде алады. Мына жолы да орыс мәтінінде солай алынып, орысша мәтін неміс тілінің грамматикалық ережесімен жазылып отыр. Ал мемлекеттік тілдегі мәтінде қазақ тілінің грамматикалық ережелері толығымен сақталған, бізде тек тек қана адам аттары, географиялық атаулар: өзен-көл, жер-су аттары ғана (жалқы есімдер) бас әріппен жазылады. Интернет бір кездердегі радио, телефон сияқты коммуникация құралы. Сондықтан оны мен түзетіп жаздым», — дедім.

Комиссия мүшелері түсініктемеге қанағаттанып, «қазақ тілді мәтінді сол күйінде қалдырып, орыс тіліндегі мәтінді түзету керек» деген шешім қабылдады.

\* \* \*

Өздері қазақ тілін нашар білетін кейбір бауырларымыз ауызекі тілде еркін сөйлейтін адамдардың барлығын аударма жасай алады деп

ойлайтынына талай куә болдық. Билингвистік ортада өскен адамның бәрі бірдей аудармашы бола алмайтынын айтып түсіндіру үшін талай рет қызылкенірдек болғанымыз аздай, енді ілеспе аудармада да осы проблемаға тап болдық.

Бір жиында орыс тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма жасау үшін төленетін қаражатты үнемдеп қалу мақсатында ұйымдастырушылар өздерінің бір маманын қасыма қосып берді. Басшыларының нұсқауын қай маман орындамасын? Ол да келіп микрофон алдына отырды. Ба-стапқы амандық-саулық тілеп, ілтипат білдірілген тұстарды әжептәуір аударған ол бағдарлама бойынша сөз сөйлеулер басталғанда, бірден сыр берді. **«На снижение уровня социально-экономического благосостояния граждан повлиял и резкий скачок цен, произошедший осенью прошлого года»** деген сол кездері күн сайын айтылып жүрген сөздердің өзін **«Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуіне бағаның шапқылап кетуі де әсер етті»** деп аударғанын естігенде, не күлерімді, не жыларымды білмедім.

Залдағылардың арасында болар-болмас қозғалыс, сыбырласып сөйлесу, қыстыға күлу байқалып, біреулер тындауышты құлақтарына іле бастады. Аударманың қалай жасалғанын оған да жеткізген болуы керек, кеше ғана «өз маманымыз бар» деп кәсіби аудармашыдан бас тартқан басшы кабинаға жүгіре кіріп, жалына қарады.

Жағдайы айтпаса да түсінікті еді.

\* \* \*

Жалпы отырыстың әртүрлі мәселелер қаралатын, депутаттардың сауалдары жолданатын бөлігінде небір қызық ойлар айтылып, айшықты сөздер қолданылады. Сондай бір жиында сөз сөйлеуші әлдебір әділетсіз сынға байланысты өз пікірін «У людей в глазу сучок видит, а у себя и бревна не видит» деп білдірді. Аудармашының ойланып жататын уақыты жоқ, дегенмен бұл жолғы аудармасы қызық шықты: «Өзгенің талын көріп, өзінің бөренесін байқамайды» деп салды. Абырой болғанда, ешкім байқамады, сірә, аударманы тындап отырмаған болар.

Асыққан кезде ойға келуші ме еді?! Дұрысында «Түймедейді көріп, түйедейді көрмейді» деп айтуы керек еді.

\* \* \*

Өктемдік ненің белгісі? Аударма бөлімінде істейтін қызметкерлерге орыс тілді әріптестері (олардың дені қазақ баласы!) өктем сөйлеуге бейім.

Қаралатын заң жобасы бойынша түрлі құжаттар жасалады. Әрине, орыс тілінде. Содан кейін аударуға жіберіледі. Тындаушылар айтатын «орыс тілділердің өктемдігі» осындайда көрінетінін біз де байқағанбыз. Құжатпен орыс тілінде жұмыс істейтін маман аудармашыларға шекесінен қарайтын. Бұрын. Іс қағаздарын жүргізу мемлекеттік тілге көшірілмей тұрғанда кезде. Сонда ғой өзіміздің қарақөз бауырымыз бір материалды электронды поштамен жібергенде, «тақырып» деген жерге «казахам» деп жазып жіберетіні. Жақсылап аудардым да мен де «тақырып» деген жерге «орыстарға» деп жазып жібердім. Бауырымыздың ақылы бар екен, телефон шалып, кешірім сұрады. Дәріс тыңдаушылар құжаттарын аудартуға әкелетін кейбір қызметкерлердің өктемдігі туралы айтқанда, осы оқиға есіме түседі, бірақ айтпаймын.

«Сіздер – екі тіл білетін, сол арқылы екі елдің мәдениетін меңгерген, ой-өресі бір тіл білетіндерден биігірек, білім көкжиегі кеңірек жансыздар. Осы білімдеріңіз сіздерге екі елдің әдебиетін, тарихын, салт-дәстүрін тереңірек білуге жол ашады. Жан-дүниелеріңіз де екі есе бай. Олар сіздермен салыстырғанда, екі есе ұтылып тұрғанын біліп, соны жасыру үшін өктем сөйлейді. Жапондарда «Төбелесу – әлсіздерге тән қасиет» деген сөз бар, өктем сөйлеу де адамның өз әлсіздігін бүркемелейтін белгі. Сондықтан оларға түсіністікпен қарап, көңіліңізге алмаңыз» деймін.

\* \* \*

Қазақ тілінде қысқарған сөздердің қолданылуына мен неге қарсымын?

Оның ғылыми негізделген себебі бар. Осыдан біршама уақыт бұрын, сол кезде Президент әкімшілігінде қызмет істейтін С.Ахметов телефон шалып: «Сыр бар» деген нені білдіреді?» – деп сұрады. «Сыр – жаны жақын адамға ғана сеніп айтылатын әңгіме, бұл жерде «саған ғана айтатын әңгімем бар, сырым бар» деп түсінесіз», – дедім мен. – «Жоқ, мен әңгімені емес, ресми сөзді, Жарлықта жазылған сөзді айтып тұрмын, – дейді ол кісі қашанғы әдетінше шыдамсыздана сөйлеп. – Қараңызшы».

Қарадым. Шындығында да Аманжол Қазыбекұлы Жанқұлиевті Қазақстан Республикасы «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінің директоры етіп тағайындау туралы Жарлық шығыпты. Секеннің айтып тұрғанында қандай «сыр бар» екендігі енді түсінікті болды. Мәселе қазақ тіліне зорлап қосқандай боп тұрған түсініксіз қысқарған сөзде екен.

Менің курстарыма қатысатын тыңдаушылар да «Орыс тілінде

қысқартылып айтылатын сөздерді қазақ тілінде неге қысқартып айтпаймыз?» — деп жиі сұрайды.

Ұстазымыз Зейнолла Қабдолов қазақ тілінде қысқартуды қолдануға болмайтыны туралы бізге айтып тұрып, «Сонда «Совнархоз» дегенді «Халшарсов» дейміз бе?», — деп еді. Белгілі ғалым Шора Сарыбаев та «Егемендікке қол жеткеннен бергі уақытта тіліміздегі қысқарған сөздер екі-үш есе молайды... «Астық пульті құрылды» деген шағын мақалада ЖТАҚ, ЖШС, БАТТ, ЖАҚ ... сияқты адам түсініп болмайтын қысқарған сөздерді кездестірдік» деп алаңдаушылық танытқан (Сарыбаев Ш. Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар. Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми конференцияның материалдары. — Астана, 1999).

Қолданысымыздағы қысқарған сөздер бізге орыс тілі арқылы енген. Жалпы, орыс тілі қысқартуға бейім тіл, ал орыс тілінде қысқартып қолданыла беретін сөздерді қазақ тілінде аббревиатура түрінде айту оларды түсінбеуге әкеп соқтырады. Мысалы, Астана қаласының сайтынан «БЕО түбіртегін іздеп табу» деген сөздерді көріп «БЕО» дегеннің не екенін түсіне алсамшы. Ақыры сайттың орысша нұсқасын ашып, ай сайын жылу, жарық, телефон үшін ақы төлейтін бірыңғай есеп айырысу орталығы (ЕРЦ) екенін білдім. Сол сияқты, орысша ЧС деген сөз естілсе, оның төтенше жағдай екенін екінің бірі түсінеді. Дәріс барысында мен тыңдаушыларға: «Бізде ТЖ болған емес» деген сөйлемдегі ТЖ деген аббревиатураны таратып айтыңыздар десем «темір жол», «тас жол», «туыс-жекжат», «тұрғылықты жер», «трактор жөндеу», «таза жеңіс» деген, тіпті «таразыдан жеу», «талап жеу», «темір жинау» деген сөз тіркестері айтылды, сосын барып «төтенше жағдай» естеріне түсті. Бұл да қазақ тілді ортада қысқарған сөздерді пайдаланудың қолайсыздығын көрсетсе керек.

Зерделеген адам бір сөздің басқы буыны мен екінші сөз тұтастай не бір буыны алынған қысқарған сөздер негізінен орыс тілі мен қазақ тіліне ортақ немесе бір сынарының түбірі орыс не басқа тілдің сөзі болатын сөздер арқылы жасалатынын байқайды, мысалы, **Қазақстандық интернет** — Қазнет, **Қазақстан фосфоры** — Қазфосфор, **медициналық оптика** — медоптика, **экспорт-импорт банкі** — Эксимбанк, т.с.с. Біз қалай алып қарасақ та «сыртқы барлау» дегенді «сырбар» деп қысқартудың еш негізін таппадық.

\* \* \*

Заң жобаларын талқылау немесе басқа бір ішараны өткізу барысында тақырыпқа қарай реті келіп қалып, сөз сөйлеушінің немесе

басқа бір депутаттың әзіл-қалжың айтатын кездері болады. Отырғандардың басым көпшілігі өз қандастарымыз болғандықтан, зал ду күледі. Іле мен де жаңағы қалжың сөзді микрофонға аударма қоямын. Сол сәтте залдың ішінде күлкінің екінші толқыны өтеді: бұл – басқа тілді ағайындардың реакциясы. Өзіме осындай сәттер өте ұнайтын.

\* \* \*

Астана экономикалық форумы (АЭФ) – халықаралық деңгейде танылған, бүкіл әлемнің беделді сарапшылары бас қосатын үлкен алаң. 2012 жылғы V Астана экономикалық форумына келген Түркияның сол кездегі премьер-министрі Реджеп Эрдоған өз ана тілінде сөйлеп, аудармашысы оны әдеттегідей қазақ тіліне аударды. Сол кезде залда қазақ тілінен ілеспе аударма жасайтын маманның жоқтығынан, бірнеше минут бойы оның сөзін қатысушылардың басым көпшілігі түсінген жоқ. Өйткені мұндайда қазақ тілінде сөйленген сөз әуелі орыс тіліне, одан сатылап басқа тілдерге ілеспе аударма жасалады. Ұйымдастырушылар зыр жүгіріп іздеп, шет тілдерге аударма жасайтын, әйтеуір заты қазақ біреуді микрофонға отырғызғанымен, ана тілін «тұрмыстық деңгейде» ғана білетін адам саяси сөзді қайдан аударсын! Халықаралық деңгейде өткізілетін үлкен форум осылайша үлкен «ұят» жағдайымен есте қалды.

\* \* \*

Одан кейінгі жылдарда жағдай түзеле бастаған сияқты. Әсіресе, 2015 жылғы Форум, қазақ тілі барынша мол пайдаланылған (Ө.Шүкеев жүргізген залда), тұтас панельдік сессиялар (кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша, қымыз шаруашылығы бойынша) қазақ тілінде өткен жиын болды. Бұл форум біз қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылу аясын кеңейту үшін ілеспе аударманың мүмкіндіктерін пайдалана алмай жүргенімізді көрсетті.

\* \* \*

Қазақ тілі жанашырларының армандары орындалды деуге болады. 2015 жылғы 27 қыркүйек күні Елбасы басқа емес, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының мінберінен қазақша сөйледі. Телеэкранға **қазақ** болып үңілген баршамыз қуандық, ал **маман** болып қараған адамдар қауым **қазақ тілінен ілеспе аударма болмағандықтан**, Елбасы сөзінің біршама уақытқа үзілгенін көзі көрді. Ұйымдастырудан жіберілген кемшіліктер жер бетіндегі ең ірі ұйым төріне шыққан тіліміздің жолын кес-кестеді. Сол жерде отырып, мемлекет, азаматтар

тарапынан қолдау тауып, кезінде «қазақ тілінен тікелей шет елдер тілдеріне аударма жасайтын мамандарды дайындау керек» деген меже орындалғанда, Елбасы сөзінде мұндай іркіліс болмайтын еді-ау деп ойладым.

\* \* \*

Иран Ислам Республикасына, Түркияға, Өзбекстанға барған ресми сапарларында сол мемлекеттер басшыларымен болған әңгімелерінде Елбасының қазақша сөйлеп отырғанын байқау қиын емес. Телерепортажды жүргізген журналист сөздерінің арасынан қазақ сөзі үзік-үзік естіліп, оны протокол бойынша Президенттің қалқасында отырған аудармашы ізбе-із (последовательный) аударма жасап отырды. Бұл – тіліміздің жоғары деңгейде қолданылуына ілеспе аударманың үлес қосып жүргенінің тағы бір айғағы.

Ал АҚШ сапарынан оралғаннан кейін мемлекеттік арналарға берген сұхбатында **Президентіміз қазақ тілінде баяндама жасауын «жақсылықтың нышаны» деп түсіндіріп, «...мен айтқаннан кейін менен кейінгі біздің басшылар солай (қазақша) сөйлейді деп сенемін!» деді.**



## АВТОР ТУРАЛЫ

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы кәсіби ілеспе аудармашыларының бірі Әлпейісова Камал Әбілқасымқызы – қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне ілеспе аударма жасауды игеріп, оны ғылыми тұрғыда негіздеген ілеспе аудармашы, филология ғылымдарының кандидаты. Бұл салаға елімізде ілеспе аударма саласының негізін салушылардың өкшесін баса келген К.Ә. Әлпейісова – ұзақ жылдар бойы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Редакциялық-баспа бөлімінде қызмет істеген белгілі аудармашылардың бірі. Республикалық «Үздік аудармашы» конкурсының тұңғыш жеңімпазы.

Оның өз тәжірибесі негізінде жазып, қорғаған «Қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасаудың заңдылықтары (саяси дискурс материалында)» атты диссертациялық жұмысы – Орта Азия мен Қазақстан бойынша осы тақырыпта қорғалған тұңғыш ғылыми жұмыс.

К.Ә.Әлпейісова 1956 жылы 10 наурызда Қостанай облысының Амангелді ауданында туған. 1973 жылы Арқалық қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы №1 орта мектепті, 1978 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген.

Еңбек жолын «Лениншіл жас» газетінде бастап, одан кейін «Қазақстан әйелдері» журналында жалғастырды. 1990 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Әйелдер және отбасы ісі, ана мен баланы қорғау комитетіне қызметке қабылданып, 1994 жылы белгілі сыншы Зейнолла Серікқалиевтің шақыруымен Редакциялық-баспа бөліміне ауысады. Сол кісінің ұсынысымен әуелі қазақ тілінен орыс тіліне ілеспе аударма жасауға маманданып, көп ұзамай-ақ екі тілге бірдей ілеспе аударма жасауды игереді.

К.Ә. Әлпейісова – ілеспе аударма жасауды меңгеріп қана қоймай, оның дамуын насихаттап жүрген маман. Мемлекеттік органдардың, жоғары оқу орындарының, облыстық тіл дамыту басқармаларының ұйымдастыруымен өткізілетін курстарда ілеспе аударма жасауды практикалық негізде үйретіп, шеберлік сабақтарын өткізіп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында ілеспе аударма жасаудың аспектілеріне арналған көптеген танымдық, ғылыми мақалалары жарияланған. «Ілеспе аударма жасаудың теориялық және практикалық негіздері» (2007), «Ілеспе аударма жасау – аудармашы шеберлігінің шыңы» (2009), «Қысқарған сөздердің орысша-қазақша сөздігі» (2010), «Фразеологизмдердің қазақша-орысша, орысша-қазақша мағыналық аудармасы» (2011) атты еңбектердің авторы.

Аударма саласына студент кезінен атсалысып, газет-журналдар

редакцияларының тапсырмасымен орыс тіліндегі танымдық, тәрбиелік мәні бар материалдарды аударып беріп отырған. Ата-аналарға арнап, А.Хрипкова мен В.Колесов бірлесіп жазған «В семье мальчик и девочка» деген кітап оның аудармасымен «Қыз өссе, ұл есейсе» («Мектеп», 1988) деген атпен жарық көрді. «Шаңырақ» энциклопедиясының 10 баспа табақтан астам материалдарын аударуға атсалысқан белсенді аудармашылардың бірі. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша шыққан «Әлемдік саясаттану антологиясында» грек ойшылдары Демокриттің, Аристотельдің, Платонның, батыс ойшылдары Бенедикт Спинозаның, Джон Локктың, Паскаль Блездің жекелеген еңбектері Камал Әлпейісованың аудармасымен жарық көрді («Қазақстан» 2005, 2006 жж.).

Мұғамила Әуезованың «Әкем туралы» атты кітапшасын, сондай-ақ Махамбеттің, Ә.Тәжібаевты, Ф.оңғарсынованың өлеңдер топтамасын, Ұлықбек Есдәулетовтың «Айналайын» кітабын, «Киіз кітап» кітапбында жарияланған өлеңдерінің үлкен топтамасын орыс тіліне жолма-жол аударма жасады.

Саясаттану ғылымының докторы А.Т. Забированың «Практикалық әлеуметтану» (2010), заң ғылымдарының докторы Н.Н. Турецкийдің «Қазақстан билігінің заң шығарушы тармағы» (2011) атты монографияларын қазақ тіліне аударған.

Жұртшылыққа оның есімі қаламы қарымды журналист, жазушы ретінде де жақсы танымал. Республикалық баспасөзде өзекті тақырыптарға жарияланған мақалалары, әңгімелері, өлеңдері жиі жарияланып тұрады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Н.Қайыпова» («Қазақстан», 2003), «Жапырақтары жанымның» («Жеті жарғы», 2006), «Мағыналас мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі» («Аударма», 2006), «Айтылмаған әңгіме» («Елорда», 2011), «Бақыт пен мұң» («Елорда», 2014) атты кітаптардың авторы. Белгілі фольклорист ғалым, филология ғылымдарының докторы О.Нұрмағамбетованың артында қалған еңбектерін жинақтап, «Өмір өрнектері» (35 б/т) атты кітапты жарыққа шығарды («COSMOS» 2003 ж.).

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Абдрахманов С.* «Өлең аудармасының теориясы мен поэтикасы» филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. — Алматы: 2007. — 50 бет.
2. *Айтбаев Ө.* Аударма ғылымы және оның зерттелуі // Аударманың лексико-стилистикалық мәселелері. — Алматы: «Ғылым», 1987. — 147 бет.
3. *Айтбаев Ө.* Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. — Алматы: «Ғылым», 1988. — 208 бет.
4. *Алдашева А.М.* Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. — Алматы: «Арыс», 1998. — 215 бет.
5. *Аханов К.А.* Тіл білімінің негіздері. — Алматы: «Мектеп», 1973, — 227 бет.
6. *Ахметжанова Ф.Р.* Аударматанудың кейбір мәселелері. — Өскемен: «Шығыс Ақпарат», 2009. — 155 б.
7. *Әуезов М.О.* Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері // Көркем аударманың кейбір мәселелері (мақалалар жинағы). — Алматы: 1957. — 3-12 бб.
8. *Бархударов Л.С.* Язык и перевод. — Москва: «Международные отношения», 1975. — 240 с.
9. *Бережков В.* Как я стал переводчиком Сталина. — Москва: «ДЭМ», 1993. — 249 с.
10. *Болғанбаев Ө.* Қазақ тілінің лексикологиясы. — Алматы: «Мектеп», 1988. — 146 бет.
11. *Виссон Л.* Синхронный перевод с русского на английский. — Москва: «Р.Валент», 2003. — 270 с.
12. BBC Series «On the Shoulder of History» (Produced by Mark Burman).
13. *Гофман Е.А.* К истории синхронного перевода. Тетради переводчика. — Москва: «Международные отношения», 1963, №1, 20-26 с.
14. *Даль В.И.* Пословицы русского народа. Москва: «Астрель», 2000.
15. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті. 04.06.1999.
16. *Жақытов Ж.* Аудармашы анықтамалығы / «Руханият» орталығы. — Алматы: «Сардар», 2009. — 176 б.
17. *Жинкин Н.И.* Речь как проводник информации. — Москва: «Наука», 1982, 158 с.
18. *Жұбанов Қ.* Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. — Алматы, «Ғылым» — 1999. — 531 бет.
19. Маржан сөз (Мақал-мәтелдер). — Алматы: «Жазушы», 1980. — 352 бет.

20. *Комиссаров В.Н.* Лингвистика перевода. — Москва: «Международные отношения», 1980. — 167 с.
21. *Қайдаров Ә.* «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамытудың жолдары мен шаралары». — Алматы: «Сардар», 1990, 19-бет.
22. «Қазақстан Республикасы Президентінің 07.02.01 жылғы №550 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы №127 Жарлығы, «Ақорда» сайты.
23. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы (№151-1).
24. «Қазақстан» энциклопедиясы. 1-том. — Алматы: «Қазақстан», 1999, 543 бет.
25. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары.
26. *Миньяр-Белоручев Р.К.* Как стать переводчиком? — Москва: «Готика», 1999. — 176 с.
27. *Оразбаева Ф.* Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. — Алматы, РБК, 2000. — 208 б.
28. *Палажченко П.Р.* Мой несистематический словарь (Из записной книжки переводчика). — Москва: «Р.Валент», 2004. — в 2-х томах.
29. *Сатыбалдиев Ә.* Рухани қазына. — Алматы: Жазушы, 1965. — 240 б.
30. Словарь иностранных слов. — Москва: «Наука», 1989, с. 584.
31. *Солодуб Ю.П., Альбрехт Ф.Б., Кузнецов А.Ю.* Теория и практика художественного перевода. — Москва: «Academia», 2005. — 304 с.
32. *Сыздықова Р.* Сөздер сөйлейді. — Алматы: «Арыс», 2004, 232 бет.
33. *Тоқаев Қ.* Беласу. — Алматы: «Дәуір», 2005. — 372-373-беттер.
34. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001—2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығы. Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 7, 73-құжат.
35. *Туровер Г.Я., Триста И.А., Долгопольский А.Б.* Пособие по устному переводу с испанского языка для институтов и факультетов иностранных языков. — Москва: «Высшая школа», 1967. — 162 с.
36. *Федоров А.* Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы) — Москва: «Высшая школа», 1983. — 303 с.
37. *Чернов Г.В.* Еще раз о схеме организации синхронного перевода. Тетради переводчика, №14. — Москва: «Международные отношения», 1977.
38. *Чернов Г.В.* Основы синхронного перевода. — Москва: «Высшая школа», 1987. — 256 с.

39. *Чужакин А.П.* Устный перевод. – Москва: Материалы персонального сайта «Мир перевода», 2000–2005 гг.

40. *Швейцер А.Д.* Глазами переводчика. – Москва: «Стелла», 1996. – 97 с.

41. *Швейцер А.Д.* Возможна ли общая теория перевода? Тетради переводчика. – Москва: «Международные отношения», 1970. – Выпуск 7.

42. *Ширяев А.Ф.* О некоторых лингвистических особенностях функциональной системы синхронного перевода. Тетради переводчика – Москва: «Международные отношения», 1982. – Выпуск 19, стр. 73–85.

43. *Ширяев А.Ф.* Синхронный перевод. – Москва: «Воениздат», 1979. – 183 с.

## МАЗМҰНЫ

Алғысөз .....	3
Оқырманға арнау сөз.....	5
<b>I ТАРАУ. ІЛЕСПЕ АУДАРМАНЫ ТАНУ .....</b>	<b>7</b>
Ілеспе аударманың негіздері.....	8
Ілеспе аударманың пайда болу тарихы.....	12
Ілеспе аударманың мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудегі рөлі.....	18
Ауызша аударманың түрлері және олардың ерекшеліктері .....	35
Ілеспе аудармашы. Ол кім?.....	45
Ілеспе аударма жасауға арналған құрал-жабдықтар .....	53
Ілеспе аудармашының жұмыс орны.....	56
Аудармадағы этномәдени айырмашылықтар .....	58
Ілеспе аудармашы және жазбаша аудармашы.....	62
Ілеспе аудармашының әлеуметтік бейнесі.....	71
Ізбе-із және ілеспе аударма жасау үшін төленетін ақы .....	74
Ілеспе аудармадағы қиындықтар .....	76
Сөйлеу мәдениеті және аударма .....	79
Ілеспе аудармашы тұлғасы.....	83
<b>II ТАРАУ. ІЛЕСПЕ АУДАРМА ЖАСАУ .....</b>	<b>87</b>
Ілеспе аударма жасаудың практикалық негіздері .....	88
Ілеспе аударма жасауды үйрету сатылары .....	89
Ойды тұжырып айтуды үйрету .....	96
Жаттығулар.....	105
Сапалы ілеспе аударма жасалуы үшін жиынға дайындық қандай болуы керек? .....	114
<b>III ТАРАУ. ІЛЕСПЕ АУДАРМАҒА ҚЫЗЫҚТЫРУ .....</b>	<b>123</b>
Бекзат өнердің қиындықтары мен қызықтары .....	124
Автор туралы .....	145
Пайдаланылған әдебиеттер .....	147

Ғылыми басылым

**Әлпейісова Камал Әбілқасымқызы**

**ІЛЕСПЕ АУДАРМА:  
ТАНЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕ**

**«Арда» баспасының Бас директоры – Асқар АЛТАЙ**

Редакторы *А. Социалқызы*  
Көркемдеуші редакторы *Д. Сұлтанбек*  
Техникалық редакторы *М. Қартова*  
Корректоры *Д. Дәрібаева*  
Компьютерде беттеген *С. Беласарова*

ИБ 20 (224)

Басуға 27.06.2018 қол қойылды. Пішімі 60x84  $\frac{1}{16}$ . Шартты баспа табағы 8,5.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

ISBN 978-601-7355-44-9



**Республика Казахстан, ТОО «Арда+7».**

050012, г. Алматы, пр. Кабанбай батыра, 47.